В период развитого и позднего средневековья процессы взаимодействия скотоводов, оседлого населения и горожан моделируются в тех же закономерных явлениях, которые отмечены и для более ранних периодов истории, – экономические и культурные связи, – в рамках такого политического объединения, как Караханидское государство. Город и степь составляли не два антагонистических мира, а его экономическую базу. Рост городов Центральной Азии в IX – начале XIII вв. во многом был связан с процессом оседания кочевников. Они принесли в городскую культуру много степных элементов, и в целом в это время сформировалась своеобразная

городская культура. Культурные и экономические связи кочевников и горожан прослеживаются и в более позднее время – при выяснении истории развития Ак-Орды, Могулистана и Казахского ханства. Позднесредневековые города Отрар, Туркестан, Сайрам, Сауран, Сыгнак и Сузак служили центрами экономических связей кочевников и земледельцев, где осуществлялся культурный обмен и торговля не только горожан Южного Казахстана и кочевников Сарыарки, но и Средней Азии, Поволжья, Восточного Туркестана. Изучение археологических памятников в Казахстане позволяет реконструировать процессы взаимоотношений различных культурных традиций, расширяет базу доказательств того, что территория Казахстана была одним из центров историко-культурного синтеза и что взаимодействие кочевого и оседлого населения привело к взаимообогащению культур. Именно в недрах такого синтеза лежат многие достижения культуры народов Казахстана. Выявляется роль Шелкового пути – пути диалога культур. Именно он уже с глубокой древности, связывая Запад и Восток, Азию и Европу, служил основой идеи евразийства. Казахстан, а это хорошо доказывают археологические материалы, был своеобразным мостом и ретранслятором связей культур. Именно в городах Казахстана встречались различные религии, культурные эталоны, этносы, которые создали одну из ярких самобытных городских цивилизаций, традиции которой перешли и в Новое время [4, с. 12].

Таким образом, в условиях безписьменного периода в истории древнего Казахстана историческая наука располагает в подавляющем большинстве материальными или археологическими источниками, не автохтонными письменными источниками персидскими, китайскими, арабскими, частично европейскими историческими источниками. При изучении обозначенных источников необходимо вычленять объективную, субъективную сторону содержания письменных источников, поскольку внешние не автохтонные источники отражают действительность через призму собственного видения исторических событий, в большинстве своем это источники стран, которые стремились завоевать территорию Казахстана, поэтому всесторонний анализ при использовании этих источников – основная задача исторической науки периода древнего Казахстана.

ЛИТЕРАТУРА

1 Акишев К.А. Вопросы археологии Казахстана / К.А. Акишев, К.М. Байпаков. - А.: Мектеп, 1979. – 159 с.

2 Акишев К.А., Аргынбаев Х.А., Алимбаев Н. Археологическое и этнографическое изучение Казахстана. // Историческая наука советского Казахстана (1917 - 1960 гг.). Очерки становления и развития. - А-А «Гылым», 1990. – 270 с. - С. 43-61.

3 Аджигалиев С.И. Генезис традиционной погребально-культурной архитектуры Западного Казахстана: (На основе исследования малых форм). – А.: Галым, 1994. - 260 с.

4 Артыкбаев Ж.О. Этнология и этнография: учеб. пособие. – А.: Фолиант, 2001. – 303 с.

АЛАШ АРЫСТАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАУЛИ ОТЫРЫП, ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУ

КУЛЬМАГАНБЕТОВА Р. А.

тарих пәнінің мұғалімі, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

*Бала тәрбиесі – бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер,
жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер. ...бала тар ойлы
ақымақ болса, бала кінәлі емес, тәрбиеші кінәлі,
бала сұлулықтан ләззат ала білмейтін мылқау жанды болса,
бала айыпты емес, тәрбиеші жазалы.*

М. Жұмабаев

Жаңа дәуір қарсаңында халқымызға өз жолдауын жолдаған Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деп атады. Мұндағы мақсат ұлттың ұлы мұраты болатын. Ұлы Дала елінің бойында белгілі тарихи себептермен қалғып кеткен прагматизмді ояту арқылы ұлттық, қоғамдық ойға, іске сілкініс әкелу, тәуелсіз елдің санасына ұлттық құндылықтарды сіңіру. Жаһандану аясында ұлт ретінде жойылып кетуге апарып соқтыруы мүмкін рухани мөңгүрттіктен сақтанудың, қазақ тілінің шын мәнінде мемлекеттік тіл деңгейінің көтерілуінің басты алғышарттарының бірі – қазақ мектебінің нағыз ұлттық мектеп болып қалыптасуы. Онсыз білім жүйесінің ұлттық моделін жасау да мүмкін емес.

Әлемдік білім кеңістігінің даму тарихы, оның әр кезеңіндегі айқындаған тенденциялары әр халықтың гүлденіп өркендеуінің, қоғамдағы прогрессивтік өзгерістердің білімге байланыстылығын, жалпы білім саласының маңыздылығын дәлелдейді. Әрбір мемлекеттің интеллектуалдық, экономикалық, парасаттылық және

мәдени қарымы білім саласының күйіне және оның прогрессивтік даму мүмкіндіктеріне тікелей байланысты екендігін педагогика ғылымы мен білімнің даму тарихы айқындайды.



Сурет 1

Осы тұрғыдан алғанда егемен Қазақстанның ғылымы мен білімінің стратегиясы білім беру жүйесінің ұлттық білім мен тәлім-тәрбие идеяларын сақтай отырып, әлемдік білім кеңістігіне кірігумен анықталады. Мектептің әлеуметтік институт ретіндегі негізгі міндеті жалпы білім беруді жүзеге асыруда мемлекет, қоғам және тұлға сұранысын ұштастыру, үздіксіз білім жүйесінің басқа да буындарымен сабақтастығын қамтамасыз ету екендігі көпшілікке мәлім. Осы тұрғыдан алғанда қазақ мектебі өзінің қалыптасу, даму тарихының әр кезеңінде жүктелген міндеттерді заман талаптарына сай атқарып келді. Қазақ мектебінің тағдырын ұлт тағдырынан бөлек-жара қарауға болмайды. Қазақ мектебі бүгінгі күнге жеткенше қазақ халқының тағдырына жазылған қилы-қилы заманға сәйкес небір қиын күндерді бастан кешті. Жалпы қазақ мектебінің жағдайын ХХІ ғасырдың өркениет талаптарына сай ұйымдастыру үшін оның рухани бастауларын білген жөн. Қазақ тәлімінің тарихы ежелгі дүниеден бастау алса, сол дәуірдің рухани мәдени жетістіктерінің айғағы болып табылады.

XX ғасырдың екінші жартысында астанамыз Алматыда қасиетті қара шаңырақ ретінде тек №12 қазақ орта мектебі ғана жұмыс істеп тұрды. Ал қазақтың ұлттық болмысын жоғалтпауына тек ауыл мектебі

қызмет етті десем артық айтқандық емес. Елімізүшін «Елімайлап» талай соққыға басын тіккен, күңіреніп тұрып алған қазақтың батыр ұл-қыздары да негізінен қазақ мектебінің түлектері. Міне еліміздің Тәуелсіздігі 27 жылға қадам басып, Елордамыз Астана қаласының 20 жылдығы да ел көлемінде тойлануда. Етек жеңімізді жиып, еңселі ел болған шақта білім беру мектептерінде оқыту мен тәрбие беру үрдісінде жаңартылған білім бағдарламасының оқу мақсаттарын іске асыруда, рухани құндылықтар қаншалықты дәріптеліп жүр? деген ой барша қазақ азаматын толғандырары сөзсіз. Міне осы тұста қазақ халқының бостандығы мен азаттығы жолында озық ойларымен Алаш арыстары мәңгі тарихымызда өшпес із қалдырған. «Алты Алаштың баласы бас қосқан жерде ең қадірлі орын ұстаздікі» - деп бастап, барлық ғұмырын ұлттық тәрбие беру ісіне арнаған Мағжан Жұмабаев «Ұлтымыздың тілі, ұлтымыздың тарихы» - деген болатын. Балаларды тәрбиелеудің мың сан мәселелеріне Мағжан іркілмей кірісті, осынау зейнетінен бейнеті көп жұмысқа білегін сыбана мыйдай араласты. Алаш арыстарының білім беру, ұлттық сананы қалыптастыру туралы пікірлері мен идеяларын негізге ала отырып білім беру мен бала тәрбиесін бүгінгі күнгі құндылықтармен байланыстырсақ, біздің келешегіміздің кемел боларына кәміл сенемін.

Қазақ мектебін өз мәртебесіне сәйкес биікке көтеру – қажырлылық пен қатар терең парасаттылықты, болжамдау шеберлігін және соның барлығын ұлттық мүдде тұрғысынан зерделеуді қажет етеді. Бұл ретте біз алдымен ұлттық мектептің табиғатын ұғынуымыз керек, өйткені екі жақты мән – мағынаға ие. Бір жағынан, ол ұлттық мінез, идеалды танытатын, халықтың мәдени-тарихи дәстүрлерінен тамыр алатын мектеп болса, екінші жағынан, бәсеке дәуірінде халықтың зәрулігінен туындаған қажеттілігі мен болашаққа ұмтылыстарын бейнелейтін, яғни дүниежүзілік өркениет артықшылықтарын меңгерген мектеп болуға тиіс екенін ескеруіміз қажет. Бүгінгі қазақ мектебі ұлттық және жалпы азаматтық екі ағын бірін-бірі толықтырып тұратын үйлесімділікті таба білуі қажет, асыра сілтеуге жол бермеген жөн. Алаш зиялылары ұлт тағдыры және руханият құндылықтарын аманат ретінде кейінгі ұрпаққа қалдырды. Халқының бостандығы мен еркіндігі келешегі мен тәуелсіз қазақ елінің биік мұраттары үшін жан сала күрескен Алаш зиялыларының арман-аңсарлары бүгінгі тәуелсіз еліміздің жағдайында жүзеге асып отыр.

Алаш зиялысы ұлтына «Оян, қазақ!» деп жар сала жүріп, ұлттын ойлантқан Міржақып Дулатовтың дінге қатысты ой-пікірлері «Серке», «Қазақ» газеттері мен «Айқап» журналында жарияланып

тұрған. 1907 жылы «Серке» газетінде жарияланған мақаласында: «Енді шенеуніктер біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрпымызға, біздің молдаларға тиісті неке мәселесіне араласа бастады, діни кітаптарды тұтқынға алды» – деп, өткір сынға алды.

Алаш зиялылары армандаған дербес мүфтияттыққа қазақ елі 1990 жылы жетті. Елімізде мешіттер саны көбейіп, медреселерде шәкірттер білім алуда. Бұл Алаш қайраткерлерінің арманы еді, Алаш зиялыларының мұраты тәуелсіздік арқасында іске асты.

Алаш қозғалысының қайраткері, Түркістан өлкесі халықтарының азаттық күресінің жетекшісі Мұстафа Шоқай өзінің шығармаларында халқымыздың азаттығымен қатар руханият мәселесіне де көңіл аударды. М. Шоқай ұлт-азаттық күресте мына мәселеге көңіл аударады: «Біз барлық отандастарымызды үміт, иман, сенім тәрізді моральдық күшпен ғылыми-техника күшін бірлестіре отырып, ұлт-азаттығы жолында жұдырықтай жұмылуға шақырамыз. Үміт, сенім, иман – ұлттық күреске бел байлап кіріскен адамдар үшін аса қажетті қасиеттер» [4].

Мұстафа Шоқайдың ұлттық сананы қалыптастыруға қатысты ой пікірлері бүгінгі күнде де өзекті. Ұлттық деңгейде ойлайтын бәсекеге қабілетті интеллектуалды ұлт қалыптастыру, индустриялық-инновациялық өркендеу жолына түсу мемлекетіміздің болашағына деген сенімінен туындап отыр. Қазіргі таңда ділді, дінді, тілді сақтап дамыту арқылы еліміздегі басқа ұлыстарды ұлтымыздың тілі мен ділі, мәдениеті негізінде топтастыру мен бірігейлендіру маңызды болып отыр.

Жүсіпбек Аймауытовтың «Алаш ұраны» атты өлеңінде:

Ұраным, қорғаным сен, Алаш!

Жолыңа құрмалдық мал мен бас!

Өнер тап, өргешап, қару ап,

Аллалапалға бас, ал, Алаш!

Жеке адамның тектілігі тілді, дінді таза ұстау, атадан балаға, бабадан ұрпаққа берілетін асыл мұра ділді қорғау. Қазақтың тілді қадірлеп, тіл арқылы жанды тәрбиелеп, ойды, білімді дамыту өнерінің бойында дәткілік аз емес. Қазақ ұғымында ойлы адам ғана тілді қорғай алады, себебі ой білім мен қабілеттің бірлігінен туатын дүние. Тектілік дұрыс білімнен, дұрыс ойдың, дұрыс ойдан дұрыс идеяның қалыптасуына ықпал ететін қасиет. Жоғарыда айтып өткенімдей, сонау ұлттық қалыптасу тарихынан бастап, оның дүниетанымы, мәдениетін, тарихы мен тарихи санасын, құндылықтарын сақтайтын қасиет тектілік. Адамның бойындағы қорғану күші, өшпейтін,

өзгермейтін, жоғалып кетпейтін мінез, ол қанша данышпан, ғалым, ойшыл, батыр болса да ұлтты сақтап дамытып отыратын негіз. Қазақ өмірінде, қазақ ойшылдарының, ақындары мен жазушыларының, тіпті, алаш зиялыларының мұраларында өмірді тектілікпен суреттейтін шығармашылықтың рухы басым. Тілдің қасиетін білген, сөздің құнарын тарихтың рухымен салмақтаған адам ғана бабалар тағылымын бойына ұялата алатындығын тұлғаларымыздың рухани дәстүрі дәлелдейді. Алаш мұраты тәуелсіздігі жолында күресуге және өркендеуге шақырады. Ж. Аймауытов саналы өмірін елінің бақыты үшін сарп еткен, халқын ояту үшін күрескен ұлттың болашағы жолындағы өмірлік іс-тәжірибесін ізбасарларымен бөліскен, елдің елдігін сақтауды мақсат еткен ойшыл. Халқын ұлттық және діни құндылықтарына берік болуға үндей отырып, тарихи сана негізін жаңғыртып, рухты биіктетуді мақсат тұтқан. Ұлтымыздың ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ақын, ғалым Ахмет Байтұрсынов елінің мүддесі мен еркіндігі үшін табанды күрескер ретінде көрінді.

Алаш зиялысы Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларында Ислам құндылықтары үміт, сенім, ғылым, сұхбаттастық және бейбітшілік құндылықтары ойшылдың азаттық туралы көзқарастарымен қабаттаса көрінеді. Оның «Әдебиет танытқыш» еңбегінде кисса, насихат, толғау, ғашықтық, терме сынды діндар дәуір ауыз әдебиетінің ерекшеліктері қарастырылады. Ахмет өз өлеңдерінде Ислам дінін ұлттық бірлік пен бірегейліктің қайнар көздерінің бірі ретінде көрсеткен.

Сұлтанмахмұт Торайғыров «Алаш ұраны» атты өлең шумағында:

Алаш туы астында,
Біз алаштың баласы.
Күніміз туып көгерді,
Сарыарқаның даласы.
Құрт аурудай жайлаған,
Құртпаққа бізді ойлаған,
Қанымызға тоймаған,
Қолымызды байлаған,
Ерімізді айдаған,
Елімізді лайлаған.
Жерімізді шимайлаған,
Өшті залым қарасы.
Жасасын, алаш, жасасын!

Алаш туы астында,
Өлсек бірге өлдікбіз.
Не жақсылық, не қайғы,
Көрсек бірге көрдікбіз!
Ішкі жанжал таласты,
Күншілдікпен қарасты,
Мына жерге көмдікбіз!
Жасасын, алаш, жасасын!
Алаш туы астында,
Күн сөнгенше сөнбейміз.

Енді ешкімнің алашты,
Қорлығына бермейміз!
Адамдықтың жолына,
Бастаған ерлер соңында,
Басқаға көңіл бөлмейміз,
Қандай шайтан келсе де,
Алдауына көнбейміз.
Өлер жерден кеттікбіз,
Бұл заманға жеттікбіз!
Жасайды алаш, өлмейміз!
Жасасын, алаш, жасасын!

Алаш қайраткерлері көтерген тәуелсіздік пен азаттық идеясы, халықты білім мен ғылымға тартуы, ұлт мүддесі мен руханиятына адалдығы мен жанашырлығы олардың шығармалары мен дүниетанымында айқындалды. Олар еліміздің мәдени-рухани дамуына, ұлт ынтымақтастығына қызмет етті. Алаш зиялылары қазақтың сол уақыттағы тыныс-тіршілігі тарихи-қоғамдық, мәдени-рухани өмірін өз шығармаларында жан-жақты қарастырып, ұлттық болмыс-бітімді, ұлттық рухты айшықтады. Олар тіл мен діннің тұтастығын, діл мен рухтың беріктігін ұлттық ұйысудың қайнар көздерінің бірі ретінде діни құндылықтарға мән берді. Ұлттық және діни құндылықтарды шығармаларына арқау еткен Алаш зиялыларының мұраты бүгінгі тәуелсіз елімізде іске асып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Молдабеков Ж. Қазақтану және жанару философиясы. - Алматы: Қазақ университеті, 2009.

2 Қазақ әдебиеті «Маса» Ахмет Байтұрсынұлы //2015 ж 25.10 № 3 бет //

3 (Қирабаев С. Тәуелсіздік идеясы және «ұлтшылдық» әдебиет // Ақиқат. – 2009. – №1. – Б. 61.61 б.).

4 Ғ. Есім. Қазақ философиясының тарихы. Алматы, 2006.

5 А. Қасабеқ, Ж. Алтаев. Қазақ философиясы. Алматы, 2007.

6 У. Қалижанұлы. Қазақ әдебиетіндегі діни – ағартушылық ағым. А,1998.

HISTORICAL LEGAL ANALYSIS OF THE ENTREPRENEURSHIP DEVELOPMENT IN KAZAKHSTAN (SECOND HALF OF XIX CENTURY – BEGINNING OF XX CENTURY)

MAMYTOVA S. N.

doctor of historical sciences professor, department of «History of Kazakhstan»

S. Toraighyrov PSU, Pavlodar

AITBAY A. N.

student, S. Toraighyrov PSU, Pavlodar

Political integration with Russia inevitably led Kazakhstan to be included in the all-Russian market. That influenced the expansion of commodity-money relations and the development of entrepreneurship in the province. However, the colonial policy of tsarism, which was aimed at turning Kazakhstan into an agrarian and raw material appendage of the metropolis, prevented their wide and rapid development. «The immediate goal of Russian colonial policy was the same as that was the target for the Dutch of the XVII century -direct robbery» Pokrovsky wrote [1, p. 19]. The predatory orientation of the policy of the colonial administration is frankly expressed in the speech of the director of the Department of Agriculture Kryukov who, at one of the meetings, stated that «with respect to the Kazakhs, one should pursue the same policy treated as the Americans lead to the Indians, driving the latter from their lands to remote and desert regions of Kazakhstan» [2, p. 117]. The result of the government course was a dramatical worsening of the Kazakh's people life quality because they lost their lands in favor of the so-called «reliable Russian people» who had moved to the region intensively. According to a famous Kazakhstani demographer N. V. Alekseenko, the growth of immigrants to Kazakhstan was significant. Only in the Steppe Territory from 1870 to 1906 512023 people settled, and by 1914 the number of migrants here reached 714395 people [3, p. 69]. Settlements were usually created in cultivated areas belonged to Kazakh auls. Expropriating the most fertile lands from the Kazakhs, the

colonial administration considered very little of how this would affect the Kazakh economy. The governor-general inspecting the steppe provinces cynically suggested the Kazakhs who were complaining that they had been ruined by the best land expropriation, moving to the south of Kazakhstan, to the sandy deserts, since in the north the land is needed for resettlement colonization [4, c. 110]. Serious damage to the cattle farm was done by surveying in the resettlement areas of the nomadic paths where the cattle were driven. As the Soviet historian O. Vaganov points out, «sometimes the matter was not limited to a single shift of Kazakh auls» [5, p. 75]. As a result of the intensified colonization of the region, the Kazakh population became significantly depleted. That led to an extreme narrowing of the market, which is an unfavorable factor for the development of entrepreneurship.

Slowing down of this process was also caused by the weak legal protection of entrepreneurs. Restricting the development of entrepreneurship in the period under study was the fact that the country had no satisfactory legislation regulating the legal conditions of commercial and industrial activities. Mutual relations of entrepreneurs were to be determined by the Commercial Charter. But in it, as was noted at the congress of the Union of Industrial and Trade Enterprises in 1915, «there is no hint not only of a special system of trade actions and transactions, but even a legal concept of the merchant is not even defined» [6, p. 32]. In general, the situation of entrepreneurs who acted in the sphere of trade was not easy. The right to trade on a significant scale was obtained by representatives of the privileged merchant class. Such privileges were given to indigenous residents very rarely. The decisions taken by government to involve Kazakhs in trading were caused as K. Kasyimbayev states, not so much concern for the welfare of the local population as by the desire to expand the market for the sale of Russian goods and to increase the collection of tolls to the treasury [7, p. 67].

The legal foundations of commercial entrepreneurship in the second half of the 19th century and the beginning of the 20th century were contained in a number of legislative acts such as the Regulations of January 8, 1863 in particular. The Regulations left two merchant guilds (instead of the former three) and simultaneously introduced the category of «petty -bargaining» as well as «delivery» and «peddlary». «Those who wanted to be engaged in entrepreneurial activities, regardless of class, were required to buy Certificates for the right to trade. Commercial rights granted by merchant certificates (1st and 2nd guilds) for annual and semi-annual trade, for 1-5 category trade certificates are defined in Annex 1 to Article 464 of the Charter on fees [8, p. 25, 28]. Commercial and industrial fees were divided into patents and tickets. Legislation of the 60s of the XIX century eliminated class restrictions

in commercial and industrial entrepreneurship only formally. The situation changed only in 1898, when the right to engage in trade and industry was given regardless of the right of registration to the merchant class. Since that time, not only guild merchants but even peasants were trading. The major event was the abolition of customs lines in 1868 that separated the Kazakh steppes from the rest of Siberia [9, p. 34].

Regional business activity was under the control of local authorities, in particular, in cities under the supervision of the City Duma and the City Administration. They appointed trading days for the rural inhabitants in order to encourage them to bring agricultural products to urban areas. The regulation of trade was carried out under the Charter of foodstuffs (1902). Thus, according to the Charter, «It was strictly forbidden to traders or industrialists to strike, bargain or otherwise agree to raise the price of food items and to exorbitantly reduce this price with the idea to restrict the actions of the people bringing goods or delivering those, in large quantities (Article 121). Regardless of the temporary Torzhoks (street fairs), special markets were established in the cities for daily sale of food items, and shops were set up for this purpose according to «the local amenities» (art. 123) [10]. Thus, the government tried to encourage entrepreneurship among the peasants.

The patronizing policy in relation to entrepreneurship is clearly expressed by the Minister of Trade and Industry S. I. Timashev. Summarizing the «general economic and legal measures well experienced by other countries, which could contribute to Russia's commercial and industrial development,» Timashev focused his attention on the «main task of the Ministry», which he saw in «creating an entrepreneur». He was convinced that entrepreneurship «is the cornerstone in the building of the Ministry and without it you cannot build any building» [11, c. 59]. Government measures aimed at commercial and industrial development of the region were expressed in carrying out research of soils, climatic and other conditions of the region, issuing grants from the treasury and declaring guarantees to entrepreneurs, opening vocational schools, trade schools, agricultural schools with the help of scientific expeditions. The description of one of these schools is given by the pre-revolutionary researcher of the region A. Kaufman. He gave information about the agricultural school in Pavlodar. That school was established in 1889 and was initially supported only by wealthy Kazakhs, and then partly from the state budget. In 1888 only 23 students were enrolled, later their number increased nearly four-fold. The school had a land plot in the Shakat tract, where practical classes were held. The theoretical course included the

fundamentals of agronomy, melioration, veterinary science, agriculture, and agricultural machinery. The school existed until 1919. Local authorities raised the issue of taking measures to develop Kazakh cattle breeding; they recognized «it is desirable to encourage nomads to sow grass forage, as well as to teach rational methods of livestock» [12, p. 75].

An important measure to develop business in the region was government's support for the international trade, industrial and agricultural exhibition, which was held in 1911 in Omsk. Besides the entrepreneurs of European Russia, Siberia, Western Europe, there were representatives from the Kazakh steppes. A resident of Petropavlovsk Uyezd Leshchinsky presented a harrow, Erpulev from Pavlodar brought a model of a double-wing plow (a special snow-retaining device) [13, p. 235, 247]. One of the progressive initiatives of the government was a desire to create a branching telephone communication system. So, the colonial administration of the Steppe region repeatedly tried to find means to conduct telegraph lines, from Pavlodar to Karkaralinsk in order to improve trade relations with the Botovsk Fair [14, p. 4]. But patronizing measures against entrepreneurs, caused by a natural desire to strengthen the country's economy co-existed alongside with all sorts of legal restrictions and attempts to retain maximum control over the private business initiative. The dominant line in trade and industrial policy was protectionism in relation to intermediaries - merchants, through which tsarism aimed to provide a source of raw materials for the developing metropolitan industry.

Thus, under the conditions of the colonial situation, the legal solution to development of entrepreneurship in Kazakhstan had a specific nature. The legal settlement differed in a differentiated approach to different social groups. In a privileged position there were businessmen of the mother country. The indigenous inhabitants of the province could not fully realize their entrepreneurial abilities because of the legal restrictions that existed in relation to them. It should be noted that in domestic historiography attention to entrepreneurship, especially to its legal foundations, should be defined as clearly insufficient. Modern historians face the task of carrying out complex studies, in the process of which it is important to select all positive and viable experience on private entrepreneurship in the past for the formation of a new civilized entrepreneurship.

REFERENCES

1 Покровский М.Н. Дипломатия и войны царской России в XIX столетии. - М., 1924. – 220 с.

2 Журнал совещания о землеустройстве киргиз. - СПб., 1907. – С.114-121.

3 Алексеев Н.В., Алексеев А.Н. Население Казахстана за 100 лет (1897-1997 годы). – Усть-Каменогорск, 1999. –158 с.

4 Швецов С.П. Переселенческая колонизация. /Казахское хозяйство в его естественноисторических и бытовых условиях. Народный комиссариат земледелия КАСССР. – Алма-Ата, 1926. – 186 с.

5 Ваганов О. Земельная политика царского правительства в Казахстане (1907-1914). //Исторические записки. Т. 31. – М., 1950. – 267 с.- С. 61-87.

6 РГИА – Ф.1284. – Оп.1. – Д.3233. – Л.32-32 об.

7 Касымбаев Ж.К. Верхнеиртышские крепости в системе Азиатской торговли России во второй половине XVIII – начале XX веков. //Вестник АН КазССР – Алма-Ата, 1988. - №2. – С.65-71.

8 Устав торговый. Продолжение Свода законов Российской империи. – Т.11. - Ч.II. – СПб., 1883. – С.25-29.

9 Сборник статей по Семипалатинской области. Из Памятных книжек на 1897-1899. – Семипалатинск, 1899. – 234 с.

10 Устав народного продовольствия. Продолжение Свода законов Российской империи. Т.13. – СПб., 1902. – 700 с.

11 Жакупбекова Д.Ж. Торгово-промышленное предпринимательство в Казахстане во второй половине XIX – начале XX веков. Диссертация на соискание ученой степени к.и.н. – Алматы, 1997. – 160 л.

12 Кауфман А. Свод трудов местных комитетов по Кавказу, области войска Донского, Сибири, Степному краю и Туркестану. - СПб., 1904. – 855 с.

13 Петров И.Ф. Затея вовсе не увеселительная. /Прииртышье мое. – Омск, 1988. – 252 с.

14 Коншин Н.Я. От Павлодара до Каркаралинска. Путевые наброски. /Памятная книжка Семипалатинской области. – Семипалатинск, 1901. – 55 с.

ҚАЗАҚ ПАТРИОТИЗМІ: БАСТАУЛАРЫ, ДӘСТҮРЛЕРІ, САБАҚТАСТЫҒЫ

НҰРБАЙ Қ. Ж.

т.ғ.д., профессор, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

«Отан отбасынан басталады» деп бекер айтылмаған болса керек, өйткені «отбасы», «Отан» – екі егіздей түбірі бір мағыналас ұғымдар. Осы орайда «Отанның» түп-қазығы «отбасы» болғандықтан, бастауын отбасынан алатын туған жерге, Отанға деген сүйіспеншіліктің түп-тамыры қайда жатыр деген сұрақ туындайды. Оның жауабын табу үшін, сөзсіз алғашқы қазақ мемлекетінің, қазақ тайпаларының тарихына, олардың ұлттық құндылықтары мен ұлттық дүниетанымы турасында сөз қозғап, тереңінен үңіліп қарағанымыз абзал.

Қазақ ғалымдары «қазақ» деген сөз алғаш рет VIII ғасырға жататын қытай жазба деректемелерінде кездесетінін айтады («Тан патшалығы тарихында») [1, 19, 122-123 б.; 2, 297 б.]. Сондай-ақ, араб саяхатшысы әрі жазушысы Мұхамед Аль-Ауфидің XIII ғасырда Үндістанда жазған кітабында «Алтайды мекендеген қарлықтар... тоғыз ұлысқа бөлінген, бұлардың ішінде үш тайпа шығыл, үш ұлыс қазақ бар», - деп айтқаны назар аударатын жайт [1, 19-20 б.]. Өйткені қарлықтардың Алтай мен Тарбағатайдан қазіргі оңтүстік-шығыс Қазақстан, Жетісу аймағына VIII ғасырдың ортасында (750-760 жж.) қоныс аударғаннан кейін барып түркеш тайпасымен бірігіп саяси одақ құрғанын ескерсек қарлық тайпалық одақтың ішінде қазақ ру-тайпаларының болғаны күмән тудырмайды. Бұл ойымызды қазақтың ғұлама ғалымы А. Марғұланның «Түрік қағандығы құлағаннан кейін (744-745 жж. – Қ.Ж.Н.) Сырдария өзені бойында «Алаш» деген атпен саяси одаққа біріккен көне қазақ тайпалары еді», - дегені дәлелдейді [3, 123 б.]. XIII ғасырда Алаш одағы Шығыс Дешті-Қыпшақ жерінде (қазіргі қазақ жерінде) «Алты арыс Алаш елі» түрінде сақталған, Ақ Орданың негізгі халқы осы «Алты Алаш елі» болды деп ойын түйіндейді ғалым [3, 123-124, 131]. Моңғолияның танымал түріктанушы ғалымы И. Қабышұлының «... ал қазақ халқы болса, осы кезден бастап көптеген рулар мен ұлыстардан құралған Қарлұқ одағының негізін қалады. Демек, қазақтың халықтық негізіне алғашқы ұйтқы болған – Түркеш пен Қарлұқ одағы екен», - деп бұл пікірге қосылады («Еліміз Алаш, керегеміз ағаш» деген ұғым сол кезде қалыптасқан көрінеді – Қ.Ж.Н.) [4, 71 б.]. Орхон-Енесай түрік жазбаларында олар «үш қарлық» («үш ұлыс қазақ») деген атпен сақталғаны белгілі, сондай-ақ Қарлық қағандығы 200 жылға жуық

уақыт қазақ жерінде дәуірлеп қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына елеулі үлес қосқаны тарихқа әйгілі [5, 142 б.; 6, 306, 310 б.].

Түркеш-Қарлық Алаш (Қазақ)одағының, кейіннен Қазақ хандығының ірге тасы киелі Жетісу өңірінде құрылғанын есепке алсақ «Риг-Веда» мен «Авестада» сақталған құнды мәліметтерге сүйеніп жазған кейбір зерттеушілердің «біздің дәуірімізден 2000 жыл бұрын ғылым мен жазу-сызуды меңгерген, өркениеттің жоғарғы сатысында тұрған арийлердің(қола дәуіріндегі андронов мәдениетіне тиесілі арийлер деген ортақ атпен танылған малөсіруші тайпаларын меңзейді – Қ.Ж.Н.) атамекені қазіргі Түркістандағы Жетісу аймағы болған», – деп айтқан пікірлерінің өзектілігі арта түседі [7, 166, 168-169 б.].

Қарлықтардың түркештермен бір одаққа бірігіп VIII-X ғасырларда ерекше күшейгендерін араб жазба деректерінен білеміз. Мәселен, 775-785 жылдары Мысыр Елінде (Египетте) билік еткен Аббасид халифы Аль-Махди өзінің әкімшілігін басқаруға сенімді адамы Йахия-ибн-Даут Аль-Хараси есімді түрік мамлюгін тағайындайды (бір қызығы, дәл осы 775 жылы Қарлық қағаны ислам дінін қабылдайды) [8, 166-167 б.]. Арабтардың түрік көшпенділерімен тығыз байланыс орнатуы VIII ғасырдың екінші жартысынан басталды деуге негіз бар, өйткені 751 жылы өткен әйгілі Талас өзені бойындағы шайқаста (Атлах қаласының түбінде) араб әскері түрік атты әскерінің көмегімен қытайлықтарды тас-талқан етіп жеңгеннен кейін, олар өздерінің әскери күштерін ержүрек көшпелі түрік жауынгерлерден жасақтауын үрдіске айналдырған (арабтар көшпелі мен отырықшы түрік тайпаларын ажырата білген және көшпенділерін ғана «қыпшақтар» деп атаған екен) [8, 138-139 б.]. Тағы мысал: 868-905 жылдар аралығында Мысыр Елінде билік жүргізген Ат-Тулунидтер әулетінің тегі қыпшақ болғанын осы әулеттің негізін қалаған Ахмад-ибн Тулунның әкесі Аббасид халифы Аль-Мамунға Хорезм шахының сый ретінде берген қыпшақ мамлюгін Тулун болған деген дерек дәлелдейді (Хорезм шахтарының әскерлері көшпелі түріктілдес қанлы-қыпшақтардан жасақталғандары және әйелдерінің де тегі қанлы-қыпшақ болғандары тарихқа мәлім [1, 185 б.; 6, 424 б.; 9, 21-22 б.]. [8, 167-168 б.]. Оғұз тайпаларының ішінде де қазақ тайпаларының болғаны анық (кейбір ғалымдардың пікірі бойынша қазақтың үш жүзіне негіз болған оғұздардың «үш оқ» тайпасы, сондай-ақ «қарлықтар мен оғұздардың... әдет-ғұрыптары да ұқсайды» [10, 41, 43 б.]. [10, 41 б.].

Біздің пайымдауымызша жоғарыда есімі аталған Йахия-ибн-Даут Аль-Харасидің ұлты қазіргі тілмен айтсақ қазақ болған.

Тарихшы-ғалымдар ауызша және жазба деректерді зерттеу негізіндетүріктестес халықтарының ішінде қазақ, қырғыз, моңғолды ғана көшпенділер қатарына жатқызады [4, 130 б.; 11, 252 б.; 12, 16 б.]. Алайда қазіргі моңғолдардың түріктестес ата-бабаларының сол кезеңде мұсылман болмағандарын, сондай-ақ тунгус-мәнжур орман тайпаларымен сіңісіп көп араласқандарының әсерінен ана тілдерінің өзгеріске ұшырағанын, қырғыздардың тым алыста, Енесай өзені алқабын мекендегендерін (Ұйғыр қағандығын тізе бүктірген Қырғыз хандығы) ескерсек, сөзсіз көшпенді қаңлы-қыпшақ тайпаларының негізінен қазақ болғандары күмәнсіз (әрине, олардың арасында оғұз-түрікмендер де болды, өйткені IX-X ғасырларда қазіргі оңтүстік Қазақстанда, астанасы Сырдария өзені бойындағы Янгикент қаласы болған Оғұз хандығының өмір сүргендігі белгілі [10, 41 б.].).

Академик М. Қозыбайтегі «... жазба деректер... «қазақ» атауының... тарихи шығуының ерте екендігін дәлелдейді..., ол алғашқыда жеке ру-тайпалардың аты ретінде жарыққа шыққан» - деп айтқан зерттеуші-ғалым Н. Мыңжанның пікірін қолдайтынын жазады [13, 10 б.]. Ғалымның айтуынша «қазақ» пен «қыпшақ» этнонимдері тарих сахнасына қатар шығып «қазақ» деген ру қыпшақ халқының құрамында өзге ру-тайпалар сияқты «қыпшақ» атын жамылып жүрген, және «қазақ» атауының даңқы қыпшақ одағы әлсіреген, өше бастағанда ғана әйгілі болды» (қыпшақтар, керісінше қазақ халқының құрамына жеке тайпа ретінде кірген – Қ.Ж.Н.) [13, 8-10 б.]. «Қазақ» ұлт аты болудан бұрын ру-тайпа аты болған, ұзақ ғасырлар өту барысында біртіндеп тіл, территория, әдет-ғұрып және мәдениет бірлігіне қол жеткізген халық аты болған деген көзқарас барған сайын көптеген жазба және шежірелік аңыз деректермен дәлелденіп отыр», - дейді қытайтанушы-ғалым Ж. Мырзақанұлы [10, 35 б.].

3. Қинаятұлы, Н. Мыңжан, М. Қани сынды қазақ ғалымдары да «қазақ» деген этникалық топтардың пайда болуын қыпшақ тайпасы қоныстанған аймақпен байланыстырады [2, 299-300 б.]. Ал «қыпшақ» деген сөз ұлттық бояуы бар атау ретінде (этноним ретінде) жазба деректемелері бойынша алғаш рет ұйғыр қағаны Элетміш Білгенің моласында табылған және VIII ғасырға жататын (759-760 жж.) «Селенгі тасына» жазылған («түрік-қыпшақ» нұсқасында) [14, 118-119 б.]. Демек, «қазақ» пен «қыпшақ» этнонимдері бір уақытта (VIII ғасырда) және бір аймақта тарих сахнасына шыққан деуге негіз бар (қыпшақтардың ата-қонысы солтүстік-батыс Алтай таулары мен

шығыс Қазақстан, Ертіс алқабында болған [14, 117, 127 б.; 15, 86 б.; 16, 43 б.].

Қыпшақтардың аталған өңірді III-V ғасырларда (қыпшақ тайпасына тиесілі әйгілі «жоғарғы Обь мәдениеті»), кейін VIII ғасырдың екінші жартысы мен X ғасырларда (қимақ-қыпшақтардың «Сросткин мәдениеті») мекендегендерін археологиялық деректер арқылы білеміз [14, 82, 117, 127 б.; 17, 40 б.]. Соңғы кезең ұлы Түрік қағандығының құлауымен (744-745 жж.) тұспа-тұс келеді. Қыпшақтарға тиесілі жоғарыда аталған екі мәдениетке де ортақ ұқсастық болған, атап айтқанда да мәйітімен бірге жылқыны көму рәсімі жаппай сипатталған [14, 82, 127 б.].

Бүгінде «қазақ» атауының тарих сахнасына алғаш рет шығуы жайлы әралуан пікірлердің айтылып жүргені рас (VIII, X-XI, XIII ғғ.), алайда біз жоғарыда айтып өткеніміздей бұл VIII ғасырға тиесілі деп есептейміз [6, 329, 428 б.; 13, 10 б.]. Олай деп айтуымыздың себебі VII ғасырдың соңы мен VIII ғасырдың бас кезінен бастап «Түркеш», «Түркеш-Алаш ұлысы» (ғалымдар түркешті ежелгі үйсіннің орнын басып, дулаттың ішіндегі ең күштісі, қазақ шежіресінде «сары үйсін» атымен шыққан тайпа ретінде қарастырады [10, 34, 37, 45 б.]. деген атпен көне қазақ тайпалары Батыс-Түрік қағандығында («Он оқ Елінде») билікке келіп, кейіннен Алтайдан ауып келген қарлықтардың қол астына бірігеді [10, 45 б.]. Түркеш қағандығы «... Алтай тауынан Тянь-Шань тауына, Баркөлден Арал теңізіне дейінгі аумақтағы он оқ тайпасын түгел биледі. Оның негізгі орталығы ежелгі үйсіндердің ата-мекенінде болды» [1, 132 б.]. Ал қарлықтардың Жетісу жеріне қоныс аударуының негізгі себебі Түрік қағандығының біріккен ұйғыр-қытай әскерінен жеңіліске ұшырап құлауы болды.

Қазақ ғалымдары Қытай тарихшысы Су Бей Хайдың пікірін негізге алып түркештер қазақ тобына жататын көне түріктер және Түркеш қағандығын алғашқы Қазақ мемлекеті дейді [1, 126 б.; 5, 123-124 б.; 10, 37, 45 б.]. Ж. Мырзақанұлы «Түркеш қағандығы дәуірінің қазақ тарихын зерттеуде төтенше маңызды бір дәуір екендігін көрсетеді», - деп салихалы ой айтады [10, 45 б.].

Енді түркеш тайпасының ұлттық құндылықтары, ұлттық дүниетанымы жайлы айтсақ, Отансүйгіштік, Отаншылдық сияқты әрбір қазаққа киелі ұғымдар бастауын солардан алатынына жазба деректемелерінде сақталған мағлұматтар дәлел бола алады. Олардың өмірдегі мақсаты (кейінгі дәуірдегі қазақтарда сияқты) олар үшін қасиетті ұғым болып саналатын «отбасы-ру-мемлекет» атты үштік қағидаға негізделген үйлесімдікте өмір сүру болды

десек қателеспейміз [5, 134 б.; 6, 302 б.]. Көшпелі қазақ қоғамында отбасы мен одан әрі қарай өрбіп жалғасатын аталық тектің (рудың) қаншалықты маңызды орын алатынын оның ру-тайпалық негізде құрылғаны байқатады, өйткені қазақтардың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі мен заңдары, ұлттық құндылықтары мен дүниетанымы - барлығы рулық қарым-қатынасқа негізделген еді. Біздің пікірімізше, аталған үштік қағиданың мән-мағынасын көне түрік «қан» ұғымы негізінде түсіндіруге болатын сияқты. Өйткені бұл сөздің түпкі мағынасы көне түрік тілінде «әке» деп аударылса [18, 50 б.], отандық сананы қалыптастырудың түп-өзегі, «үштік қағиданың» бірінші бөлегі «отбасы», яғни «әке» екенін байқатады. Түркештердің «үштік қағидаларының» екіншісі, туыстық негізде құрылған «ру» ұғымының астарында көне түрік және қазіргі қазақ тілінде туыстық байланысты білдіретін көдімгі адам ағзасындағы «қан» деген мағына жатса керек. «Қан» сөзінің үшінші баламасы көшпелі түрік тайпаларының елін, мемлекетін басқаратын «қан-хан» деген мағынаны білдіретінін ескерсек, оның «үштік қағиданың» үшінші бөлегі, «мемлекет» ұғымымен байланысатынын байқаймыз (оғұз тілінің ықпалымен «қан» «ханға» айналған).

Сонымен, түркештердің ұлттық құндылықтары «отбасы (қан-әке-отбасы) - ру (қан-қандастық-рубасы) - мемлекет (қан-мемлекет басшысы-елбасы)» атты үштік жүйеге негізделгені байқалады, былайынша айтқанда отағасы-отбасы - рубасына, рубасы - елбасына айналған. Танымал түріктанушы-ғалым С. Кляшторныйдың «Структура авестийского скотоводческого социума (кола дәуіріндегі арийлер мен турлар тайпаларына тиесілі андронов мәдениеті-Қ.Ж.Н.), т.е. воплощение космического порядка среди людей предельно проста: глава дома, глава рода... и глава страны (царь)», - деп жазғаны ойға ой салатын мағынасы тереңде жатқан сөздер деп білеміз [14, 30 б.]. Түрік халықтарының ынтымақ-бірлігін аңсап, тәуелсіздігі үшін күрескен әйгілі түріктанушы-ғалым, ойшыл З.В. Тоғанның айтуынша түркештер әскери жорыққа шыққанда шайқаста қаза болған жауынгерлерінің сүйектерін еттен ажыратып, теріге орап елдеріне әкеліп жерлеген екен [5, 132-133 б.].

Біздің болжамымыз бойынша Түркеш-Қарлық Алаш одағы қазіргі тілмен айтсақ Керей-Арғын одағы болғанға ұқсайды. Қытай тарихшы-ғалымы Шуе Зун Жынның айтуынша, Түркеш қағандығын «түркеш», «шеп», «шимойын» атты 3 тайпа құрған болса, қағандар алғашқы екі рудан шыққан екен [1, 130 б.; 5, 125 б.]. Қазақ шежіресі бойынша аталған 3 тайпа қазақ руларымен, дәлірек

айтсақ керей тайпасымен байланысты болып шығады [1, 122, 158-159 б.]. Этнограф-ғалым Г. Потаниннің пікірі бойынша да керей тайпасы сары үйсіннен, яғни түркештен тарайды [19, 52 б.; 1, 122, 158-159 б.]. И. Қабышұлының «Түркеш ханы Сұлудың: «Түрік жерінде елім қалды» деп арман етуіне қарағанда Керей, Найман хандығы мен меркіт, қонырат тайпалары Моңғолия жерінде қалып қойғанын меңзесе керек», - деп жазғаны олардың қазақ ру-ұлыстары болғанын байқатады [4, 70 б.].

«Ал қарлықтар Одағы (Алтай-Қарпық) кезінде дәуірлеген тайпалардың бірі – болат-қарлықтар (арғындар)» болғанын академик М. Қозыбайтегі жазған [13, 10 б.; 10, 40 б.]. Ж. Мырзақанұлы да «болат қарлықтар Орта жүз қазақтарының ата-бабалары болған» дейді [10, 46 б.]. Ғалымның айтуына қарағанда «... арғындарды арысын айтқанда... ғұндарға, берісін айтқанда қазақ даласында және Орта Азияда 170 жылдан астам дәурендеген Қарлұқ одағына байланыстырады» [10, 45 б.]. Сондай-ақ, алғашқы болып, анығын айтсақ 1456-1459 жылдары Керей мен Жаныбек сұлтандарының соңынан ерген керейлер мен арғындар болғанын Алаш қайраткері, әйгілі зерттеуші-ғалым М. Тынышбаев жазған еді [20, 76, 84, 113 б.].

Араб жазба деректерінің мәліметтері бойынша, Мысыр Елінде қыпшақ мәмлүктері билік жүргізген уақытта мемлекеттік маңызы бар мәселелер «сийаса» (қазақ тіліндегі «саясат» сөзінің шығу тегі арабтың сөзі болса керек), яғни «үш йаса-ясы» атты заңдар негізінде қаралып, мұсылмандық «шариғат» заңдары екінші орындатұрған [8, 134-135 б.]. Отансүйгіштіктің үлгісі ретінде тағы дерек келтірсек қыпшақ мәмлүктері жат елде өмір сүрсе де арнайы үкім шығарып әр сәрсенбі күні белгіленген жерде жиналып қымыз ішуді дәстүрге айналдырған екен [8, 154 б.].

Отанға деген сүйіспеншіліктің мән-мағынасы мен мазмұны Қазақ хандығы дәуірінде, кейінгі патшалық және кеңестік отаршылдық заманда да өзгермеген, қазақ халқы үшін басты мақсат тәуелсіздік пен ынтымақ-бірлікке жету болды. XX ғасырдың бас кезінде, қазақтың басына қиын заман туғанда ұлттық құндылықтарды ұран еткен, түріктілдес халықтардың ұлт-азаттық қозғалысына басшылық еткен, ұлттың (түркістандық ұлтының) саяси хәм рухани көсеміне айналған ұлы тұлға Мұстафа Шоқайдың мақсаты да ұлт тәуелсіздігі үшін күресу болды [21, 237 б.].

Белгілі түрік ойшылы, қоғам қайраткері Зия Гөкалптың пікірі бойынша «ұлттық ынтымақты күшейту үшін бәрінен бұрын отансүйгіштік моралін (патриотизм) күшейту қажет» [22, 272 б.].

Ежелгі түрік-қыпшақ тайпаларында «отансүйгіштік моралі өте күшті болған. Ешқандай түрік өз елі, яғни ұлты үшін өмірін... пида етуден тартынбайтын. Өйткені ел Көктөңірінің жер бетіндегі көлеңкесі болатын» [22, 273 б.]. Қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабай да «не көрсем де Алаш үшін көргенім маған атақ ұлтым үшін өлгенім...», – деп айтқан сөздерімен Отаны үшін, ұлты үшін өзін құрбан етуге дайын екендігін өлеңмен жырлаған [23, 315 б.]. Ортағасырлық түріктанушы-ғалым М. Қашғари «замандастарын... Отанды сүюге, адал, шыншыл, тұрақты болуға шақырады...» [24, 185 б.].

Бүгінде өскелең ұрпақтың Отанға, оның тарихы мен дәстүріне, тілі мен мәдениетіне, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін, ұлттық рух пен азаматтық сананы қалыптастыру үшін руханилыққа бару, дінге, иманға жығылу керек. Өйткені ата-бабаларымыз үшін адами, рухани құндылықтар бірінші орында тұрды. «Қазақ шешендерінің қалдырған мұраларына зер салсақ адамның шынайы мәні оның руханилығында екендігі айқын көрінеді» [25, 407 б.]. Ұлы ғалым «Ш. Уәлиханов қазақ қауымында рухани болмыстың басқа этностарға қарағанда әлдеқайда жоғары тұратындығын...» айтқан [24, 407 б.]. Сонымен қатар, «адам затының жер бетіндегі тіршілік дүниесіндегі шынайы жолы тек руханилықпен байланысты болып танылған» [25, 407-408 б.]. Алаш азаматы Мағжан Жұмабай үшін «... руханилыққа басымдық беру дәстүрі...» асамаңызды [26, 295-296 б.].

Жастарды отаншыл, отансүйгіш болып ата-ананы, үлкенді сыйлауға, имандылық пен адамгершілік қасиеттерге негізделген Саржан-Кенесары Қасымұлы, Мұстафа Шоқайұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабай сынды ұлы бабаларымыздың келешек ұрпаққа мирас етіп қалдырған өсиет сөздері мен істерін үлгі тұтып, ой-санасына сіңіріп тәрбиелеудің маңызы зор. Ұлы түрік ойшылы Йолығ тегін ескертіп кеткендей ұлттық дәстүрден, тілі мен ділінен, бабалар өсиет еткен жолдан ажырамаған ұрпаққа өзге мәдениеттің шексіз ықпалында қалудың қауіпі жоқ [26, 214, 231 б.]. Жастар рухты, жігерлі болса Отанын, ұлтын, елін, жерін шынайы сүйетіні күмәнсіз.

Сөзімізді қорытындылай келе айтарымыз «отансүйгіштік», «отаншылдық», «ұлтшылдық» деген сөздер мән-мағынасы тең ұғымдар, сондықтан да Түркеш-Қарлық Алаш (Қазақ) дәуірінен бастап кешегі «Алашқа» дейін жалғасып келген тарихи сабақтастықты үзбесек, ұлы бабаларымыз біздерге мирас еткен өсиетін бұзбасақ, ұлттық болмысымызды, ұлттық санамызды, ұлттық құндылықтарымызды жоғалтпай сақтасақ ғана болашағымыз жарқын болмақ [27, 60 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мұратхан Қани. Қазақтың көне тарихы. - Алматы: «Жалын», 1993.
- 2 История Казахстана в пяти томах. 2 том. - Алматы: «Атамұра», 1997.
- 3 Әлкей Марғұлан. Шығармалары. 13 том. - Алматы: «Алатау», 2012.
- 4 Ислам Қабышұлы. Тұран әлемі. - Алматы: «Санат», 2007.
- 5 История казахской государственности (древность и средневековье). - Алматы: «Адамар», 2007.
- 6 История Казахстана в 5 томах. 1 том. - Алматы: «Атамұра», 2010.
- 7 Е.П. Савельев. Древняя история казачества. - Москва: «Вече», 2010.
- 8 Батыршаұлы Бақытты. Мысыр мамлук мемлекетінің Дешті-Қыпшақпен байланыстары. XIII-XV ғғ. - Алматы, 2005.
- 9 С.Г. Кляшторный. История Центральной Азии и памятники рунического письма. - Санкт-Петербург, 2003.
- 10 Жакып Мырзақанұлы. Қазақ шежіресінің жазба тарихи деректермен байланысы жөнінде // Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым академиясының хабарлары. 1993, № 1.
- 11 Аристов Н.А. Этногенез и этническая история казахского народа (из серии «Библиотека казахской этнографии»). - Павлодар: ТОО «ЭКО», 2005.
- 12 Радлов В.В. Труды по казахской этнографии (из серии «Библиотека казахской этнографии»). - Павлодар: ТОО «ЭКО», 2005.
- 13 Манаш Қабашұлы Қозыбайтегі. Ата тарихы туралы сыр // Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым академиясының хабарлары. 1993, № 1.
- 14 С.Г. Кляшторный, Т.И. Султанов. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. - Алматы: «Рауан», 1992.
- 15 В. Бартольд. 12 лекций по истории турецких народов Средней Азии. - Алматы: «Жалын», 1998.
- 16 Лев Гумилев. Хунну. Хунны в Китае. - Москва: «Айрис Пресс», 2003.
- 17 Ю.С. Худяков. Роль древних тюрок, кыргызов, кимаков и кыпчаков в трансляции культурных достижений в лесостепные и таежные районы Сибири в эпохи раннего и развитого средневековья // Вклад кочевников в развитие мировой цивилизации. Сб. материалов

международной научной конференции. - Алматы: «Дайк-Пресс», 2008.

18 Древние тюркские диалекты и их отражение в современных (тюркских) языках. - Фрунзе: «Ілім», 1971. Под редакцией Батманова И.А.

19 М.С. Муканов. Абак-Кереи // Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым академиясының хабарлары. 1993, № 1.

20. Мұхамеджан Тынышбаев. История казахского народа. - Алматы: «Сана», 1998.

21 Мустафа Шокай. Туркестан – наша общая колыбель (Туркестан в документах личного архива М. Шокая 1920-1940 гг.). 1 том. - Алматы: «Қазығұрт», 2011.

22 Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Түркі халықтарының тарихи ойы. 10 том. - Астана: «Фолиант», 2006.

23 Әбдімәлік Нысанбаев. Қазақстанның философиялық мұрасы және оның маңызы. // Әлемдік философиялық мұра. 20 томдық. Қазіргі түркі философиясы. 20 том. - Алматы: «Жазушы», 2009.

24 Азиз Нарынбаев. Махмұд Қашғари шығармашылығындағы түркі халықтары көзқарасының бейнеленуі. // Әлемдік философиялық мұра. 20 томдық. Қазіргі түркі философиясы. 20 том. - Алматы: «Жазушы», 2009.

25 Д. Раев, Ж. Молдабеков. Билердің бірлік идеясы және битану. // Қазақ халқының философиялық мұрасы. 20-томдық. Қазақ бишешендерінің дүниетанымы және философиясы. 9 том. - Астана: «Аударма», 2007.

26 Ә. Нысанбаев. Мағжан дүниетанымы туралы сөз. // Қазақ халқының философиялық мұрасы. 20-томдық. XX ғ. басындағы қазақ философиясы. - Астана: «Аударма», 2008.

27 Ә. Нысанбаев, Н. Аюпов. Түркі фәлсафасы жайында // Әлемдік философиялық мұра. 20-томдық. Қазіргі түркі философиясы. 20 том. - Алматы: «Жазушы», 2009.

ЧТО ЗНАЧИТ «ТРАНСНАЦИОНАЛЬНАЯ ИСТОРИЯ»?

РАХИМОВ Е. К.

PhD, асоц. профессор (доцент), ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Транснациональная история (англ. transnational history) – это направление в исторической науке, которое возникло после периода холодной войны, в начале девяностых, хотя зачатки ее прослеживаются еще с 1920-х гг. Она представляет собой, с одной стороны, критику национальных и имперских традиций историографии, с другой стороны, транснациональная история является и их преемницей.

Сразу поясним, что в англоязычной традиции существует различие: 1) history of the world (адекватный перевод – всемирная история) и 2) world history (переводится как – транснациональная история; вариант «мировая история» ассоциируется на русскоязычной почве скорее со всемирной историей). С транснациональной историей тесно связано понятие global history – глобальная история.

В центре внимания области транснациональной истории – изучение закономерностей, общих для всех национальных культур, а также взаимосвязей и конфликтов, которые не могут быть объяснены как результаты действий отдельных государств или развития национальных интересов и рынков.

Историки, изучающие транснациональные процессы, считают, что нации или империи либо не являются главными движущими силами истории вообще, либо являются ими только в определенный отрезок исторического времени. Но общий исторический процесс эти историки понимают по-разному [1].

Данный термин относительно новый. Ее внедрение в науку в 1990-е годы тесно связано с исследованиями в американской истории. Основателями транснациональной истории, выступают такие ученые-историки как Дэвид Телен, Томас Бендер, изучавшие проблемы передвижения людей, идей, технологий и институтов за пределы национальных границ [2; 3]. Они распространяют начало транснациональной истории с момента возникновения государства как важного явления в мировой истории. Время данной эпохи можно датировать с Вестфальского мира (1648 г.), в котором изложены основы международного права в отношениях между суверенными государствами. Термин был использован для описания событий того

времени, с так называемой эпохи демократических революций, когда началось зарождение американской нации.

Прежде чем начать описывать транснациональную историю, следует заметить, что эффективность ее концепции тесно связана с более широкими событиями имевшими место в политике и обществе. Дискуссии в американской исторической периодике в 1990-х и 2000-х гг. не позволили, однако, придти к общему пониманию принципов и концепции транснациональной истории в историографическом контексте развития термина, и исторической практике его развертывания.

Так, в 1992 году журнал «American History» посвятил специальный выпуск об «интернационализации» национальной истории. Редактор журнала Д. Телен, также организовал специальный семинар по проблемам транснациональных подходов в Институте социальной истории в Амстердаме (Нидерланды) в 1998 году, издал работы участников семинара в специальном выпуске «Нации за ее пределами. Транснациональные взгляды на историю Соединенных Штатов» (декабрь 1999 г.) [2].

преодолело еще один важный этап – произведено уже два миллиона тонн первичного алюминия. Благодаря слаженной работе, ответственности и квалифицированности персонала предприятию в кратчайшие сроки после запуска удалось выйти на проектные показатели, и работать эффективно, не сбавляя темпы. Вся технологическая цепочка построена с применением новейших технологических решений, позволяющих добиваться высокого уровня ресурсосбережения, требуемого качества продукции, соблюдения норм по экологической безопасности.

КЭЗ – один из первых крупных промышленных проектов, реализованных в новейшей истории Казахстана. На протяжении десяти лет электролизный завод выпускает отечественный алюминий, соответствующий всем требованиям международных стандартов. Казахстанский алюминий зарегистрирован на Лондонской бирже металлов, что подтверждает качество выпускаемой продукции – первичного алюминия.

Сегодня КЭЗ – это промышленный гигант и гордость отечественной экономики. В год запуска первой очереди, к концу 2007 года Казахстанский электролизный завод выпустил 11 тысяч тонн первичного алюминия. А в июне 2010 года Глава государства Нурсултан Назарбаев запустил вторую очередь производства и вывел предприятие на проектную мощность в 250 тысяч тонн. 2011 год предприятие завершило с объемом выпущенной продукции в 251 тысячу тонн казахстанского алюминия.

С момента своего запуска Казахстанский электролизный завод произвел уже 2000000 тонн первичного алюминия.

Казахстанскому электролизному заводу удалось преодолеть не один рубеж, поставленный перед молодым предприятием. На сегодняшний день работа с предприятиями Евразийской Группы налажена «от» и «до». За десять лет КЭЗ потребил свыше 29 млрд. кВт/ч электроэнергии Евразийской энергетической корпорации. На КЭЗ было отгружено порядка 4 млн тонн глинозема, произведенного из сырья казахстанских рудников. К тому же с прошлого года в Евразийской Группе начата реализация масштабного проекта по увеличению доли местного содержания. Так за 2016 год КЭЗу удалось практически полностью отказаться от импортных элементов – изложниц, которые теперь изготавливают АО «Алюминий Казахстана», блюмсы – токоподводы, изготавливаемые на еще одном предприятии ERG. Ко всему прочему с недавнего времени переработка оборотного электролита также вошла в список общегрупповых проектов.

Завершающим этапом всего цикла трудоемкой работы предприятий Евразийской Группы станет продукция нового предприятия - завода по производству алюминиевых сплавов на территории СЭЗ «Павлодар». Таким образом, в Павлодарской области будет выстроена полная цепочка – добыча боксита, получение глинозема, первичного алюминия и производство изделий из алюминия. Это уже четвертый и пятый передел продукции. На сегодняшней стадии находится заключение договора с данной компанией. Первоначальный объем определен на данном этапе – 18 900 тонн первичного алюминия в год, - рассказал президент АО «Казахстанский электролизный завод» Роман Романов.

Кроме этого, в процесс производства алюминия внедрен павлодарский прокаленный нефтяной кокс, который сегодня используется в технологическом процессе КЭЗ [4].

Напомним, что в канун своего 10-летнего юбилея АО «Казахстанский электролизный завод», входящее в состав Евразийской Группы (ERG), стало победителем конкурса на соискание премии Президента Республики Казахстан «Алтын Сапа». Предприятие удостоено специальной премии – «Лидер качества».

ЛИТЕРАТУРА

1 Инсебаев Т.А., Азербайев А.Д., Абдрахманова А.Д., Рандюк И.В., Шегенова З.К. Павлодарская область: страницы истории (1938-2008). – Павлодар: ПГУ им. С. Торайгырова, 2007. – 314 с.

2 История экономики Павлодарской области (1938-2003 гг.) / Абилов М. Н., Шорманов Д. Р., Ахметов Д. К. и др. – Павлодар: ПГУ им. С.Торайгырова, 2003. - 227 с.

3 Акционерное Общество «Алюминий Казахстана» // <http://www.ilk.kz/content/41440>

4 <https://erg.kz/index.php/ru/news/735>

ПРОГРАММА «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» В ДЕЙСТВИИ

СЛАНБЕК М. И.

магистрант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

МОЛДАКИМОВА А. С.

к.и.н., доцент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Программа «Рухани жаңғыру» - это приоритетное на сегодняшний день направление для деятельности нашего общества. Президент РК Назарбаев Н.А. в своем послании представил свое видение того, как нам вместе сделать шаг навстречу будущему, изменить общественное сознание, чтобы стать единой Нацией сильных и ответственных людей [1].

К основным аспектам программы относятся национальное сознание, конкурентоспособность, прагматизм, национальная идентичность, культ знания.

Все эти аспекты имеют прямое отношение к отечественной истории. В ходе исторического развития наше государство так или иначе сталкивалось с ними, а в настоящее время казахстанцы пытаются их рассмотреть комплексно, в их взаимосвязи. Потому что только таким образом программа «Рухани жаңғыру» качественно достигнет поставленных задач.

По всем этим направлениям в Республике Казахстан идет активная работа, результаты которой нашли свое отражение в презентациях, конференциях, выставках как в Казахстане, так и зарубежом. Так, в прошлом году были реализованы масштабные проекты: в штаб-квартире ЮНЕСКО в Париже презентация Программы «Рухани жаңғыру». В рамках этого мероприятия прошли конференция «Казахстанский путь и модель Нурсултана Назарбаева», фотовыставка «Казахстан-Астана», выставка книг казахстанских литераторов и картин казахстанских художников, презентация карты «География сакральных мест Казахстана». Кроме того, был показан документальный фильм о Казахстане и Астане, организован гала-концерт с участием Казахского государственного академического оркестра народных инструментов имени Курмангазы, ведущих солистов театра «Астана Балет», театра «Астана Опера», заслуженного деятеля Казахстана Едиля Кусайнова, Димаша Кудайбергенова и других мастеров искусства [2].

У каждого народа, у каждой цивилизации есть святыне места, которые носят общенациональный характер, которые известны каждому представителю этого народа, культурно-географический

пояс святынь Казахстана – это и есть такая символическая защита и источник гордости, который незримо несет нас через века [1]. - констатирует Назарбаев Н.А. в своем выступлении.

Для реализации этого пункта с 2017 года в республике в рамках проекта «География сакральных мест Казахстана» организовываются разнообразные мероприятия, направленные на воспитание патриотических чувств казахстанцев. Силами историков, ученых, краеведов составлен список объектов общенационального значения из 100 объектов, и регионального значения из 456 объектов [2]. Соответственно, были изданы две книги, с описанием этих объектов, а также первый том энциклопедии «Сакральный Казахстан». Также создана многофункциональная виртуальная карта «География сакральных мест Казахстана» и интерактивная карта по объектам регионального значения. Созданы 3D модели некоторых объектов, вошедших в общенациональный список - мавзолеи Кожа Ахмета Яссауи и Карахана. Сняты видеоролики для социальных сетей на трех языках, четыре научно-популярных фильма о сакральных местах Казахстана [2]. Результатом данного проекта станет несомненно повышение туристического потенциала Казахстана.

Историки, конечно же, заинтересовали проекты, направленные на развитие и изучение сакральных мест нашей Родины, организация экспедиционных работ для выявления памятников истории и культуры, требующих, например, реставрационных работ, более глубокого изучения в числе которых мавзолеи Кожа Ахмета Яссауи, Арыстан баб, Бекет ата, Сисем ата, городища Тараз, Туркестан, Отырар, Сауран, Сарайшык, мемориальный комплекс Абая Кунанбаева.

Недавно вышло Постановление Правительства о создании республиканских историко-культурных музеев-заповедников Бозок, Ботай и Сарайшык. Создание музеев-заповедников даст возможность сохранить особо ценные памятники культуры, повысить конкурентоспособность в привлечении туристов, даст импульс реализации научно-исследовательских, консервационных и археологических работ [2].

Активно население нашей страны приняло участие в проекте «100 новых лиц Казахстана». Каждая область выдвинула своих кандидатов, в числе которых были представители разных профессий, члены неправительственных организаций, государственных органов, бизнеса. Проект «100 новых лиц Казахстана» – это история 100 конкретных людей из разных регионов, разных возрастов и

национальностей, которые добились успеха за эти стремительные годы», - написал Глава государства. Главная цель – рассказать о талантливых и трудолюбивых людях страны, чьи достижения могут вдохновить народ, доказать, что благодаря своим стремлениям, таланту можно добиться больших результатов. Президент, предлагая данный проект, хотел тем самым обратить внимание общества на обычных людей, наших современников со всех регионов Казахстана и дать всем возможность познакомиться с историей успеха людей живущих рядом. По результатам всеобщего онлайн голосования были определены 102 победителя проекта [3].

На сегодняшний день разнообразие мероприятий, проводимых в рамках проекта «Туган жер» налицо. Нурсултан Назарбаев предложил разработать эту программу с дальнейшим прицелом, что со временем она расширит свои границы и перерастёт в программу «Туган ел». «Одним из важных проявлений патриотизма является отношение человека с особой привязанностью к родной земле, её культуре и традициям. Это основа культурно-генетического кода любого народа, которая её определяет как истинную нацию, а не случайно собравшееся общество», – отметил Нурсултан Назарбаев.

В рамках проекта Национальный музей провел ряд международных мероприятий в Китае, Великобритании и Беларуси. В апреле во Всероссийском музее народного творчества и декоративно-прикладного искусства в Москве открылась выставка, представляющая ювелирное искусство Великой степи. На выставке в качестве главного символа Республики Казахстан представлен «Золотой человек». Этот проект будет в этом году продолжен в Музее национальной истории Азербайджана, в историческом музее провинции Шэньси КНР, в Национальном музее Корейской Республики. Кроме того, проект «Шествие Золотого человека по музеям мира» в 2019 году будет представлен в музеях Японии, Грузии, Великобритании, Испании и Турции, в 2020 году в музеях США, Италии, Австрии, Франции и Германии [2]. Таким образом, данное направление будет способствовать сплоченности, развитию национальной идентичности казахстанцев.

Таким образом, Программа «Рухани жангыру» это новый подход к решению многих задач нашего общества. Вызовы современности, модернизация образа жизни, прогресс технологий заставляют Казахстан соответствовать новым требованиям, идти в ногу со временем. Эта программа нашла живой отклик среди населения,

а это значит, что «Рухани жанғыру» стала основой казахстанского патриотизма.

ЛИТЕРАТУРА

1 Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания//http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya

2 http://www.inform.kz/ru/arystanbek-muhamediuly-programma-ruhani-zhangyru-ukrepila-nashu-gosudarstvennost_a3217953

3 100 новых лиц Казахстана / Официальный сайт проекта: <http://www.100esim.el.kz>

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНА АРНАЙЫ ХАЛЫҚТАРДЫҢ ҚОНЫС АУДАРУЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

СЫЗДЫКОВА А. М.

т.ғ.к., доцент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ. ЖУМАКУЛОВА Н. У.

студент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Қазіргі таңда Қазақстанға ХХ ғасырдың 30-40 жылдары күштеп қоныс аударған халықтардың ұрпақтары бейбіт елімізде бір шаңырақ астында өмір сүріп келеді. Бұл бейбітшілікті мәңгі сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен 1995 жылы 1 наурызда «Қазақстан Халқы Ассамблеясы» құрылды. Бұл Ассамблеяның басты мақсаты еліміздегі әртүрлі ұлт өкілдерінің тату-тәтті өмір сүруін көздейді.

Кеңес Одағындағы тоталитарлық жүйедегі жаппай құғын-сүргін кезеңіндегі нәтижесіз жазалау шаралары тек жекелеген адамдарға, дін иелеріне, әр түрлі әлеуметтік топтардың өкілдеріне ғана емес, сондай-ақ ұжымдық жауапкершілік ұстанымы бойынша жекелеген халықтарға да қарсы қолданылды. Тоталитарлық жүйе жеке халықтарды саяси құғындауды депортациялау, яғни күштеп жер аудару әдісін қолданды.

1980-1990 жылдары Қазақстан аумағына депортацияланған немесе күштеп қоныс аударылған халықтардың өмірі туралы тарихи құжаттарды зерттеу басталды. Себебі, осы кезеңде мұрағат қойнауында жатқан құпия құжаттардың беті ашылып, ғылыми айналымға енгізілді. Кәріс және неміс халықтарының депортациясына қатысты көлемді еңбектер жарияланды деп айтуға болады. Сол қиын-қыстау 1930-1940

жылдар кезеңде неміс ұлты Солтүстік Қазақстанға, соның ішінде Павлодар өңіріне көшірілгені белгілі. Қазақстанға сол кезеңде қоныс аударған немістердің тарихы туралы мақалалар, кітапшалар, бірнеше кандидаттық диссертациялар және құжаттар жинағы жарияланған.

К.Эрлихтың неміс тілінде «Тірі жәдігер» деген еңбегі жарық көрді. М.К.Қозыбаев «Принудительный труд в СССР: трудармейцы Казахстана на защите Отечества», Кригер В.Э., Фризен А.Н. «Из истории советских немцев», Лайгер М.П. «Социально-культурное развитие немцев Казахстана: научно-аналитический обзор», «Судьба немцев СССР на переломных этапах истории» атты ғылыми еңбектер жарық көрді. 1993 жылы В.Ауман және В.Чеботареваның «История российских немцев в документах (1972-1992гг)» атты құжаттар жинағы жарияланды. Бұл еңбекте бүкіл ресейлік немістердің тарихына қатысты құнды құжаттарды табуға болады. Ал 1996 жылы А.Айсфельд пен В.Хердтың «Депортация, спецпереселенцы, трудовая армия» деген тағы бір құжаттар жинағы жарыққа шықты. Бұл Ресейлік басылымдарда жарияланған құжаттар болды.

«Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы» жинақта сталиндік депортацияның қылмыстары, арнайы қоныстанушылар, соғысқа дейінгі және соғыстан кейінгі күштеп қоныстандырылған тарихының ашылмаған қырлары көрсетіледі [1, 36-37 б.].

Қазіргі таңда неміс халқының депортациялау тарихын зерттеумен қазақстандық тарихшылар Х. Алдажұманов пен И. В. Еврофеева айналысып келеді.

Қазақстандағы неміс халқының тарихын Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатының қызметкерлері де зерттеп жатыр. 1990-жылдардың соңына қарай Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты «Қазақстан немістердің тарихынан» деген мұрағат құжаттарының жинағын шығарды. Бұл жинақта Орта Азия мен Қазақстанға күштеп қоныс аударылған неміс халқының жергілікті қазақтармен, орыстармен араласуы, сол аймақтың экономикасының, мәдениетінің, білім беру саласының дамуына қосқан үлесі, қоныстандырылған аймаққа бейімделген этномәдени адаптация, 1930-шы жылдары Қазақстанға немістердің күштеп қоныстандырылуының себептері мен салдары көрсетіледі.

Сонымен қатар Қазақстанда қазіргі таңда өмір сүріп жатқан неміс диаспорасы өздерінің тарихына қатысты конференциялар ұйымдастырып, оның материалдарын жинақ ретінде шығарып келеді. Айталық, «Немцы в братской семье советских народов», «История немцев Центральной Азии», «История, образование и культура

немцев Казахстана» деген конференция материалдарының жинағы жарияланды.

Осылайша, бұрынғы құпия құжаттардың саны зерттеушілерге қол жетімді болды. Деректанушылар мен мұрағатшылардың еңбегі арқасында Қазақстан халықтарының депортациялау тарихы туралы әр түрлі материалдар жарық көрді. Зерттеу нәтижесінде ғалымдар көптеген халықтардың тағдырларындағы қайғылы үдерісті терен түсінді.

Қазақстандағы неміс ұлтының қоныс аудару кезеңі КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1941 жылғы 28 тамыздағы № 21-160 «Еділ бойы аймағында тұратын немістерді қоныстандыру туралы» қаһарлы Қаулысымен сәйкес келді. Еділ аймағындағы немістердің автономиялық республикасының жойылуы, неміс халқының тағдырында қайғылы оқиға болды. Депортация кезінде немістер - мәжбүрлі қоныс аударуға ұшыраған ең үлкен топ болды. Саратов пен Сталинград облыстарында және Еділ аймағында тұратын неміс халқын шығысқа: Коми Республикасына, Оралға, Қазақстанға, Сібірге және Алтайға қоныс аударды. Жаңа жердегі қоныс аудару мәселелері және шаруашылық-экономикалық жүйе КОКП-ның Облыстық Комитетіне тапсырылды, олар «Қоныстанушыларды қабылдауға дайын» деп жауап береді. Сондай-ақ, Қазақстанға қоныстанушыларды қабылдауға болатын өңірлердің саны анықталды. Осыған сәйкес Павлодар облысы 51353 арнайы қоныстанушыларды қабылдады [2, 20-21 б.].

Қазақстандағы большевиктер құрған Коммунистік партия, облыстық, аудандық атқару комитеті аймақтағы арнайы қоныстанушыларды қабылдауды ұйымдастыруға жауапты болды. Павлодар облысы Коммунистік партиясының бюросы (большевиктер) 1941 жылдың 2 қыркүйегінде «Немістерді қабылдау және экономикалық тұрғыдан реттеу шаралары туралы» Қаулы қабылдады. Осы қаулыға сәйкес Қазақстандағы большевиктер құрған Коммунистік партия аудандық атқарушы комитеттерінің хатшылары қоныс аударушылар үшін арнайы мәселелерді шешуге тиіс болды: қажетті үйлер мен үй-жайлар құрылысын бастауға, қоныстанушыларды тағайындалған жерге тасымалдауды қамтамасыз ету, жаңадан ұйымдастырылған неміс ұжымдық шаруа қожалықтарының құрылысы мен қоныстануы үшін мемлекеттік қаражат есебінен сумен, жайылымдармен және егістік жерлермен қамтамасыз етілген жер учаскелерін бөлу [3, 84 б.].

Облыстық және аудандық жербөлімшелер қоныс аударушыларға жер үлестіріп беру мәселесімен айналысты. Оларға техникалық көмек көрсету үшін жер учаскесінен арнайы мамандар аудандарға жіберілді.

Қоныс аударушыларға мал мен астықты беруді жоспарлады, сондай-ақ, олардың бұрынғы тұрғылықты жеріне орай, жаңа елді мекендердегі азық-түлік өнімдері берілді. Сондай-ақ т.Самарин (Облполнаркомзаг), т.Снегирев (Трест совхозов), т.Чередниченко (Облзаготзерно), т.Горбенко (Облзаготскот) басшылар көшіп-қонушыларға арналған мал, жемшөп, астықтықпен қамтамасыз етуі керек болды [3, 85 б.].

Қоныс аудару кезінде адамдардың көп бөлігі азық-түлік бекеттерін ұйымдастыруды, санитария және медициналық қызмет көрсетуді қажет етті. Бұл қызмет көрсетуге т.Долгополов (Облтоготдел), т. Савельев (Облторг), т.Брагин (Облпотребсоюз) басшылары қоныстанушыларға азық-түлікпен қамтамасыз ету және жүк түсіру учаскелерінде жауапты болды [3, 85б.].

Тұтастай алғанда, қоныс аудару жөніндегі нұсқаулық Ішкі Істер Халық Комиссариатына (НКВД) берілді және Облыстық жер бөлімшесі, совхоздардың тресті, Қоныс аудару департаментін сонымен бірге олардың жергілікті органдарын көшіру жұмысына тартуға құқылы болды.

Барлық қоныстанушылар қоныс аудару кезінде үлкен қиындықтан өтті. Жоғарыда көрсетілген органдар қоныстанушы халықтарға әр түрлі себептерге байланысты жоспардағы көмекті көрсете алмады.

1941 жылдың 25 қарашасындағы мәліметке сәйкес Павлодар облысына 47500 адам келуі жоспарланған, бірақ нақты келген неміс қоныстанушыларының саны 51377 адамды құрады. Қоныс аудандарғандардың барлығы колхоздық шаруашылықтарға, совхозға және МТС-ға орналастырылды. Павлодар облысында қоныс аудару әкімшілігінің тегін тұрғын үй қорына 4190 адам орналастырылған, 3150 адам совхозда, ал 13800 адам ұжымдық шаруа қожалықтары үйіне орналастырылды [5].

Арнайы қоныс аударушылар - немістерді қайта қоныстандыру үшін жаңа ұжымдық шаруа қожалықтарын құру және оларды қолданыстағы ұжымдық және совхоздарға ауыстыру туралы шешім қабылданды. Жаңа шаруа қожалықтары мен колхоздарға орналасуы экономикалық орталықтарға арналған орындарды таңдауға мүмкіндік беретін облыстық және аудандық жерді басқару органдарына жүктелді және «Қолданыстағы ұжымдық шаруашылықтардың игерілмеген жерлерін, сондай-ақ мемлекеттік жер қорының жерлерін ішінара алу

арқылы 15 колхозды ұйымдастыру» туралы шешім қабылдады [3, 85б.]. Осы жүргізілген жұмыстардан кейін Павлодар облысының Лебяжі, Ертіс, Максим Горький, Павлодар, Каганович, Үрлітүп аудандарында төмендегідей жаңа колхоз құру туралы шешім қабылданды.

Кесте 1

Аудан	Колхоз саны	Қоныстанушылар үшін арнайы ауданнан бөлінген жер
Лебяжі ауданы	1 колхоз	Малыбаев жер қоры (мемлекеттік жер қоры)
Ертіс ауданы	2 колхоз	Жамбыл атн.колхоз Ертіс ауд.округіндегі мемлекеттік жер қоры
Максим Горький ауданы	7 колхоз	«Жас Қайрат», «Бірінші ру», «Октябрь-Тан», «Завет Ленина», «Каммунар», «Жаңа-Тан», «Светлый Путь».
Павлодар ауданы	1 колхоз	Ефремовка ауылындағы мемлекеттік жер қоры
Каганович ауданы	1 колхоз	«Жайса-Майдан» колхозының және Энгельстің колхоздық учаскелерінің есебіндегі мемлекеттік жер қоры
Үрлітүп ауданы	1 колхоз	Үрлітүп ауданындағы ұйымдастырылған жерлер
Ескерту: Кесте мұрағаттық мәліметтеріге сүйеге құрастырылды: (ГАПО. Ф.646.Оп.1. Д.175. Л.189)		

Қонысаударушыларды орналастырылынған және орналастыруы қалыптасқан колхоздарға жұмысшы депутаттарының аудандық кеңесі қоныс аударған шаруа қожалықтарын сельхозартельдерін Қаулысының V, п.7 және II, п.2 бөліміне сай сол колхоздарға мүше ретінде қабылдау керек болды [6. 189б.]. Бірақ, кейбір колхоздар қоныс аударған неміс халқын орналастыруға асықпады. Себебі олар қоныс аударушыларды қыс мезгілінде келіп отыр деп колхоздардың мүшесі ретінде тіркемеді [7, л.45].

1945 жылдың ақпанында Павлодар облысының арнайы қоныс аударушылардың экономикалық құрылымын Қазақ КСР халық комиссарлары Кеңесінің өкілетті өкілі Л.Зайтов тексерді. Ол Қазақ КСР Халық комиссарлары Кеңесіне, партияның облыстық комитетіне, облыстық атқару комитетіне мынадай баяндама ұсынды:

1 Павлодар облысының қолда бар күштері мен ресурстары Цюрупинский, Лозовский, Галкинский және Каганович аудандарында арнайы қоныс аударушылардың ең үлкен концентрациясы өңірлеріне

жіберілуі керек. Жақын арада осы облыстарда аймақтық ұйымдарға, соның ішінде құрылыс техниктерінің командаларына көмектесу үшін арнайы бригадалар жіберу керек.

2 Арнайы қоныс аударушылардың күрделі материалдық жағдайын ескере отырып, Қазақ КСР Халық комиссарлары Кеңесі ерекше қажеттілігі бар отбасыларына ақысыз ақшалай жәрдемақылар беру үшін Павлодар облысына 591,5 мың рубль бөлді. Бір отбасы үшін жәрдемақы мөлшері бір мың рубльге белгіленді.

Мұрағат құжаттарындағы мәліметтерге сәйкес, 1945 жылдың 1-ші сәуірінде Солтүстік Кавказдан арнайы қоныс аударушылар Павлодар қаласына және облыстың барлық аудандарына көшірілді. Арнайы қоныс аударушылардың ең көп саны Цюрупин, Лозовск және Павлодар облыстарында, Үрлітүп және Куйбышев аудандарында орналастырылды. Арнайы қоныстанушылардың басым бөлігі 5 885 отбасы (24 354 адам), совхоздарда 922 отбасы (3 725 адам), кәсіпорындарда - 190 отбасы (4 919 адам) және басқа ұйымдарда - 502 отбасы (1832 адам) болды [8].

Арнайы мамандарды жұмысқа орналастыру күрделі мәселелердің бірі болды, өйткені бірінші кезекте аудандар, колхоздар мен совхоздардың нақты мамандықтар бойынша қажеттіліктерін есепке алу қажет болды, ал екіншіден, жаңадан келгендер арасынан мамандықты тіркеу және кәсіптік тіркеу жүргізілуі тиіс еді. 11.10.1941 ж. Павлодар облыстық атқару комитеті «Қоныс аударушы - немістерді экономикалық тұрғыдан ұйымдастыру туралы» Қазақстандағы большевиктер құрған Коммунистік партиясының Павлодар облыстық комитеті Бюросының қаулысында: неміс қоныстанушыларын бөлу кезінде аудандардағы аграрлық мамандардың кадрларының қажеттігін есепке алмады, соның салдарынан кейбір аудандарда ауыл шаруашылық мамандарына үлкен қажеттілік туындады, ал Лозов ауданында және басқа да аудандарда сол мамандық артық болды [3, 112 б.]. Одан әрі қоныс аудару аудандар, колхоздық шаруашылықтар, жұмысшылардың қолына деген қажеттілік, ауыл шаруашылығы мамандарын қамтамасыз ету есебінен жүзеге асырылды. Тұтастай алғанда, барлық жұмысқа қабілетті мигранттарды жұмыспен қамтамасыз ету мәселесін шешуді жергілікті билік органдары қарады. Олар: аудандық кеңестердің атқарушы комитеттері, аудандық басқармалар, колхоздар, совхоздардың директорлары, ауылдық кеңестердің атқарушы комитеттері болды [9, 175].

Жаңа үйдің құрылысы, қоныстанудан бұрын салынып жатқан тұрғын үйлер мен мал жайылымдарын жөндеу және арнайы құрылған

бригадалар бүкіл колхоздық шаруашылықтарды орналастыру үшін бөлінді. Бұл бригадалар аудандық кеңестердің атқарушы комитеттерімен, жергілікті партиялық комитеттермен, аудандық жер бөлімдерімен, ұжымдық шаруашылық кеңестерімен, қоныстанушылар санынан қалыптасты. Қажетті көлікті алған бригада белгіленген жердегі ағаш кесу алаңдарында құрылыс материалдарын жинауға кірісті [9, л175].

КСРО Ауыл шаруашылығы Халық Комиссариаты нұсқауына сәйкес «Облополнаркомзаг» (Т.Самарин) тікелей қоныс аудару ұжымдық шаруашылықтарында жүргізді. Мемлекет тарапынан Жер аударылған немістерді қабылдау және орналастыру үшін бір орталыққа бағынған Мемлекеттік Орган іс жүзінде толықтай жұмыс атқармады.

Еліміз депортация кезінде жазықсыз адамдардың жаппай қоныс аударуымен байланысты барлық қиыншылықтар мен зардаптарға ұшырады. Сол кезде Қазақстандықтар күштеп қоныс аударылған тұрмысы төмен адамдарды қабылдап қана қоймай, депортацияланған халықтардың барлық ауырсынуы мен қорлануына куәгер болды. Бұрынғы КСРО халықтарының 40-тан астамы арнайы қоныстандыру, депортациялауға ұшырағаны белгілі. Депортация саясаты кезінде Павлодар облысының ұлттық құрамы түбегейлі өзгеріске ұшырады. Бұрынғы Кеңес Одағының түрлі өңірлерінен қоныс аудару ағымдары Павлодар облысының халқын ұлғайтты және туыс емес топтардың пайда болуына себеп болды. Бұл сұмдық оқиға, күштеп қоныс аудару тоталитарлық режимнің қатыгез саясаты болды. Кейіннен тоталитарлық режимнің дұрыс емес, көптеген халықтардың өмірінде қиын-қыстау кезеңін өткізген саясат екенін тарих дәлелдеді. Осы мәліметтерге, өткен тарихқа сүйеніп біз сталиндік режимде зардап шеккен кінәсі жоқ көптеген депортацияланған халықтарға құрмет көрсетуіміз керек екенін ұғамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 А. Оралханова «Қазақстандық көрістер мен немістер»// Қазақ Тарихы,-2015,-№4(135).
- 2 [Лайгер М.П. Социально-культурное развитие немцев Казахстана. Алма-Ата, 1990. стр.20 - 21].
- 3 Павлодарцы в годы Великой Отечественной. 1941-1945. Сборник документов. - г.Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2005 – 748с.
- 4 Хасанаев М. «Для расселения выделить районы Казахстана...» (Архивные документы о депортации народов в Казахстан) //

Депортация народов и проблемы прав человека. Материалы семинара. Алматы, 1998.

5 Переселение народов на территорию Казахстана в 1937-1956 годы// <http://biofile.ru/his/29792.html> (дата обращения: 25.02.2018)

6 ГАПО. Ф.646.Оп.1. Д.175. Л.189

7 ГАПО. Ф.646.Оп.1. Д.130. Л.45

8 Аманова А.С. «Из истории размещения и устройства эвакуированного и депортированного населения в Казахстане» // Вестник КарГУ, - 2009.

9 ГАПО. Ф.646.Оп.1. Д.175.Л.175

ОТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ШЕЖІРЕЛІ ОМБЫ ҚАЛАСЫ

ТАЛҒАТБЕК М. О.

тарих магистрі, оқытушы, Тарих факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

БОЛҒАМБАЙ Д., ОРЫНБЕК Ж.

студенттер, Тарих факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, Астана қ.

ДҮКЕНБАЕВА З. О.

т.ғ.д., профессор

Омбы қаласы XIX ғасырдың II-ші жартысында Сібір өлкесінің ағартушылық және саяси орталығының бірі болып табылды. XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында Омбы қаласының оқу орындарында бірталай қазақ жастары білім алған болатын. Бұл Сібір өлкесіндегі қала қазақ ұл – қыздары көп шоғырланған орталықтың бірі. Қазақ даласы мен Батыс Сібірдің шекарасында жатқандықтан, қаладағы саяси жағдайлар қазақ зиялы қауымына да өз әсерлерін тигізді. Себебі қазақ интеллигенциясының көп бөлігі Омбы қаласында тек білім алып қана қойған жоқ, сонымен бірге олар ғылыми жұмыстарын жазып, саяси қызметтермен айналысып, елдің саяси-мәдени өміріне белсене араласты. Сібірдегі ең бір ескі оқу орны 1813 жылы негізі қаланған Сібір кадет корпусы болатын. Бұл элитарлық оқу орнын 1847–1853 жылдары қазақтың ағартушы ғалымы Ш. Уәлиханов әскери ғылыми білім алғанын білеміз. 1853 жылы Шоқан кадет корпусын бітіргеннен кейін Сібір казак әскеріне қызметке жіберіледі. Көп ұзамай Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорт оның қабілеттілігіне назар аударып 1854 жылы Шоқан оған адъютант болып тағайындалды. 1855 жылы Ш.Уәлиханов Гасфорттың Омбыдан Іле Алатуына дейінгі сапарына қатысады. 1856–1857

жылдың қысында ол экспедицияларда жинақталған этнографиялық материалдарын өңдеумен айналысты, сондай-ақ ертедегі қазақтар тарихынан қызықты, бұрын беймәлім болып келген деректерді іздеп табу мақсатымен Омбы мұрағатында болды. Шоқанның тұлға болып қалыптасуына Омбы қаласы үлкен рол атқарды [1, 1].

1881 жылы 1- қаңтарда Омбы қаласында 20-оқу орны орнатылды. Мұнда 1567 ер балалар және 414 қыз балалар білім алды. Мұның бәрі орта оқу орны деген статуска ие болған болатын. Сонымен қатар, Омбы қаласында гимназия, прогимназия, пансиондар семинария, арнаулы мектеп тағы да басқалар болды. XX ғасырдың басында Батыс Сібірдегі алғашқы арнаулы оқу орындарының бірі Омбыдағы оқытушылар семинариясы еді. Ол 1872 жылы 1 желтоқсанда педагогикалық кеңестер шешімімен ашылған. 1900 жылы 1 қаңтарда семинарияда тек 77 оқушы болғандығын, ұлты мен діни наным бойынша оларды 1889 жылы- орыстар-77, немесе 96,1 %, қазақтар-3 немесе 3,9 %, 1890 жылы орыстар- 76 немесе 98,7 %, қазақтар-1 немесе 1,2 % [2,1]. екендігі айтылған. Қазақтардан оқушының аз болуын, Ақмола және Семей облыстарындағы, көшпелі қазақтарда мектептердің жоқтығы кейінгі уақытта облыстық әкімшілік және жергілікті дирекцияның назарын аударып, ауылды жерлерде мектеп ашу ісін қарастырды. XIX ғасырда семинарияда оқитын қазақтар саны өте аз болған. Семинарияда айтулы оқытушылар жұмыс істеп, олар қазақ халқына ағарту ісінің қажеттігін түсініп, 1904 жылғы педагогикалық кеңесте семинария жұмысына қазақ тілінің мамандарын шақыру туралы шешім қабылдады [3, 3]. Сонымен қатар мұнда «Омская учительская семинария, будучи единственной, на всю западную Сибирь, в течение большого времени обслуживала огромный район, приготавливая учителей для народных, сельских, городских и уездных училищ. Но в настоящее время обстоятельства изменились, почему и роль семинарии должна прийти в соответствие с ними. Семипалатинская семинария озобочена приготовлением учителей для киргизских школ этой области. Между тем Акмолинская область, с многочисленным киргизским населением, для которой Министерством народного просвещения открываются многочисленные школы-без контингента учителей-киргиз. Мы должны позаботиться о подготовке учителей-киргиз для киргизского населения, по примеру, Ташкентской и Семипалатинской семинарий» [4, 1]. Бұдан әрі педагогикалық кеңес семинария директорыясының өтінішімен:

1 Омбы семинариясына жылына қазақтардан 10–15 адамға дейін оқуға түсуге, ондағы кандидаттарды Омбыға орыс-қазақ пансионнан 2-і класты қазақ училищесінен алуға болады.

2 Қазақ тілінің маманын жылына 600 сом айлық жалақымен жұмыс істеуге шақыру және қазақ тілін оқытуға қосымша сағат берілу керек деп, қазақ тілін оқытуға молданы шақыруды керек еместігін айтты.

7 мамыр 1914 жылы тәрбиеленушілердің 1–3 класқа дейінгі білімін яғни, 1913–1914 жылдары оқу жылының көрсеткіші мен емтиханға жіберілуге көрсетілген көрсеткіш мынандай «дайындық курсында тәрбиеленуші 4-класта М. Жұмабаев, бірінші-үшінші класта Байлин Тұрғанбек, Сейфуллин, Сәдуақасов екінші класта Арыстанбек Сәдуақасов, Нұрмақов Нығмет [5]. Семинарияға қатысушыларды тізе беретін болсақ, Ақмола облысы Атбасар уезі Жезді болысының №1 қазақ ауылынан Баржақов Ахмет, Ақмола облысы Атбасар уезі №5 қазақ ауылынан Мешінбаев Сейіл, Ақмола облысы Атбасар уезі Айнақұл болысының №2 қазақ ауылынан Нұрұмов Қорған [6]. 1914 жылы жоғарыда аталған үш қазақ мұғалім атағына ие болды. 2-класстық тәрбиеленушілер арасынан Сәкен Сейфуллинді атап өтеміз. 1916 жыл қазақ жастарының семинарияда оқуға деген талпынысы едәуір өскендігі жайлы деректер көре аламыз. Мұнда да таныс есімдер кездеседі. 1916 жылдың 7 - тамызындағы хаттамада семинарияның дайындық класына түсу үшін өтініш білдірушілер: 1. Альмұхамедов Нұрмахамет; 2. Жүніспеков Сүтжан; 3. Жанғұнақ Жүнісбек; 4. Қадылбеков Нұрғали; 5. Сейілов Айтмұхамед; 6. Садуақасов Исмаил [7]. Қазақ жастары жыл сайын бөлінетін стипендияға оқитын еді. Бірақ қазақ жастары үшін бұл стипендия жеткіліксіз болатын, сол себептен олар мемлекет тарапынан қолдау жасауларына өтініш білдірген еді, бірақ бұл өтініштері мемлекет тарапынан қабыл болмады.

1882 жылы Батыс Сібірде Омбы техникалық училищесі құрылған еді. Ресей императорының бұйрығы бойынша бұл училище төменгі техникалық мамандар дайындау үшін құрылған болатын, училищенің негізгі мақсаты Сібір темір жолын салуға кадр мамандарды қажет етті. Техникалық училищенің бітірушілерінің арасынан біз Итжанов Ильяс, Тарабаев Иманбай, Сердалин Мәмбет-Әлі және Әлихан Бөкейхановты да кездестіреміз. Әлихан Бөкейхановты директордың өтініші бойынша ең үздік оқушылардың бірі болғандықтан Санкт-Петербургке орман шаруашылығы институтына жіберіп, оны жақсы

бітіріп шығады. Еліне қайтып оралғаннан кейін Омбыдағы орман шаруашылық училищесінде сабақ берді.

Омбыда Транссібір магистралінің ашылуымен жаңа оқу орындары ашылып көптеген ауыл шаруашылық, өнеркәсіп, сауда мамандығын даярлады. Сібірде медицинамен қамтамасыз ету өте мардымсыз болатын. 1883 жылы 2-ші арнайы кластың тізімі бойынша емтихандардан өту туралы мәліметтерде: 1. Досымбеков Баймұрат, хирургиядан - 5, медсанургиядан - 5, фармакология - 5. 2. Досымбеков Садық орташа балы хирургия - 4,9, медсанургиядан - 4,5, фармакология - 5. 3. Айманов Атбас хирургия - 4, фармакология - 4. Қазақ балаларының оқудағы жетістіктерін көруге болады. «1886 жылы 2-кластың үздік оқушысы Ниязбековке құрмет грамотасы берілген еді. Осы сияқты толық ақпараттарды Қазақстан тарихындағы ең алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі Арын Сүлейменов туралы мәліметтерді көреміз. Осы фельдшерлік мектепке қазақ тәрбиеленушісі, оқытушылар да келе бастады. Қазақ балаларына «Дала мектеп интернаты» Семей және Ақмола облыстарында ашыла бастады. Бұл мектептерде бар жоғы 10-12 балалар ғана білім алды. 90-жылдары бұл мектептер ауыл- шаруашылық мектептері болып қайта құрылды. 1910 жылы Омбыда орта ауыл шаруашылығы және коммерциялық училищелер құрылды. Омбы орта ауыл-шаруашылық училищесінде ауыл-шаруашылық бөлімі бойынша 3-сынып оқушысы Нагибина және 2-сынып оқушысы Кемеңгеров оқыған. 1916 жылы бұл оқуға Смағұл Садуақасұлы түседі.

XX ғасырдың басында негізі қаланып, кейін Омбы ауылшаруашылық институтының құрылуына себеп болған училищеді қазақтың талай жалынды жастары білім алды. Солардың ішінде Смағұл Қазбеков, Сүлейімбек Бижанов, Бірмұхамбет Айбасов, Мұхтар Саматов, Аспандияр Шорманов, Рақымбек Толысбаев, Жүніс Бабатаев, Жарқынбек Көбенов, Ахмет Абдрахымов секілді шәкірттерді атауға болады. Бұл кезеңде де Орынбор, Орал, Омбы гимназияларында ашылған қазақтарға арналған пансиондарды да жатқызуымызға болады. Осы жігіттердің бастауымен Омбыда 1914 жылы қазақтың алғашқы жастар ұйымы «Бірлік» құрылды [8]. «Бірлік» қазақ тарихындағы ұйымдастырылған тұңғыш жастар ұйымы болды. Бұл ұйымға мүше болған қазақ жастары негізінен Омбының оқу орындарында оқыған және осы қалада қызмет қылған жалындаған жастар еді. «Бірліктің» мақсаты жайлы С.Сәдуақасов «Жастарға жаңа жол» атты кітабында: «Қазақ халқын мәдени һәм әдеби жағынан ілгері қатардағы жұрттарға қосу, ұлтшылдық сезімін

туғызу һәм ұлттықты сақтау. Бұл айтылған мақсаттарға жету үшін жастар арасында ұлтты сүю сезімін сіңіре беру»-деп айтып кеткен. Халықты ағартамын деген ізгі ой ұстанған ұйым оқу орындарына түсемін деген жастарға даярлық курстарын ұйымдастарды, концерттер ұйымдастырды. Кез келген ұйым – бірлестіктердің өз үні болуы тиіс, сондай үн «Бірлікте» де болды. Ол қолжазба күйінде шығып тұрған «Балапан» журналы мен «Жас азамат» газеті еді. Ұлттық интеллигенцияның үздік өкілдері өздерінің табиғи туа біткен және саналы түрде жетілдірген түйсіну қабілеттерінің арқасында өмір бойы білім-парасат деңгейін өсіріп, оқып-тоқып, үйренумен болды. Сондықтан олардың шығармашылық өресі жан-жақты дамып, шындалып, таным-білімі үнемі кеңейіп әрі тереңдеп отырды. Бұл жерде олардың шығармашылық өресі қалыптасып, Омбы баспасөзінде олардың алғашқы шығармалары баспасөзде жарияланды. Жастар ұйымы «Бірлікте» талантты қазақ жастары өздерін саясаткерлер ретінде де танытты. Бұл кезеңде де Орынбор, Орал, Омбы гимназияларында ашылған қазақтарға арналған пансиондарды да жатқызуымызға болады. Атақты Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Ж. Ақбаев, Е. Итбаев, Асылбек және Мұсылманбек Сейітовтер, Райымжан Марсеков және тағы да басқалар өздерінің саяси қызметін осы қаладан бастап дала өлкесінің әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайына маңызды әсер етті. 17 мамыр 1917 жыл деректер Омбыда білім алған қазақ жастарының үлкен дәрежеде білім алғанын, кейінірек олардан жауапты орындарда жұмыс істеп кәдірлі тұлғаға айналғандығы айтылады. Солардың бір-екеуін айтатын болсақ, Әлихан Бөкейхан – Алаш қозғалысының іргесін қалаушы, көрнекті мемлекет қайраткері, ғалым, аудармашы, азаттық жолындағы күрестің рухани басшысы. Әлихан Бөкейханның өмірі мен қызметі Омбы қаласымен тығыз байланысты [9]. 1894–1908 жылдары Омбы орман училищесінде оқытушы, Омбы коньс аударушылар басқармасында қызмет істейді. 1896 жылы Орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімшесінің мүшелігіне өтеді. 1896–1901 жылдары Тобыл губерниясы экономикасын зерттеу экспедициясының, кейін Ф. А. Щербина экспедициясының құрамында болады. 1903 жылы С. П. Швецов Сібір экспедициясының құрамында болып қазақтың дәстүрлі шаруашылығының жай-күйіне арналған іргелі еңбегін жазады. 1905 жылдан бастап қазақ елінің тәуелсіздігі жолындағы саяси күрес ісіне белсене араласады. Петербурттiң заң университетiн алтын медальмен бiтiрген қазақтан шыққан тұңғыш құқық магистрі Жақып Ақбаев 1903–1906 жылдары

Омбы сот мекемелерінде қызмет еткен [10]. Айтпенев Мұқан өзінің өмірінің тең жартысын Омбы қаласында өткізіп Кеңес өкіметінің идеяларын жақтаушылардың бірі болды. Смағұл Сәдуақасов ірі мемлекет және саяси, мәдениет қайраткері. 25 жасында Қазақ елінің Халық ағарту комиссары болған асыл азамат пешенесіне жазылған 33 жыл ғана ғұмырында он бес жасынан Омбы өңіріндегі ауылдарда бала оқытып, 27 жасында Ташкенттегі қазақ педагогика институтының ректоры қызметтерін атқарып, мемлекеттік, қоғамдық қызметпен қоса әдеби-ғылыми шығармашылықпен айналысып азаматтық болмысы жарқырай танылған. Итбаев Ережеп Омбы сотында жұмыс істеп Алаш қозғалысының белсенді қатысушыларының бірі. Азаттық жолында құрбан болған Алаш көсемі Отыншы Әлжанұлының есімі де осы қаламен байланысты. Қайтсем де білім аламын деп келген Отыншы Омбының уездік училищесіне оқуға түседі. 1891 жылы қолына мұғалім деген қағазын алған Отыншы осы қалада қалуды ұйғарады. Ақмола облысының орталығы Омбы қаласында Отыншының он төрт жылғы өмірі өтті. Қайраткер қаладағы сот кеңселерінің маңайында қызмет етті. Облыстық сот әскери ведомствоға бағынғаннан кейін, ол әскери офицер де болған деп айта аламыз [11]. Қазақ зиялыларының Омбы бөліміндегі қызметтерінде, XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанға буржуазиялық қатынастардың енуі, ұлттық буржуазия мен интеллигенцияның қалыптаса бастауы, жалпыхалықтық ояну жағдайында ұлттық-мемлекеттік бірлік мәселесін айқындауға алғашқы іргетасын қалады.

Омбы қаласы «Үш жүз» партиясының құрылған жері екендігімен де белгілі ол жөнінде – Омбы кеңес депутаттарының органы болған «Революционная мысль» газеті: «Қазақ социалистік партиясы «Үш жүз» құрылды, ол өзінің орталық комитетін сайлады, тұрағы Омбы қаласы» – деп жазды [12]. Қазақ тарихында «Үш жүз» партиясы социалистік бағытта құрылған тұңғыш саяси партия ретінде орын алады. Ал оның көсемі Көлбай Төгісов қоғамдық-саяси қызметін, өмір жолын, публицистикалық шығармашылығын осы Омбы қаласымен байланыстырды. Омбы қаласы дала өлкесінің ағартушылық орталығы ретінде қазақ интеллигенциясының қалыптасуы мен дамуына, саяси күресте шындалуына маңызды әсер еткендігін атап өтуіміз керек. Сонау Шоқан Уәлихановтан бастап Омбыда білім алған Әлихан Бөкейханов, Кошке Кеменгеров, Мағжан Жұмабаев, Мұхан Айтпенев, Сәкен Сейфуллин, Асылбек және Мұсылманбек Сейітовтер, Айдархан Тұрлыбаев, Ахмет Әбдірахымұлы, Әділбек Майкөтов, Смағұл Қазыбекұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, Мұхтар

Саматұлы, Сүлембек Байжанұлы, Бірмұхамед Айбасұлы, Асфандияр Шорманұлы, Ережеп Итпаев және тағы да басқаларды атауымызға болады. Омбыдағы оқу орындары қазақ интеллигенциясының рухани баюына ұлт-азаттық ауыр кезеңдерде революциялық күрес тұсында қазақ көшбасшыларының шығуына әсер етті [13]. Омбы қазақ халқының мәдениеті мен ғылымына, әдебиеті мен өнеріне ілгерінді әсер еткені белгілі. Ертис жағасындағы бұл қала ұлтымыздың талай біртума ұлдарының қанатын қатайтты. Осы қалада оқыған, бұл жерде қызмет істеген Алаш азаматтарын толық атап өту мүмкін емес. Тұтас алғанда Омбы қаласы көп уақыт бойы қазақтың дәстүрлі қоғамдық өмірі мен қазақ зиялы қауымының қалыптасуына өз әсерін тигізді. Қазаққа кесірін де тигізген, септігін де дарытқан Омбы қаласының Алаш қозғалысына байланысты кешегісі мен бүгіні, тарихи орны зерттеліп келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Из историй Омска. 1716-1917 годы. Указ. соч.-С.151-152.
- 2 Обзор Акмолинской области за 1901-1916 г. Ведомость №2.
- 3 Первая всеобщая перепись населения Российской империи. 1897, Акмолинская область. Том 30. СПб.1904.
- 4 Омск в панораме веков. Омбы, 1999, 159-б.
- 5 Весть Омск, Справочник. Омбы, 1911, 16-б.
- 6 Қойгелдиев М.К. Алаш қозғалысы 77-бет
- 7 Көлбай Төгісов. Шығ. Жинақ. Алматы, 2003ж. 30-31-б.
- 8 Омбы облысының мемлекеттік архиві 3-қор, 7-тізбе, 11296-іс
- 9 Қойгелдиев М.К. Алаш қозғалысы, Алматы; Санат, 1995 65 бет
- 10 М.Құлмұхамед «Алаш бағдарламасы: қиянат пен ақиқат» Алматы, 2000 92-93бет
- 11 Қ.Кеменгеров «Омбыда оқыған қазақтар» Петропавл 2010, 17-19 бет
- 12 Ясперс К. Смысл и назначение истории.-М.: Республика, 1994.-527с.-С.28.
- 13 Ә.Бөкейханов Таңдамалы, Алматы, 1995 31-бет. Қазақ энциклопедиясы.

САЯСИ ЖҮЙЕ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

ШАМШИНОВА Г. Ж.
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЕЛЬМУРАТОВ Г. Ж.
с.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Ғылымға «саяси жүйе» терминінің енгізілуі саясатты зерттеуде институттардың құрылымын формальды түрде анализдаудан олардың қарым-қатынастарын түсіну мен жалпы алғанда саясаттың жеке сала ретінде қарастыруға көшуді білдірді. Үдірістерге аударылған назардың құрылымға көрсетілген назарға қарама-қайшы болуы жүйенің тұрақтылығы мен өзгергіштігіне әсер ететін факторларды айқындауға мүмкіндік берді.

Жүйелер теориясы әлеуметтік ғылымда басым болған, экстремалды эмпиризмге, саяси өмірдің жекелеген элементтерінің «сплит» тәжірибесіне қатысты реакция ретінде пайда болды. Алғаш рет жүйелер туралы теория биология ілімінде XX ғасырдың 20-жылдарында көрініс тапты. Осы жүйелік тәсіл қоғамдық ғылымдарда қолданылғанға дейін онжылдақтар өтуі тиіс еді. Әлеуметтануға жүйелік тәсілдің енгізілуі Талкотт Парсонс есімімен тығыз байланысты.

Саясаттануға жүйелі тәсілді америкалық саясаттанушысы Д. Истон енгізді. Ол өзінің «Саяси өмірдің жүйелік анализі» сынды еңбектерінде ол саяси жүйенің өзін-өзі сақтау үшін қажетті жағдайларды қарастырып, оның 4 категорияларын анализдаған:

- Саяси жүйе;
- Саяси жүйені қоршаған орта;
- Саяси жүйенің реакцияшылдығы;
- Қайта байланыс қарқыны.

Парсонстың кейбір құрылымдық-функционалды тәсілдерін қолдана отырып, Истон «қоршаған ортаға және оның әсерлеріне негізделген жүйе» түсінігін негізге ала отырып, саяси өмірдің жүйелік анализін тұжырымдады. Осындай анализдың тұжырымдамасы бойынша жүйені аман сақтап қалу үшін оның реакциялық қабілеті жоғарғы деңгейде болу қажет.

Саяси жүйенің қоршаған орта арасындағы қарым-қатынас пен алмасу «шығыс - кіріс» принципі арқылы жүзеге асады. Бұл принцип қоршаған ортамен, өзге қоғам мүшелерімен байланысқа түсуге жол ашады. «Кіріс» арқылы саяси жүйеге әсер ететін арналар, ал «шығыс» арқылы жүйенің қоршаған ортаға кері

әсерін тигізуі жүзеге асырылады. Д.Истон «шығыстың» екі түрін ажыратады: талап қою мен қолдау көрсету. Талап қою – бұл билік органдарына қаратырылған қалаған немесе қаланбаған қоғамдағы құндылықтарды бөлу туралы пікір. Оған, мысалға алғанда, еңбекақыны көбейту туралы талаптар, әлеуметтік салаға бөлінетін қаржыны ұлғайту жөніндегі шарттар, және т.б. жатады. Истонның пайымдауынша, осыған ұқсас талаптар мемлекеттің саяси жүйесінің әлсіреуіне әкеліп соқтырады. Жүргізіліп отырған саясатты қолдау, керісінше, саяси жүйенің күшеюін білдіреді. Саясатты қолдауды білдірудің сипаттамаларына салықты уақтылы төлеу, әскери парызынды өтеу, мемлекеттік институттарды құрметтеу, саяси тәртіпті қолдауға бағытталған іс-шараларды өткізу, патриоттық сезімдерді білдіру және т.б. жатады [1, 98 б.].

Саяси жүйе қоршаған ортаға қатысы бар бірқатар функцияларды атқарады: мақсаттарды, белестерді айқындау, қоғам жұмысын реттеуге бағытталған бағдарламаларды жүзеге асыру, алға қойылған мақсаттарды іске асыруды қол жеткізу үшін ресурстарды жұмылдыру, ортақ мақсат пен құндылықтар насихаттау арқылы қоғамның барлық мүшелерін интеграциялау және т.б. Демек, саяси жүйе тек қана сақтау, өзгерту және бейімделу қызметтерін атқаратын элемент ретінде ғана емес, белгілі-бір функцияларды іске асыратын құрылымдарды байланыстыратын институт ретінде қарастырыла алады [2, 65 б.].

Саяси жүйенің оның атқаратын қызметтері тұрғысынан зерттелуі функционализмнің анализдеудің бір әдісі ретінде қарастырылуына негіз болды. Функционализмнің дамуына айтарлықтай үлес қосқан америкалық саясаттанушы Г. Алмонд болып табылады. Ол XX ғасырдың 50-60 жылдарында дамып отырған елдерге еуропалық саяси жүйе үлгісінің енгізу тәжірибесінің негативті жақтарын зерттеуге алған. Батысқа қарағанда, өзгеше әлеуметтік-экономикалық және мәдени-діни ортаға енгізілгеннен кейін саяси институттар өздерінің көптеген функцияларын жүзеге асыра алмады, қоғамның тұрақты дамуына қол жеткізе алмады. Осыған ұқсас тәжірибелердің анализіне негізделі отырып, Г. Алмонд бастаған бір топ ғалымдар зерттеудің салыстырмалы түрін дамытуға көп үлес қосты. Өртүрлі саяси жүйелерді зерттей отырып, эффективті түрде әлеуметтік дамуға кепілдік беретін негізгі функцияларды анықтау маңызды мәселе болатын.

Саяси жүйелердің салыстырмалы анализі формальды институттарды зерттеуден саяси мінез-құлықтың нақты көріністерін

қарастыруына әкелетіні айқын еді. Осыдан шыға отырып, Г. Алмонд саяси жүйені тек қана билік етуші институттар арқылы емес, саяси аспектіде қарастырылатын түгелдей дерлік құрылымдар арқылы жүзеге асырылатын, рөлдер мен олардың қарым-қатынастарының тұтастығы ретінде қарастырды. Осылайша, ол құрылым түсінігі ретінде бір-бірімен тығыз байланысқан рөлдердің тұтастығын келтіріп өткен.

Д. Истонның «қоршаған ортаға енгізілген, қоршаған ортамен түрлі байланысқа түскен және рөл тұрғысынан айырбасқа негізделген жүйе» туралы ойына негізделе отырып, Г. Алмонд саяси жүйе үш функцияны эффектісі түрде жүзеге асыруы тиіс:

- Сыртқы ортамен қарым-қатынасты іске асыру функциясы;
- Саяси жүйенің ішкі қарым-қатынасын реттеу функциясы;
- Жүйені сақтау және бейімдеу функциясы [3, 180 – 186 б.].

Дамыған елдердің ақпараттық технологияларға өтуі, қоғамның барлық өмір сүру салаларына компьютерлік техникалардың жаппай енгізілуі әлеуметтік жүйелердің анализінде механикалық модельдердің қолдануына үлкен үлес қосқаны сөзсіз. Өзінің 1963 жылы жарық көрген «Басқару нервтері: саяси коммуникация мен бақылау» атты еңбегінде саяси жүйені ақпараттық-кибернетикалық модель ретінде бірінші болып қарастырған америкалық саясаттанушы К. Дойч болып табылады. Ол саяси жүйені «коммуникациялық әдіс» концепциясы, коммуникация мен ақпараттық ағымдар желісі ретінде зерттеген. К. Дойч саясатты билік ету мен алға қойылған мақсаттарды жүзеге асыру үшін халықтың бар күш-жігерін жұмылдыру үрдісі тұрғысында түсінген. Саяси жүйе мақсаттарды құрастыру, оларды түзеу сынды функцияларды қоғамның осы мақсаттарға көзқарасының жағдайы, мақсатқа қол жеткізуге қалған арақашықтық пен алдыңғы іс-әрекеттердің нәтижесі туралы ақпаратты негізге ала отырып, жүзеге асырады.

Осыдан келе отырып, саяси жүйелердің функцияларын жүзеге асырылуы сыртқы ортадан түсетін ақпараттың көлемі мен сапасынан және саяси жүйенің өзінің қозғалысы жөніндегі ақпараттан тәуелділігі айқындалады. Аталып өткен ақпараттардың осы екі түріне негізделе отырып, саяси шешімдер қабылданады. К. Дойч келтірген саяси жүйенің функцияларының моделінің бөлшектеріне үңілмей-ақ, саяси жүйе әлеуметтік жүйенің өміріндегі ақпараттың орын алатын рөлдің негізінде құрылғанын айқындай аламыз. Коммуникациялық жүйенің бұтақталуы байқалатын шарттарда ақпарат «басқарудың нервтері» болып табылады. Басқару

нервтерінің іс-әрекеті биліктің эффективтілігін анықтайды. Бірақ ол ақпаратты беру үрдісіне «үстінен астына» және керісінше ықпал ететін басқа айнымалылардың мәнін ескермейді. Мысалға алғанда, саяси күш-жігер де, идеологиялық қалаулар да ақпараттың іріктелуіне, ақпаратты шешім қабылдайтын орталықтарға жеткізу әдістеріне ықпал ете алады.

Саяси жүйелерді интерпретациялаудың өзгеше құрылымдық-функционалды тәсілін 40 жыл бойы, 1950-1990 жылдар аралығында, өзінің жұмыстарының біртұтас циклінде қолданысқа алған америкалық саясаттанушы Г. Алмонд болып табылады. Г. Алмонд макро- және микротәсілдерді және саясатқа қатысты концепцияларды біріктірудің масштабты және амбициозды әрекетін қолға алады. Бір жақтан, Г. Алмонд, Д. Истон секілді Т. Парсонс, А. Радклифф-Браун, Б. Малиновскийлардың идеяларының әсер етуінен, ішінаралық және халықаралық тіршілік ортасына енгізілген макрополитикалық жүйенің тіршілік ету болжамына негіздеген. Басқа жағынан, ол макромодельге белгілі плюралистермен (А. Бептли, Д. Трумэн және т.б.) әзірленген партиялар мен топтық бірлестіктердің іс-әрекеті, саяси әлеуметтендіру мен азаматтарды жұмылдыру сынды микроқұрылыстарды енгізуге тырысады.

Г. Алмонд өзінің саяси жүйелердің моделінде макрожүйенің бірқатар функциялардың тобын жүйелік ұйымға оның элементтері ретінде енгізілген, жекеленген институттар, топтар, тіпті жеке индивидтермен біріктіре отырып, аналитиканың үш деңгейін (немесе бөлшектерін) айқындайды:

1 Бірінші деңгей – бұл «кіріспен», яғни сыртқы немесе ішкі ортаның саяси жүйеге көрсетілетін әсерімен тығыз байланысты, «үрдіс деңгейі» (process functions). Бұл деңгей саяси жүйе саяси институттар арқылы, кейбір жағдайларда динамикалық, рәсімдік жолмен өзінің функцияларын жүзеге асырған кезде көрініс табады. Оған: мүдделерді белгілеу (топтық бірлестіктер), мүдделерді біріктіру (партиялар), саяси бағытты қалыптастыру (парламент), саясатты жүзеге асыру (атқарушы билік), арбитраж (сот органдары) жатады.


Әлеуметтік қоғамның институттық жүйелермен байланысқа түсуі, осылайша, саяси үдірістің динамикасын қалыптастырады. Г. Алмондтың осы деңгейінде мемлекеттік органдардың шешімдері мен іс-әрекеттеріне байланысты индивидтер мен топтардың мүдделерінің «конверсиялануы» байқалады [2, 65 б.].

2 Екінші деңгей, «жүйелер деңгейінде» (system functions), қоғамның саяси жүйеге бейімделу үдірісі жүзеге асады. Бұл

үдірістен саяси жүйенің тұрақты көбеюі немесе керісінше түбегейлі өзгерістің перспективалары тәуелді болып келеді. Біріншіден, бұл шіркеу, мектеп және отбасы сынды әлеуметтік институттармен тығыз байланысқан, саяси жүйенің стандарттары мен құндылықтарына белгілі-бір индивидтерін әлеуметтендіру функциясы болып табылады. Екіншіден, бұл саяси жүйенің жақтастары немесе қарсыластарын, саяси өмірмен профессионалды түрде байланысқан тұлғаларды қоса отырып, белсенді немесе пассивті азаматтарды жұмылдыру функциясы. Үшіншіден, бұл БАҚ-тың ақпараттық, насихаттаушылық және манипуляциялық жұмысы арқылы жүзеге асатын, саяси коммуникация функциясы. Өтпелі кезеңде бұрынғы саяси жүйе жеткілікті әлеуметтенуді, жұмысқа орналасуды, жұмылдыруды және тиімді насихаттауды қамтамасыз ете алмайтын ескі институттардың дисфункционалды сипаты нәтижесінде құлдырауы жүзеге асырылуы мүмкін [2, 66 б.].

3 Қорытындылаушы үшінші функцияда, «басқару функциясында» (policy functions), мен тығыз байланысты циклдің ең соңғы тапсырмалары жүзеге асырылады: 1) бұл елдегі салық жинаумен байланысты, олардың «өндірісі» (немесе дамуы); 2) қоғамның ұжымдық ресурстарының құрылымдық реттелуі (бір әлеуметтік саладан және экономиканың белгілі-бір салаларынан екіншісіне көшу); 3) қоғамның ұжымдық ресурстарын қамтамасыз ету (әлеуметтік жәрдемақылар мен зейнетақыларды бөлу, экономикалық іс-шараларды ұйымдастыру және т.с.с.). Әрі қарай, басқарушы, яғни саяси жүйенің тұрақтылығын нығайтатын немесе әлсірететін «басқару деңгейінің» іс-әрекеттерінің нәтижесі, қоғам ресурстарының ретке келтіруі әлеуметтік ортаға өзгерістер әкелетіні сөзсіз. Сол себепті, кері байланыстың көмегімен, Д. Истон көрсеткен модельдегідей, бұл «цикл» тұйықталады [2, 65-66 б.].

Осы аталып өткен анализдердің негізінде Г. Алмонд саяси жүйенің моделін (сурет-1) құрастырады.



Сурет 1 – Г. Алмонд ұсынған саяси жүйе моделі

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Рахымбаева А.С. Саясаттану. Астана: «Фолиант», 2006 – 216 б.
- 2 Жамбылов Д. Саясаттану. Алматы: «Жеті жарғы», 2008 – 279 б.
- 3 Әбсаттаров Р. Саясаттану негіздері: 2 томдық оқу құралы. Алматы: «Қарасай». – 1-том – 2011 – 423 б.

ҰЛЫ ДАЛА ӨРКЕНИЕТІ МЕН РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ЫБЫРАЙ А. Ж., НҰРБОЛАТОВА А. Н.

Т-11 тобы, Тарих факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

ТАЛҒАТБЕК М. О.

тарих магистрі, оқытушы, ғылыми жетекші, «Қазақстан тарихы» кафедрасы
ДҮКЕНБАЕВА З. О.

т.ғ.д., профессор, ғылыми жетекші

*Бестөбе басың биік, бауырың жазық,
Туған жерде көз тартқан алтын қазық
Жабырқатса жаныңды мазасыз ой,
Самал лебін алады лезде жазып.
Еркелеп қырқасында күн күледі,
Молдір шық алақанға төгіледі.
Бұрқырап жусаны мен жуа исі.*

Қаққызар таңдайыңды бүлдіргені – деп, талай сұңғыла алыптардың жыр арқауы болған туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмірбақи тұратын өлкесі. Осы орайда, Алаш қайраткері Жүсіпбек Аймауытовтың: «Туған жердің қымбатын ғылым іздеп, кітап қарап сарылып, көзінің майын тауысқан, көшенің шаңын көп жұтқан шәкірт білмесе, кім біледі? Ыстық қой, шіркін туған жер!» деген сөзі есіме түседі [1, 13–14 б.].

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қазіргі Қазақстанның басты рухани құндылықтары айқын көрініс тапқан. Бұл – мақала ғана емес, мазмұны терең, ауқымы өте кең, ұлт руханиятын ХХІ ғасыр биігіне көтеретін рухани жаңғыру бағдарламасы деуге болады. Елбасы ғылым, білім, мәдениет пен тарихты тұтастай қамтитын ұлттық рухани жаңғыру бағдарламасын халық назарына ұсынды және ХХІ ғасырдағы жаңа ұлттың, жаңа қазақтың феноменін анықтап берді. Әрі, осы жаңа дәуірдегі ұлттың рухани жаңғыруы жолының алты бағдарын белгілеп, ұсынған.

Елбасының мақсаты – ұлттың ұлы мұраты. Ол – Ұлы Дала елінің бойында белгілі тарихи себептермен қалғып кеткен прагматизмді ояту арқылы, ұлттық қоғамдық ойға сілкініс әкелу, тәуелсіз елдің санасы мен ағзасын отаршылдық, кембағалдық,

бойкүйездік комплекстерінен тұтастай арылту. Мемлекет басшысы қазақтың ежелгі «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» қағидасын мықтап ұстануға шақырады: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек». Мемлекет басшысы нұсқап отырған ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, заман ағымына қарай оның сипаттарын өзгерту, «білім культін» қалыптастыру, мемлекет пен қоғамды революциялық емес, эволюциялық жолмен дамыту, ең бастысы, сананың ашықтығын, яғни әлемдік озық жаңалықтарға, ғылым-білімге құшақты айқара ашу идеялары ұлттың рухани-мәдени қалыбы болмақ. Әрі жаңа дәуір сынақтарын бәсекелік қабілеті ерекше ел ғана өңсере алады [2, 2]. Осы тұрғыда, Елбасының мемлекет пен қоғам алдына қойып отырған нақты міндеттері рухани саладағы түбегейлі реформалардың бастауына айналарына күмән жоқ. Латын әліпбиіне көшу – Мәңгілік Елдің рухани жаңғыруының басы болса, «Туған жер» бағдарламасы жаңа ғасырдағы әлемдік, өңірлік, ішкі-сыртқы тәуекелдерге қарсы тұра алатын отаншылдық тәрбиенің, ұлтжандылықтың кепілі болмақ. Сондай-ақ, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы жалпыұлттық қасиетті орындарды және аса қастерлі жерлерді сақтауға, әрі елдегі туристік инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік береді. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыру Қазақстанды өз шығармашылығы арқылы дүние жүзіне танытатын көптеген таланттарға жол ашады.

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы бүгінгі замандастарымыздың түрлі салалардағы жетістіктерін дәріптеуді қамтамасыз етеді және жастарды адамгершілікке тәрбиелеудің жарқын үлгісі болады. Бұл тапсырмалар мемлекеттің және азаматтық қоғамның барлық идеологиялық жұмысының орта мерзімді перспективадағы негізі болады. Сондай-ақ, Елбасы өз мақаласында қазіргі жаһандану заманында ұлттық бірегейлікті сақтап қалу, өркениеттің жақсысын алып, жаманынан жирену жөнінде өте құнды пікірлер айтты. Ендігі міндет – осы айтылғандарды іске асыру жолында аянбай еңбек ету. Ұлттық жаңғыру, туған жер тұтастығы мен ел болашағының негізі.

Көшпелілердің киелі мекеніндегі жүзеге асып жатқан «Туған жер» бағдарламасына еліміз деген әр азамат аянбай қызмет ету

керек. Әр адам өз туған жерінің, елінің тарихын жетік білу керек. Осы мақсатта, мен өз туған жерімді, талай ақындардың жырына арқау болған жер жәннәті Жетісуым туралы баяндамақпын.

Ақ бас шыңдар басынан тастан-тасқа секіріп сарқырай аққан өзендер, қыз жанарындай мөлдіреген көлдер мен бау-бақшалы Жетісу жері өзінің сұлу табиғатымен тартымды. Қасиетті Жетісу жерінің қойнауы да тарихқа тұнып тұр.

Жер жанатын иемденген Алматы облысында мәдени және тарихи түрлі ескерткіштердің көп болуына байланысты туризмнің дамуына қолайлы жерлердің бірі. Жетісу жерінен небір тарихи ескерткіштерді көруге болады. Алматының жанында тарих және мәдениет ескерткіштерінің ертеден қалған бірқатары бар. Бұл бірінші көп санаттағы және түрлі образдағы сәулет ескерткіштері: Іле қорғандары және сақтардың алтын бұйымдары, Ұлы Жібек жолындағы ортағасырлық қалалар және қола дәуіріндегі таулы суреттері (петроглифтер). Жетісу аймағындағы ежелгі адамдардың іздері тұрақ немес еңбектік тасты бұйымдары ретінде сақталған. Мекеннің қоныстануы бірнеше жүзжылдыққа созылған. Бұл малшылар тайпасы ауа райының жылынуымен қонысты тау бөктеріне аударып, одан кейін Тянь-Шань тауларына орын ауыстырғандары белгілі болып отыр. Жетісуда қола дәуірінің бірнеше тарихи қоныстары қазылған. Бұл балшық қоспасымен тастан жасалған жердегі қабырғалар тереңдігі 1-2 метр шым үйлер және жер кепелер. Осындай қазбаларды Түрген шатқалындағы Асы жерінде (XII–X ғ.ғ.) және Көксу өзенінің бойындағы (X–IX ғ.ғ.) Құйған және Талапты қоныстарынан көре аламыз. Жетісудағы ерте темір дәуіріндегі ең ірі қоныстар Шарын-Сары-Тоғай өзенінің бойында жатыр. Бұл аймақта шойын қазанның, түрлі ыдыстар, құмыраның, сонымен қатар еңбектің тас құралдарының түр-түрі табылған. Ең бағалы көне ескерткіштердің бірі Тамғалы шатқалы Алматы қаласынан солтүстік-батысқа қарай 180 шақырым жерде орналасқан. Тамғалыда түрлі жануарларды, құдайларды суреттейтін 4500 петроглифтер бейнеленген. Тамғалы аса құнды адамзат мұрасы ретінде ЮНЕСКО тізіміне енгізілді, мемлекеттің қорғауында. Шатқал шыңдары б. э.д. XIV–XIII ғ.ғ. құрылған ежелгі түрік және Сақ қола дәуірінің петроглифтерін біздің заманға жеткізген өте сирек кездесетін мұра. Суреттер шыңдардың бетінде орналасқандықтан оларды бірден оңай көруге болады. Ежелгі суретшілер түрлі жануарлардың, аңды аулау көрінісін, мифологиялық сюжеттерді тасқа қашап қалдырған.

Петроглифтерден көне тарих туралы маңызды ақпараттар аламыз. Бұл өзіндік белгілі бір тарихи жүйе, ескерткіштер ашық аспан астында орналасқан [3, 20].

Алматы –Талдықорған тас жолының 110 шақырымында Қербұлақ ауылына дейін 13 шақырым қашықтықта Тамғалытас (Жазылған тастар) шатқалы Іле өзенімен қиылысқан жерде жатыр. Бұл жерде будда құдайлардың бейнелері қашалған тастарды көруге болады. Бұл мекенге буддизмді миссионерлер әкелгенге ұқсайды. Шатқалдың шыңында қызыл тас укесегі бар, оның биіктігі екі қабатты үймен тең. Онда үш түрлі фигуралар: түрлі діни, йогтар, тең төрт қолды Будда суреттелген. Будданың айналасында тағы екі құдайдың бейнесі берілген. Үш басты құдайдың шығыс жақ тұсында тік кесегеде айдаһарлар ханы бейнеленген. Ойжайлау шатқалы солтүстігінде Қордай орында, Кіндіктас тауларында Отар бекетінен батысқа қарай 40 шақырым жерде орналасқан. Ол теңізден 1200 км биіктіктегі кішкене шектелген шоқылары бар таулы аймақ. Ежелгі өзендермен, далаларымен қиылысады. Сол жағалаудағы солтүстік-батыс бөлігіндегі шатқалдарда, шыңдарда петроглифтер қашалған. Түрік уақытының композициясы бар. Бұнда екі салт аттылар бейнесі суреттеледі. Ешкіөлмес жотасы Жетісу Алатауының батыс бөлігінде Талдықорған қаласынан 30 шақырым қашықтықта орналасқан. Жотаның солтүстік жағынан жазық далаға көтеріліп, оңтүстік жағынан Жетісу-Көксу сулы өзендердің бір саласына құяды. Ешкіөлмес жотасы және оң жағалуы Көксу өзенінің арасындағы жолында көптеген қола және ортағасыр дәуіріне дейінгі археологиялық ескерткіштер сақталған. Аймақта ерте темір дәуірінің қабірлері көптеп кездеседі. Осы уақытта Жетісу аймағында сақ тайпалары қоныстанған еді. Көптеген сақ-көшпенділер қорғандары өзінің мөлшерімен таң қалдырады, олардың диаметрі шамамен 100 метр. Үлкен қорғандарды патшалық деп аталады. Қорғандардың көбі ежелден тоналып, ішіндегі асыл заттар ұрланған болатын. Есік қаласының маңында бірнеше белгілі қорғандар сақталған. Ежелгі қорғандардан жерленген адамдар сүйектері мен бірнеше жүз алтын бұйымдар табылды. Бесшатыр қорғандары көңіл аударарлық. Алтын-Емел ұлттық саябағында бір жерде 31 қорған орналасқан. Ең үлкені – диаметрі 108 метр, биіктігі 17 метр. Қорғандар тігінен және ендігінен орнатылған жеті тас топтамасымен тұйықталған. Жалпы Жетісу жерінде мұндай қорғандар мен қазба тарихи ескерткіштер өте көп. Әрине бұған қызыға қараушылардың саны да жылдан жылға артып келеді. Археолог, тарихшы мамандар ғана емес, шетелдік

туристер осы ескерткіштерді көруге жиі келеді. Сондықтан аймақта бұл бағытта туризмды дамыту әлеуеті өте зорараз, Түркістан, Отырар ежелгі қалаларын басып өтетін Ұлы Жібек жолы бойынша саяхат өте қызықты болып келеді. Жетісуда ең ірі Қоялық қаласының қалдықтары қазіргі Қойлық ауылы маңында сақталған. Қаланың құрылыс қалдықтары биіктігі 5-тен 10 метрге дейін және ұзындығы бірнеше шақырымға дейін жетеді. Шығыс Жетісу қалаларының жоспарлануы мен құрылысы Батыстан ерекшеленеді. Шығыс Жетісу қалашықтарында қамалдар жоқ, болса да мөлшерімен кіші болады. VII ғасырдан бастап Жетісу қалалары салына басталып, олардың көбі X ғасырдан XIII ғасырға дейін салынды. Ортағасырлық қалалар керуен жолдарының бойында пайда болған. Бүгінгі күнге дейін Ұлы Жібек жолының бөліктері сақталды. Мысалы, Тараз қаласынан Құлан ауылына дейін, одан кейін Шу өзенінен Шу даласына дейін созылады. Шу өзенінің даласынан шығыс Жетісуға Қастек асуы арқылы жоғарыда орналасқан Қастек қалашығына дейін созылады. Бұл Ұлы Жібек жолының өз кезінде қаншалықты құнды, заманында зор рөл атқарғанын көрсетеді. Оның бәріне осы жолдармен жүріп көз жеткізуге болады.

Алматы облысының жері ежелден Сақ, Үйсін, Қаңлы тайпаларының мекендегені бәрімізге белгілі. Осы біздің аймақтан яғни Панфилов ауданына қарасты Басғұншы ауылынан үйсін дәуіріне жататын бірнеше бұйымдар табылған. Ол бұйымдарды іздестіріп жинаған ауданға белгілі тарихшы, білім беру ісінің үздігі Молот Мұсаұлы Солтанаев өзінің «Ескерусіз жатқан елеусіз ескерткіштер немесе кейбір атауларды жаңаша пайымдау» атты еңбегінде Шығу (Қызылаңғар) қаласы туралы: «Меніңше, үйсіндердің Қызылаңғар қаласы, ел-жұрт ежелден-ақ мындаған жылдардан бері мекендеп келе жатқан көне қоныстың орнында бой көтерген қала. Чигу, Чигучень, Қызылаңғар – атаулы қалалардың орны Жаркент аймағындағы Қорғас өзенінің тау аңғарынан шығып орта тұсында орналасқан Басғұншы ауылының маңайы дей келе оған біршама дәлелдер келтіреді. Соның бірі, Басғұншы ауылынан 20 шақырымдай жердегі Шежін атауымен байланыстылығы. Себебі, Қытай деректерінен ұққанымыздай – Хань әулетінің билеушісі үйсін күнбиі Елжауға өзінің туысқаны Жанду Уаңның қызы Шижүн ханшаны үлде мен бүлдеге орап ұзатқаны. Мұндағы Шежін аймағының атауы қытайдың Чижүн (Сюньзюнь) ханшайымының атымен түбірлес, мағынасы бір, тек айтылуы ғана бөлек екендігінде. Қазіргі Жаркент аймағындағы Шежін ауылы Чижүн ханшайымының қонысы болған жер дей келіп, одан әріге ғұндарға қатысты

деректерге ойысады, мәселен: ...Ғұн тәңірқұтының ұлы даладағы үстемдігін біржолата құртуға кіріскен Хань патшалығының қалың әскері б.д.д. 71 жылы ғұндардың жеріне басып кіріп, қантөгіс ұрыс жүргізіп, аяусыз қырғынға ұшыратады. Нәтижесінде, Хань патшалығына бағынғысы келмеген солтүстік ғұндардың Тәңірқұты (Чжичжи қазақша Шөже) батысқа қарай ығысқан. Ол қаңлылармен одақтасып б.д.д. 44 жылы үйсін еліне шабуыл жасап, астанасы Чигу (Қызылаңғарды) қаласын басып алып б.д.д. 44-33 жылдары билік жүргізгендігін осы «Басғұншы» атауының өзі-ақ дәлелдеп тұр» деп, сөзін аяқтайды. Мұндағы «Бас» сөзі – бас, бастаушы, басты адам, ал, «күн» күн, ғұн – сөздері ғұн тайпасын мензейді, «шы», «шак» – сөздері, ел, жұрт деген ұғымды білдіреді. (Ежелгі дәуір әдебиеті, Алматы 1991ж. 13-14 беттер, Қ.Салғараұлы Көмбе. Алматы 1989 ж. 20-бет) Әрине, бұл әлі де түпкілікті, жан-жақты зерттеуді қажет ететін дүние екендігі даусыз. Бұдан басқа да көптеген көне заманға тән заттар табылуда 2014 жылдың 7 сәуірінде Басқұншы ауылының тұрғыны Исинтаев Токтасын ата өзіне тиісті жер телімінен көне тас құралдар тауып алған. Тас құралдар табылған жер көне қаланың орны. Табылған заттардың бірі ұзындығы 45–46, ені 8–9 сантиметрлік дән үгіткіш. Егіншілікпен айналысқан адамдардың негізгі құралдары болуы керек. Шағын ғана бір қолмен ұстап кен үгітетін екі тас келсап (балға, және кішкентай шағын ұсақ заттарды үгітуге пайдаланылатын) тас құрал егіншілікпен айналысқан адамдардың негізгі құралдары. Токтасын қарияның айтуы бойынша осы жерден тастан ойып жасаған тостаған және ұзындығы – 50–60 см, ені – 20–25 см болатын тастан ойып жасаған астау табылған. Шамасы үйсіндер кен орнынан алынған қоспаларды тас астауға салып ұсақтап үгітіп, содан кейін қорытқан болуы керек.

Академик, археолог Ә.Марғұлан Бегазы – Дәндібай мәдениетін зерттегенде сол жерден табылған тас балғалар мен бұлардың да көлемі бірдей балғалар немесе келсаптар біздің даламызды мекендеген ежелгі бабаларымыз кен өндіру ісін кеңінен жүргізгені көрінеді. Бұл жер Үйсіндердің көне жұртының орны, яғни тұрағы болғандықтан осы жерден қыштан, қайрақ тастан жасалған үлкен шылапшынға (Токтасын ақсақал «ежіре» - дейді) ұқсас затты жер жырттып жүрген трактор басып сындырып кеткен. Төменгі Басғұншы ауылынан табылған тастан қашап жасалған кен үгітетін астаудың тұғыры болуы бек мүмкін. Сынықтары шашылып, сол орында қалған. Тағы бір қызықты жәдігердің бірі - ұзындығы 60 – 70 см жебе. Үйсін жауынгерлерінің сол заманда қолдан соққан

ұштарды жебенің ұшына орнатып жауына жасындай жарқылдата заулата тартқаны білінеді. Шірімей жатқандығына қарағанда қоладан соғылған болуы керек. Жебенің мындаған жылдар топырақ астында жатуы оның күнгірттеніп кетуіне ықпал еткен. Ұшын тазалап жібергенде жарқырап шыға келген. Осы жерден егістік алқабынан ер тұрман табылған және оны тапқан кісі де осы қария. Шағын ғана ердің екі қапталы, қасы, артқы қасы (көттігі) бөлек шабылып жасалған, қаттылығына қарағанда осы өңірде көп өсетін жидеден шауып жасалған болуы керек. Алдыңғы қасына түгелдей қалақша темірден қапсырма жүргізген, оны екі қапталымен жалғастыра отырып құйысқандыққа дейін шегендеп апарған. Құйысқанды бекітетін жерге айналсоқ жасап айылбас орнатқан, оны темірден соққан. Шамасы ерді қыз балаға арнап жасатқан болуы керек, себебі, қас бетімен, ердің екі жақтауына жалтырауық тастардан көз салған. Ердің қасының басына жасалған жылы 1913 жыл деп жазылған және жасаған шебердің аты болуы керек, арапша жазу бар. Мұндай көне жәдігерлер Басғұншы ауылының орны мен батысындағы қырат үстіндегі Көкжазықтан көптеп табылады. Көкжазықты орналасқан үйсін обаларын зерртеу барысында үлкен кара тас назар аудартады. Кезінде колхоз басшылары егіс көлемін ұлғайту мақсатында обалардың арасындағы бос алаңқайларды жыртқызып, егін егіп тастаған жерде жатыр екен. Бетін жартылай топырақ жауып қалыпты. Тазалап жіберіп суретке түсіріп алдық. Қара тас бетіндегі көне жазулардың ежелгі аңшылардың аң аулау мезеттері қашалған. Осы ауылда тұратын мектеп оқушысы да көне жәдігерлер тапқан. Қыштан жасалған шағын көзенің биіктігі 12 см, бүйірі қысыңқы, ернеуінің ені 12 см. Бастапқыда бүйірінде тұтқасы болған, бірақ сынып түсіп қалыпты. Үй тұрмысында, сүт, көже қайнатуға пайдаланған болуы керек түбі мен бүйірі күйеден көрінбейді. Сол сияқты үлкен кен үгітетін тас астаудың түбін тауыпты. Үстінгі бөлігі сынып түсіп қалған.

Ендігі бір көптеген археологтар мен тарихшылардың көңілін аударатын ескерткіш үйсін суретшісінің тасқа қашап (шекіп) салған бейнесі. Үлкен адамның алақанындай қалақша тастың шеттері дөңгелендіріліп кертілген. (Нұрсағат Әлібаевтың айтуынша «коржик» (тәтті тоқаш) нан). Тастың сәл дөңестеу бетіне үйсін суретшісі, үйсін яки ғұн жауынгерінің бейнесін салған. Басына тәж киген патша немесе қолбасшы жауынгер болуы мүмкін, қолында қылышы, бір қолында найзасы бар салт атты жауынгер сұлбасы бедерленген. Жауынгердің астындағы атының төбелігіне де тәж

кигізілген. Соған қарағанда ұлы қолбасшының немесе жауынгер патшаның бейнесі көрінеді. Салт атты батырдың суретінің айналасынан күн сәулесінің шапағы таралғаны келтірілген. Табылған заттардың барлығы шамамен б.з.д III ғ – б.з. III ғ осы араны мекендеген Үйсін мемлекетінің бас қаласының орны Басғұншы екендігін көрсетеді [4, 11-12]. Басғұншы ауылы орналасқан (Шығу – Қызыл Аңғар қаласының орны) мекеннің астыңғы қатпарында қазақ халқының қалыптасуының негізгі ұйытқысы болған ұлы үйсіндердің, біздің бабаларымыздың тіршілігінен дерек беретін қаншама жәдігер жатыр десеңізші.

Осы мақаланы жазу барысында және тасқа түскен жауынгердің салтанатты киінген сұсты бейнесіне қарай отырып ежелгі қытай жазбаларында «Үйсіндер жауынгер халық» деп мойындаған сөзді тағы да бір есімізге түсіреді.

Бұл мақаланы жазудағы басты мақсатым көшпелілердің мекені болған, жер жәннәті Жетісудың сырға толы Басқұншыдан басқа қаншама тарихи-мәдени жерлерін мақтанышпен дәріптеп, туған жерге деген сүйіспеншілігімізді таныту еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы 1991 жыл. 13-14 беттер.
- 2 Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». 26 сәуір, 2017 жыл.
- 3 Салғараұлы Қ. Көмбе. Алматы 1989 жыл. 20-бет.
- 4 Солтанаев М.М. Үйсін қаласының орнынан табылған жәдігерлер. Алматы 1992 жыл. 11-12 беттер.

4 Секция. Гуманитарлық ғылымдарының өзекті мәселелері

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘСКЕРИ ІСІ МЕН ӨНЕРІНІҢ ТАРИХЫ

АЗИМХАНОВ С. С.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

КУЛУМБАЕВА М. Ж.

магистр, аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақстан тарихы бойынша оқу орындарда оқу құралдарында әскери тарихы толық көлемде қарастырылып ашылмаған. Тәуелсіз Қазақстан – кешегі заманда төрткіл дүниені тітіреткен, салт атты әскери өркениетімен салтанат құрған айбынды көшпелілердің ұрпағы. Еуразияның ұлы даласын тұлпар тұяғымен дүбірлеткен баһадүр бабаларымыздың соғыс тәжірбиесі мен заңдарын әлем елдерінің қарулы күштері қабылдап, әскери жүйесін жасақтағаны біз үшін мақтаныш. Сондықтан әскери іс, әскери өнер, әскери тарихымыз жауынгерлік дәстүріміздің өнегесі мен тәлім-тәрбиесі өлшеусіз рөл атқарады. Әскери іс тарихын зерттеу ертеңді, болашақты тану үшін қажет және әрқашанда тарих шиыршықтала дамып, қайта қайталанатын ұмытпағанымыз жөн. Қазақстан Халқына Жолдаудың ұлттық сананың, ұлттық бірегейлікті одан әрі дамытуда ұзақ мерзімді бағдарламалық құжат қабылдауымыз керек. Жолдауда ұлттық білімнің салтанат құруының алдына нақты мақсаттар; міндеттер қойылған. Соның ішінде әскери іске, әскери білім беру саласына тікелей қатысты, жоғары білікті әскери мамандар даярлауды, заманауи техникалық база қамтамасыз ететін жаңа деңгейге көтеру негізгі мәселелердің бірі болып табылады.

Осы мақсатта жастарды қазақстандық патриотизм мен интернационализмге, демократиялық қоғам ісіне шексіз берілгендік пен Отанға, Қарулы Күштерге деген сүйіспеншілік, әскери борышты мүлтіксіз орындауға әзірлік рухында тәрбиелеуге бағытталған.

Жастарға ұлттық-патриоттық тәрбие берудің бір мақсаты жастардың бойындағы игілікті құлшыныстар мен сезімді ояту, жандандыру адамның ар-ожданына, абыройына, ерік-жігеріне, парасатына ықпал ету, адам бойындағы басты сезім – парыз сезімін ұштап тәрбиелеу.

«Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы мен міндеті» – деп Ата Занда көрсетілген осы бір мағналы ұғымды өскелең ұрпақ жастайынан бойына сіңіріп өсуі керек [1].

Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, ар азаматтың бойындағы күш – қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау деген сөз. «Патриотизмнің маңызды элементтерінің бірі онымен байланысып жатқан ұлттық рух, ұлттық патриотизм – бұл ұлт ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті, өз халқына деген сүйіспеншілігі» - деп Б. Момышұлы патриотизмнің мәні мен маңызы ашып көрсетті .

Халқымыздың басты ерекшеліктерінің бірі – адам бойындағы ар мен намысты ерте қалыптастыру, бала бойына сіңіру, сөйтіп оларды адам тіршілігінің, іс – қимылының өлшеуі ретінде қорғау .

Бүгінгі таңда қоғам мен мемлекеттің білім беру жүйесінің алдына қойып отырған міндеттерінің бірі - студенттерді ұлттық тәрбиелеу болып табылады. Бұл талаптың көкейкестілігі қазіргі әлемді жаһандандыру жағдайында бұрынғыдан да артып отыр. Осы тұрғыдан алғанда ұлттық бірегейлікті сақтаудың басты жолдарының бірі – жастарға ұлттық тәрбие беруде халықтың мәдени мұрасын пайдалану.

Жастардың арасында отансүйгіштік қасиетті қалыптастыруға мынадай факторлар әсер етеді: ұлттық сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық сана, ұлттық игі дәстүрлер, ұлттық парыз, бірлік және міндет. Жауынгер-жазушы Б. Момышұлының «Соғыс психологиясы» деген еңбегінде аталған қасиеттерге жан-жақты сипаттама беріледі [2]. Солардың ішінде автор әсіресе ұлттық парыз ұғымына аса мән береді. Оның пайымдауынша, ұлттық парыз – Отанға деген сүйіспеншілік, сыртқы жаулардан елін, жерін аман сақтап, ата-баба дәстүріне өте сезімталдықпен, жауапкершілікпен қарау. Парыз сезімі қиындықтан қаймықпай, қарсы келген дұшпанмен тайсалмай шайқасып, Отан үшін ақтық демі біткенше қызмет етуге даяр болу сезімнен туады, нәтижесінде бұл тікелей ерлік істерге итермелейді. «Ерлік – Б. Момышұлының сөзімен айтқанда, табиғат сыйы емес, ең алдымен, өзінің ар-намысынды және азаматтық абыройынды ұятқа қалу, опасыздық пен маскара болу сезімнен қорғай отырып, тұтас коллектив өмірінің игілігін ғана емес, қауіп-қатерін де бөлісіп, жауды барынша жою, жанға-жан, қанға-қан аяусыз кек алу жолымен жеке басынды және отандастарынды қауіпсіз етуге ұмтылу, саналы түрде қауіп-қатерге бас тігу».

Кейінгі тарихи оқиғалар кезеңінде, әсіресе Ұлы Отан соғысында, қазақ халқының өзін патриотизм мен халықтар достығы жолын қуушы ретінде көрсетуі прогресшіл патриотизм идеяларын меңгеруінің жарқын дәлелі болып табылады. Мысалы, ағылшын жазушысы Александр Верг. «Қызыл Армияның ең тандаулы солдаттарының

біразы қазақтар болды, тұтас алғанда бүкіл соғыс бойында қазақтар өздерін тек жақсы жағынан көрсетті, ал Сталинградтың өзінде тандаулы солдаттардың ішінде Орта Азия халықтардың өкілдері – кыргыздар, қазақтар мен башқұрттар» - деп жазса, осы соғыста кеңес одағының батыры Б. Момышұлы «Соғыс жылдарында Отанымыздың шақыруымен жүз мыңдаған Қазақстандықтар ел намысын, ер намысын қорғап, олай майдан шебінде тірескеннің тізесін бүктіріп, белдескеннің белін сындырп айқасты. Қазақстандағы көшпенді топтардың ерте заманнан 19 ғасырдың ортасына дейінгі әскери және соғыс жүзгізу тәсілі көшпенді мал бағу ерекшелігімен және әр кезеңдегі өзіндік қарулануымен тікелей байланысты және әскердің құрамы мен ұйымдасуы, әскери мінездемемен ерекшеленеді. Қазақ ғылымының бастауында тұрған Шоқан Уәлиханов XIX ғасырда қазақтардың әскери ісін сипаттауға көп көңіл бөлді. Ол қазақтардағы қарудың түрлерін екіге бөліп көрсетеді. Біріншісі – мал күзеткенде және ішкі қақтығыстар кезінде қолданылатын қарулар. Олардың қатарына қамшы, құрық, сойыл жатады. Екінші топқа соғыс кезінде қолданылатын қарулар кіреді. Олар: ертеректе қайқы қылыш, кейін сапылар; селебе мен жекеауыз және «үнемі әр қазақта болатын пышақ»; одан әрі найза; садақ, жақ және жебелері; мылтық [3] деп көрсетеді. Ш. Уәлиханов бұл қарулардың тек атауларын ғана беріп қоймай, сонымен қатар олардың неден жасалғанын немесе оларды қай жерден әкелетінін, түр-сипатын, асыну ерекшеліктерін көрнекті түрде өзінің салған суреттерімен бейнелеп отырған. Орта ғасырлардағы түркілерге келсек, түркі жұрты VI-VIII ғасырларда, Византия және сасанидтік Иранмен соғыс-тарда әскери өнерді дамытуға баға жетпес үлес қосты. XII-XIII ғасырларда Шыңғыс хан түркі халықтарының әскери дәстүрі мен өнеріне және жергілікті найман, керей, қыпшақ, қаңлы, дулат т.б. этникалық түрік тектес бірлестіктерге сүйеніп, атты әскерді құру мен үйретуде және әскери дара басшылықта соғыс өнерінің ең жаңа тәжірибесін жинақтады. XIV ғасырда Әмір Темір және оның мұрагерлері аса күдіретті тұрақты әскери күш құруда әлем тарихының сахнасына бірінші болып шықты. Сонымен, б.з.д. VI ғасыр мен бергі XIV ғасыр арасындағы сактар, хұндар, түркілер, Шыңғыс хан, Әмір Темір дәуіріндегі әскери өнердің дамуы - біздің рухани және әскери өнердегі қазыналарымыз әскери тарихымыздың деректі көздері болып табылады. Демек, қазақ елінің қорғаныс күштерін құруы б.з.д. VI ғасырдан, сактар дәуірінен бастау алады.

XV ғасырдың ортасынан бастап, жергілікті этникалық бірлестікке сүйенген тайпалар қазақтың ұлттық мемлекетін құрды. Қазақ

мемлекетінің тәуелсіздігін қорғауда есімі аса құрметпен айтылатын: Қасым хан, Хақназар хан, Тәуке хан, Әбілқайыр хан, Тәуекел хан, Есім хан, Абылай хандар баға жетпес әскери дара басшылық тәжірибесін жинақтады. Ота-нын қорғауда өздерінің қабілеттілігімен, жеке басының ерлігімен халық жадында ұмытылмас тұлға болып қалған: Қарасай, Қабанбай, Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Шапыраш-ты Наурызбай т.б. батырлар қазақ әскери тарихында өзіндік қолтаңбаларын қалдырды және қазақ әскери өнерінің дамуы-на аса зор үлес қосты.

Қазақтар белсене қатысқан Азамат соғысы жылдары (1918-1920 жж.) Қазақстан аумағында 4 кавалериялық бригада, 7 кавалериялық полк, 2 кавалериялық дивизион, 4 кавалериялық эскадрон, 4 жаяу әскер полкі, 8 күзет полкі және басқа да бөлімшелер құрылды. Олар азамат соғысына белсене қатысты. Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың қатысуы туралы айтатын болсақ, мұнда да біздің жерлестеріміз жеңіске өлшеусіз үлес қосты. Қазақстанда құрылған 20-дан аса дивизиялар мен бригадалар шексіз батылдықпен шайқасты.

Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстан даласынан 1 млн. 200 мыңға жуық ұлдары мен қыздары Брест қамалы мен Мәскеуді қорғады, Ленинградты ұзақ уақыттық блокададан құтқаруға қатысты, Сталинград түбіндегі қанды шайқаста, Орел, Курск шайқасында тайсалмады, Украинаны, Белоруссияны, Прибалтиканы, Молдованы азат етуге күш салды, Берлин түбіндегі шайқастарға қатысты.

Тәуелсіздік алған кезден бері ұлттық мемлекеттің тұғырғын биіктетер мәселелер көбейді. Қазірдің өзінде Президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың басшылығымен, болашақ Қарулы Күштердің лайықты бет-бейнесін жасау жөнінде шаралар қабылданып жатыр. 1997 жылғы қараша айынан бастап, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерін реформалау жөніндегі Жарлық іске асуда. Ол реформа бойынша, Қарулы Күштердің құрылысы төмендегідей түрде жүйеленеді:

Құрлық әскерлері.

Әуе қорғанысы күштері.

Әскери – теңіз күштері.

Құрлық әскерлері – операциялар мен ұрыстық іс-қимылдарды өткізу, қару-жарақ түрлері мен саны жағынан көлемді саналуан Қарулы Күштерінің түрі, әскери театр алаңында жаудың агрессиясына тойтарыс беруге, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мен аумақтық тұрақтылығын қорғауға арналған. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскерлері Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 7 мамырдағы № 1085 Жарлығына сәйкес құрастырылған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 сәуірдегі №554 «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскерлері Бас қолбасшысының Басқармасы мемлекеттік мекемесін құру туралы» Қаулысы және де Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2009 жылғы 21 сәуірдегі № 1/14/1503 Директивасына сәйкес Құрлық әскерлері бас қолбасшысы басқармасы құрылған. ҚР ҚК Құрлық әскерлерінің негізгі тапсырмалары: Агрессияны тоқтату үшін әскерлерді жауынгерлік даяр күйінде ұстау. Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығы мен егемендігін қорғау. Мемлекеттік және әскери объектіні күзету мен қорғау. Құрлықтағы мемлекеттік шекараны қорғау. Бітімгершілік және басқа да тапсырмаларды орындау. Құрлық әскерлерін дамытудың басты мақсаттары: Еліміздің әскери қауіпіне қарсы тұра алатын, саны, құрылымы және құрамы жағынан оңтайлы, үнемі дайын және белгіленген уақытта жайыла алатын, қажетті қарсылық көрсете алатын қабілеті бар Құрлық әскерлерінің әскери бөлімдері мен бөлімшелерін, құрылымдарын, бірлестіктерін және басқару органдарын құру. Құрлық әскерлерінің құрылуы мен дамуы барысындағы маңызды тапсырмаларының бірі сапалы өзгерістерді іске асырумен қатар ұрыстық мүмкіндіктерін сақтап қалу және де оны әрі қарай жетілдіру болып саналады. ҚР ҚК ҚӘ құрылуы мен дамуының негізгі бағыттары Құрлық әскерлерінің замануи кезеңдегі құрылуы мен дамуының негізгі бағыттары болып анықталды: ұйымдастырушылық-штабтық құрылымының жетілдірілуі; Құрлық әскерлерінің техникалық жағдайы мен жабдықталуының жақсаруы; әскери қызметшілердің жауынгерлік әзірлігі деңгейінің, құрылымдар, әскери бөлімдер мен бөлімшелердің үйлесімдігінің жоғарлауы; қару-жарақ пен әскерлерді басқару жүйесінің қарқындығын жоғарлату; офицерлер мен сержанттар кадрларын дайындау жүйесін жетілдіру; жеке құраммен жинақтаудың сапалық көрсеткіштерін арттыру, әсіресе келісімшарттағы әскери қызметшілермен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 17 қарашадағы «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін реформалау жөніндегі бұдан былайғы шаралар туралы» Жарлығы мен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1998 жылғы 1 сәуірдегі директивасын орындау үшін Қазақстан Республикасы қорғаныс қабілетін нығайту мақсатында 1998 жылдың 1 маусымында Қазақстан Республикасы Әуе қорғанысы күштері құрылды. Әуе қорғанысы күштерінің бас қолбасшысының 2008 жылғы 17 сәуірдегі №146 «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің құрылған күнін белгілеу туралы» бұйрығымен Қазақстан Республикасы

Әуе қорғанысы күштерінің құрылған күні 18 тамыз күніне бекітілді. Әуе қорғаныс күштерінің құрылуы әскери дайындық мәселелерінде, әсіресе алдымен оның техникалық құрамдас бөлігі, сонымен қатар жауынгерлік дайындық мәселелерінде ілгері қарай қадам жасауға мүмкіндік берді. Қарулы күрестің салмақ түсу нүктесін әуе саласына ауыстыру бойынша әлемдік үрдіс ескерілді, осыған байланысты ұшу қашықтығынан да, соққы беретін нысаны жағынан да, қуаты жағынан да шектеулері жоқ дерлік әуеден шабуылдау құралдары анағұрлым көбірек қауіп тудыра бастады. Қазақстан жағдайында осындай қатерге тек авиацияның, зенитті-зымыран және радиотехникалық әскерлердің біріккен күшімен ғана тиімді төтеп беруге болады. Тек осындай әдіспен ғана анағұрлым ұтқырлыққа қол жеткізуге болады және елдің маңызды аймақтары мен әскерлер топтасуын қорғау үшін күштер мен құралдардың жылдам шоғырлану мүмкіндігін қамтамасыз етуге болады. Қазіргі кезде ҚР ҚК Әуе қорғанысы күштерінде жауынгерлік топтарды жөнге салу бойынша, барлық ұшқыштар құрамын класына, олардың жоғарғы пилотаж өнерін меңгеруіне дайындықтар, шынайы шайқас жағдайында авиациялық және зенитті-зымыран кешендерін қолдануға дайындық бойынша жоспарлы және қарқынды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар ұшқыштар мен зымыраншылардың моральдық-психологиялық тұрақтылығына, олардың кәсіби шеберліктерін жетілдіруіне және техника мен қарулардың жауынгерлік әзірлігіне ерекше назар аударылады. Әуе қорғанысы күштерінің негізгі міндеттері: Қазақстан Республикасы әуе шекараларының қорғанысын қамтамасыз ету; мемлекеттік, әкімшілік және әскери нысандардың әуе шабуылына қарсы қорғанысы; ҚР ҚК әскерлерінің басқа түрлері мен тектерін авиациялық қолдау бойынша жауынгерлік тапсырмаларды орындау. Әуе қорғанысы күштерінің құрамына төмендегілер кіреді: әскери әуе күштері; әуе шабуылына қарсы қорғаныс күштері; тікелей бағынышты бөлімдер; парашюттік дайындық орталығы; әуе қозғалысын басқару органдары.

Қазақстан әскери-теңіз күштері 1993 жылдың 2-сәуірінде Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылды. Бастапқыда Ақтау қаласында әскери-теңіз базасы құрылды. 1999 жылдың шілде айында әскери-теңіз базасы Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі Теңіз бөлімдерінің құрамына кірді. 2003 жылдың 7-мамырында Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №1085 Жарлығы шықты. Осы сәттен бастап Әскери-теңіз күштері Қазақстан Республикасы

Қарулы Күштерінің жеке түрі ретінде қалыптасты. 2010 жылдың ақпан айында еліміздің Президенті – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғары Бас қолбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери-теңіз күштерінің қолбасшысына Жауынгерлік Туды табыстады. Каспий теңізінің казакстандық секторында Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын, аумақтық тұтастығын, егемендігі мен экономикалық мүдделерін қорғау. Агрессордың шапқыншылығына лайықты тойтарыс беру, қарулы қактығыстарды окшаулау және алдын алуға атсалысу. Порттық аймақты, мұнай табу нысандары орналастырылған жасанды аралдар және платформаларды қоса алғанда сулы аудандарды қорғау және күзету. Суасты-диверсияға қарсы қорғаныс жүргізу. Құрлықтағы әскерлердің қимылын теңізден қамтамасыз ету, теңіз десантын түсіруге жағдай жасау, әскерлер мен материалдық құралдарды тасымалдау, теңіз миналарын орналастыру. Еліміздің ӘШҚ мүддесінде теңіздегі радиолокациялық бақылауымен бірге барлау қимылдарын жүргізу. Халықаралық келісімдерге сәйкес бірлесе қорғану тапсырмаларын Каспий жағалауы мемлекеттерінің әскери-теңіз күштерімен бірге орындау. Мұнай күйылған және басқа да азаматтық кемелерді шығарып салу. Теңізде жүру қауіпсіздігін навигациялық-гидрографиялық қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлікпен бірлесе теңізде іздестіру-құтқару жұмыстарын іске асыру. Қарулы Күштердің бөлімдері мен құрамалары және Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері, әскери құрылымдарымен бірлесе оқу-жаттығу тапсырмаларын орындау. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына табиғатты қорғау және бақылау міндеттерін орындау, сондай-ақ теңіздегі апат немесе экологиялық апаттың зардабын жою барысында көмек көрсету [4].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жыл 30 тамыз.
- 2 Б. Момышұлы. Психология войны - Алма-Ата: «Қазақстан», 1990. - 240 с.
- 3 Ш. Ш. Уәлиханов. Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи / Бес томдық шығармаларының толық жинағы. Т.1. – Алма-Ата: Ан Каз ССР, 1961. – 463-468-бб.
- 4 Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің ресми сайты: https://mod.gov.kz/kaz/struktura/vooruzhennye_sily_rk/sily_vozdushnoi_oborony/index/

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИНТЕГРАЦИЯ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИЯ

АЙТЖАНОВА Р. М.

п.ғ.к., профессор, Академик Е. А. Бөкетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.

АЙДАРБЕКОВА Б. Ж.

магистрант, 6М010300-Педагогика және психология мамандығы,
Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қарағанды қ.

Кеңестік білім беру жүйесі ұзақ жылдар бойы қалыпты дамыған балалар мен ерекше көңіл бөлуді қажет ететін балаларды бөліп келді. Сондықтан, балалар тең құрбыларымен қатарласа білім алуға, өз мүмкіндіктеріне қарай жалпыға ортақ дүниелерді игере алмады.

Дегенмен, қай кезеңде болмасын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру қоғам алдындағы ең маңызды, жауапты іс болып қала береді. Білім берудің болашағы қоғамның даму үрдісімен, білімнің ғылыми интеграцияға ұмтылуымен, қоғамда жинақталып және үнемі өсіп отыратын ақпарат көлемінің әртүрлі тегімен анықталатыны өткен жүзжылдықта-ақ айқындалып қойған. «Интеграция» сөзінің ұғымы, «интеграция» термині алғашқы рет неміс және швед ғалымдарымен ХХ ғасырдың 30 жылдарында қолданылған болатын. Соңғы жүз жылдар ішінде бұл термин басқа ғылымдарға ене бастайды: бастапқыда философияға, кейіннен психологияға, соңында педагогикаға енгізілді.

Қазіргі таңдағы интеграция – бұл қоғамның және оның жүйелеріне қолдау көрсетіп дамытатын барлық қоғам мүшелері қатыса алатын таңдау құқығы бірдей мүмкіндігі шектеулі адамдар мен қалыпты дамытын адамдардың өмір әрекетінде бірлескен болмысының түрі ретінде түсіндіріледі. Интеграция – мүмкіндігі шектеулі жандарға қол жетерліктей барлық әлеуметтік процесті, білім берудің барлық сатысын, бос уақытты, жұмысты, алуан түрлі әлеуметтік рөлдер мен функцияны жүзеге асыру барысындағы таңдау құқықтары мен атсалысуын қарастырады. Бұл құқық көптеген дамыған елдерде заңдастырылған [1, 37 б.].

Сондықтан «интеграция» ұғымы жаңалық емес. Ол әлемнің көптеген мемлекеттерінде жүзеге асырылуда, әрі білім беру саясатының жетекші бағдары ретінде қарастырылады.

Интеграция тәсілін қолдаушылар, ерекше қажеттілігі бар балалардың жалпы білім беретін ортаға ауысуы үшін, өз қабілеттерін бағдарлама тапсырмаларын орындауда мүмкіндіктерін көрсету

арқылы жетістікке жетуге болатындығын алға тартады. Яғни, мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, қалыпты дамыған балаларға қойылатын талап-міндеттердің теңдей орындалуын қамтамасыз ету.

Білім беру үрдісі - түрлі элементтерден тұратын тұтас жүйе, осы жүйенің дұрыс құрылуы балалардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар, білім берудегі интеграция - ол баланың жеке тұлғасының іс-тәжірибелік, еріктік, қызығушылық қабілеттері мен көңіл-күй мүдделерін қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Демек, «Интеграция» педагогикада үлкен маңызға ие ұғым. Өйткені мүмкіндігі шектеулі жанның өміріне араласу, оны жалпы адамзаттық ортаға енгізу оңай міндет емес. Дамуында ерекше қажеттіліктері бар жандардың барлық әлеуметтік нысандардың қызметіне қатыса алатындай нақты мүмкіндігі болуы керек. Интеграция идеясы, мүмкіндігі шектеулі жандардың тұрмысы мен өмірі, тұтас қоғамның жағдайы мен тұрпатына барынша сай болуы тиіс дегенге саяды.

Сонымен, білім беру жүйесін интеграциялау тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауда, ерекше қажеттілігі бар жандардың қалыпты адамзат өмірінде өз орны бар екендігін сезіне отырып, білім алуы, тәрбиеленуі, өмір сүру қабілетін арттыруы деп айта аламыз.

Кейінгі жылдары XX ғасырдың 80 жылдарында АҚШ -тың жалпы мектептегі әдістемелік және дидактикалық, ұйымдастырушылығының маңыздылығы білім беру жүйесіндегі педагогика ғылымында интеграция «дұрыс» терминологиясының орнына біріктіріп оқытудың жағдаяттың таңбалаушы жаңа ұғымның пайда болуы мен оны қолдануға (түзетуге) септігін тигізді: ол «inclusion», «инклюзив» (лат. *includio* кірістіремін, қосамын) – бұл жаңа халықаралық құжаттардың арқасында бүкіл әлемге түбегейлі таралып барлық дамыған елдер үшін білім беру саласына басты бағыт ретінде қалыптасты. Оған 1994 жылы Испанияда шыққан «Саланман Декларациясы» құжаты себеп болды [2, 160 б.]. Инклюзивтік білім беру идеясының туындауы балаларды бір-бірінен ажырататын қарама-қайшылықтарды жою мәселесіне бағытталады.

Инклюзивия ұғымына терең үңілсек, бұл - даму мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыпты дамыған балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы жеңілдетілген оқыту жүйесі ретінде, қазіргі таңда мүгедек балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының

қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын білім беру процесі.

Инклюзивті білім берудің басты мақсаты, балалардың дене, психикалық, зияткерлік, мәдени-этникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беруде, кедергілерді жою арқылы ерекше қажеттіліктері бар балалардың қоғамдық ортаға қосылуын, олардың әлеуметтік бейімделуін анықтау.

Әлемде осы мақсатқа сай білім беру жүйесінде ерекше қажеттіліктері бар жандардың жалпы білім алуын қанағаттандыру үшін мектептерде тиімді жағдай жасалуда. Ерекше білім алу қажеттілігі бар балаларды оқытуда олардың мүмкіндіктеріне, мектеп жетістігінің нормаларына, қоғамдағы мінез-құлық пен тәртіп қағидаларына сай болмауынан қиындықтар туындайды. Дамуында айрықша белгілері бар балаларды оқытуда туындаған кедергілер, белгілі бір қосымша немесе арнайы бағдарламаның, қосымша қызметтің, не өзгеше материалдың болуын талап етеді. Осы ретте «инклюзия» термині білім беру үрдісіне көмекке келеді.

Инклюзия қазіргі таңда барлық әлемде жүзеге асырылуда, бұл, жеке қажеттілікті түзету, педагогикалық қолдау мен бейімдеу, баланы емес, балалардың білімдік сұраныстары мен жеке ерекшеліктеріне ортаның, отбасының белсенді қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыру. Сондықтан, ерекше қажеттілігі бар балаларды оқытып, тәрбиелеуде туындаған мәселе бойынша жұмыстар атқару, шешімін табу жолдарын оңтайландыру педагогтарға қойылған басты міндет. Әрбір баланың психологиялық-физиологиялық дамуы қоғамдық, әлеуметтік талаптарға сәйкес болуы не болмауына қарамастан баланы жеке тұлға ретінде сыйлау, оның жеке даралығын қабылдауды қамтамасыз ететін инклюзивті білім беру идеясының таралуы әлемде білім беру үрдісінің жаңа талаптары мен міндеттерін шешуді талап етеді.

Еліміз тәуелсіздік алғалы барлық сала бойынша көптеген өзгерістерді басынан кешуде, соның ішінде білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі; әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған негізгі қағидастарын алуға болады [3, 9 б.].

Қазіргі заманғы дамыған демократиялық қоғамдастықтың білім беру жүйесі жеке тұлғаның білім алу қажеттіліктеріне сай болуға бағытталған, оның ішінде:

– жеке дара бейімділігін, мүдделерін, себептері мен қабілеттерін, толық және түрлі тұлғалық қалыптасуындағы және дамуындағы қажеттіліктерін ескеру (тұлғалық жетістік);

– жеке тұлғаның әлеуметтік ортаға кірігуі және қоғамдық өмірде жемісті еңбек ету қажеттіліктерін ескеру (әлеуметтік жетістік);

– жеке тұлғаның әмбебап еңбек және практикалық білік дағдыларын менгеруі, мамандық таңдауға дайындық қажеттіліктерін ескеру (кәсіби жетістік).

Демек, біздің ойымызша, «инклюзия» және «интеграция» бірін-бірі толықтырып отыратын, білім беру үрдісіндегі аса маңызды, жауапкершілікті қажет ететін ұғымдардың бірі. «Интеграцияда» дамуында ауытқушылығы бар балаларға дәстүрлі қызмет көрсетіледі, яғни: олар жалпы білім беретін мектепке барады, бірақ басқа дені сау балалармен қатарласа отыра алмайды, арнайы сыныптарда оқиды да ал инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға теңдей қоғамдық өмірге белсене қатысуға мүмкіндік береді. Сондықтан, инклюзивтің интеграциядан айырмашылығы, бұл – ерекше балалардың арнайы сыныптарда емес, құрбыларымен бір сыныпта отырып оқуға мүмкіндік алуы.

Негізгі инклюзивті білім беру міндеттерінің бірі, кез-келген білім беру мекемесі айрықша қажеттілігі бар балалар үшін тиімді жағдайлар жасай алады. Осыған орай инклюзивті білім берудің негізгі белгілері болып:

– дамуында айрықша белгілері бар балалардың өзі қалаған немесе таңдаған мектепке бара алуы;

– балаларды бөле-жарудың болмауы, аралас топтарда оқуы;

– жас ерекшелігіне сай сыныпта теңдей білім алуы;

– білім алуға әрекеттесе шешілген және арнайы қарастырылған әдіс-тәсілдердің болуы;

– мекеме ұжымның кедергілерді жою барысындағы біріккен жұмысының нәтижелілігі жатады.

Қорыта келе, білім берудегі интеграция және инклюзивті білім беру мәселесі күрделі. Әлі де талдауды, кедергілерді жоюда шешімдер табуды көздейді. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастыруға болады [4,188 б.]. Мұндай білім негізінде барлық адамдарға тең құқылы қарым-қатынас, арнайы білім беруді қажет ететін балаларға арнайы жағдай жасау, жеке түзеу-дамыту бағдарламаларын іске асыру қажеттілігін қанағаттандыру ойластырылған. «Инклюзия» әел баста-ак

адамдардың ізгілік, адамгершілік құндылықтарынан туындаған көрініс екені анық. Сондықтан, тәрбие берудің негізгі мәйегі – мейрім мен сүйіспеншілікте. Бала кімнен мейрім көрсе, сол адамды жақсы көреді. Ендеше сүйіспеншілік – бала тәрбиесіндегі басты қағида. Мүмкіндігі шектеулі балалар қоғамда шет қалмауы тиіс деген ұғым әр адамның жүрегінде орын алуы керек. Олардың дені сау балалармен бірдей дәрежеде білім алып, өмірге көзқарастарының жақсы деңгейде қалаптастырудың негізін қалау, оларды қолдау қазіргі адамзат қоғамының міндеттерінің бірі. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы. Бүгінгі бала - ертенгі қоғам адамы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ақбергенова Ш.Т., Исабаева З.М., Жумадилова Г.Қ. Инклюзивті білім беру жүйесіне тарихи шолу І.Жансүгіров атындағы ЖМУ Вестник – 2012. 37 бет.

2 Тебенова К.С., Каргин С.Т., Заркенова Л.С., Рымханова А.Р. Основы инклюзивного образования. Учебное пособие – Алматы – 2017. 160 бет.

3 Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. (3-бап, 1,2,3 тармақтары)

4 Аққожина Р.С. Инклюзивті білім беру – қоғам қажеттілігі. «Инклюзивті білім берудің теориялық және тәжірибелік өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары – 2016. 188 бет.

5 Малофеева Н.Н. Понятия «интеграция» и «инклюзия» в специальном образовании. Педагогическое мастерство - электронный журнал. info@pedm.ru

6 Ерифиренко О.Ф. Инклюзия и интеграция в образовании. Педагогическое мастерство - электронный журнал. info@pedm.ru

ОРТА ЖҮЗДІҢ БОЗ АРҒЫМАҒЫ – САҚҚҰЛАҚ БИ

АХМЕТКАЛИЕВА Н. Б.

студент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ.

ҚАРИМОВА А. Е.

т.ғ.к., доцент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,

Павлодар қ.

*Ақыл – адамды аздырмайтын ем,**Білім – таусылмайтын кен,**Адамның басшысы – ақыл,**Жетекшісі талап,**Шолғыншысы – кәсіп,**Қорғаны сабыр,**Қорғаушысы – мінез.***Саққұлақ би**

Ел қамын жеген ерлер, олардың сөзін сөйлеп, жағдайын ойлаған шешендер, билер өмір сүрген замандарда би де, шешен де, абыз да халықтың көкейіндегісін жарыққа шығарған әділет жоқшысы болған. Биді, шешенді, абызды билік те, барлық та жасай алмаған. Би, шешен, абыз тұғырына топты жарып, таразы басын тең ұстап, әділін қара қылды қақ жара айтқан кісілер көтерілген. Билік айту, шешендік, абыздық – табиғи дарындылық, асыл текті ақылдылық, арғыны көре білу, көсемдік істеу, ақпа-төкпе шешендік - көшпелі ел өмірінің қасиетті өнері.

Қазақтың атақты билері Төле, Қазыбек, Әйтеке билерден қалған данышпандық сөз дәстүрі ғасырлар бойы үзілген емес. Олардан жеткен мұраны Мұхтар Әуезов: «Ауызша әдебиеттің ішінде елдің белгілі ұғымын білдіретін, жалған дүниеге көзқарасын сездіріп, өткенді қалай түсінуін көрсететін сөздің барлығы да бір-ақ адамға тиісті емес, жалпақ елдің сыбағасына тиетін өнер туындысы», - деп бағалаған. Шешендік сөздер қашан да халықтың қажетті мұрасы болып табылған. Басқа әдебиеттің түрлері сияқты, шешендік сөздер халық өмірінің айнасы, кешегісі мен бүгінгісі. Сонымен бірге олар - тәрбие құралы. Сондықтан оны қазақ халқының рухани және тарихи тіршілігімен бірге жасасып келе жатқан рухани-қоғамдық елеулі құбылыстың бірі деуге болады. Олай дейтініміз-халықтың өткен заманда басынан кешкен өмірі, жақсысы мен жаманы, ерлігі мен елдігі туралы арманы осы шешендік сөздерде көрініп отырады. Қазақ халқы қандай ауыр жағдайда өмір сүрмесін, өзінің сүйікті

би-шешендерінің сөзін жадында сақтап, жаттап айта жүруді, одан үлгі-өнеге алуды тоқтатқан емес.

В.В.Радловтың: «Ертістің шығысында дала қазақтарының молдалары шығарған қол тумалар туындылары болды», - дегені осы өңірде өмір сүрген би-шешен, ақын-жырауларды айтып отырса керек. Осы Ертістің Омбы өңірінде өмір сүрген би-шешендердің толғаулары мен шешендік сөздері өмірдің ішкі-сыртқы өзгерісі, дамуы сияқты құбылыстарға толы. Едіге би, Шоң би, Торайғыр би, Бапан би, Саққұлақ би, Байсерке абыз, Тоқсан би, Домақ шешен, Бектұр ақын, т.б. халық даналығын жырлап, оның асыл ойларын түйіндеп, жұрттың көңілін үлгі-өнеге боларлық аталы сөзге үнемі аударып отырған.

Қара сөздің жүйрігі, арғынның ақсақалы атаған Саққұлақ би бұрынғы Ақмола уезі, Қазіргі Ақмола облысы, Ерементәу ауданында 1800 жылы дүниеге келген. Қазақ халқының тарихында есімі мәлім Қанжығалы Бөгенбай батырдың шөбересі. Тікелей тұқым қуып қарасақ, Бөгенбай батырдың баласы – Тұраналы, одан Бапан би, Бапаннан Саққұлақ би туған. Бұл деректер Кемпірбай ақынның Саққұлақтың өзіне айтқан өлеңінде кездеседі.

Ассалаумағалейкум, боз арғымақ,

Қол бастап, ата жауға тартқан садақ,

Бөгенбай Тұраналы, әкең Бапан,

Ежелден ел қорғаған кәрі аруақ.

Орта жүздің боз арғымағы - Саққұлақтың шын есімі Сәбден (кей деректерде Сәбелен. Орта жүз, арғын тайпасының атақты биі, шешені елге алғырлығы әрі шешендігімен жасынан жақсы таныс болған. Саққұлақ би бала күнінде қатты сырқаттанып, көп уақытқа дейін айықпай, ата-анасын қатты састырса керек. Әке балаға сыншы деген ғой бұрынғылар. Саққұлақ бидің әкесі Бапан бұқарашыл, кішіпейіл, ақиқатты сүйген, рақымды адам болған. Әкесінің осындай қасиеттері Саққұлақ бидің де бойына дарыған. Жас кезінде зерек болып, билердің шешендік өнерімен қатар Тәуке ханның «Жеті жарғысын» жақсы меңгерген екен. Осыған орай ол қазақ даласында өмір сүрген ділмар жыраулардың дастандары мен өсиет-қиссаларын, қазақ халқының ежелден бергі тарихын жетік білген. Мал жайын жақсы білген қолы іскер болыпты. Қарттардың айтуынша табак, саптыаяқ сияқты үй тұрмысына қажетті бұйымдарды сол аймақта одан артық ешкім жасай алмаған көрінеді. «Ермек болады» деп ол кәсібін қартайған шағында да тастамаған екен. Саққұлақ шешен саятшылықпен де айналысыпты. Саққұлақ жасынан зерделі де зерек өскен ол 12–13 жасынан әкесі Бапан бидің қасында жүріп, шешендік

өнерін ұштаған, ел билеу ісіне араласқан. Баласының қабілетін сезген әкесі Сәбденді 15 жасында кішігірім дау-дамайды шешіп келуге жұмсаған. Ол 16 жасында сол өңірде шешендік атағы шыққан Байдалы бимен сайысқа түсіп, Байдалының «Құлағың неткен сақ еді» деген сөзінен кейін «Саққұлақ» атанып кеткен. Саққұлақ бидің «Саққұлақтың Шоқанға берген батасы», «Ақыл туралы», «Шоқанның Саққұлақ биге қойған сауалдарына берген жауабы», «Төрт нәрседен қашық қыл», «Мұсаның өліміне айтқаны», «Орман-тоғай жер сыны», «Жақсы қатын алсаңыз дүр-шекерді», «Қыз күнінде балаң-балаң», «Шоқанның қарындасына айтқаны», Шоқан қазасына орай «Бұл да бір ғалымның бірі еді-ау», «Шыңғысқа өз аузынан айтқан көңілі», «Батырдың басы орда қалар», «Байдалы биге айтқаны», «Ғылым туралы», «Мұсаға айтқаны», «Мүсетке айтқаны», т.б. көптеген шешендік сөздері бар. Саққұлақ бидің Шоқанға берген батасында:

Саққұлақ шешен Шоқанның білімі мен мінезіне қатты риза болып еліне аттанарда былай деп бата берген екен:

Біліп тұрған бала екенсің,
Туысындағы дана екенсің.
Айла-ақылы дарыған,
Атаң Абылайдың
Тап өзіндей хан екенсің.
Өсе берсін бақытың!
Үстінде ағар тақыттың!

Сонда Шоқан «Ақсақал, тақыт дегеніңіз артық болар», деп жымысып, езу тартқан екен. Саққұлақ би оған іркілмей: «Мынаны қазақ тақ дейді ғой, білімпазым», - деп қасында тұрған орындықты көрсетіпті. Бұл тұғырыңнан таймай өт деген сөзі екен.

Саққұлақ шешеннің Шоқан өліміне арнаған екі көңіл айтуы бар. Біреуі әкесі Шыңғысқа хат арқылы, екіншісі Шыңғысқа өз аузынан айтқаны. Алғашқысы қалың елдің қайғылы халін байқату сарынындағы, яғни халықтық жұбату түріндегі сөз.

Бұл оқиға 1866 жылы көктемде Ереймен жерінде Шешен ауылы әлі жайлауға көшпеген кезде болған екен. Саққұлақ үйінің алдына бір кеште суыт жүрген пәуескелі біреулер келіп тоқтайды. Олар – Шыңғыс сұлтанның Баянауылға, Шоқанның нағашысы Мұса мырзаға жіберген кісілері екен. Бұлардың суыт жүрулерінің жәйі – Шоқанның өлімін Мұса Шорманұлына естіруге бара жатқан қара хабаршылар екен. Бұлардың басшысы – Тұрлыбек ұлы Жүсіп мырза Саққұлақтың құдасы.

Шоқанның қазалы хабарын естігенде, салқынға белін қаптырып алып, науқастанып қалған Саққұлақ, басын көтеріп алып:

«– Ah! Ah! О, шіркін ажал-ай! Саған да жарқыраған жанат, қылшылдаған болат керек екен ғой! Болмас! Болмас! – деп күйінішті өкінген екен де жолаушыларға қарап:

– Алла марқұмның алдын жарық, артын хайырлы етсін!», – деп көңіл айтып, бет сипап, дұға оқыған екен.

Жүсіптердің қайтар жолда соқпай, Аюлы-Нияздытып өтетінін естіген Саққұлақ кенже баласы Ералыға Шыңғысқа хат жаздырады. Ол хатта Шыңғысқа білдірген көңілі:

«Ескендір жиһанды кешті,
Жәмшит адамның майын ішті,
Неше ғалым бұл дүниеден көшті
Айла таппай бәрі де өшті.
Бұл да сол ғалымның бірі еді-ау,
Арманына жетпей кетті-ау!
Ақсұңқар тұғырдан ұшты,
Ауырлық сізге түсті.
Мезгілсіз салған бұғалық,
Өзіңізге денсаулық,
Хайырлы хаза болсын!» [5,100 б.].

Саққұлақ шешеннің қысқа-қысқа екі-төрт тармақтан тұратын немесе бір-екі ауыз сөзден тұратын терең талғаммен толғаған ойлары мәнділігімен құнды. Осы Саққұлақтың алғыр ойшылдығынан бір-екі мысалдар келтірелік.

«Адам баласына тән, бір-бірінен туындайтын үш қасиет бар: ол – қылжаңдық, мылжыңдық, алжушылық. Жасында қылжаң болған адам өскенде мылжың болады, қартайған соң мылжың адам алжиды», - дейді. Шешен өмірдің өнегелі тағылымдарымен қатар өкінішті сабақтарын, дүниенің сұмдығы адамның жаман мінезінен байқалатынын, одан сақтануға шақырып, мұны барлық адамға бірдей міндет етеді. Шешеннің «Бас болатын жігіттің бес белгісі болмақ: тыңдай білу, сыйлай білу, сынап білу, жылай білу, шырай беру», - деген ойларынан ұлылығын танығандай боламыз. Жоғарыда келтірілген екі сөзіне қарасақ, Саққұлақ шешеннің өзіне дейінгі би-шешендерге қарағанда сөзі салмақты, талғамы терең, мағынасы кең ой қорытудың жолын өрнектеп айта білгендігін байқаймыз. Көбінесе адам құлқын, жан дүниесін, қадір-қасиетін әңгіме етеді.

Қанжығалы Бөгенбай батырдың сүйегі Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жерленгені тарихтан белгілі. Саққұлақ шешеннің зираты бүтін кезінде көз тартатын ғажап мазар болған дейді оның ұрпақтары.

Саққұлақ би кесенесі - сәулетті ескерткіштердің бірі. Ақмола облысы Ерейментау қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 24 шақырым жерде, Қоржынкөл көлінің солтүстік-шығыс жағалауындағы ашық далада орналасқан. Кесене 2006 жылы «ҚазЖоба қалпына келтіру» Республикалық мемлекеттік кәсіпорыны ғылыми-зерттеу және жобалау филиалының Жиынтық бөлімімен (жетекшісі Г.Қамалова) зерттелген. Қанжығалы руының биі Саққұлақ кесенені 1880 жылы өзінің үлкен ұлы Нұралы үшін салдырған. Нұралының қабірінен құлпытас сынығы Бөгенбай батыр атындағы Ерейментау тарихи өлкетану мұражайында сақтаулы. Саққұлақ би кесенесі өлшемдері 33x140x70 см. шикі кірпіштен салынған. Қасбеттерінің қырларында екі тірек аралығының доға тәрізді жабыны мен бос жерлері бар сегізқырлы күмбезді көлем түрінде болды. Сегізбұрыштың оңтүстік-батыс қыры кірпіштің екі төменгі қатарына дейін бұзылған қалған қырлардың қабырғаларының қалдықтары 2,5 метр биіктікте сақталған. Екі тірек аралығының доға тәрізді жабыны ойық түріндегі кесенеге кіріс-шығыс жағынан орналасқан. Ұрпақтарының бірінің аты жазылған ескі тастың жанындағы батыс қабырғаның маңында Саққұлақтың өзінің және екі ұлының аттарымен және өмір сүрген уақыттарымен үш жаңа қабірүсті ескерткіш орнатылған. Саққұлақ би Қоржынкөл көлінің жағалауындағы Бөгенбай батыр ұрпақтарының қорымына жерленген. Мазарын халық шебері Рысқұл орнатқан. 2000 жылы Саққұлақ би кесенесінің қирандысына орталық композицияның сегізқырлы күмбезді саркофағы салынып, толық қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген. Ескерткіш мемлекет қорғауына алынған.

Біздің қолымыздағы Саққұлақ шешеннің сөздерінің тақырыбы өр алуан. Бұл сөздерде мазмұнына қарай арнау да, толғау да, дау да кездесе береді. Саққұлақтың жиырмадан астам сөздері дәл осы шешеннің сөздері болып қабылданып жүр.

Оның шешендік толғауларына «Ғылым шала ақылды кісіні бүтін ақылды қылады», «Аңсағанда ішкен су», «Қыз күнінде балақ-балақ», «Ақыл – аздырмайтын ем», «Орман-тоғай – жер сыны», «Ағасы бар дұшпанға құрған аудай» т.б. толып жатқан шығармалары бар.

Саққұлақ шешеннің сақталған мұрасын зерттеу ісі қолға алынбай келеді. Шешендік өлең-толғаулары мен билік сөздерін, оның көркемдігін, тіл байлығын тексеруде бірлі-жарым адамдардың

жанашырлық көрсеткені болмаса, әдебиетші ғалымдар әлі қолға алып, ауыз тұшырлық ой-пікір білдіре қойған жоқ.

Саққұлақ мұрасынан байқайтынымыз: біріншіден – сөздерінің тікелей шындықты сипаттайтыны, екіншіден – халық бұқарасының мүддесін үнемі жоғары ұстап отыратыны.

Ғалым Б.Адамбаев: «Талапты жастар үлкендерден, қариялардан өнер-білім үйренуді, өздеріне міндет, мұрат тұтқан, жақсының атын ерттеп, қасына ертіп, үлгі-өнеге алуды ар-намыс санамаған», - дей келіп, «Қандай болмасын белгілі бір өнер саласында атағы шыққан адамдардың барлығы да осындай «халық мектебінен» тәлім-тәрбие алып, үлгі-өнеге алған», - дегені Саққұлақтың өзіне де, балаларына да тікелей қатысы бар сөздер.

Оның шешендік нақыл сөздерінен елдік пен ерлік, ғылым, білім, жақсылық пен жамандық туралы терең философиялық ой-түйіндерді байқауға болады. Басқа би-шешендердей емес, Саққұлақ би өзі айтқан билік сөздері мен басқа билердің аталы сөздерін, бағалы ойларын үнемі қағазға түсіріп жүрген. Кісі қолынан қаза тапқан би Бөгенбай батыр ұрпақтарының қорымына жерленген. Саққұлақ биден 7 ұл қалған. Нұралы, Ералы деген ұлдары әкесіне тартып би-шешен болған. Ералының «Жантай» деп аталатын дастанын С.Сейфуллин жазып алып, «Әдебиет майданы» журналында (1936 ж.) жариялаған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл. – 695 б.

2 Қазбеков М. Қазақтың би-шешендері. 1-кіт. – А.: Ғылым, 1993. – 236 б.

3 Омбы өңірі қазақтарының 18 – 20 ғасырлардағы әдеби шығармашылығы. - А.: Өнер, 2001. – 187 б.

4 Даланың дара ділмарлары.-Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі», 2001. - 592 бет.

5 Жәніс Ә.Т. Бөгенбай батыр (ХУІІІ ғасырдың ұлы қайраткері). – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006. – 212 б.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ТАРИХИ ЖОЛЫ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТТІЛІГІНІҢ ӨЗГЕШЕЛІГІ

АХМУЛДИНОВ Б. Т.

магистрант, С.Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

МАМЫТОВА С. Н.

т.ғ.д., профессор, С.Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақстанның бүгінгі тәуелсіздігі ата-бабамызбен көптеген жүзжылдықтар бойы қаланған мемлекеттілік іргетасына негізделген. Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы мен дамуы мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып табылады және ғылыми ортада да, сондай-ақ ел арасында да талқылануда. Көбісі Қазақстанның мемлекеттік дәстүрлерінің, қазақтардың этникалық түп-тамыры сияқты ежелгі тарихы бар дегенмен келіседі. Оны ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев та атап өтті: «Біздің дала өркениетіміздің тарихы бай және ол бірнеше мыңжылдықты қамтиды. Бұл азапты жолдың әртүрлі кезеңдерінде әртүрлі жерлерде бірнеше рет біздің мемлекеттілігіміздің негізі салынып, жалауы көтерілді» [1, 59 б.].

Қазақстанда ұлттық мемлекеттілік идеяларын даярлау XIX ғасырдың бірінші жартысында сол кезеңнің Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин сынды алдыңғы қатарлы ойшылдарымен басталды. Олардың ағартушылық қызметі ұлттық мемлекеттілік идеологиясының қоғамдық сана-сезімге әсерін арттырды. Бұл әсіресе XIX ғасырда Қазақстан Ресей империясының колониясына айналғанда ұлттық идеология бәрібір өмір сүруін жалғастыра беруі арқылы танылды. Қазақ ағартушыларының әлеуметтік бостандық, ар-намыс бостандығы, құқықтық мемлекет идеялары қоғамда кеңінен танылды.

Ұлттық мемлекеттілік концепциясын қалыптастыруда «Алаш» партиясының қызметкерлері маңызды рөл атқарды. Бұл қозғалыстың көрнекі өкілдерінің еңбектерінде ұлттық мемлекеттілік идеологиясының элементтері қалыптасқан негізгі көзқарастар баяндалған. Бұл көзқарастарға: қоғамда әлеуметтік теңдік пен әлеуметтік әділеттікті бекіту идеясы; қоғамды құқықтық мемлекет құруға жетелеу идеясы; мемлекеттік билік институттары бүкіл халыққа қызмет ету керек деген фундаменталды норманың апологетикасы; азаматтық қоғамның өзін өзі басқаратын құрылымдарды дамыту қажеттігі; ғылым мен білімді қоғам мен мемлекеттің әлуметтік даму прогресі ретінде дамыту міндеттілігін жатқызуға болады. Бұл идеяларды практикалық іске асыру талпыныстарын келесі

алаш қозғалысы өкілдерінің қызметінен байқауға болады: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұв, Х. Досмұхамедов, М. Сералин және басқалары. Ұлттық идеологияны таратудағы маңызды рөл баспа сөзіне берілді. Олардың патриоттық күш-жігерлерінің арқасында «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы басып шығарылды [2, 66 б.].

Кеңес үкіметі кезінде қазақ ұлттық мемлекеттілігінің мәселесін академик М.К. Қозыбаев белсенді дамытты. «Откуда «есть - пошла» казахская земля» мақаласында ғалым қазақ этносы мен мемлекеттілігінің генеалогиялық терең түп-тамырлары туралы баян етті. Ежелгі қайнар көздерді зерттей отырып, ол қазақтардың пайда болу кезеңдерін, эволюция факторларын, және мемлекеттіліктің пайда болу мен қалыптасу ерекшеліктерін сараптады. Көшпелі халықтарға тән ерекшелік қазақ мемлекеттілігінің артта қалып қоюы мен кеш дамуы туралы көзқарасқа қарсы шыға отырып, ол «қазақ халқының тарихы дүниежүзілік тарихи прогресс контекстінде үйлесімді дамып келе жатқаны туралы куәлік етеді» деп басып айтты. Еуразиялық кеңістіктің орталық территориясында бірегей геосаяси орналасуы Қазақстанды оның тарихының дамуында азия және еуропа үрдістерін тығыз шиеленістірген түрік және славян халықтарын байланыстырушы буынға айналдырды. Кең дала жазықтарында басты рөлді көшпенділік атқарған дала және отырықшы өмір сүру қалпының өзіндік синтезі болып табылатын қайталанбас өркениет құрылды. Бүгінгі таңда көшпенді өркениет туралы пікірталастар өзінің өзектілігін мәселенің айтарлықтай жеткілікті ғылыми даярлығы үшін жойды (дегенмен пікірталас іздері әлі де ғылымиға жақын әдебиеттерде байқалады), Еуразия халықтары арасында көшпенді өркениеттің жоғары дамығаны туралы қорытынды көптеген беделді ғалымдармен мойындалған. Қазір қазақтардың мемлекеттік құрылымының пайда болу себептерін зерттеген кезде ең алдымен Қазақ мемлекетінің барлық тарихи дамуында ізін қалдырған көшпенді өркениет пен оның еуразиялық мәні концепциясына негізделген әдісті қолданады. Және дәл осы факторларға байланысты дала қазақтары өздерінің бірегейлігі мен көпшілігін сақтап қала алды [3, 18 б.].

Бірақ қазақ мемлекеттілігінің тарихи түп-тамыры қайда және оның қалыптасу уақыты қайсы деген мәселелерді шешуде пікірталастар әлі де сақталуда. Белгілі түркітанушылар Ә. Х. Марғұлан, Л.Н. Гумилев, С.Г. Кляшторный және басқалары біздің мемлекеттілігіміздің түп-тамырын Ұлы түрік мемлекеті кезеңімен байланыстырады. Академик М.К. Қозыбаевтың ойынша ол әлдейқайда ерте, ерте көшпенділік заманынан бастап қалыптаса

бастады. М.К. Қозыбаев б.д. дейін VIII–VII ғ.ғ. «...Ұлы далада өндірістің көшпенді тәсілі қалыптасты, сақ-үйсін (Жетісуда), қанлы (Арал маңында), ғұн (Қазақстанның Солтүстік-Батыс бөлігінде), алан (Батыс Қазақстанда) этномәдени қоғамдары қалыптаса бастаған» уақыт болды деп есептейді. М.К. Қозыбаев оларда мемлекеттілікке тән келесі белгілердің болуын атап өтті: билік, халық, әскер, аумақ, оның бөліктерге бөлінуі, көршілес елдермен сыртқы байланыс. Ол әсіресе ежелгі түріктер - ғұндардың рөлін атап өтті, олар басқалармен салыстырғанда билік құрылымында көп жетістіктерге жетті [4, 101 б.].

Әрі қарай ғұндардың және олармен ассимиляцияланған сақтардың, үйсіндер мен қаңлылардың этномәдени қоғамдары жаңа даму сатысы – протомемлекеттік аумақтық-әкімшілік бірліктер – түрік қағанаттарына өтті. Олардың билік құрылымдары мен басқару аппараттары әлдеқайда жетілген болды. Рубасылық иерархияның орнына саяси келді. Саяси пирамиданың басында қағандар тұрды, бастапқыда олар сайланып, сосын өздерінің лауазымдарын мұрагерлік жолмен беріп отырды. Осылайша, билік басылары үшін өздігінше жеткілікті және бағалы құрылым құрылды. Бұл мемлекетке тән мемлекеттік құрылым ерекшеліктері бар түрік қағанаттарының біртіндеп дамуына жағдай жасады. Бастапқыда бұл функциялар қарапайым болды және басымдығы бойынша жаңа территорияларды жаулауға бағытталды. Мемлекеттің басқа да маңызды функциясы пайда болды - дәнекерлік. Қаған әділеттілік белгісіне айнала бастады, ол сыртқы «мүдделі емес» күшке айналды, оған ішкі даулардың шешілуін, сотты тапсыруға болады. Сонымен бірге қаған құқық көзі болған жоқ, ол тек түрік ортасында дәстүрлі жолмен құрылған құқықтық нормалардың тасушысы мен жеткізушісі болды. Сонымен қатар, атап өтетіні, алдағы өткен кезеңге қарағанда түрік қағанаттарының кезеңі экономикалық гүлденумен, саяси күшпен, түріктердің құқық шығармашылығының дамуымен сипатталады. Бұның барлығы заманауи Қазақстан мен жақын жатқан аумақтардың бірқатар мемлекеттер тарихының өрбуіне жан-жақты әсер етті. Түрік қағанаттарының кезеңінде М. К. Қозыбаевтың айтуынша, «мемлекеттік ұйымдастыру, әкімшілік, қаржылық, салық жүйесінің орасан тәжірибесі жиналды. Бұл тәжірибе мемлекеттілік пен монғолдардың ұлы державалығын құру сатысына айналды» [5, 1–5 б.].

Қазақстан территориясында мемлекеттік құрылуының келесі кезеңі монғол және постмонғол кезеңімен байланысты, бұл кезде монғолдардың Ұлы империясы, кейіннен Алтын Орда орнында Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы, Моғолстан, Ноғай Ордасы құрылды. Бұл

мемлекеттілік дәстүрінің дамуында маңызды кезең болды. Жоғары аталған хандықтардың пайда болуы шаруашылықтың және олардың құрамына енген жерлерде экономикалық-мәдени байланыстардың нығаюына әкеп соқтырды. Халықтың түрлі қабаттары тығыз байланысқа түсе бастады. Бұның барлығы бір жағынан этникалық топтардың тіл, материалды және рухани мәдениет бойынша жақындасуына, екінші жағынан хандыққа қоғамның ішкі мәселелерін шешуге де, сондай-ақ сыртқы экспансияға тойтарыс беруге күш берді.

Шығыс Дешті Қыпшақ, Жетісу мен Түркістан жерінің орасан зор аумағында болған табиғи экономикалық интеграция мен күрделі этносаяси және этномәдени үдерістердің эволюциялық циклы Қазақ Хандығының құрылуымен аяқталды. Оның пайда болу уақыты - 1465–1466 жж. – ұзақ уақыт және осы уақытқа дейін XVI ғасырдың ең ірі сараптамалық Мұхамад Хайдар Дулатидың «Тарихи Рашиди» трактатына сай анықталуда. Автордың назарында Моғолстан тарихы болғанына қарамастан, онымен ұсынылған материалда Қазақ хандығының құрылуы мен дамуының негізгі сәттері туралы құнды деректер бар. Жәнібек пен Керей хандардан билік пен жерге таластың ең ауыр кезеңдерінде қазақ жерлерінің бірігуінің жаңа жолы бастау алады. «Сол уақытта, Дешті Қыпшақта Әбілқайыр хан билік етті. Ол жошыдан шыққан көптеген сұлтандарға маза бермейтін. Жәнібек пен Керей одан Моғолстанға қашты. Исан Бұға хан оларды құшақ жая қарсы алып, оларға Моғолстанның батыс аймағын құрайтын Шу және Қозы Баши аумағын берді. Сол кезде олар сол жерде билік құрып, Әбілқайыр ханның өлімінен кейін өзбек ұлысы күйреп, тәртіпсіздіктер басталды. Оның бағыныстыларының көп бөлігі Жәнібек пен Керей хандарға қоныс аударды» деп жазады мырза Хайдар. Талас пен Шу өзендерінің аңғарында, Батыс Жетісу жерлерінде құрылған Қазақ хандығы Керей мен Жәнібектің басшылығымен екі жүз мың адамды құраған қазақ тайпалары мен руларын қамтыды. Сол кездің санағы бойынша ол айтарлықтай күш болатын [6, 66 б.].

Қазақ халқының өзінің мемлекеттілігін құруға деген орасан зор талпынысын көріп, Керей мен Жәнібек ол талпынысты дамытып, дұрыс бағыттады. Олардың билік ету жылдарында шаруашылық өмір жақсарды, ал ол өзіндік сауда қарым-қатынасының тұрақты жүйесін қамтамасыз етті. Адам ресурстарының толықтырулармен және жерлердің кенеюімен мемлекет дами түсті. Қазақтардың мемлекеттік территориясы XV екінші жартысында – XVI ғасырдың басында олардың этникалық территориясының айтарлықтай бөлігін қамтыды.

Бұл кезеңде мемлекеттің саяси ағзасы берік болып, оның еуразия аймағының елдері арасындағы беделін нығайта түсті.

Сыртқы саясаттың негізгі мәселесі геосаяси көшбасшылық үшін күрес және Қазақстанның оңтүстігіндегі сауда жолдарынан түсетін пайда болды. Бұл аумаққа көптеген шығыс сұлтандары қызыға қарады. Және бұл аумақтың керемет жайылымдарын ескере отырып, осы аумақ үшін күрес күрделі және созылмалы болды, себебі оның әскери-стратегиялық маңызы зор және оңтүстік шекараны нығайтуға өте қажет болды. Сырдария маңындағы қалалар аумағындағы оңтүстік жерлер үшін тартысты күресте Керей мен Жәнібектің жеңісі айқын болды. Оның бірнеше себебі бар: біріншіден, көп халық бөлігі сол жерлердің заңи иелері ретінде қазақ хандарын қолдады; екіншіден, Қазақстанның оңтүстік бөлігі үшін тартыста өзінің бәсекелестерін өз жағына аударған икемді саясаткерлер мен батыл әскербасылары Керей мен Жәнібектің жеке бас қасиеттерімен қамтамасыз етілген Жетісудағы берік сүйеніштің болуы [6, 68-69 б.].

Билеуші мен қолбасшыға тән көзге түсер талантымен Қасым хан көзге түсті. Парасатты және икемді саясатының арқасында ол ыдырап кеткен мемлекетті біріктіріп, Дешті Қыпшақты өзіне бағындырды, бағыныстылар санын миллионға дейін жеткізді. Ол оның билік етуші жерлеріне еш ойы жоқ Мәскеу билеушісі, моғолстан ханы сияқты көршілес мемлекеттермен бейбіт қарым-қатынас орнатып, өзін шебер дипломат ретінде танытты. Оның билік етуі кезінде Қазақ хандығы туралы алғаш рет Батыста естіді. Қасым ханның өлімінен кейін ел қайтадан талан-таражға түсті. Келесі басшылардың басшылық ете алмауы салдарының нәтижесі стратегиялық маңызды оңтүстік аумақтан айырылып қалу мен хандықтың құлдырауы болды.

Қазақ хандығында оң өзгерістер хан тағына Қасым ханның ұлы, жас басшы Хақ-Назардың келуінен басталды. Өте күрделі ішкі жағдайларда, орыстар, жоңғарлар, сібір татарлары, башқұрттар, ноғайлар тарапынан төніп тұрған қауіпке қарамастан ол әкесі Қасым ханның белгілеп кеткен шегінде хандық шекараларын қорғап қалды. Ол өзінің басшылық ету кезеңінде Арал мен Сырдария маңынан Жайық пен Ембіге дейінгі жерлерді өзіне қаратты. Сырдария маңындағы қалалар үшін, Қазақстан оңтүстігінің отырықшы-егіншілік аудандары үшін болған көпжылдық соғысты Шығай хан мен оның ұлы Тәуекел хан жалғастырды. Бір жағынан бұл соғыстар мемлекеттің әлсіреуі мен құлдырауына әкелсе, екінші жағынан оңтүстік аймақтардың жалпы территориямен бірігуі хандықты нығайтып, байытуға мүмкіндік берді. Бірақ күн санап артқан XVII

ғасырдағы қайшылықтар Қазақ хандығын дамуы жағынан тағы да артта қалдырды. Өзара тартыстың астанасын Түркістан деп жариялаған Тәуекел ханның үлкен ұлы Есім хан мен Ташкентке қоныстанған Тұрсын ханның арасында болды. Қазақ хандарының тартыстарын, мемлекеттің бөлек жүздік аумақтық шектерде ыдырап кетуін пайдалана отырып, қазақ жерлерінде ортаазиялық басшылар шаруашылық етті. Ондай жағдайларда сыртқы қысым үдеп, мемлекеттіліктің жойылып кетуіне жоңғарлар үлкен қауіп төндірді. XVII ғасырдың 30-40-жылдары Жетісу мен Ертіс маңына үлкен қауіп төнді. Жоңғарлардан қысым көрген қазақтар туған жерлерін тастап, қарақалпақтар, өзбектер, башқұрттар мен ноғайлардың жерлеріне амалсыздан қоныс аударды. 1644 жылы Есім ханның мирасқоры Жәңгір хан аз қолмен жоңғарлардың әлдеқайда басым әскерін қиратты. Бірақ қазақ жерін толықтай басып алу мен халықты жою қауіпі әлі де сақталды. XVII ғасырдың 80-ші жылдарында жоңғар қоңтайшысы Қалдан қарсыласуға қарамай бірқатар қазақ қалаларын жаулап алды. Тұрғындардың көп бөлігі қырылды, ал қалған бөлігі тұтқынға алынды [6, 83 б.].

Қазақ хандығының жаңа көтерілуі Тәуке ханның қызметімен байланысты XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басында қазақтардың күшін қырғыздармен және қарақалпақтармен біріктіріп, жоңғар басқыншылығын тоқтатуға талпыныс жасады. Бірақ сол уақытта пайда болған жағдайға байланысты (шыңғыс хан тұқымының өзара тартыстары, орта азиялық мемлекеттермен күрделі қарым-қатынас) ол міндет өте күрделі және орындалмас болды. Бұл тартыстарды тоқтату үшін, халықты біріктіру үшін, хан билігінің беделін қалпына келтіру үшін Тәуке хан әдет-ғұрып құқығын біріктіретін «Жеті Жарғы» жинағын шығарды, ол заң жинақ мемлекеттік құрылым мен құқықтық тәртіптің негізін қалады. Сонымен бірге ол көршілермен достық қарым қатынас орнатты, бірақ қазақ халқының жартысын қырған «Ақтабан шұбырынды» трагедиясын - 1723-1728 жж. Ұлы жүт жылдарын алдын ала алмады. Бұл кезеңде Шығыс жақтағы ресей экспансиясы кеңейіп, қазақ территориясында беки түсті. Бұл қиын-қыстау кезеңде өзін атақты мемлекеттік қызметкер, қолбасшы және дипломат ретінде Абылай хан танытты. Біздің қоғамда Абылай хан тұлғасы жөнінде әлі күнге дейін пікірталастар жүргізіліп, оның қызметіне түрлі баға берілуде. Абылай ханды кейде қарсыласудың орнына ол Ресей және Қытаймен әріптестікке барды деп айыптайды. Шынымен Абылай хан бұл империяларға қарсы шығу идеясын еш қолдаған жоқ. Ол кезде Ресей

мен Қытайдың күштері өте қуатты еді. Бірақ Абылай ханның екі бағыныстылық саясаты іргелі және тарихи тұрғыда преспективалы болды. Ол өз халқын, этнотарихи тұтастылықты сақтап қалуға талпынды, мақсатты бағытталған мемлекеттік құрылысты жүзеге асырды және сол арқылы далада тыныштықтың орнауы мен экономикалық гүлденуді қамтамасыз етті. Абылай ханның билік ету кезеңі Қазақстан тарихында «алтын ғасыр» болып саналады. Ол Қазақ хандығын Еуразияның ұлы державасына айналдырды, ал оның образы қазақ тұтастығын қалыптастырудағы маңызды факторлардың бірі болып қала береді [7, 32-33 б.].

Қазақ хандығының тарихы – намыс пен таңырқаудың ерекше пәні. Бірнеше жүзжылдықтар бойы Ұлы дала кеңістіктерінде қазақ мемлекеттілігі қалыптасып дамыды, өткен қазақ ұрпағы орны толмас жоғалтулар мен айырылулар арқылы Еуразияның ұлы мемлекетіне айналды, басқыншыларға тойтарыс беріп, бостандық пен тәуелсіздікке қол жеткізді. Қайсарлықтың өзегі әрдайым өз тарихын білуге негізделген жоғары патриоттық рух пен өз Отанына аянбай қызмет ету болып табылады. Азаматтары ел тарихын білетін және қадір тұтатын мемлекетті еш уақыт жеңуге болмайды деп бекер айтылмаған. Сондықтан, біз тарихшылар білгенімізбен бөлісіп, оны қоғам қажетіне жаратуымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Назарбаев Нурсултан «В потоке истории». Алматы, 1998.
- 2 Нурмагамбетова, Р. К. Движение Алаш и Алаш-Орда: историография проблемы, 1920-1990-е годы XX века/Р. К. Нурмагамбетова.-Алматы,2003.-155 с.
- 3 М.К. Козыбаев «Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. Память народа». Книга первая. Алматы, 2000.-420с.
- 4 Досаев У.С. Академик М.Козыбаев: Проблемы становления казахской государственности. //«Материалы республиканской научно-практической конференции» Петропавловск 2004.
- 5 Козыбаев М. Степная цивилизация и ее уроки//Абай.-1998.-№4.-С.1-5.
- 6 История Казахстана в пяти томах. Том 2. Алматы . «Атамұра», 1997 г. 624 с., илл., карты
- 7 История Казахстана в пяти томах. Том 3. Алматы . «Атамұра», 2000 г. 768 с., илл., карты

ОСНОВАТЕЛЬ КАЗАХСКОЙ ПОЛИТОЛОГИИ

ӘЛІБЕК Т. Қ.
профессор, Костанайский государственный педагогический институт,
г. Костанай
ГАБДРАХИМОВА А.
студент 4 курса, Социально-гуманитарный факультет,
Костанайский государственный педагогический институт, г. Костанай

Президент страны Н.Ә.Назарбаев в своей статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» обращает особое внимание на новое гуманитарное образование. Он пишет что «мы должны создать условия для полноценного образования студентов по истории политологии, социологии, философии, психологии, культурологии, филологии. Наша гуманитарная интеллигенция должна быть поддержана государством путем восстановления гуманитарных кафедр в вузах страны. Нам нужны не просто инженеры и медики, но и люди, хорошо понимающие современность и будущее» [1]. Из этого следует, что вузам необходимо изменить прежнее отношение к дисциплинам гуманитарного профиля. Не секрет, что в некоторых вузах такие фундаментальные предметы как социология и политология объединены в один предмет и сокращен объем до двух кредитов. А ведь этих дисциплин Президент страны считает основополагающими в гуманитарном образовании будущих специалистов.

В годы независимости в нашей стране сложилась совершенно новая система общественных дисциплин. В конце 80-ых годов прошлого века в общественном сознании населения СССР произошли коренные изменения, которые означали кризис марксистской идеологии. Такой процесс наблюдался особенно среди студенческой молодежи. Явное подтверждение этому Алматинские события декабря 1986 года. В некоторых вузах страны студенты отказывались изучать марксистско-ленинскую философию, политическую экономию, теории социализма и политическую историю. Требовали включить в учебный план такие дисциплины как политология и социология. В таких условиях кафедры общественных дисциплин вузов спешно перестраивали свою работу. В учебные планы были введены новые предметы. Одной из таких дисциплин явилась политология.

Молодому суверенному государству для осуществления внутривнутриполитической и внешнеполитической деятельности стали необходимы специалисты по политическим отношениям, знающие историю, экономику, политику, государственную систему органов

управления, а также владеющие способами руководства и управления на различных уровнях.

На истоках политических исследований и подготовки кадров по новой специальности стоял доктор исторических наук, профессор, академик Академии естественных наук РК, академик Академии сельскохозяйственных наук Республики Казахстан, академик Академии педагогических наук Республики, основатель политической науки в Казахстане Тлемис Тлеугабылович Мустафин .

В приветственном слове на юбилейном мероприятии, посвященной 75-летию со дня рождения профессора Мустафина Т.Т. в Казахском национальном университете имени аль-Фараби – Премьер-министр РК И.Н. Тасмагамбетов (в настоящее время – посол РК в России) отметил, что он «стоял у истоков становления политической науки Казахстана. Он являлся первым председателем докторского диссертационного совета по политическим наукам в республике, первым Президентом Академии политических наук Казахстана. Под его руководством подготовили и защитили кандидатские и докторские диссертации десятки ученых нашей республики, ближнего и дальнего зарубежья. Многие из них входят в когорту государственных и общественных деятелей» [2, 25 с.].

1991 году он добился открытия в университете новой специальности «Политология», переориентировал тогда кафедру социально-политической теории в выпускающей кафедрой политологии. Это произошло, когда в 1991 году философско-экономический факультет разделился на два самостоятельных подразделения: факультет философии и политологии, факультет экономики и социологии. С 1991-1992 учебного года и по сей день кафедра политологии функционирует в составе вновь образованного факультета [3, 87 б.].

В начале 90-х годов группа ученых КазНУ выехала с первым визитом в Оклахомский государственный университет, в г. Стиллуотер в США. Доминирующую роль в их научных и человеческих контактах играл именно Т.Т. Мустафин, который объединял казахскую делегацию и создавал деловую атмосферу с американскими учеными. Это был первый прорыв ученых университета за пределы суверенного Казахстана, первый мост доверия, который был заложен нашими профессорами. Именно в тот визит были созданы условия для многолетнего научного и образовательного общения между учеными университетов. Еще не так была распространена государственная программа «Болашак», а в Стиллуотере уже учились более 30-ти казахских студентов. Многие из них попали на обучение благодаря

финансированию программы американским университетом, который имел договор с КазНУ [4, 33 б.].

Он является автором более 274 трудов, в том числе 5 монографий, 2 учебника. Под его руководством защитили 25 кандидатских и 4 докторских диссертаций [5,10].

Мустафин Т.Т. родился в 1928 году в небольшом казахском ауле Костанайской области в семье учителей. Его отец был одним из первых советских педагогов. Образование получил в Омск, преподавал русский язык в сельских школах. После окончания семилетней школы Мустафин Т.Т. 1943 году поступает в Мендыгаринское казахское педагогическое училище [6,342-343 бб.].

В 1945 году после окончания педагогического училища, начал свою карьеру в качестве преподавателя в семилетней школе в родном селе. В 1946 – 1951 годы учился на факультете истории Казахского Государственного университета имени Аль – Фараби .

В студенческие годы активно принимал участие в научных кружках, и писал свои первые научные доклады. В старших курсах его назначили председателем студенческого научного совета на историческом факультете. В те времена такие мероприятия являлись новой организационной формой привлечения студентов в области научного творчества. Его однокурсники вспоминают: « он был не только обычным студентом, но и отличался большим желанием глубоко понять предмет» [7, 77 б.].

После окончания КазГУ Т.Т. Мустафина отправили на однолетний курс повышения квалификации преподавателей высших учебных заведений в Среднеазиатский университет имени Ленина в городе Ташкент. Как слушатель курса он совмещал учебу и преподавательскую деятельность в Узбекской партийной школе [8].

Карагандинский период его жизни (1953-1975гг.) было особенно плодотворным. Здесь он от рядового преподавателя вырос до профессора, заведующего кафедрой. В 1962 году он закончил аспирантуру и защитил кандидатскую диссертацию в МГУ имени М.В. Ломоносова. В 1974 году на заседании специального совета Среднеазиатского государственного университета защитил докторскую диссертацию [9].

На кафедре общественных дисциплин где был заведующим Т.Т.Мустафин начинала свою трудовую деятельность в качестве ассистента и один из авторов этих строк. Выпускнику казахской школы, казахского отделения университета было не легко вести занятие в группе с русским языком обучения, да еще на пятом курсе

вечернего отделения, где студенты были старше чем их преподаватель. Но Тлемис-агай говорил, что если есть у тебя глубокие знания то ты можешь его передать студентам на любом языке. На кафедре работали очень опытные преподаватели. Член партии большевиков 1905 года С.Ф.Иванов, старый большевик М.М.Лоншакова, ведущий доцент А.Н.Агафонов которые помогли мне стать настоящим вузовским педагогом [10].

Институт возглавлял тогда талантливый организатор высшего образования, замечательный ученый и просто хороший человек Поспелов Петр Моисеевич. Его ласково называли батей карагандинских врачей и не только Карагандинских а всего Казахстана. Выпускники Карагандинского мединститута работают во многих областях страны. Говорят что самые лучшие врачи Израйля это карагандинцы. Он заботливо относился выпускникам казахских школ, которым два раза было труднее овладеть медицинских терминов. Когда меня привели к нему он поинтересовался на какую тему я написала дипломную работу. Я назвала тему «Ульрих фон Гуттен немецкий гуманист». Он одобрил моего выбора предмета. Ведь мне предстояло вести занятие по курсу «Основы научного коммунизма». Он дальше спрашивает меня не трудно ли будет вести занятие на русском языке. Я ему ответила, что буду осваивать два предмета: со студентами научный коммунизм и русский язык. Ему понравился мой ответ и я с его легкой руки стала вузовским преподавателем [11].

В городе Караганда судьба дала шанс Т.Т. Мустафину работать плечом к плечу с известными учеными руководителями высших учебных заведений республики, с такими как: А. Здравомыслов (философ, социолог, один из основателей социологии в КСРО), Е.Букетов, А.С. Сагинов, П.М. Поспелов и др.

В 1975 году его пригласили в Казахский Национальный университет, где он работал до конца своей жизни. Сначала, открывается кафедра повышения квалификации преподавателей социальных наук в КазГУ имени Аль-Фараби. Спустя год Т.Т. Мустафин назначается заведующим этой кафедры. Под его руководством кафедра показывает лучшие результаты в научно – методических работах и получает призовые места в конкурсах [12, 199 б.]. 1987 - 1988 годы он работал на должности проректора по учебной работе Казахского Национального университета [13, 64 б.].

Профессор Мустафин был прекрасным лектором. Его лекциями восхищались слушатели. Они отличались доходчивостью, аргументированностью, новизной материалов. Он был очень

требователен к себе и к членам кафедры. Т.Т. Мустафин был специалистом своей профессии, уделял очень большое внимание научным исследованиям и того же требовал от слушателей. Профессор Мустафин был прекрасным организатором и поставил на высокий уровень учебный процесс вуза.

По решению Ученого совета КазНУ им. аль-Фараби именем Т.Т.Мустафина была названа одна из аудиторий факультета философии и политологии. Начиная с апреля 2008 года в этой аудитории проводить защита диссертаций всех диссертационных советов по социологии, психологии и педагогике и политологии. Сдесь же проводится заседания ученого совета факультета, круглые столы, научные форумы. И первым таким форумом станет круглый стол – «Актуальные проблемы казахстанской политической науки», посвященный 80-летию Т.Т.Мустафина, который прошел в мае месяце 2008 года в рамках ежегодных Мустафинских чтений. На нем состоялась презентация специального номера информационно-аналитического журнала «Саясат-Policy» и «Казахстанская наука – политология», также посвященного этой памятной для казахстанской политологической науки дате [14, 49 б.].

Хорошей традицией в университете стали конференции в рамках Мустафинских чтений. В конференции всегда принимают участие ученики, коллеги, соратники профессора Мустафина. Особыми гостями на кафедре стали супруга Тлемиса Тлеугабуловича – Марьям Ильясовна и сын – Алмаз Тлемисович. В 2011 году известным политологом Е. Кариным учреждена ежегодная стипендия им. Мустафина [15, 107 б.].

Вся семья Т.Т. Мустафина – это талантливые учёные. Тлемис Тлеугабулович внёс свой вклад в историческую и политическую науку; его жена Марьям Ильясовна Даулетбакова – в медицинскую науку; их сын – в математическую науку. Алмаз Тлемисович Мустафин с его книгой «Принципы самоорганизации в экономической эволюции» известен не только в Казахстане, но и в США, где он преподавал, и в Японии, где он защищал свою докторскую диссертацию. Такими людьми, как Т.Т. Мустафин, М.И. Даулетбакова и А.Т. Мустафин гордится весь Казахстан.

ЛИТЕРАТУРА

1 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру //Егеменді Қазақстан. 2017, 12 сәуір.

2 Тасмагамбетов И.Н. Приветственное слово на конференции, посвященной 75-летию со дня рождения профессора Т.Т. Мустафина // Тілеміс Мұстафин / Құрастырушылар: Г.Ө. Насимова, Г.Б. Әскеева, Н.А. Саитова. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 25 с.

3 Саитова. Н.А. Ответ Мустафина Т.Т. – талантливого педагога и ученого – на вызов времени // Тілеміс Мұстафин / Құрастырушылар: Г.Ө. Насимова, Г.Б. Әскеева, Н.А. Саитова. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014, 87 б.

4 Темирболат Б.Б. Памяти профессора Мустафина // Тілеміс Мұстафин / Құрастырушылар: Г.Ө. Насимова, Г.Б. Әскеева, Н.А. Саитова. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 33 б.

5 Там же, с.10

6 Наурызбаева Э. Мұстафин Тілеміс Тлеуғабылұлы // Ашамайлы-керей Танаш баба шежіресі. – Қостанай: «Центрум» ЖШС, 2011. – 342-343 бб.

7 Күзембайұлы А.Өкінішсіз өмір. Қостанай: «Центрум» ЖШС, 2015. – 77 б.

8 Тілеміс Мұстафин / Құрастырушылар: Г.Ө. Насимова, Г.Б. Әскеева, Н.А. Саитова. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 7-8 бб.

9 Күзембайұлы А. Ұлы обаның ұлы тұлғасы // Нұрлы таң, 2018, 3 ақпан.

10 Из воспоминаний проф. Т.Алибек.

11 Алибек Т. Самородок из аула Лаба // Костанайские новости. 2018, 4 февраль.

12 Тілеміс Мұстафин / Құрастырушылар: Г.Ө. Насимова, Г.Б. Әскеева, Н.А. Саитова. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. 199 б.

13 Утешов С.К. Человек неутомимой энергии // Тілеміс Мұстафин / Құрастырушылар: Г.Ө. Насимова, Г.Б. Әскеева, Н.А. Саитова. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 64 б.

14 Лұқпанов А.И. Қазақстандық саяси ғылымның атасы // Тілеміс Мұстафин / Құрастырушылар: Г.Ө. Насимова, Г.Б. Әскеева, Н.А. Саитова. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 49 б.

15 Насимова Г.О. Чтобы помнили // Тілеміс Мұстафин / Құрастырушылар: Г.Ө. Насимова, Г.Б. Әскеева, Н.А. Саитова.

– Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. 107 б.

«ҚАМБАР БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ САНДЫҚ ӨРІС

БЕЙСЕН А. А.

магистрант 2 курса, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

СЫЗДЫҚОВА Г. О.

ф.ғ.д., профессор, ғылыми жетекші, «Қазақ тіл білімі кафедрасы», Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Сан категориясы, сан туралы зерттеу өте ертеден басталады. Сан, санау адам өмірінде маңызды орын алады. «Сан дегеніміз – белгілі бір заттың, құбылыстың есеп мөлшері» [1; 706]. Ал «өріс» термині бастапқыда психология, биология, әлеуметтану саласында қолданып келсе, кейіннен тіл ғылымына ғалымдар И.А.Бодуэн де Куртенэ, Ф.де Соссюрдің еңбектері арқылы еніп, қалыптасты. Бұл ұғымға «Лингвистикалық түсіндірме сөздігінде» мынадай анықтама берілген: «Өріс – заттардың, ұғымдардың, қызметтік және мағыналық ұқсастығы бар құбылыстардың лексикалық жиынтығы [2; 160]. «Өріс» туралы алғашқы теориялық тұжырымдар Й. Трир, Г. Ипсен т.б. зерттеушілердің еңбектерінде кездеседі.

«Өріс» ұғымының санмен байланысы, сан өрісі, оның құрылымы мен берілу жолдары қазақ тіл білімінде де әр қырынан қарастырылады. Ғалым С. Исаев сан ұғымын, сан өрісін көптік ұғыммен тығыз байланыста қарастырып, көптік ұғымның негізгі берілу жолы ретінде көптік жалғауларын атап көрсетеді. Ал көптік ұғымның аналитикалық тәсіл арқылы берілуі туралы мынадай тұжырым жасайды: «Сан есімдер, сандық мәні бар сөздер, қайталама қос сөздер т.б. зат атауының алдынан келіп, оны анықтап тұрса, ол зат біреу емес, бірнешеу (көп) екенін түсінеміз. Әдетте ондайда зат атауын білдіретін сөз көптік жалғауынсыз қолданылады: талай жыл өтті, көп адам жиналды, жүздеген тонна жүк жіберілді, мындаған машина жүк тасып жүр, мая-мая шөп үйген, тау-тау астық үйіліп жатыр т.б.» [3; 64]. Ғалым Н. Оралбайдың пікіріне назар аударсақ: «Мағынасы жағынан сандық ұғымға жақындығы бар сөздер тілде кездеседі. Олар: жалғыз, дара, жалқы, сынар, қос, егіз т.б. Алайда сандық ұғымға қатысы бар мұндай сөздердің мәні кейбір сан есім сөздермен мағыналас та болады. Олардың ішіндегі жалғыз, жалқы,

дара, сыңар сөздері бір сан есіммен мағыналас, қос, егіз сөздері екі есептік санмен мағыналас» [4,176–178].

Сан ұғымына қатысты ғалым К.Ахановтың еңбегінде де маңызды тұжырым жасалады. Ғалым сан категориясын тілдердің барлығына тән, жалпылама ортақ категория ретінде қарастыра отырып, оны «көптік ұғыммен» тікелей байланыстырады. Зерттеуші «олардың етістіктерге тікелей қатысты болмай, оның қатысы есімдіктер немесе зат есімдер арқылы ғана іске асатындығына» баса мән береді. Сонымен қатар сан есім мен сан категориясының айырмашылығын былай түсіндіреді: «Кейде сан есімдердің де көптік формада қолданылатындары бар, бірақ грамматикалық сан категориясы сөз табы ретінде қаралатын сан есімдерге тән категория емес. Көптік формасы нақтылы санды емес, жалпы «көп» деген ұғымды білдіреді, оның қанша екенін нақты түрде көрсетпейді. Ал әрбір сан есім белгілі бір нақты санды білдіреді», – дейді [5, 344]. Ғалымның бұл пікірі бойынша, сан есімдер нақты санды білдірсе, ал сан-мөлшер категориясы нақты емес, белгісіз санды білдіреді. Мысалы, бес кітап, көп кітап деген тіркестерді алатын болсақ, алдыңғысы – кітаптың нақты санын атап көрсетсе, соңғысы кітаптың тек көптігін білдіріп тұр.

Көптік категориясы сөз болғанда, ол тек көптік жалғаумен ғана шектелмеу керек. Көптік мағына грамматикалық тұрғыдан жекелік мағынаға қарама-қайшы мағына ретінде заттың сандық ұғымының шеңберінде өмір сүреді. Сондықтан бұл категория көптеген тілдерде қазақ тіліндегідей көптік категориясы деп емес, сан категориясы (мысалы, орыс тілінде категория числа, қазіргі қырғыз тілінде сан категориясы) деп аталынады [6, 431].

Зерттеушілер З. Күзекова мен М.Асылбаева санның орталық және перифериялық өрісін сипаттай келе, оның екі орталығын көрсетеді: 1) Сөздердің лексика-грамматикалық топтары – сан есімдер; 2) басқа сөз таптарындағы сан ұғымына қатысты құрылымдар [7, 56].

«Қамбар батыр» жырындағы сан өрісінің берілу жолдарын, лексикалық және грамматикалық амалдарды сан өрісі туралы осындай ғылыми тұжырымдар негізінде анықтауға болады.

Қазақ тіліндегі сандық өрістің берілуінің ең негізгі жолы – сан есімдер арқылы берілуі. Сандық өрістің берілуінің бұл жолы «Қамбар батыр» жырында сан есімнің бірнеше мағыналық түрлері арқылы көрініс табады. Мысалы:

Жекеленген дұшпанға
Ақ түйғындай құнтиды.

Қыз Назымға таласып,
Екі батыр соғысты [8, 43].

немесе:

«Нұр жауар деген талаптан»;
Уағадаға опа қып,
Бесінші күн жетемін,
Тірі қып қойса Жаратқан!» [8, 56].

Бұл мысалдардың біріншісінде сандық өріс екі батыр деген тіркесте екі есептік сан есімі арқылы берілсе, екінші мысалда бесінші деген реттік сан есім арқылы беріліп тұр.

Қазақ тілінде сандық өрістің берілуінің екінші жолы – көптік жалғаулары арқылы. Зерттеу нысанына алынған «Қамбар батыр» эпостық жырында мынадай жолдар кездеседі:

Жақсылар, дастан айтайын,
Әуелі, Алла сыйынып,
Екінші, кәміл піріме.
Құлақ салып тындаған,
Жамандық көрме тіріде.
Батырлар қылған қайратын
Қартаймай тұрып өріде [8, 41].

Осы мысалдардағы жақсылар, батырлар деген сөздер көптік жалғауы арқылы берілген. Бұл мысалда сан жағынан бөлшектеп көрсетуге келмейтін біртекті нәрселердің жиынтығын білдіретін атауларға (жақсы-лар, батыр-лар) көптік жалғауы жалғанып, заттың көп екенін білдіріп тұр.

«Қамбар батыр» жырындағы көптік жалғауы арқылы келген сөздердің сандық жиілігіне тоқталатын болсақ, жырда көптік жалғауы арқылы келген 63 сөз бар. Ол жырдың 1 %-ын құрайды.

Сан ұғымының келесі берілу жолы – көп, аз ұғымына қатысты сөздер. «Қамбар батыр» жырында сан өрісінің берілу тәсілінің бұл түрі де кездеседі:

Шалдар да жаман желіккен,
Қартайған адам көп екен
Кемпірден көңіл зеріккен [8, 68].

немесе:

Алтауының ішінде
Ақылы көп артықша
Алшыораз еді еркегі [8, 47].
Келмембет Алшыоразға көп сөз айтып,
«Көргенше аман бол!»– деп кетті қайтып [8, 71].

Бұл мысалдарда сандық өріс көп адам, ақылы көп, көп сөз деген тіркестер арқылы сипатталып тұр.

«Қамбар бытыр» жырындағы аз, көп сөздерінің қолданыс жиілігін анықтайтын болсақ, жырда көп сөзімен келген 21 тіркесті кездестіреміз, ол жырдың 0,4 %-ын құрайды. Ал аз сөзімен тіркесіп келген сөздер жырда кездеспейді.

Сан ұғымы жалғыз сөзімен келген тіркестер арқылы да беріледі. Мысалы:

Аузында Жәдігердің көптің көзі,
Баршаға жауап берді жалғыз өзі.
Халайық құлақ салып, құп тыңдады,
Қамбардың қандай түрлі бар деп сөзі [8, 69].

немесе:

Ұядан жалғыз баламын,
Құс етін беріп бағамын
Үйдегі екі көрімді [8,73].\

Мұндағы жалғыз бала, жалғыз өзі деген тіркестер арқылы сан ұғымын, яғни заттың біреуі ғана екенін байқай аламыз. «Қамбар батыр» жырында жалғыз сөзімен 13 сөз тіркесіп келеді. Ол жырдың 0,2 %-ын құрайды.

Сан ұғымы -дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары арқылы үлкен немесе кіші затты білдіреді. Мысалы:

Үлкендігі басының
Он екі қарыс қазандай [8, 48].

деген жолдарда үлкендігі басының он екі қарыс қазандай дегенде басының тым үлкендігін білдіріп тұр.

Шыбықтай белі бұралып,
Сүйретіп алтын шашбауын,
Ордаға барып кіреді [8, 51].

деген жолдарда шыбықтай деген сөз алдыңғы мысалда көрсетілген он екі қарыс қазандай деген сөзге қарама-қарсы мағынада, белінің тым жіңішке екендігін білдіріп тұр. «Қамбар батыр» жырында -дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары арқылы келіп, үлкен немесе кіші затты білдіретін тіркестердің саны бесеу. Ол эпостың 0,09 %-ын құрайды.

Сан ұғымы сан мағыналы есімдіктер, үстеулер арқылы да жасалады.

Мысалы:

Бел байлады бәрі де
Алшыоразбен жауласып,
Өткізбекке бейілді [8, 71].

Әуелі – айтқан, екінші – тыңдағандар,
Жетіссін мұрадына барша жандар [8, 84].

немесе:

«Жиылсын тез, кешікпей, барлық халық!» –
Деп жіберді шапқыншыны онды-солды [8, 56].
Айдаһардай ысқырып,
Бетіне жайды заһарын.
Бір жасауыл жіберіп,
Жинады тегіс шаһарын [8, 61].

Бұл мысалдарда бәрі, барша, барлық, тегіс деген жалпылау есімдіктері арқылы белгілі бір заттар мен құбылыстардың жиынтығына, толық қамтылуына нұсқай айтылып, сан мағынасын білдіріп тұр.

Жүргенде иін тіресіп,
Тоқталып біраз кідірді [8, 52].

Бұл үзіндіде сандық өріс сан ұғымы біраз деген мөлшер үстеуі арқылы берілген. «Қамбар батыр» жырындағы сан мағыналы есімдіктер мен үстеулердің жиілік статистикасына тоқталатын болсақ, сан мағыналы 67 есімдік жырдың 0,3 %-ын құраса, 8 сан мағыналы үстеу жырдың 0,1 %-ын құрайды.

Сан ұғымы санды білдіретін қайталама қос сөздер арқылы да жасалады. Мысалы:

Неше жыл Назым жүрді жылай-жылай,
Қамбардың күйігінен кешіп ылай;
Адамы көңіліндегі болып душар,
Жеткізді мұратына патша Құдай [8, 82].

«Қамбар батыр» жырындағы бұл мысалда сандық өріс жылай-жылай қайталама қос сөзі арқылы жасалып, бұл тіркес жылау кимылының ұзақтығын білдіріп тұр.

Қорыта айтқанда, ерлікті, батырлықты дәріптеп, отаншылдық, ел қорғау сарынындағы қазақ фольклорының тарихи сипаты басым көркем де құнды үлгілерінің бірі – «Қамбар батыр» жырындағы сан категориясының грамматикалық кеңістігі сан есімдер, көптік жалғау, сан мағыналы есімдіктер, үстеулер, тұрақты тіркестер мен арнайы морфологиялық формалар арқылы көрініс табады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. - 968 б.

- 2 Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. - 304 б.
- 3 Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. – 303 б.
- 4 Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – 388 б.
- 5 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. – 496 б.
- 6 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. -784 б.
- 7 Күзекова З., Асылбаева М. Сан ұғымы және олардың өрісі туралы // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2012. -№1 (135). – 55-57 бб.
- 8 Батырлар жыры. 2-том. – Алматы: Жазушы, 2000. -280 б.

ПОСТКЕҢЕСТІК МЕМЛЕКЕТТЕРДЕГІ ПАРЛАМЕНТТІК ДЕМОКРАТИЯ: ТАРИХИ ШОЛУ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙ

БЕКШЕ Д. С.

С. Торайғыров атындағы ПМУ магистранты, Павлодар қ.

Конституциялық Кеңес конституциялық заңнаманы қамтамасыз етуде маңызды роль атқарады. Оның қызметі – қазақстандық заңнаманың Негізгі Заңның рухына және әрпіне сәйкес келуінің берік кепілі.

Н. Назарбаев

деген түсінікті, ал шаруақорлықпен қарау деген не нәрсе? Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамытып қана қоймай, алған білімін сыныптан тыс жерде, күнделікті өмірде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету, яғни, оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету. Жалпы, бұл жерде ата - ананың функционалдық сауаттылығы, соның ішінде баланың шаруашылыққа деген ұқыптылықпен қарауы болып отыр.

Екіншіден, функционалдық сауаттылық дегеніміз – өмір бойы білім алуына ықпал ететін, авторлық база жасау. Өмір бойы іздену, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыру. Оқушылардың функционалдық сауаттылығы екіншіден, мектептен басталады. Мектеп - үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Оқушының бойына білім нәрін дарытуға көмек беретін функционалдық сауаттылық мұғалім бойында да болуы тиіс. Барлық елде балаға білім беру ерекше орын алып келеді. Балалардың ойлау қабілетін дамытуға, байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуге оқушыларды тәрбиелеу мұғалімдердің басты борышы.

Мұғалім сабақты түрлендіріп, өмірмен байланыстырып өтуінде, пәндік білімдеріне, ептіліктеріне және сауаттылығына сүйене отырып, оқу пәндері арқылы, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру негізінде жүзеге асады. Тек білім ғана бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыра алады. Сондықтан да мұғалім сапалы білім, сапалы ой - өрісі кең тұлғаны қалыптастыру үшін 40 минуттық сабағын қазіргі заманғы білім берудің жаңа технологияларын қолдана отырып өту керек. Осы жерде орыс педагогы А.С.Макаренконың «45 жыл мұғалім болса да 45 минуттық сабағына дайындалып келу керек» деген нақыл сөзін еске алуға болады. Мұғалім оқушыны тек қана мектептің бағдарламасымен шектеліп қалдырмай, теориялық білімдерін практикалық жұмыстармен, өмірмен байланыстыра білуге үйрету керек. Осындай әдіс - тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланып мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті - мұғалім баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және де баланың өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Осыған орай оқушылардың алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даналықты білдіретін құзыреттерді қалыптасытыру орта мектептердегі жаратылыстану

бағытындағы пәндер басым бағыттарының бірі болып табылады. Ой - өрісі кең тұлғаны қалыптастыруда жаратылыстану пәндерінің орны ерекше. Жаратылыстану ғылымдарының ішінде, өзгелерінен гөрі, тезірек дамып, күнделікті өмірде кеңінен қолданыс тапқаны физика. Сондықтан да болар, бүгінгі таңдағы роль атқаратын жетекші ғылымдардың біріне айналып отыр. Жыл сайын көптеген жаңашылдардың беті ашылууда.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру - оқушының логикалық ойлау қабілеттерін дамытудың үйлесімді жолы. Олай болса, функционалдық сауаттылық оқушының белгілі ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және білім, білік дағдыларының жиынтығы. Ол тек білім мен білік әлеміне барудың жолы ғана емес, ұлттық әлеуметтік дамуының өлшемі. Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту үшін жаратылыстану бағытындағы пәндер оқушылардың сапалы есептерді өз бетінше шығаруына көп көңіл бөледі. Сапалы есептер оқушының логикалық ойлау қасиетін шыңдайды және пәнге деген қызығушылығын арттырады. Сабақта әртүрлі әдіс - тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың ой - өрісін дамытуға, есептер шығару кезінде қызығушылығын арттыруға, теориялық білімдерін практикада қолдана білуге үйретеді.

Осындай мақсаттарға жету үшін мынандай міндеттерге тоқталайық.

Оқушының алған теориялық білімдерін практикамен ұштастыра білу.

Оқушылардың алған сапалы білімдерін өмірде қолдана білуге үйрету.

Кез келген проблемалық ситуациялардың шешімін таба білуге үйрету

Оқушыларды ізденіске баулып, өз бетінше жұмыс істеуге үйрету

Оқушылардың білімдерін Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудағы 2011 – 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы аясындағы халықаралық зерттеулерге (TIMS, PISA және PIRLS) қатыстыру.

Сапалы есептер шығару барысында оқушылар қажетті көлемдегі білімді игеріп қана қоймастан, өз бетінше шешім қабылдауға және болашақта мамандық таңдауына ынталандырылады. Сабақта сапалы есептер шығару арқылы алған білімдерін оқушылар күнделікті өмірмен байланыстырып отырады, өйткені оқушы ойлауға да ойлануға да қабілетті.

Қорыта айтқанда, функционалдық сауаттылықты жүзеге асырудың басты міндеті - оқушылардың теориялық білімдерін практикалық тұрғыда қолдануымен қатар тәуелсіз еліміздің келешегіне үлкен жауапкершілікпен қарауға үлестерін қосу болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс- қимыл жоспары. Астана.2012 жылғы 25 маусым.

2 Кененбаева М.А. «Бастауыш және негізгі мектепте математиканы дамыта оқытудағы сабақтастық мәселелері». Автореферат. - Астана, 2015 ж.

3 «Қазақстан-2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». 2012 ж.

4 «Әдіскер-Методист» журналы, 2013 ж.

5 Н. Назарбаев. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы. Жалпығ Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам. // «Егеменді Қазақстан», 10 шілде 2012ж.

6 Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. // «Егеменді Қазақстан» газеті.

7 Педагогика мәселелері № 4 2014 ж.

АСАН СӘБИТҰЛЫНЫҢ «ЖЕР-ҰЙЫҚ» – ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛелЕРІ

ЖАНАБАЕВ Ж. М.

философия магистрі, аға оқытушы, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

АБДИКАРИМОВА А. Ж.

педагогика және психология магистрі, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ.

«Жер-ұйық» - Асан Сәбитұлы есімімен байланысты қазақ ұлттының дүниетанымындағы басты ұғым.

«Жер-ұйық» сол Асан Сәбитұлы тілге тиек еткен уақытынан бері, бір сәтке де үміті үзілмеген, танымы терең идея. Идеясы «жер» мен «ұйық» сөздерінің бірлігінен құралған, өзімен бірге ел болу, мемлекет атану көкжиегі. Ендеше сол идея өзіндік философияны қозғамақ.

«Жер-ұйық» философиясы бір тарихи кезеңнің кеңістігі мен уақытынан (XV ғасыр) шыға алмай қалған оқиға емес, ол тереннен туындаған дүниетаным. Оны дала өркениетіне тән төлдік философияның ең жоғарғы шыңы деп бағалауға тиіспіз. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» -дегенді. Бұдан түсінетініміз, өскелең ұрпақ бойындағы отансүйгіштік қасиет сапалы бағдар алып, болашаққа Тәуелсіздік лебін алып ұшуы үшін ел тарихы мен жер тарихын, құндылығын бойына жинақтап өскендері абзал демекпіз. Өйткені, құндылығын құттықтамаған ұрпақ үшін «Тәуелсіздік» - деген жеңіл сөзге айналмасқа кім кепіл. Бұл тұрғыда зиялы қауым алдында басты міндет сапалы да, жүйелі дүниетаным қалыптастыру құру болмақ. Бұл идеялар «Асан Қайғы -«Жерұйық»», оның заңды жалғасы «Н.Ә.Назарбаев – Тәуелсіздік» ұлтымыздың ұлттық кодтары деп білмек керек. Бұл жағынан «Асанның Жер-ұйық» ілімі қазақ халқының дүниетанымының күн тәртібінен бір сәтке де түспеген. Оның бір дәлелі аңыз-әңгімелердің өз құндылығын жоймай, аңыздық мәліметтерден тарихи деректерге ұласып, Асан Сәбитұлын тарихи қайраткерге, Жер-ұйықты халқымыздың асқақ идеясына айналдыруы еді.

Асан Сәбитұлы туралы мәліметтер өте аз. Дегенмен біз оны мемлекет қайраткері, жыршы деп танимыз. Сонымен қатар, болашақты болжап, сәуегейлік танытуына қарағанда, «көне тілмен айтқанда көріпкелдік қасиет. Орысша айтқанда «ясновидящий» болған [1, 160 б.].

Мемлекеттік қайраткер ретінде Асан Сәбитұлы өз дәуірінің сұлтан- хандарымен де, би- батырларымен де үзентілес болған. Ел тағдырында шет қалмай, өз көзқарасымен саяси позициясын танытып отырған тұлға деу керек.

Ауызша айтылған мәліметтерге сүйенсек, Асан Қайғы қазақтың жыраулық поэзиясының, қоғамдық-саяси және философиялық үрдістің сабақтастығын дамытушы ғана емес, сонымен бірге ол Қазақ Ордасының ардақты тұлғасы екені даусыз. Ол Орданың негізін қалаушылармен сындарлы кезеңдерін, қалыптасу және даму жолдарын бірге өткізеді, сөз құдыретімен де, ісімен де көмектеседі. Жәнібек хан сарайындағы данагөй кеңесші. Асан Қайғының

замандастары оны өз кезеңінің танымал ғұлама тұлғасы деп бағалайды. Оның айналасында Қазақ Ордасының бүкіл саяси және рухани элитасы - белгілі мемлекет қайраткерлері- билер, батырлар, әскербасылар, әскери жетекші - фатихтер, суырып салма шешендер топтасқан. Ол халық сүйіспеншілігіне бөленген өз Жәнібекпен, оның бауыры, жақын көмекшісі Керей ханмен, атақты Жәнібек сұлтанмен, Жиренше шешенмен, оның қазақ Сапфосы іспетті, сұлу да парасатты жұбайы Қарашашпен, болашақ билік иесі, көзінің тірісінде - ақ «Қазақ жерін кеңейтуші», «Екінші Жошы» атанған Қасым ханмен, «көшпелі өзбектер» ханы Әбілхайырмен, оның немересі Қазақ Ордасының ата жауы Мұхаммед Шайбанимен және басқа Орта Азия тарихының белгілі тұлғаларымен таныс - біліс болған, әрі халық пен мемлекет тағдырын шешетін сындарлы кезеңдерді олармен жиі кездесіп отырған [1, 468-471 б.]. Бұл тарихи мәліметтер негізінде Асан Сәбитұлы өмір сүріп, қызмет еткен кезеңі тарихи де, саяси оқиғаларға толы екендігін аңғартады.

Бұл орайда Академик Ғарифолла Есімді тыңдалық: «Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуы хандықтар арасындағы қым қиғаш талас - тартысты аласапыран кезеңмен тұспа-тұс келді. Кейінгі ұрпақ әулие танып, аты аңызға айналған «көшпелілер философы» (Ш.Уәлиханов) атанған Асан Қайғы «өзінен қалған қысқа сын болжаулары, өсиеті арқылы өзінің жайынан да, заман аңғарынан да бірталай көрініс, білік дерек береді» (М.Әуезов). Асан Қайғы ұсақ хандарының басын біріктіріп, қазақ халқын, іргелі ел етпек болған Керей, Жәнібек сұлтандарды жақтайды. Шу мен Арал аралығында Қазақ Ордасы құрылған кезде Асан Қайғы жаңа мемлекеттің ұраншысына айналады» [2, 33 б.]. – деп, Керей мен Жәнібек, олар құрған Қазақ Ордасына қатысты ойын өрбіте түсе, өз пікірін ортаға салады. Әрі қарай, «Керей мен Жәнібек құрған тұңғыш қазақ мемлекетінің типі Орда болатын, сондықтан ол «Қазақ Ордасы» деп аталды. Орда билігінің басында хан, одан төменде хан кеңесі т.т. Керей мен Жәнібек жаңа құрылған мемлекетті «Орда» деп атағанда еш жаңалық ашқандары жоқ, дәстүр жалғастырды, олардың жаңалығы өздерінің ықпалында болған түрік тайпаларының басын қосып Жаңа ұлт қалыптастыруында еді. Тарихқа жаңа мемлекетпен бірге жаңа ұлт қазақ ұлты енді. Бұл жаңалық болатын. Жаңалық қашанда жаңа ілімді қажет етеді. Сондай ілім Асан Қайғының «Жер ұйығы» болатын. Бес ғасыр өткен соң, өткенге баға беру жеңіл. Асан Сәбитұлы заманында Әбіл-Хайыр Ордасында жік шықты, оны қазіргі тілге салсақ сепаратизм деуге де болады, яғни «бүлікшіл»

сұлтандар Керей мен Жәнібек бұрын болмаған «Қазақ хандығын» құруға кірісті, ел жарылды, сонда ғұлама Асанның харекеті қандай болмақ!» дегенді [2,190 б.].

Асанның харекеті халыққа қандай жағдай болмаса да, **өз тағдырынды ел тағдырынан бөліп қарамау** ұранын ұстағандай. Сол жолда Асан қайғылы жағдайды бастан кешірді. Біртұтастылық жарылып, бірнеше бөлікке бөлінгенде, әрине елдің жаршысы да, ұраншысы да мұңлы жағдайға душар болады. Қандай да бір саяси өзгеріс өзімен бірге саяси-әлеуметтік тұрақсыздық салдарларын туындатады. Ондай тұрақсыздық ел үшін де, халық үшін де тиімсіз еді. Асанның «Қайғығы» болуы –өмір философиясынан туындады десек, академик Ғарифолла Есім «Асанның келе-келе Асан Қайғыға айналуы...өмір сүру философиясына қатысты. Ойшылдықтың мұндай дәстүрі Қорқыт- атадан басталған...Қорқыттың сұрағы-«Қайда барсаң Қорқыттың көрі»-өмір философиясы туралы мәселе болатын. Асан Қайғы өмір философиясы емес, өмір сүру философиясы туралы мәселеге ауысқан, себебі оның мақсаты айқын, ол жаңа мемлекет құру, ол үшін жер мәселесін шешу қажет. Асан Қайғы экзистенциясы дерексіз ойлауға негізделмеген, ол позитивті, болашаққа нық сенімі бар, саяси бағыты анықталған - ойшыл. Ол тектен - тек дала кезіп жүрген жоқ, жаңа мемлекетке жер анықтау ісінде жүр. Ел болу үшін, ең әуелі жер керектігі белгілі. Оның қайғысы жеке бастың мұны емес, халықтың мүддесі» [2, 34 б.].

Ел мүддесі жолында Асан Қайғы желмаясына мініп алып, елдің оңтүстігінен солтүстігіне, шығысынан батысына қарай бет алып, үнемі қозғалыс үстінде болуы, елдің ертеңі үшін алаңдайтынын шынымен де байқатады. Оның желмая мініп кезуінен кемінде екі мәселені аңғарамыз. Біріншісі, бұл мәдени географизм. Яғни, қазақ даласы қай жерден басталып, қай жерден аяқталады, қазақ жерінде қандай таулы мекендер бар, қандай құнарлы жерлер, елді - мекендер бар, қандай өзен - көлдер бар екендігінен хабардар ету болды. Сонымен қатар, еліміздің өлкелі өңірлерімен, тау-тастарымен, елді-мекендерімен, өзен-көлдерімен халқымызды етене жақындастыру, таныту мақсаты болуы мүмкін. Оның дәлелі Қаратау, Шымкент, Сайрам, Сыр бойын, Шу, Жетіқоңыр, Торғай, Терісаққан өзені, Қара қойын Қарлытау, Нұра, Есіл, Жаңашар, Ереймен, Өленті өзені, Шідерті өзені, Баян тауы, Ертіс, Семей тау, Шыңғыс тауы, Тоңлық өзені, Қызыл тау, Алатау, Қарқалы, Кент бұқтыға, Абыралы –Жалаулыға, Үшқара, Шілікті, Сулы Келесті жерлерін аралауы болмақ. **Екіншісі, оның бұл ел аралауын,**

бүгінгі тілмен айтқанда, демаркациялық шара деп түсіну болмақ. Бұдан өскелең ұрпақтың алатын сабағы жер тұтастықта болғандай, ел тұтастығы да болуы шарт. Ол жөнінде Елбасы Н. Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Әрине, туған жердің тарихын білген және оны мақтан еткен дұрыс. Бірақ, одан да маңыздырақ мәселені – өзіңнің біртұтас ұлы ұлттың перзенті екеніңді ұмытуға әсте болмайды» - дегенді. Расында да, **Жерұйық - біртұтастылықтың, бірігейліктің символы, коды деп түсінуіміз, білуіміз қажет.**

Асанның желмая мінуінің өзі бір таңғажайып дүние. Аңыз – әңгімелер тез өрбігендіктен болар, Асан туралы айтылғанда, міндетті түрде желмая жөнінде хабардар етеді. Дегенмен біздің пікірімізше **Асанның желмаясы метафоралық амал.** Өйткені, Асанның желмаясы араб ертегілеріндегі Аладдиннің ұшатын кілемі секілді фантастикалық құрал емес. Бұл жерде желмая Асанның қазақтың алып жерін көлденен де, тігінен де жер шарлап, жер үстінен ел іздеп, ел ішінен жер іздеуіне жетелеген тездету, жылдамтау тәсілі іспеттес. **«Желмая – «жел» сөзінен өрбиді. Яғни, шапшандықтың, ыждағаттылықтың белгісі секілді. Мұндай шапшандылық – бүгінгі уақыттың да талабы.**

Асанның бір ойы анық. Ол қайткенде де, өзі өмір сүрген заман болмаса да, болашақта осы мекенде күт-берекесі, ырыс-несібесі мол егеменді ел қалыптасатынын таныған ойшыл кісі. Оның жоғарыда біз көріпкелдік қасиетінің барын айтқан болатынбыз. Осы құтты жер іздеу жолында Асанның ішкі толғанысы үнемі мазалаумен ұласып, сырт көзге мұнды болып көрінеді. Өз уақытында қара халық бұл мұндылықты түсінбестіктен танытуы мүмкін. Сондықтан біраз уақыт бойы Асанның тірлігін утопия деп қабылдады. Қара халық тарапынан Асанға толықтай сенім болмады. Сенім түсінбеушіліктен туындайды. Оның бір себебі, Асан Сәбитұлының «Жерұйық» идеясы өз бастауын ғарыштық санадан алатын идеядан нәр алушы еді деп түсінгеніміз абзал. ««Қайғы» деген кемеліне келген сананың аты» - дейді, академик Ғарифолла Есім [3,43 б.].

Өзімен бірге дала өркениетінің ең асыл идеялық бастаудың күретауы бола отыра, «Жерұйық» жаңашылдық пен жасампаздықтың нышанына айналады. Дала мәдениетінің өкілдері табиғатқа тән үнемі өзгерістер мен дамулардың ең қарқынды тұстарын игеру жолын осы Жерұйықтан тапты. Жерұйықтың атында да, затында табиғаттың сакралды құпия сырлары бар түркілік

дүниетанымның ішкі даму логикасының нышаны іспеттес деп айтуға болады.

Тәңірдің құтының шоғырланған жері «Жерұйық». Ежелгі түрік аңыз-әпсаналарында Жерұйық «орталық, кіндік» мағынасындағы символдарымен берілген. Дәстүрлі қоғам адамының Тәңірмен байланыс құруы тікелей рухымен емес, Жерұйық арқылы жүзеге асатын. ...Жерұйық – әлі күнге дейін тарихи функциясын жоғалтпаған дәстүрлі түркілік дүниетанымның космологиясының негізгі ұстыны әрі Тәңірге барар «орталық жолдың» рәмізі [4, 74-75 б.].

Түркі дүниетанымындағы Күлтегіннің үлкен жазуында: «Биікте Көк тәңірі, Төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған.» -деген асыл сөз кездеседі. Жаратылыстың негізгі заңдылығын баяндай отыра, адам баласының жаратылысына дейін аспанда Көк тәңірі, кейін жер –ана жаратылған. Содан кейін барып, адам баласы жаратылған. Көк аспан мен қара жер аралығы ғана адам баласының құтты мекені. Басқа бір жерде адам баласы мекен ете алмайды. Жер үстінен жер іздеу дұрыс емес болар. Бірақ Асан Сәбитұлының жер үстінен жер іздеуі бұл қазақ халқының ынтымағын жарастырып, бірлік орнату принципі деп түсіну қажет. Ал бірлік, тұтастық – ұлт идеясының нағыз діңгегі.

Жүсіп Баласұғынның «Құтадғу білік» дастанының: «Өзірлеген жер, көк, жұрттың иесі» (1) – деген бәйіт жолдары да, көк аспан мен қара жер адам үшін ғана Алламен жаратылған дүние деп түсіндіре келе, бір ғана жаратушы Алла адамды көк аспан мен қара жердің құты етіп жаратқан. Адам баласыз көк пен жер арасы қаңырадай бос қалған орта болмақшы екенін менземек.

Асан Сәбитұлы жер мен су, Тәңірдің құты мен несібесі екенін білген деп ойлаймыз. Асан Қайғы дүниеге көшпелі өркениеттің өкілі ретінде қараған. Оған барлығы керек. Жан– жануарлар дүниесі, жер– су, аспан әлемі, басқа да құбылыстар тұтас қарастырылуы тиіс. Асан ойынша үйлесімділік заңы бұзылса, онда барша дүниенің астан кестені шығады [1, 159 б.].

Асанның астан–кестені шығады дегені, Тәңірісінің құтынан айырылып, адамзат өсіп–өну мен жетілуден жұрдай болады деген қаупі болуы мүмкін. Өйткені, көріпкел, әулие адам табиғат заңына сәйкес үйлесімділік жөнінде хабардар деп болжаймыз. Яғни, құт заның танып өскендігін білгендік.

Дүниедегі басты объект Асан Қайғы үшін Жер– Ана! Жер киелігі өзінің сырын Асанға ашатын тәрізді. Жердің киесінен,

қасиетінен адам бойына қуат, нәр алып отырған. Осындай тылсымдық мәндегі қарым қатынасты Асан адам мен Жердің байланысын басқа тұрғыдан қарастыру арқылы пайымдаған. Біздің жеке пікіріміз бойынша, бұл қатынастың мәні немесе Жермен тілдесудің сыры Асанға берілген ғарыштық санаға қатысты болуы мүмкін. Ғарыштық сана – деп отырғанымыз әлемдік ақыл (мировой разум) десек те жарасар.

Құтты қоныс іздеу – әлемдік ақылдың, ғарыштық сананың негізінде ғана жүзеге аспақ. Осы жолда Асан алғашқы етіп, табиғатпен тілдесіп, үндестік принципін таңдамақ. Бұл Асанның танымға, білімге ынтық екенін аңғартады. Толысбай Кенжалының пікірі осыған саяды: «Қоныс іздеу – Асан атаның басты мақсаты. Оны іздеу барысындағы жер мен суларға қойған танымдық мәні зор қағидаларға, болжамдар сол дәуірді мекен еткен ел үшін өте маңызды болатын» деп, әрі қарай «Жерұйық мекеніне жету жолында табиғат «сырын, тілін» менгерген Асан олардан мағыналар шығарып, қорытынды жасап отырған. Бұл – дала ойшылының қасиет – қабілеттерінің пәлсапалық көрінісі» - өз ойын жетелей түсіреді [1,178 б.].

Асанға «Жерұйық» мекені нағыз көшпелі өркениетті «тірілту» үшін керек болды. Себебі, бұл өркениет өзінің соңғы сатысына көтеріліп, оның дамуы бәсеңсіп, енді құлау қаупінде еді. Бұл табиғи заңдылықты сезген Асан сол өркениетке «дем» беру арқылы оны құтқарып қалуды ойлады. Асанның арманы Тәңірдің адамға мейірімі түскен жерді табу» [1,186-187 б.].

Асан осы Жерұйықты іздеу жолында әлеуметтік өмір мен қатар адам мәселесінде шет қалдырған емес. Жерұйықтың бастауында тұратын адам қандай болмақ? Міне, осы мәселе маңызды. Бүлікшіл, елін, жерін сатушылар, жеке басының қамын ойлаушылар емес, керісінше ізгілік жолын таңдағандар, білім мен өнерді өмірлеріне серік еткендер ұйысса екен деген сенімде болған. Жерұйық бұл болашақтағы мәңгілік елдің, мемлекеттің іргетасы еді. Асанның құтты қоныс іздеуі бос әурешілік емес, құтты білімге, жүйелі танымға, терең даналық түсінікке негізделген ізденіс. Осы ізгілік ізденісі жолымен жүрген халық қана Асан айтқан Жер ұйыққа жетеді. Ізгілік жөнінде F.Eсім: «Адамға Жаратушы ізгілікті сана берген, ол деген сөз адамның жетілуінің яғни кемелденуінің мүмкіндігі. Ізгілік - деген мүмкіндік. Ізгілік ойшыл адамның мінездемесі. Осы ізгілік Асан Қайғы дүниетанымының басты арнасы. Асан - сөзсіз ізгілік жолындағы жан» [2, 35 б.].

Дүниенің көрінісін тануда Асан Қайғы танымында көп ұшырасатын ұғымдар білу мен білмеу. Білу ұғымына көп мән берген. Дүниені тану, түсіну, қорытынды шығару, сайып келгенде білу ұғымының мәнін ашады. Ал білмеу болса адам сана сезімнің тұйықтығын, тайыздығын аңғартады. Несібе табиғатты, қоғамды, дүниені, адамның ара қатынастарын астастыра айшықтап, қоғамның даму заңдылықтарына философиялық тұжырым жасайды [1, 157 б.].

Асан Қайғы:

«Көлде жүрген қоңыр қаз,
Қыр қадірін не білсін.
Қырда жүрген дуалақ,
Су қадірін не білсін!
Ауылдағы жамандар,
Ер қадірін не білсін!
Көшіп қонып көрмеген,
Жер қадірін не білсін!
Көшсе қона білмеген,
Қонса көше білмеген,
Ақылыңа көнбеген,
Жұрт қадірін не білсін!» [5, 63-64 б.].

Жерұйық өзімен бірге тәуелсіздік, егемендік, ата қоныс, ата жұрт, атамекен, ел, туған жер, өлке секілді ұлттың рухани қазыналары мен ұлт кодтарын қалыптастырды.

Асанның білгені де, танығаны да осы құт. Оның құты бұл жер-құт. Тәңір иесі берген құттан айырылмау. Құтынан айырылған, бақытқа кенелмейді екенін Асан біледі. Айырылған жерді қайтарып алу қиын.

Асан Сәбитұлының Жерұйық іздеуінің негізі – жер мәселесі емес, жер – Асан үшін алғашқы себеп қана. Асан үшін «Жерұйық» мәні бірлік пен тұтастық идеясы мен қазақ халқының ұлт болып ұюы төңірегіндегі мемлекеттік идея болды.

Жерұйықтың утопия емес екенінің нақты дәлелі, еліміздің 1991 жылдың 16 желтоқсанында саяси тәуелсіздікке қол жеткізгендігіміз. Құты бар бастау, бақытынан ешқашан айырылмайды. Жерұйық-Қазақстан елі құтқа, халқы бақытқа кенеледі.

Асан Қайғы бабамыз шын мәнінде қазақ халқының бақытты келешегі үшін тынжылмастан, шынайы тұрғыда «Қайғы» атанып, күресе білген тарихи тұлға екендігін, өскелең ұрпақ жақсы білулері абзал.

Асан Қайғының «Жерұйық» идеясының мызғымастылығы «Мәңгілік Ел» доктринасының ғасырлар ғаламатына жетелемек жол бастамасы деп қорытындылаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Т. Кенжалы. Асан Қайғы. – Алматы: Дайк–Пресс, 2006. -284б.
- 2 Ғарифолла Есім. Қазақ философиясының тарихы: Оқулық. – Алматы. «Қазақ университеті», 2006. -214 б.
- 3 Есім Ф. Абай айтқан: «Тәңірі қосқан жар едің сен»// Ақиқат. 1999. №1. 43-бет.
- 4 Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. 20т.: Қазіргі түркі философиясы. // Д. Кенжетай. Дәстүрлі түркілік дүниетаным және оның мәні. – Алматы. Жазушы. 2009. -584б.
- 5 Мағауин М. Алдаспан. – Алматы: Жазушы, 1971. -325б.

ХАЛЫҚТЫҚ ӨЛШЕМ АТАУЛАРЫНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

ЖҮСІП А. Қ.

магистрант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

СЫЗДЫҚОВА Г. О.

ф.ғ.д

Тіл – қай халықтың болмасын рухани және материалдық мәдениетінің, тарихының, танымының, діні мен ділінің, бүкіл бітім-болмысының жарқын айнасы. Қоғамда орын алатын барлық өзгерістер пен жаңалық атаулының халық тілінде көрініс табатыны ақиқат. Тіл қарым-қатынас құралы ғана емес, әр халықтың тарихы, өмірі, тіршілігі, шаруашылығы мен мәдениеті.

Ұлт болмысының ерекше көрініс беретін лексикалық қабаттарының бірі – халықтық өлшем атаулары. Халық метрологиясын мәдени, этнографиялық және тарихи деректерден тыс қарастыру мүмкін емес. Халықтық метрологияда сол халықтың тұрмысы, болмыс-бітімі, ұлттық мәдениеті, әлемді қабылдау деңгейі кескінделген.

Халықтық метрология – үлкен ұғым. Сөздік қорымызды толықтырып тұратын лексикалық қабатымыздың бір бөлігін осы халықтық өлшемге байланысты сөз, сөз тіркестері құрайды. Қазіргі уақытқа дейін көп өлшемдеріміздің белсенді қолданыста болуы, халықаралық метрикалық жүйенің енуіне қарамастан көп аймақтарда қолданылуы оның өміршеңдігінен, лексикалық қабатымыздан айрықша орын алатындығынан хабардар етеді. Өлшемдік мәндегі лексикалық топқа енетін сөздік қор жиынтығы адамның тұрмыстық

жағдайына деген қажеттілігінен туындайды. Метрологиялық лексика – қазақ халқының тарихи дамуының ұзақ мерзімінің жемісі.

Тіл материалдарын топтастыра қараудың тамаша үлгілері ғұлама ғалым М. Қашқаридың «Диуани-лұғат-ат-түрік» атты әйгілі еңбегінен бастау алған. Түрік жұртының тұңғыш энциклопедиялық анықтамалығы сынды бұл еңбекте түрік сахарасының жан-жануарлар дүниесі, өсімдіктері, материалдық-мәдени заттары, жер-су аттары туралы, аспан денелері, ғарыш әлеміне қатысты атаулар туралы, балалар ойындары, т.б. деп отызға жуық тақырыптық топтарға бөлінсе, «Кодекс-Куманикусте» (XIV ғасыр) уақыт, мезгіл атауларына қатысты, ауа райы мен аспан әлеміне байланысты 40-қа жуық тақырыптық топтар жіктелімі орын алған.

Өлшемдік атауларды, өлшемдік ұғымды білдіретін сөздерді, яғни нумеративтерді қарастыру – бүгінгі күні қазақ тілі үшін өзекті мәселе. С. Е. Жанпейісова «Қазақ тілінің рухани мәдениет лексикасы» атты зерттеуінде: «Халқымыздың өзіндік метрологиялық жүйесі қазақ ақын-жазушыларының шығармаларындағы өлшем мәнді түрлі сөз қолданыстардан айқын аңғарылады. Мысалы, олардағы *бір бой, алты ен, бес тақа, үш қат, он екі құрсау, бір қойын (ақша), екі қарын (май), алты қосақ (қой), бес буда, бір қағаз (шай), сегіз жұп, бір құшақ (отын), жалғыз түп иш, бір уыс, екі баспақ, екі зекет, екі құрсақ* тәріздес нумератив мәнді тіркестердің алдыңғы сыңарлары-есептік сандар да, ал екінші сыңарлары қазір классификаторлар делініп жүр» [1, 20-21], – деген болатын. К.Күркебаев нумератив сөздерді классификатор, септік сөздер және өлшемдік атаулармен байланысы бар құрылымдар деп топтастырады. Бұл қатарда ғалым Ә.Болғанбаевтың «Өлшемдік ұғымдар» мақаласы, этнограф-зерттеуші С.Кенжеахметовтың «Уақытты анықтау белгілері», т.б. еңбектерін атап өтуге болады.

Ғалым Ш.Сарыбаев «Қазақ тіл білімі мәселелері» атты зерттеу еңбегінде өлшемдік ұғымдағы бірсыпыра сөздердің этимологиялық қырына үңілген. Халықтың өлшем бірліктері қазақ әдеби тіліне қатысты еңбектерде, атап айтқанда, К.Ахановтың «Тіл білімінің негіздері», М.Балақаевтың «Қазақ әдеби тілінің тарихы», Ә.Болғанбаевтың «Қазіргі қазақ тілі» еңбектерінде де сөз етіледі.

Халықтық өлшем ұғымдары лексикамыздың қомақты бір саласын құрай отырып, халықтың мәдениетін, этнографиясын тануға кең жол ашады. Метрологиялық лексика – ұлтымыздың бай мәдениетін танытудың негізгі алғышартының бірі. Халқымыздың жұлдызды аспан туралы астрономиялық түсініктері өте ертеректе белең алып, негізгі

қарекеті мал шаруашылығымен тығыз байланысты болып, табиғат құбылыстарына жіті назар аударған. Халқымыздың әр құбылысты тануға, сырын ашуға деген қызығу деңгейінің жоғары болғандығын Н.А. Баскаков былайша сипаттайды: «Структура тюркских языков, как и других языков иной типологии, весьма многогранна и тесно связана прежде всего с основными типами человеческого мышления» [2, 86].

Л.О. Асқар қазақ тіліндегі тәулік кезеңдері атауларын семантикалық, концептілік және өріс тұрғысынан зерттеп, талдау жасайды. Ғалым өзі құрастырған жүйеде мынадай топтарды ұсынады:

1 Табиғат құбылыстарына байланысты атаулар: таң шапағы, күн шығарда, шолпан туғанда, жұлдыз толғанда, жұлдыз сөне, т.б.;

2 Діни әдет-ғұрыптарға байланысты атаулар: азанда, бесін, ұлы, кіші бесін, екінді, намаздыгер, намазшам, құтпан, т.б.;

3 Адамның қимыл-әрекетіне, төңіректі қабылдауына байланысты атаулар: ел жатар кез, көз байланған кез, қатын бесін, күн жамбасқа келе, көз байлана, қас қарайды, шам жаға, ел орынға отыра, ел жатар-жатпаста, ел жата, жұрт көзі ұйқыға тіреле, бір ұйықтап оянған шақ, таңға бір ұйқы қалғанда, т.б.;

4 Шаруашылыққа, төрт түлікке байланысты атаулар: қозы түс, сиыр сөске, бие байлар кез, тайдай тал түс, мал қоралана, т.б.;

5 Жан-жануар, құстарға байланысты атаулар: торғай шырылдағанда, күзғын сәрі, таң құланиектенгенде, құлан сәрі [3, 14].

Нумеративті сөздер бүгінгі күні зерттеушілер тарапынан морфологиялық, этнолингвистикалық, семантикалық тұрғыдан қарастырылып жүр. Мұндай сөздер негізінен «сан есім + нумеративті сөздер + зат есім» жолымен тіркес құрайды. Морфологиялық құрылымына қарай нумеративтер түбір, туынды және күрделі болып келеді. Аналитикалық тәсілмен жасалған күрделі нумеративтерді де жиі кездестіруге болады.

Метрология мен нумеративтер бір ұғым сияқты көрінгенімен, екеуінің айырмашылығы да бар. Халық метрологиясына метрмен өлшенбейтін ауқымды ұғымдар мен атаулар енеді, дене мүшелерімен байланысты, азық-түлікке қатысты көрсеткіштер, халықтық өлшемдер негіз болады.

Нумеративтерге сандық дәрежеге қатысты терминдер енеді. Олар уақыт, мөлшер, ұзындық өлшем бірліктерімен байланысты және метрология сияқты белгісіз өлшем емес, нақты өлшемге негізделуімен ерекшеленеді.

Нумеративтер туралы Қ.Күркебаев: «Нумеративтердің білдіретін мағынасы – есеп, есепке қатысы бар ұғымдар. Егер есептеудің ежелгі

формасы өлшем екенін еске түсірсек, нумератив термині сол ежелгі өлшемнің нақты санға қарай бет бұрған кезеңін сипаттайтыны анық» деген тұжырым жасайды [4, 46]. .

Жалпы халықтық өлшем атаулары қазақтың көрнекті ақындарының сөздік қолданысында жиі кездеседі. Мысалы, Абайдың өлең жолдарынан метрологиялық лексиканың келесі көрсеткіштерін аңғаруға болады: *намазшам, жаздыгүн, жазғытұрым, күндіз, түнде, бүгін, ертең, ерте, ала жаздай, ала қыстай, күні-түні, қыс, жаз, бес күндік, сөске, ертең ерте, жаздыгүн, тал түсте, бесінде, үйірімен, биттей, ариопке (ариын), кесек, кез, құлаш, бір табақ ас, бір аяқ қымыз, бір ауыз сөз, бір тамшы жас, бір уыс топырақ, биттей, титтей, қос уыс ділдә, кесек, есепсіз, қадам, т.б.*

Шәкәрім Құдайбердиевтің еңбектерін қарау барысында да нумеративтік қолданыстардың молдығы байқалады. Атап өтер болсақ: *қасықтай, тобықтай, бір-ақ уыс, бір жапырақ, жалғыз тиын, бір асам май, шымышым тұз, секунд, минут, сағат, есепсіз, мысқалдай сауһар тас, мысқалдық денем, тырнақтай ғылым, биттей, бір қолтық шөп, бір тұтам гүл, бір тамшыдай су, жсұдырығы, ертең, биыл, күні-түні, таңертең, кешке, екіндіде, ымырт, сөске, күндік, түстік жер, адым жер, жалғыз күндік, мың жылдай, күнбатыс, бүрсігүні, қадам, батпаннан, құлаштап, жазға салым, т.б.*

Сондай-ақ М.Ж.Көпеев шығармаларында да соматикалық атаулар көптеп кезігеді: *елі, қарыс, қар, сүйем, құлаш, табан, бармақ, шынтақ, иек, уыс, қадам, адым, аттам, ариын, қол созым, тобықтай, жсұдырықтай, білектей, алақандай, құшақ, бір аяқ, тырнақтай, бір арқа, белуардан, қызыласықтан, биіктігі – кіс бойы, бел буардан, т.б.* Дене мүшелерінің атаулары түркі тектес тілдердің көпшілігінің лексикалық қабатынан орын алған, себебі адамның қоршаған ортаны жете тануы өзінің бойына тән ерекшеліктерді қарастыратын нысанмен салыстыруға негізделеді.

Халықтық өлшем атауларының семантикалық жағынан бөлек, морфологиялық ерекшеліктері де біраз ғылыми зерттеу еңбектерінде қарастырылады.

Халықтық өлшемдер мен нумеративті сөздердің морфологиялық өзгерістеріне қатысты біраз жайттарға назар аударсақ, нумеративті сөздер басқа сөз таптарындай септеледі, көптеліп, тәуелденеді. Нумеративтер дара, туынды және күрделі болып бөлінетіндігі айқын. Туынды және күрделі нумератив сөздер синтетикалық және аналитикалық тәсілдермен жасалады.

Метрологиялық лексика терминдерінің сөзжасамдық ерекшеліктерін айқындай отырып, оларды жасауға арқау болған өнімді жұрнақ түрлеріне тоқталайық. Метрологиялық лексиканың терминдерін сөзжасамдық тұрғыдан қарастырған еңбектер қатарында ой қозғасак, алдымен, П.Хамдамов «Нумеративы в современном узбекском языке» диссертациясында (1967 ж.) морфологиялық тәсілмен пайда болған өлшемдік көрсеткіштерді атай келіп, өнімділерінің қатарына *-м, -им, -ум, -чи, -оқ, -ак, ик, -лик, -оқ, -ли* жұрнақтарын қосады.

Ж. Ш. Ахмедова «Казахские народные наименования понятий об измерениях» атты диссертациясында өлшем мәнді сөздердің туынды формаларының жасалуына арқау болатын *-лық, -шылық, -ла, -ле, -м, -к, -ік, -ек, -ар, -ер, -ша, -ше, -а, -е* қосымшаларын нақты мысалдар келтіре отырып атап өтеді.

О.С.Қараджа «Түркі тілдеріндегі нумеративті сөз тіркестері» атты кандидаттық диссертациясында қазақ және түрік тілдеріндегі өлшемдік лексемаларды синтаксистік тұрғыдан жан-жақты қарастыра келіп, морфологиялық ерекшеліктерін де назардан тыс қалдырмайды. Екі тілде де нумератив жасауда өнімді қызмет атқаратын *-ым, -ім, -ік, -ек, -ем, -лық, -лік* жұрнақтарын, сонымен қоса аналитикалық тәсіл арқылы жасалған күрделі нумеративтерге тоқталады. Жасалу жолдарын ғана емес, морфологиялық өзгерістерін, яғни септелуін, көптелуін, тәуелденуін зерттеу еңбегіне арқау етеді.

Ғалым С.Жанпейісова қазақ ақын-жазушыларының шығармаларындағы нумеративтер қатарына *лек, сан, түмен, таһап, қыруар, сайытқыран* тұғымдарын жатқыза отырып, осы ұғымдардың этимологиясы мен морфологиялық құрамына баса назар аударады.

С. И. Садыбекованың қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі өлшем мәнді сөздерді нысан еткен диссертациясында да үш тілдің метрологиялық атауларын жасауға арқау болған жұрнақтар реті орын алады, өнімді морфемалар қатарына *-бір, -дай, -дей, -тей, -ша* қосымшаларын қосады.

Морфологиялық тәсілмен жасалған өлшемдік құрылымдар тілімізде өте көп. Түрлі аффикстердің тіркесуі арқасында жаңа мән-мағынадағы ұғымдар пайда болады. Морфологиялық тәсілмен жасалатын туынды метрологиялық атауларды екі топқа жіктеп қарастыруға болады: а) есім сөздерден құрылған өлшемдік мәндегі атаулар; ә) етістіктен жасалатын өлшемдік құрылымдар. Қазақ тілінде етістіктерден де, есім сөздерден де жасалатын метрологиялық мәндегі сөздер мол.

Қазақ тілінде орын алатын өлшемдік мәндегі сөздердің басым көпшілігі түрлі аффикстердің жалғануы арқылы жасалады. Ең алдымен өнімділеріне тоқталсақ, алғашқыларының қатарына *-ым, -ім, -м* жұрнақтары енеді. Осы жұрнақтар арқылы жасалған сөздер бір рет қолданылатын өлшемдік ұғымдағы сөздерді аңғартады. Халық қолданысында жиі кездесетін өлшемдік ұғымдағы мына сөздерге назар аударсақ: *ат шаптырым, бір ұрттам, бір тілім, бір жұтым, бір кесім, бір ішім, ет асым, шақырым, ат шаптырым, шайнам, тұтам, бір қайнатым*. Сөзжасамдық табиғаты жағынан тек етістік түбірге ғана жалғанатынын, басқа тілден енген үш сөзге ғана тіркесетіндігін Ф.Р. Ахметжанова мен Р.Е. Қасенова да атап өтеді: «*-ым, -ім* жұрнақтары тіркесетін үш есім сөздер қатарына *қайырым, мейірім, қарым* сөздері жатады. Қайыр-араб, мейір-парсы, қармонғол тілінің элементтері» [5,17]. Сонымен қоса ғалымдар өнімді осы екі жұрнақ арқылы лингвистикада және әдебиетте: тілтаным, аударым, пікірлесім, сөйлесім, автор келісімі, айтылым, үндесім, жазылым тәрізді атаулардың қолданылатындығын тілге тиек етеді. – М тобындағы аффикстер кеңістіктің арақашықтығын да аңғартады. Ол сөздердің қатарына: *шақырым, адым, ат шаптырым, тұтам* сөздерін жатқызуға болады. Ал *бір кесім, бір ұрттам, бір жұтым, бір ішім* тіркестері азық-түлікке байланысты қолданысқа еніп, зат мөлшерінің аз екендігін аңғартады. Н.Оралбай еңбегіндегі мына пікір де осы ойды тереңдетеді: «Зат есімнің сөзжасамдық жұрнақтарының ішінде көп мағыналы жұрнақтар бірсыпыра: *-ым, -ім, -м. -Ым, -ім, -м* жұрнағы математикалық терминді білдіреді, мөлшер мәнді білдіреді» [6, 117].

Ал, А.Бісқақов еңбегінде осы жұрнақтарға байланысты мынадай пікір орын алған: «*-ым, -ім, -м* жұрнағы арқылы салт және сабақты етістіктерден алуан түрлі заттық ұғымдардың атаулары жасалады. Өлшем, мөлшер ұғымдарын білдіретін бірқыдыру зат есімдер бар. Ондай сөздер халықтың бұрынғы кездердегі ауызекі тілі мен ауыз әдебиетінде үнемі кішілік сандармен (мысалы: бір, екі, үш, бір-екі, екі-үш, үш-төрт) және халықтың күнделікті өмірінде аса жиі қолданылатын бір алуан зат есімдермен (мысалы: ет, сүт, шай, ат, тай, т.б.) қолданылатын еді» дей отырып, мысалдар қатарына *бір асым, екі-үш қайнатым, бір-екі салым, бір-екі ұрттам* тәрізді өлшемдік тіркестерін келтіреді [7, 220]. *-Ым, -ім* аффикстері етістік түбіріне ғана жалғанады, етістікке қосылып туынды зат есім жасайды. Бұл форма арқылы жасалған туынды зат есімдер косарланып та, еркін де қолданыла береді.

Келесі кезекте *-дай, -дей, -тай, -тей* жұрнақтары. Бұл жұрнақтар жалғанған сөздер сөйлем ішінде екінші бір затты анықтай отырып, семантикалық жағынан анықтап тұрған затты өзі жалғанып тұрған басқа бір затқа салыстыру, ұқсату мағынасын көрсетеді. *Қыстай, жаздай* мезгіл мәнді үстеулер де түбір зат есімдерге *-дай, -тай* қосымшаларының тіркесуімен пайда болған. Бағыныңқы сыңары ретінде дара және қосарлы сан есімдер мен *-дай, -дей* жұрнақты зат есімдер тіркесіп, заттын қашықтығын, ұзындығын, мөлшерін, көлемін білдіреді: *қырық кездей, бір тиындай, бір мысқалдай, қырық кездей, бір қасықтай, бір табақтай, жиырма бес шақырымдай, ат басындай* және т.б.

Өлшемдік мәндегі сөздерде жиі кездесетін қосымша түрі – *-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік*. Бұл жұрнақтар жалғану барысында мезгілдік ұғым аңғарылады, сонымен бірге есімдікке, сын есімдерге, сан есім мен зат есімнен құралған тіркестерге де жалғанып, негізгі сөздің мағынасына орай, мезгіл, өлшеу, сан, бағыт, белгілі бір жаққа тәндік мағыналарды білдіретін туынды сын есім жасайды. Мезгіл мәнін аңғартатын сөздерге мысалдар: *апталық, күздік, айлық, жетілік, жылдық, қыстық, кештік. Күншілік, күндік, түстік, айшылық* сөздерінде арақашықтық мағынасын аңғартса, *асымдық* сөзінде мөлшер ұғымы аңғарылады.

Осы сияқты халықтық өлшем атауларының жасалу жолдарын жеке-жеке талдап, бірнеше морфологиялық, семантикалық топтарға бөліп қарастыруға болады. Жоғарыда тілші-ғалымдардың еңбегіне сүйене отырып, тек біршамасын ғана мысалға келтірдік.

Жалпы, халықтық өлшем атауларын қай жағынан алып қарастырсақ та, бүгінгі тіл білімінде өзекті болып табылады. Себебі өлшемдік мәндегі сөздік қорымызды айқындаудың, жан-жақты қарастырудың, сипаттаудың теориялық қана емес, тәжірибелік мәні де аса зор. Тілдегі халықтық өлшемдер, оның тілдік табиғаты – қандай да бір этностың жалпы әлем туралы танымы, ұлттық дүниетаным тұтастығын танытатын бірліктер. Сол арқылы сөздік қорымыздың құрамы молайып, тілдік қабаттарымыз тереңдей түсері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жанпейісова С. Е. Қазақ тілінің рухани мәдениет лексикасы (қазақ ақын- жазушыларының шығармалары бойынша): канд. дисс. автореф. - Алматы, 1996. – 32 б.

2 Баскаков Н.А. Введение в изучения тюркских языков. – Москва: Высшая школа, 1969. – 382 с.

3 Асқар Л.О. Қазақ тіліндегі тәулік кезеңдері атаулары: филол. ғ.к. ...дисс. автореф. – Алматы, 2005. – 24 б.

4 Күркебаев Қ. Нумератив сөздердің тілдік табиғаты // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. - №5(56). –Б.46-49.

5 Ахметжанова Ф.Р., Қасенова Р.Е. Қазақ тіліндегі -ым қосымшалы туындылар жөнінде // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2005. - №8(90). –Б.55-58.

6 Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2002. – 213 б.

7 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1964. – 394 б.

ЭТНИКАЛЫҚ ДЕПОРТАЦИЯ ҚАСІРЕТІНІҢ МАСШТАБЫН ҰҒЫНУ – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ӨЗАРА ТҮСІНУШІЛІК, АДАМГЕРШІЛІК САЯСАТЫНЫҢ САЛТАНАТЫНЫҢ КЕПІЛІ

ЖҰМАҒҰЛ Д. Б.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
МАМЫТОВА С. Н.

т.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Халықтар депортациясымен байланысты жағдайлар тарихта алыста қалып бара жатыр. Алайда миллиондаған адамдар өмірін қиған, көптеген адамдардың тағдырын бұзған кеңестік тоталитарлық жүйесінің зорлық-зомбылығы туралы жады қазіргі қазақстандық қоғамда құнттап сақталып жатыр. Қазақтардың арасында «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген мақалы бар. Кеңестік басшыларының адамгершілікке қарсы саясатының келтірілген құрбандары туралы жады, бірінші кезекте, қоғамда ешқашан осындай қасірет қайталанбас үшін қажет. Тоталитарлық тәртіптемесі арқылы жасалған қылмыстардың шын масштабы туралы толық түсінік қалыптастырып, қазіргі саясатты тәнік орындау және халық бірлігін нығайтуға, көп этникалық қоғамның бірігуіне бағытталған, ойластырылған этносаясаттың негізінде одан әрі болашақтың дамуын анықтау үшін керек.

Кеңестік тәртіптемесі құлауы мен Қазақстан Республикасының тәуілсіздік алуымен кеңестік басшылары жүргізген жаппай саяси репрессияларды жеке тұлғаларға ғана емес, сонымен қатар «сенімсіз» және «жазаланған» деп жарияланған ұлттардың этникалық депортация тарихына қоғамдық кең назары күшейді.

Өкінішке орай, қазақстандық тарихи ғылымда депортация мәселесі әлі күнге дейін нашар өңделген. Бұл тоталитарлық мемлекеттің саяси, идеологиялық жағдаяттың күшімен кеңестік тарихнамаларда репрессия тақырыбы жартығасырға жуық айтылмағанмен, аз мөлшерде сақталған тарихи айғақтар, не мұрағаттық қоймаларда жақсы жасырынған, не жойылғанымен байланысты болған. Бұдан басқа, репрессияға ұшыраған адамдардың өздері, осы күнге дейін қуғындау қорқынышынан босатылған жоқ, сондықтан осы сұмдық оқиғаны еске алғылары келмейді.

Осындай қиындықтарға қарамастан, қазіргі тарихшылар ХХ ғасырдың 30-40 жж. Қазақстанға жаппай күштеп көшірілген халықтардың мәселелеріне жан-жақты, әділдікпен баға беруге талпыныстар қолданып жатыр. Қазақстан Республикасында бірінші болып академик М. К. Қозыбаев этностардың депортациясы мәселесіне жүгінді. Келесі зерттеулерде осы бағытпен депортацияның алғышарттарын, себептері мен нәтижесін талдаған К. С. Алдажуманов, Ж. Б. Абылхожин, М. Т. Баймаханов, Н. А. Абуов, С. М. Машимбаев, Л. Т. Исова және т.б. жалғастырды [1].

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев репрессияланғанды ақтау, тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге үлкен үлес қосты. Республикадағы депортацияланған халықтардың қайғысын «теңдессіз әлемдік тарихтағы акцияны қатыгездік және масштабтары бойынша» бағалады. Егеменді Қазақстанның бірінші заңдарының бірі болып, 1993 ж. 14 сәуірде ҚР Заңы «Жаппай саяси репрессия құрбандарын ақтау туралы» заңға қол қойылды. 1997 жылдан бастап ҚР Президентінің бұйрығымен жыл сайын 31 мамырда саяси репрессия құрбандары еске алынады.

Тарихшылардың зерттеулері, этникалық репрессиялардың алғышарттары 20-шы жж. жататытын мәлімдейді, Ленин өзінің Каменевке жолдаған хатында келесі сталиндік қанды жүгенсіздігіне «ықпал жасап» келесіні жазды: «Біз великорустар ... осы украиндықтарды, латыштарды... қолдарымызға қайта алайық». Осылайша кеңестік империясының шет аймақтарында орыстандыру біртіндеп басталды. «Нацмендер», «кіші ағайындар», «үлкен ағайындар» - деген кеміс-сөздер, коммунистік тәртіптемесі тек бір ғана класстың өшпенділігімен біріктірілмейтінін Сталин сезген кезде пайда болды. «Жаушылық бейне» енді тек әлеуметтік тәнділікпен емес, сонымен қатар ұлттына қарап құрылды.

Репрессиялық шараларды жеке ұлттарға қолдану негізі «сенімсіз» деген күдікпен жұмыс істеді, шетелдік барлаумен серіктес айыптауы стандартты болды.

КСРО тарихында ұлттарды депортациялау белгісіне бірінші болып поляктар ұшыраған, екінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында әскери кимылдарға дайындық үшін «шекараны тазалау» деп аталған істің құрбандары болды. 1936 ж. сәуірінде Украинаның шекаралық аймақтарынан Қазақстанға 45 мың адамды көшірту шешімі қабылданды, кейін тағы 190 мыңға жуық адамдар қоныс аударды. Осы репрессиялар барысында Украинада поляк ұлттарының аймақтары жойылды [3, б. 6]. Поляктар Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Солтүстік-Қазақстан, Семей және Павлодар облыстарына орналастырылды.

Павлодар облысының мемлекеттік мұрағатының құжатына сәйкес, 1941 жылы желтоқсанда облыс территориясында 9233 поляк азаматтары мекендеді, оның ішінде 3 мың адам колхоздарда, совхоздарда, МТС және совхоздық кәсіпорындар мен жергілікті орындарда қызмет атқарды. Олардың үлкен топтары Баянауыл, Павлодар аудандары мен Павлодар қаласында болған. 1942 жылдың 15 маусымының ахуалы бойынша қалада 800 адам саналды, олардың ішінде жұмысқа жарамды ересек 600 адам, алайда олардың көбі қызмет атқарған жоқ [4].

Поляктардың жаңа жерлерде орналастырылуына үлкен көмек көрсеткен ротмистр Казимир Свенцицкий, қиын кезеңде аудандарда 37 өкілеттік ұйымдастырып, жетекшілігіне өзінің отандастарын қол астына алды. Олар бірге облыстағы поляк азаматтарының сандық мөлшерін анықтаумен, әскерге жіберу, жұмысқа орналастыру сұрақтарымен айналысты. Сонымен қатар олар облыстық кеңеске материалдық көмек көрсету, әсіресе жұмысқа жарамсыз поляк азаматтарына азық-түлікпен қамтамасыз ету өтініштерімен жүгінді [5]. 1942 жылдың наурызында жергілікті биліктің жәрдемімен поляк балаларына тамақтану пунктері ретінде балалар алаңдары ұйымдастырылды. Олармен тек жетім балалар, жұмыскерлердің балалары мен мүгедектер, жұмысқа жарамсыздар, және де асқа жарымағандықтан ауруша шалдыққандар пайдаланды [6].

Жергілікті биліктің поляк халқына қолдан келерлік көмек көрсеткеніне қарамастан, кейбір аудандарда олардың жағдайы ауыр болып қала берді. Бұл туралы Баянауыл ауданының Майқайын ауылының поляк комитетінің хатшысы Мария Александрович, 1941 жылы 4 желтоқсанда Павлодарлық продторгбөліміне жіберілген хатында жазған. Аудандарда және оның төңірегінде поляк азаматтары

нан және басқа азықтармен жаман жабдықталғаны туралы жазды: «...75 адамна аса, көбінесе жұмысқа жарамдылар, өз отбасыларымен нанынан айырылды. Асхана қызметкерлерді жұмыс орындарында камтиды, жұмыс істемейтіндер мен қараудағы адамдар тек өте шектеулі дәрежеде қолдана алады, алайда көбінесе оларға есік жабық. Үйлерінде қорлары жоқ, сондықтан жұмысқа орналаспаған отбасылар лажсыз жағдайда...» [6].

КСРО басқармасы 1942 жылдың ортасында Польша елшілігіне депортация аудандарында балалар үйлері мен қарттар үйлерін ашу өтініштеріне оңды жауап берді. Облисполкомның рұқсатымен Поляк өкілеттілігі Павлодар қаласында асхана, балалар үйі мен медбике курстарын ашты. Бұдан басқа Поляк өкілеттілігімен әрбір ауданда мүгедектерге, және де 250 адамға жуық поляк мәдениетінің еңбегі сіңген қайраткерлерге үйлер ұйымдастырылды. Осылай, Баянауыл ауданында 1943 жылдың қаңтарында 50-55 поляк ұлтының адамдары тамақтанған 3 асхана және 35-45 поляк балалары оқытылған 4 мектеп ашылды [7].

Қиын заман мен ұлттық сипатқа қарамастан, адамдар бір-бірін шамалары келгенше қолдап жүрді. Өлкенің байырғы тұрғындары қонақжайлылық дәстүрін бұзбаған, өздері ашаршылыққа ұшыраған – қазақтар, депортацияланған халықтарға қамқорлық көрсетіп, ақырғы нандарымен бөлісетін.

Осы павлодарлық жерде поляк, неміс, балқар, шешен, ингуш және т.б. ұлттардың біртуар перзенттерінің ақырғы баспаналары табылды. Майқайын зиратында көптеген анықталмаған поляк азаматтарының қабірлері бар. Бұл аймақтың күзетшілердің ойынша, олардың қатары генерал Владислав Андерсанның поляк әскеріне жатады. Алайда бұл мәліметті тексеріп, дәлірек анықтау қажет.

Егер Ресей патшалығын «ұлттар абактысы» деп атаса, онда жаппай репрессия кезеңіндегі КСРОны алапат зираты деп атауға болады. Күштеп қоныс аударушылардың өлімі, туып көбеюшіліктен 2 есе асырылды. Үйренбеген табиғи-климаттық жағдайға түсіп, қарапайым өмір жағдайына бейімсіз, барақтарда, бола тұра орналастырылған күштеп қоныс аударылған – поляктар қаза болып, қазақстан жерінде жерленген. Депортация құрбандарының толық статистикасы әлі жоқ. Майқайын ауылының зиратында депортация кезінде орнатылған 1270 поляктардың көбі жерленген.

1945 жылы тірі қалған поляктарға отанына қайтуға рұқсат берілді. Поляк үкіметінің жігерімен поляк азаматтарының отанына қайта оралу келісіміне қол қойылды. Алайда репрессиялық машина

әлі ұзақ жұмыс істеді, тек 1956 жылы ғана поляктардың арнайы бақылауы ыдырады. Осыдан кейін де поляктардың көбі отанына қайта алмады. Бүкілодақтық халық санағының мәліметі бойынша 1959 жылы Павлодар облысында поляк ұлтының 732 адамы мекенделі [8].

Отанына қайта алмаған поляктар, қазақ өлкесінің табиғи, мәдени, менталитетінің ерекшелігіне біртіндеп бейімделе бастады. Өздерінің ұлттық дәстүрлерін, тілін, мәдениетін сақтай отырып, сол уақытта басқа этностармен қарым-қатынас жасап, олар еуразиялыққа тән жаңа қасиеттерге ие болды. Поляктар қазақ қоғамының одан әрі әдемі, жақсы және мықты ететін, қайталанбас қырларының бірі болды. Қазақстандық саяси жетекшілер, көрнекті заңгерлер, ғалымдар, кәсіпкерлер арасында поляк ұлт адамдары аз емес. Осылай, Павлодарда үлкен дәрежесі бар, мәслихат депутаты, «Полония» атты поляк қоғамының облыстық өкілі В.З.Свиницкий. Ұлтаралық келісім, бейбітшілік және достық қарым-қатынасты нығайтқан, жеке үлкен үлес қосқаны үшін көптеген үкіметтік марапаттарға ие болды [9].

Павлодар облысының «Полония» поляктар қоғамы 20 жыл кезеңінде өзінің қызметімен ұлттық мәдениетін жандану мәселесінде поляктар үшін және де Қазақстан халық бірлігі, ынтымақтастық пен бейбітшілік сананы насихаттай отырып аймақтың барлық азаматтары үшін де өте көп жасады. Павлодар жерінде жерленген репрессияланған поляктарға 1997 жылдың мамырында Павлодарда «Полония» патронажымен ескерткіш ашылды. Этномәдени бірлестігі облыстың әлеуметтік дамуына, тарихи жадының сақталуына ғана емес, сонымен бірге Польша Республикасымен өзара тиімді іскерлік қатынасты орналастыруда маңызды бөлімі болатын, экономикалық үлкен үлес қосады. Бірнеше жыл бойы Быдгощ поляк туыстас-қаласымен Павлодардың серіктестігі белсенді дамып жатыр. 2001 жылы маусымда Павлодар қаласында бірінші рет Қазақстан поляктарының Одағының есеп беру – сайлау конференциясы өтті, онда келгендер: Польша Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі П.Чепляк елшілік бөлімінің басқарушысы, Елшіліктің кеңесшісі Т.Вельгомас және «Польска Всулнот» (Поляк бірлігі) Батыс-Теніз жағасындағы қоғам өкілі, Ұлттық кеңестік мүшесі Б.Пастуха. Конференцияда Қазақстан поляктарының Одақтың үйлестіру кеңесінің қызметінің қорытындылары шығарылды. Қала қонақтары облыс әкімінің қабылдауында болды, ұлттық жаңғыру мектебіне, мешітке, костелға барып келді, поляк диаспорасының өкілдерімен көрісті [10, б. 395].

Бүгінгі күндері Қазақстан мен Польша достық қарым-қатынасты сақтап жүр. Оларды тек экономикалық, саяси, мәдени қызығушылықтар

ғана байланыстырып жатқан жоқ, сонымен бірге Қазақстанға саяси депортацияланған және репрессияланған поляктардың ауыр жылдарында құрылған туыстас рухани байланыс та қосып жатыр. Сұмдық уақытты бастан кешкеннен кейін, қазақтар мен поляктар рухына байланыстырылды, уақыт пен ешбір саяси жағдаят орнатылған берік достыққа бағынысты емес.

Қорытындысында, Президент Н.Ә.Назарбаевтың мемлекеттегі рухани өзара құрмет пен бейбітшілікті нығайтуға бағытталған – ұлт Жетекшісі курсы Қазақстанда кең қолдау алып жатыр деп айтауға болады. Қазақстан халқының Ассамблеясы этномәдени бірлестік, ғалымдар-сарапшылар, депортация қасіреті туралы жадыны сақтау бойынша жастар ұйымдары сияқты үлкен жұмыс атқарады. Алайда, сол мезетте, осы уақытқа дейін жаппай саяси репрессия тарихының беттері ашылмағандары бар, әлі кінәсіз айыпталған және белгісіз адамдар жерленген. Осы қайғы-қасіретті жерленген орындары, ескерткіш құрылыстары мен таңбалары тиісті күтімді қажет етеді, себебі бұл депортация мен репрессия құрбандарына деген үлкен құрмет көрсетудің маңызды құрамдас бөлігі.

Мемлекеттің және барлық қоғамның маңызды міндеті болып, бірізді және бұлжымайтын әлемдік саясатын, келісімділік пен бірліктің өткізілуі болып табылады. Кеңестік террор жылдарын бастан кешкен адамдарға әрдайым қамқоршылық қажет. Біз тарихтан өмірлік сабақ алуымыз керек, мықты және шоғырландырылған болып, әрбір азамат еркін тұра алатын және өз отбасы мен мемлекет игілігіне жұмыс істейтіндей, мемлекет құруымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 История Казахстана: белые пятна / Под ред. М.К. Козыбаева. – Алма-Ата, 1991; Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы, 1998; Абуов Н.А. Депортации народов в Казахстан в 1936-1957 гг. - Караганда, 2008; Машимбаев С.М., Исова Л.Т. Проблема истории польских переселенцев в Казахстане (1936-1946 гг.) - Алматы, 2000.
- 2 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999. - 286 б.
- 3 Волков А. Казахстанские поляки // Казахстанская правда. – 2006. – 3 наурыз.
- 4 ГАПО Ф.646. – Оп.1. – Д.14. – Л. 6
- 5 ГАПО Ф.646. – Оп.1. – Д.207. – Л.153
- 6 ГАПО Ф.646. – Оп.1. – Д.26. – Л.10

7 Аманова А.С. О некоторых аспектах истории поляков в Казахстане (на материалах Павлодарской области) / Материалы конференции, Павлодар, апрель 2015. – Павлодар, 2015. – Б. 224–229.

8 Соколкин Э. По секретному приказу: О депортации польских граждан в

Казахстан // Звезда Прииртышья. – 1993. – 8 июня. – Б.5

9 Живем в семье единой! – Павлодар, 2004.

10 Павлодарская область: страницы новейшей истории. – Павлодар, 2012.

ТАРИХИ ОҚИФАЛАРДЫҢ СУРЕТТЕЛУ КӨРКЕМДІГІ

ЗЕЙНУЛИНА А. Ф.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ИБРАЕВА А. Т.

п.ғ.м., Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Қазақ тарихының бұрын жан-жақты қамтылмаған жақтарын кенейте, тереңдете жазуда жазушылар сөз арқауындағы бірнеше ғылымдар салаларының тұтасуы жағдайында еңбек етуде. Ұлттық тарихтың көрнекті тұлғаларын, олар өмір сүрген қоғамдық-әлеуметтік ортаның қайшылықты, тартысты күрделі болмысын шығармашылық психологиясы шеңберінде айналымға түсіріп, оқырмандарға ұсыну жауапты іс. Бұл орайда, әдебиеттанушы-ғалым А.Ісімақова мынадай дәйектеме береді: «Шығармашылық психологиясы (психология творчества) – суреткердің өмірді танудағы, мәдени қазынаны жасаушы ретіндегі жеке психологиясы, жаңа бір туындының қиялда туғанынан бастап, оның аяқталуына дейінгі динамика, яғни көркем шығарма жасаудағы жалпы және жекелеген заңдылық процесі» [1, 228 б.]. Демек, өмір шындығын тарихи шындық поэтикасы аясында бейнелеуде қаламгердің шығармашылық психологиясы ең негізгі шешуші қызметті атқарады.

Қазіргі қазақ романы - ұлттық сөз өнері тарихындағы алдыңғы толқын суреткерлер қалыптастырған көркемдік үрдістің жалғасқан көрсеткіші. Әрине, қазақ сөз өнері алыптары да әлем әдебиеттеріндегі суреткерлер тағылымынан өнеге алды. Бұл орайда, қазақтың рухани мәдениеті тарихына қатысты жақтары жиі айтылатын А.С.Пушкин шығармашылығына назар аударуға болады. А. С. Пушкиннің прозалық шығармалары мен қазіргі қазақ романдарына ортақ тарихи шындық поэтикасының көркемдік үндестігі мәселесіне тоқталуға болады [2, 5 б.].

Қазіргі қазақ романдарындағы тарихи шындық пен көркемдік шешім мәселелерін ғылыми-теориялық тұрғыда қарастырудың өзектілігі осындай әлемдік классикалық үрдістер ықпалдастығы, сабақтастығы жүйесімен байланысты бағаланады.

Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи шындық поэтикасы бағдарымен жазылған І.Есенберлиннің «Мұхиттан өткен қайық», Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз», З.Шүкіровтің «Сыр бойы», Қ.Шабданұлының «Қылмыс», Д.Досжановтың «Ақ орда» Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы», М.Мағауиннің «Мен», Б.Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы», «1986 жыл», С. Елубаевтің «Ақ боз үй» және т.б. романдар ұлттық әдебиетіміздің әлемдік тәжірибедегі үлгілермен үндестігін айқын аңғартады. Бұл романдарда ұлттық тарихымыздағы қайраткерлер тұлғаларының, оқиғаларының барлығы да шындықты көркемдік шешіммен өрнектеудегі қаламгерлер шеберліктерін, өзіндік мәнер-машықтары танылды. Бұл орайда, белгілі әдебиеттанушы ғалым, профессор Т. Н. Рахымжановтың пікірі эпикалық шығармалардың мазмұны мен пішіні жүйесіндегі өмір шындығы бейнеленуінде авторлық ұстанымдар табиғатын кеңінен түсінуге мүмкіндік береді: «Қазіргі романның көркем бейнеленген объектісі – қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық құбылыстар, адамның жан қозғалысы, орталық және косалқы кейіпкердің ішкі «менінің» өсу, кемелдену эволюциясы болып табылады [3, 219 б.]. Бұл пікір қазіргі қазақ романдарындағы тарихилықты, деректерді мол қамтып жеткізетін эпикалық авторлық баяндаулар болмысын дәйектей түседі.

Әлем әдебиетіндегі тарихи шығармалар үрдісін ұстанған ХХ ғасырдың 90-жылдары мен ХХІ ғасырдың бас кезіндегі қазақ прозасының роман жанрындағы туындылары ұлттық сөз өнерінің тынысын кеңейтіп, рухани толыға түсті. Әлем әдебиетінің ұлылары саналған Л. Толстой, А. Пушкин, Р. Тагор, Ә. Хэмингуэй, Ж. Аймауытов, М.Әуезов, т.б.сынды суреткерлер шығармаларына тән тарихи шындық поэтикасы көркемдік үндестігі байқалатын қазақ прозасының жаңа туындылары тәуелсіз қазақ әдебиетінің өркениеттегі өзіндік тұғырын бейнелей түседі. Бұл - ұлттық мәдениетіміздің жалпыадамзаттық дамудағы жетістіктерінің биігі деп білуіміз керек.

Әдеби процесс-әлем халықтары әдебиеттері дамуындағы елеулі туындылардың поэтикалық ерекшеліктері жинақтала танылатын шығармашылық ізденістер арналарын тұтастандыра танытатын ұғым. Ғалым Т.Тебегенов: «Әдеби процесс - рухани құндылықтар тарихы... Әдеби шығарма - өткен мен бүгінді, болашақты тұтастай елестететін өзекті мәселелерді қамтитын көркемдік-эстетикалық тағылымы мол

халық дүниетанымының айнасы» [1, 11 б.], – дейді. Демек, әдеби процесс ұғымының аясында халық тарихының барлық кезеңдеріндегі сөз өнері шығармашылығының үздіксіз дамуындағы қозғалысы, көркемдік болмысы қарастырылады. Сөз жоқ, рухани мәдениеттің негізгі арнасы көркем шығармалар - үздіксіз туындап жататын әдеби даму қозғалысының жемісі.

Тарихи роман мазмұны әруақытта кеңейіп, ғасырдан – ғасырға ұласып жазыла береді. Себебі мұнда ұлттық болмыс, ұлттық дүниетаным, ұлттық құндылық шежіресі көркемділікпен бейнеленеді. Бұл – адами танымдық белес, сөз өнерінің қайнар ортасы.

Романның келесі бір мазмұндық жүйесі - деректі романдардың жазылу көркемдігі. Қазақ әдебиетінің көркемдік кеңістігіндегі шығармалардың реалистік сипатына негіз болған ерекшелік-деректілікке сүйене отырып, көркем туындыны дүниеге әкелу.

Деректілік - өнер туындыларының барлығын да адамдардың қабылдау дүниетанымын танытатын өмір шындығының көрсеткіші. ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті дамуындағы шығармалардың, әсіресе романдардың тарихи шындық пен көркемдік шешім мәселелерін игеруі, қаламгерлердің шеберлікке шындалу ізденістерін танытты. Бұл орайда, академик С.Қирабаевтың осы кезең әдебиеті шығармаларын шынайы бағалаған пікірінің ғылыми-методологиялық негізділігі айқын: «Қазақ әдебиетінің тарихи шындыққа икемділігі, көркемдікпен шешуге ұмтылған проблемаларының молдығы мен тереңдігі прозада түрліше, айшықты, стильді, формаларды жасауда жақсы жетістіктерге қол жеткізілді.

Көркем шығарманың нақты өмірмен байланысын көрсетуде документтіліктің де ролі артуда. Шындықты кең алып, баяу, мол тыныстылықпен суреттеу үлгісіне характердің ішкі сырына үңілетін психологиялық тереңдік пен философиялық ойшылдық қосылды. ... Тарихи шындықты дәлдікпен көрсете отырып, өмірдегі өзгерістерді толық көркемдікпен бейнелеу, оның маңызды-маңызды проблемаларын дөп баса білу, сол негізде қоғам дамуының заңдылықтарын дәлелдеу... толысқан суреткердің ғана қолынан келмек» [3, 39 б.]. Қазіргі қазақ әдебиеттануы ғылымында да осы жанрдағы шығармалар поэтикасының табиғатына берілген нақты тұжырымдар (Т. Бекниязовтың пікірі) деректі романдардың сипатын айқындауға бағдар береді [2, 78-79 б.]. – деп пікір білдірген. Яғни, өмірде шын мәнінде болған оқиғалар негізінде оқырманға дәуір тынысын тануға, уақыт мүддесін білуге, қоғам саясатынан хабардар болуға мүмкіндік жасалынған. Ал сөз көркемдігі арқылы жазушы позициясы мен ұстаным мұраты көрінген.

Қазақ романдарының тарихилық негіздерін құрайтын кезеңдер шындығын қамтыған осындай жанрдағы шығармалар қатарында С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С. Мұқановтың «Өмір мектебі», Ғ.Мұстафиннің «Көз көрген», Ә. Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз», Т. Жұртбаевтың «Дулыға», Д. Досжановтың «Абақты» және т.б. шығармалар деректілік сипатының молдығымен, нақтылығымен ерекшеленеді.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі деректі романдар да тарихилық негізділікті мол қамтитындығымен бағаланады. Ал, нақтылы деректілікке негізделген шығармалар қатарында жазушылар Б. Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы» (роман-толғау), Т. Ахметжанның «Ақиқат жолы» (роман-диалог), М. Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы» (деректі роман) туындылары айрықша дараланып көрінеді. Бұл романдарда ХХ ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан тарихының материалдық және рухани мәдениет салаларындағы даму оқиғалары, кеңестік кезеңнің жетістіктері мен кемшіліктері, көрнекті тарихи қайраткерлердің әрқайсысына тән даралық сипаттары, қоғамның, мемлекеттің, әртүрлі шығармашылық, шаруашылық ортаның қарым-қатынастарындағы қайшылықтар мен қақтығыстар – бәрі де нақтылы өмірлік деректер бойынша баяндалады. Бұл романдар мазмұны арқылы тарихи тұлғалар мен прототипті бейнелердің болмысы мен ішкі жан дүниесімен де таныс боламыз.

1992 жылы жарық көрген жазушы Б. Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы» атты эпикалық шығармасына «Роман-толғау» («Айтылмай келген шындық») атты қосымша тақырыптық атаулар қосыла берілген.

Қазақ тарихының аса күрделі оқиғаларға толы ХХ ғасырдың 70–80-жылдарындағы кезеңіндегі саяси идеологиялық бақылау орындары мен Қазақстан Жазушылары Одағы арасындағы қарым-қатынастарды деректі прозаның роман-толғау жанрындағы эпикалық туындымен қамтып жазуда қаламгер шындық туралы өзіндік көзқарастарын халықтық бағалаумен сабақтастық тұрғыда баяндауға тырысқан.

Роман желісіндегі эпикалық баяндауға негіз болған ұйым – Қазақстан Жазушылар Одағы. «Тұйық өмірдің құпиясы» роман-толғауында Ә. Шәріповтің, Ә. Әлімжановтың, Ж. Молдағалиевтің, О. Сүлейменовтің Қазақстан Жазушылар Одағын басқарған кезеңіндегі қызметтерін атқаруына байланысты оқиғаларды қамтып жазған. Деректі прозалық романның кейіпкерлері – тарихи тұлғалар» [2, 300–301 б.]. «Тұйық өмірдің құпиясы» романында қазақтың ХХ ғасырдағы көрнекті жазушылары І.Есенберлиннің, Ә.Нұрпейісовтің,

Т.Ахтановтың, С.Мұратбековтің тұлғалары да біршама даралана бейнеленген.

Деректі романда Қазақстан тарихының аса көрнекті тұлғасы, көп жыл республиканы басқарған Д.А.Қонаевтың Жазушылар Одағына, жекелеген дарынды қаламгерлерге жасаған қамқорлығы да жан - жақты суреттелген.

Қазіргі деректі эпикалық прозалық шығармалардың көрнекті үлгілерінің қатары 1986 жылғы Желтоқсан ұлттық-азаттық көтерілісіне арналады. 2006 жарық көрген М. Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы» атты деректі романының бірінші кітабы – қазіргі қазақ әдебиетіндегі тарихи тақырыптың игерілуін білдіретін елеулі туынды. «Желтоқсан эпопеясы» деректі романының композициясында екі маңызды мәселе қарастырылады: біріншісі – автордың 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі туралы көсемсөздік-философиялық ой-толғаулары мен тұжырымдары; екіншісі – Желтоқсан көтерілісін айғақтайтын ресми құжаттар, естеліктер мен деректі материалдар.

Деректі романдағы осы бөліктерде ХХ ғасырдың 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі болған күндерден бастап қазіргі ХХІ ғасырдың осы кітап шыққанға дейінгі аралықтағы Қазақстанның саяси-әлеуметтік оқиғалары, халқымыздың рухани өсуіне, өркендеуіне байланысты өзекті мәселелер жинақталған. (кейбір деректі материалдар желтоқсандықтардан алынған – автор И. А.). Деректі романның авторы, ұлтжанды қаламгер болғандықтан шығармадағы аталған тарауларда стильдік қолданыстардың алуан түрі берілген. Шығармадағы тараулардың тақырыптық сипатына орай суреттемелер де, диалогтар да, авторлық дербес толғаныстары мен тұжырымдары да, ресми құжаттар (қаулылар, мәжілісхаттар, анықтамалар, хаттар, т.б.), сонымен бірге оқиғалар желісіндегі поэтикалық әсерлілікті күшейту қызметін атқарған өлеңдер де аралас қолданылған.

Деректі романның әр алуан жанрлардың синтезі үлгісінде болуы қазақ сөз өнері тарихындағы тарихнамалық-шежірелік туындылар жазу үрдісін еске салады. Сөз арқауындағы Б. Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы», М. Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы», Т. Ахметжанның «Ақиқат жолы» деректі романдары жаңа дәуірдегі әдеби үдерістегі шежірелік-тарихнамалық және әдеби шығарма поэтикасы тұтастығының көрінісіндей танылады.

Т.Ахметжанның «Ақиқат жолы» (2003) роман-диалогында Желтоқсан көтерілісінен кейін «ұлтшыл», «жершіл», «рушыл» т.б. жалалар жабылып, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметінен босатылған, бірақ қуғын-сүргінге ұшыраса

да әділетсіздіктен ықпаған, рухын жоғалтпаған қазақ зиялысының тағдыры арқылы тоталитарлық жүйенің шаруашылық салаларында жүрген қазақ азаматтарына да тигізген зардаптарын көреміз. Романдағы автор мен кейіпкер диалогтары шығарманың поэтикалық мазмұны мен пішін тұтастығымен өрілген.

Академик З. Ахметов көркем шығармадағы диалогтың кейіпкерлердің жан әлемін, қоршаған тіршілік қозғалыстарындағы өзіндік орындарын анықтаудағы поэтикалық қызметін атап көрсеткен [1, 79–80 б.]. Диалог – деректі романдардың психологиялық сипатын күшейте түсетін көркемдік тәсіл екені белгілі, жазушы осы көркемдік психологиялық детальді шебер пайдалана отырып, кейіпкердің ішкі жан дүниесіне ирiмiн, көңiл қыжылын ашық бере бiлген.

Деректі роман – қазіргі жазбаша әдебиеттің өзіндік жанларының бірі. Құрылысындағы деректі құжаттардың, естелік әңгімелердің мол болуымен бірге туынды авторларының көркем шындық бейнелеулері де қолданылатын-дығы оларды ерекшелендіріп тұрады. М. Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы» деректі романының «Ұлтсыздандыру саясаты немесе Желтоқсан көтерілісіндегі тіл мүддесі» атты тоғызыншы бөлімінде тәуелсіздігі ресми жарияланған Қазақстан Республикасындағы қазақ тілінің мемлекеттік мәртебелі қолданысын нығайту, қазақ ұлтының мемлекет құрушы ата-бабалық және мәңгілік тұғырын сақтау іс-әрекеттері жүйелене көрсетілген. Романның өмір шындығын танытуда жазушылық палитрасы жоғары, суреттеу әдісі көркем, деректілікті қолдану шеберлігі ұшқыр екенін байқаймыз.

Бұл романдардың құндылығы - жазушылардың өз замандағы болған оқиғаны баяндап, тарихи оқиғаға қатысты авторлық тұғырнамасын көрсетуі, бірлікті, ерлікті шығарманың лейтмотиві етіп алуымен ұрпақтан – ұрпаққа жеткізуі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сыдықов Т. Қазақ тарихи романының көркемдік тіні. – Алматы: Ер Дәулет, 1996. – 164 б.

2 Қазіргі қазақ романдарындағы тарихи шындық пен көркемдік шешім мәселелері // «Академик С.Қирабаев және ХХ ғ.әдебиеттану ғылымы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция жинағы. – Алматы, 2007. – 219-222 б.

3 Қазіргі қазақ романдарындағы ұлттық сипат. // Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Хабаршысы, №2. –Түркістан, 2009. – 77-83 б.

АЛАШ КҮРЕСКЕРЛЕРІНЕ ТАҒЫМ, АЯУЛЫ ЕСІМДЕРГЕ ҚҰРМЕТ

ИБРАЕВА С. С.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ТОРАЙҒЫРОВ Е. М.

т.ғ.к., қауымд. профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақтың теңдігі мен азаттығы үшін күрескен әрбір тұлғаны тану, олардың өмірі мен қызметіне лайықты баға беру, өркениетті елдің, мәдениетті жұрттың міндеті. Осы реттен келгенде, ХХ ғасыр басындағы елдік ұранын көтерген, Алаш атымен күреске шыққан тұлғаларымызды тану, олардың әрқайсысының тарих пен ұлт алдындағы қайраткерлік, күрескерлік істеріне шынайы баға беру – кешегінің аманаты, бүгінгінің парызы, болашақтың қамы.

Қазақ елдігінен айырылып, бодандыққа біржола бата бастаған ХХ ғасырдың басындағы аласапыранда бүгін біз «Алаштықтар» деп атап жүрген саяси қайраткерлер тарих сахнасына шықты.

Алашордалықтар өткен ғасырдың бас кезінде Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде қайта өрлеу дәуірін жасады, белсенді ғылыми-публицистикалық қызметімен халықтың сана-сезімін оятты, ұлттық еркіндік пен ұлттық мемлекеттілікті қайта өркендетуге деген рух пен үмітті оятты.

Осыдан 100 жыл бұрын құрылған «Алашорда» үкіметі қазақ мемлекеттілігін қайта жаңғыртты. Бүгінгі таңдағы құқық, саясаттану және әділет тұрғысынан алғанда бұл саяси шешім қазақ халқының еркі мен арманына сай және толығымен заңды еді. Алаш партиясы қозғалысының және аса көрнекті көшбасшыларының ұмытылмас тарихи еңбегі осында.

Олар өз Отанының қоғамдық-саяси және мемлекеттік дамуының теориялық негіздерін қалап, озық еуропалық және халықаралық жетістіктер мен стандарттарға сай практикалық үлгілерін ұсынды. Бұл сол кездегі Ресейлік солшыл-төңкерісшіл, монархиялық көзқарастағы қайраткерлердің бағдарламаларына қарағанда әлдеқайда объективті, көреген әрі маңызды екеніне көз жеткізіп отырмыз. Алаштықтардың стратегиялық бағдарламалары мен тактикалық іс-әрекеттері қазақ халқының мүдделерін терең әрі жан-жақты қолдап, сол кездегі даму үдерісі мен саяси ахуалға сай болды.

М. Қойгелдиев «Ұлттық саяси элита» атты зерттеу еңбегінде Алаш идеясы біріншіден, ұлттық демократиялық мемлекет құруды, екіншіден, жердің астындағы, үстіндегі, көгіндегі барлық байлық

қазақтың өзіне қызмет етуін, үшіншіден, қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн сол мемлекет азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуін, төртіншіден, қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тілі өзге ұлттардан қарағанда үстем болуын, бесіншіден, ұлттық дәстүрге негізделген Жапония үлгісіндегі ұлттық демократиялық мемлекет құруды ұсынды депті.

Осылайша, ұлттық идеяның кемел бағытын кеменгерлікпен түзеген алаштықтар мемлекет құрудың жаңа белесін ашып, яғни ұлттық идеяға адалдық, жанкештілік танытып, елдің болашақ-бағдарын айқындай білуі – Алаш аманатының бізге тарих болып жеткен құндылығы.

Алаш қайраткері Әлихан Бөкейханов айтқандай, мемлекеттігі жоқ халық – жетім халық. Кез келген болашағынан үміті бар ұлт үшін мемлекеттік идея негізгі құндылық. Міне, осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасы – Алаш идеясының өмірлік шындыққа айналуының көрінісі ретінде бағалануы әбден орынды.

Біз жаңа мыңжылдыққа қадам бастық, алайда, біздің бүгінгі мен болашағымыздың тамыры тарих еншісіне енген ХХ ғасырда қалды. Бүгінгі таңда ерлік пен қайғылы оқиғаларға, қарама-қайшылықтарға толы кеңестік кезеңдегі ел тарихы қайтадан ой елегінен өткізілуде. Уақыт ерте ме кеш пе бәрін өз орнына қояды, десек те біз қазірдің өзінде өз мемлекетінің мүдделері үшін күрестің ең күрделі және жауапты учаскелерінде Отанына жан-тәнімен қызмет еткен нағыз қаһармандарымыздың ізгі есімдерін ұрпақтарымыздың жадына сіңіру үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға тиіспіз [1, 9 б.].

Ғасыр басында пайда болған Алаш қозғалысы қысқа уақыт ішінде қазақ қоғамына «Оян, қазақ!» идеясын әкелді. Бұл мақсат арада бір ғасыр өткенде Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты концептуалды бағдарламасына ұласуы, ұлт руханиятын жаңғыртудың жүз жылдан кейінгі тарихи сабақтастығы екені даусыз.

Өйткені алаштықтардың ұлттық идеясы ақын С.Торайғыровтың: «Алаш туы астында, Күн сөнгенше сөнбейміз, Енді ешкімнің алашты, Қорлығына бермейміз!» деген ұранды жырына ұласып жатса, бүгінгі Елбасы Н.Назарбаев ұсынып отырған «Мәңгілік ел» идеясы жоғарыдағы алаштықтар мақсатымен рухани үндестік табуда.

Халықтардың тарихындағы қасіретті, қанқұйлы кезең туралы сталиндік режимнің тұсында да, жеке басқа табынушылықты әшкерелеген жылдарда да ешкім тіс жара алған жоқ. Тоқырау жылдарында мұны ешкім ауызға алмады. Кешегі кезенді боямалап

көрсетуге бейім тұрғандар қазір де ол күндерді ұмытуға тырысады. Бірақ ол күндерді ұмыту дегеніміз қанды режимнің миллиондаған құрбандарының аруағын қорлау деген сөз [2, 196 б.].

Алаш қозғалысы кеңес өкіметі тарапынан терістелгенімен, оның идеялары ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өмір сүріп келеді. Оның жарқын әрі бұлтартпас мысалы – тәуелсіздіктің қарсаңында Алаш идеясының қайтадан жаңа күшпен жаңғыруы.

Қазақ демократиялық интеллигенциясының ХХ ғасырдың бас кезіндегі қоғамдық-саяси қызметін зерттеудегі шын мәніндегі жаңа кезең 80-жылдардың соңына қарай басталды. Оған жол ашып берген сол кездегі бүкіл Кеңестер Одағын қамтыған қайта құру процесі, соған байланысты тоталитарлық жүйенің құрбаны болған қазақ мәдениеті мен ғылымының көрнекті қайраткерлерінің шығармашылық мұрасын қайта қарау үшін Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті жанынан құрылған комиссияның шешімдері болды. Соның нәтижесінде, сталиндік жазалау құрбаны болған қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасы 1988 жылдан бастап жарық көре бастады.

Осы кезеңнен бастап қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі, «дөңгелек столдардың» тақырыбына айнала бастады. Түрлі басылымдарда Алаш қозғалысы қайраткерлерінің қоғамдық қызметі мен саяси көзқарасын талдауға арналған мақалалар жарық көрді [3, 20 б.].

Осы арада Президент Н.Ә.Назарбаевтың: «Өткенді талдаумен көбіне білімі таяз адамдар, тарихты конъюктуралық реңкке, аяқ астынан саясат қажетіне қиюластырушы білімсіздер, немесе саясатшысымақтар айналысатындықтан да кәсібилердің әділдігі аса маңызды» [4, 74 б.],-деген пікірін басшылыққа ала отырып профессор К. Нұрпейісов тағылымы мол Алаш қайраткерлерінің тарихи және ғылыми мұрасын зерттеуге байланысты «енді Алашқа байланысты жекелеген мәселелерді қарастырудан, оның тарихының кезеңдерін тұтас проблема ретінде зерттейтін уақыт жетті»,-деп атап көрсетті [3, 24 б.].

Қазіргі қоғамның рухани жаңғыруы Алаш қайраткерлерінің мұрасына да тереңірек үнілу керектігін қажет етеді. Бабаларымыздың күресі мен өсиетін бойымызға сіңіруде, олардың бүгінгі күнімізбен тікелей сабақтас құндылық екендігін әрқашан сезінуіміз керек. Осы тамырлық дегдар сезім бүгінгі қазақтың азаттығына, ел болуына, ел болу үшін отаршылдық қалдықтармен күресетін баянды шаруаларға жұмылдыруы шарт хәм міндетті. Бағзы бабалардың да, абыз Абайдың да, Алаш зиялыларының да аманаты осында [5, 19 б.].

Ұлы М. Әуезовтың шәкірті, ақын, драматург, ғалым Қайым Мұхамедхановтың қызы Дина Қайымова: «Халқымыздың рухани жаңғыруы – тарих бетіндегі көмескі тартқан шындықтарды бүгінгі ұрпақ санасына қайта тоқылуы. Осы тұста Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Халел Досмұхамедов, Мұхамеджан Тынышпаев, Халел Ғаббасов, Отыншы Әлжанов, Мұхамеджан Сейітқұлов, Әлімхан Ермеков сынды Алаш қозғалысының көшбасшылары мен қайраткерлерінің халқына сіңірген еңбегін қастер тұтып, оларды жадыдан шығармауымыздың өзі рухани жаңғыру жолындағы басты міндетіміз. Кеңестік билік арыстарымыздың аты-жөнін де, олардан қалған мұраларды да жойып, мүлде ұмытырып жіберуге қанша тырысқанымен, олардың Мұхтар Әуезов, Қайым Мұхамедханов сияқты ізбасарларының арқасында халқымыз Алаш рухымен қайта қауышты» - десе, филология ғылымдарының докторы Айгүл Исмакова: «Алаш қайраткерлерінің ізбасары болған Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан сынды ұлы тұлғалар Кеңес өкіметі тұсында өз ұстаздары туралы шындықты ашық айта алмады. Бірақ Мұхтар Омарханұлы өзінің соңынан ерген шәкірті Қайым Мұхамедханұлын Абайтануға баулып, Абай арқылы Алаш идеясын көтерген Әлихан, Ахмет бабаларымыздың мұрасын келешек ұрпаққа жеткізуді аманаттады», – дейді [6, 8 б.].

Алаш қайраткерлері күресінің тағылымы да, Алаш қаламгерлерінің мұрасы да жылдан жылға қазақтың рухани-мәдени өміріне еніп, «Алаш» сөзі аяулы ұғым, қасиетті түсінік ретінде қоғамымызда асқақтатыла айтылып келеді. Күнделікті теледидардан, радиодан, газеттерден «Алаш» сөзінің айрықша мән беріліп айтылғанына, жазылғанына куә болудамыз. Яғни, қазақ баласының жаны мен жүрегіне, ойы мен пікіріне, санасы мен сезіміне «Алаш» ұғымы күн өткен сайын бойлай түсуде. Дегенмен, Алашорда тарихы туралы монографиялар, кандидаттық және докторлық диссертациялар болса да, бұл мәселе түбегейлі шешіліп, тарихтан, саясаттан өз орнын таба алды деп айтуға болмайды. Өйткені, әлі де болса жекеленген ғалымдардың, саясаткерлердің, бұқара халықтың арасында қарама-қарсылық кездесіп қалады [7, 9 б.]. Бұған М. Қойгелдиевтің мына пікірі дәлел болады: «Өкінішке қарай, ұлттың кеудесін керіп, аяғынан тұруына ынталы емес күштер әлі де бар. Алаш қозғалысы мен оның қайраткерлеріне құрмет таныту және есте қалдыру мақсатымен Қазақстан тарихшылары қауымдастығының атынан Семей қаласының әкімдігіне жіберген хатымыз жауапсыз қалса, Қарағанды облысының әкімі мен Е. Букетов атындағы мемлекеттік

университет өтініш-тілегімізге ғылыми конференция өткізу өз жоспарларында жоқ екендігін айтыпты. Бұл біздің қазіргі күйімізді куәландырады. Дегенмен, ел ерсіз болмайды. Павлодар мемлекеттік университетінде Алашорданың 90 жылдығына орайластырып ғылыми конференция өткізбек. Жоғарыдан түсетін нұсқаусыз-ақ, белсенділік танытып жатқан ел азаматтарына тәңір жарылқасын айтамыз» [8, 398 б.].

Алаш партиясы, Алаш автономиясы және Алашорда үкіметі – Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов бастаған зиялылар шоғырының жан кешті еңбегінің нәтижесінде өмірге келген саяси құрылымдар. Бір сәтке болса да көз алдыңызға елестетіп көріңізші, еуразиялық алып кеңістікті иемденіп жатқан қазақ елінің өткен жолында егер осы саяси құрылымдар орын алмаған болса, онда біз кімге теңелетін болар едік? Айтпасақ та түсінікті, сол тұстағы өзінің елдік мүддесін түсіну дәрежесіне көтеріле алмаған жай ғана тобыр санатында жүрер едік. Онан кейінгі Әуезов те, Момышұлы да, Мәншүк те, 86-ның желтоқсаны да, ең ақыры бүгінгі мемлекеттік те көзден бұлбұл ұшар еді. Онда бүгінгі жер үшін, тіл үшін, елдік үшін жүріп жатқан азапты күрес те болмас еді.

Алаш - біз үшін жері мен елін сүйіп, сол үшін рухани азапқа түскен Сұлтанмахмұт Торайғыров пен Жүсіпбек Аймауытов, Алаш – біз үшін арманшыл да таңғы шықтай мөлдір Баубек Бұлқышев, Қайрат Рысқұлбеков [8, 391 б.].

Қазақ халқы рухани салада жаңа биіктікке көтерілуі керек. Ұлы рухты болмай, қызы ғұрыпты болмай, ұлт оңбайды, алға баспайды [9, 133 б.]. «Мен жастарға сенемін!» деген Мағжан сөзін мың мәрте қайталаймыз, шын сеніммен нық қайталаймыз: қазақ елінің болашағы қазақ жастарында. Егемен елдің рухани тәуелсіздігі болуы керек. Ол үшін жаңа ұрпақтың санасын, оның ішінде тарихи санасын тәрбиелеу міндеті тұр. Шетелдік рухани саладағы экспансияны тежеу үшін жастардың отансүйгіш жүрегінің иммунитетін күшейту абзал.

Алаш идеясы – қазақ мемлекетінің қуаттылығын қолдайды. Сонау 1917 жылы алғашқы құрылтайын шақырып, «Алаш» партиясы тарих сахнасына шығып, қазақ үшін қажет түйінді мәселелерді қозғап жатса, сол айтылғандар күні бүгін де маңызын жоғалтпаса, ендеше біз Алаш жолынан ауытқымауымыз керек, бізге солардың идеяларын жаңғыртудан артық міндет жоқ. Алаш арыстарының рухын жас ұрпақ бойына сіңіру, Алаш ардақтыларына арнап ескерткіштер, мұражайлар салу, «Қазақстан тарихы» оқулықтарындағы олқылықтың орынын толтыру бүгінгі күннің кезек күттірмес міндеті. Кітаптар, оқулықтар,

зерттеулер, қысқаметражды фильмдер түсіріліп, жоғары оқу орындары мен мектептерге таратылса, құба-құп болар еді.

Елдің маңызды мәселелері елордада байыпталатынын, сол себепті Алаш тарихына қатысты оқиғалардың Астанадан көрініс табуы қажеттілік екені ескеріліп, бас қалада Ә.Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Қ. Кемеңгеров бастаған 25 Алаш қайраткеріне көше атауларының берілуі арыстар мұратының астанадағы жаңғыруы деген пайымға әкеледі. Сондай-ақ, бас қалада орта мектептерге Алаш арыстары Ә.Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Қ. Кемеңгеров, С. Садуақасов есімдерін беру ісі де оңтайлы шешіледі деген сенімдеміз.

Алаш қозғалысының ғибраты, қайраткерлеріміз жүріп өткен жол, олардың күресі, қаламгерлеріміздің жүрегі мен ақылынан туған көркем ой – тәуелсіз мемлекет құрған, егемен ел болған қазақ баласының үлкеніне де, кішісіне де тағылым болуға тиісті.

Өкінішке қарай, біз Тәуелсіздік алғанымызға 25 жылдан артық уақыт өтсе де, «Алаш» партиясы және «Алашорда» үкіметі қозғалыстарына біріккен алдыңғы қатарлы, жоғары білімді қазақ элитасын және партияның қатардағы мүшелерін, облыстар мен үйездердегі филиалдардың қызметкерлерін, «Алашорда» әскери бөлімдері сарбаздарын әлі де түгел ақтай алмай отырмыз. Сондықтан «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде туған ел үшін жасалған ерлік пен батырлыққа мемлекеттік баға беру мәселесін де қолға алуымыз керек. Әлемнің барлық дерлік мемлекеттері тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін бірінші кезектегі шара ретінде өз халқының бостандығы үшін күрескен ұл-қыздарының тағдыры мен көрсеткен ерлігі туралы арнайы шешім қабылдады. Олар өз Отанын, өз жерін қорғаушыларды ұлттық батыр дәрежесіне көтеріп, ұлықтады. Бұл әлемдік заңдылық, ғаламдық практика, жаңадан құрылған барлық мемлекеттер осы жолды ұстанады.

Әрине, Қазақстан Республикасында да тәуелсіздік алғаннан кейін бірқатар маңызды мемлекеттік шешімдер қабылданды. Олар негізінен тарихи және мәдени ескерткіштерді қалпына келтіруге, қазақ тілін дамытуға, сәулет құрылыстарын қайта өркендетуге бағытталған «Тарихи сананы қалпына келтіру тұжырымдамасы», «Мәдени мұра» бағдарламасы. Сондай-ақ, жекеленген тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғаларға (негізінен жоңғарламен соғыс кезінде) арналған ғылыми-практикалық конференциялар өткізілді, олардың құрметіне ескерткіштер қойылып, көше атаулары берілді, олар жайлы Мемлекет басшысының баяндамаларында сөз етілді, кітаптар шығарылып,

мақалалар жазылды, бірқатар көркем және деректі фильмдер түсірілді. Бірақ олардың бәрі академиялық және бір реттік сипатқа ие болды.

Сонымен бірге біз Қазақстанға күштеп көшірілген басқа халықтарды да ақтадық. Онымыз дұрыс-ақ. Бірақ, біз әлі күнге Қазақстанның азаттығы, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығы үшін күрескендерге қатысты ешбір арнайы мемлекеттік акт қабылдамадық. Басқа одақтас республикалардың бәрінде мұндай құжат қабылданды.

Айта кететін болсақ, Қазақстан бұрынғы КСРО-ның басқа одақтас республикаларына қарағанда отаршыл басқыншылыққа көбірек ұшырап, тоталитарлық сталиндік режимнен көбірек зардап шекті. Сондықтан да бізде қуғын-сүргін ауқымы мен құрбандар санатының жан басына шаққандағы саны басқа республикаларға қарағанда көбірек.

Ал еліміздің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрескендердің есімдерін толық ақтау және олардың ерліктерін мәңгі есте сақтау – бұл өзінің тәуелсіздігін жариялаған халқымыздың және Қазақстан Республикасының ардақты міндеті. Сондықтан да бұл мәселенің «Рухани жаңғыру» бағдарламасының темірқазығы, біріктіруші тетіктерінің бірі болуға тиіс екендігі – табиғи әрі заңды жайт.

2016 жылдың соңында бір топ белсенділердің бастамасымен Қазақстанның азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күресте зардап шеккен адамдарды ақтау және мәңгі есте сақтау мақсатын көздеген «Қаһармандар» Республикалық Қоғамдық қоры» құрылды. Ол мемлекеттік органдармен, ғалымдармен, саяси партиялармен және басқа да қоғамдық ұйымдармен, демеушілермен өзара іс-қимыл жасай отырып, осы мәселелермен жүйелі түрде айналысуға ниет етіп отыр. Қазір қор Қазақстанның азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күрескерлерді толық ақтау және олардың ерліктерін мәңгі есте сақтау мәселелерін дәйекті түрде шешу үшін мынадай жұмыстарды атқару қажет деп санайды: біріншіден, өмірдің түрлі салаларындағы, сондай-ақ барлық өңірлердегі ұзақ және мақсатты түрде орын алған отарлау саясатына қарсы шынайы патриоттар күресінің және оның мемлекеттік деңгейде іске асырылуының негізгі нысандары мен әдістерін кешенді түрде нақтылау (зерделеу, талдау). Екіншіден, кәсіби мамандар «Қазақстанның бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күрескерлер туралы» атты дербес заң жобасын әзірлеп, оның қабылдануы керек [10, 7 б.].

Өкінішке қарай, бізде кезінде архивтер мен дамыған жазу-сызудың болмауынан және саяси режимдер салған тыйым салдарынан қаһармандардың ерлігі мен аты-жөні астыртын айтылып, бірте-бірте

тарих қойнауына сүнгіп, ұмытыла бастады. Ал олардың әрбір ерлігін, әрбір наразылық әрекетін қайта жаңғыртып, объективті түрде бағалау – біздің перзенттік, азаматтық және моральдық борышымыз.

Бүгінгі Қазақстанның зиялы қауымы еліміздің азаттығы мен тұтастығы жолындағы күрескерлердің басқаларға қарағанда анағұрлым күштірек және қатаң қысымға ұшырағанын, сотсыз және тергеусіз атылғанын, қуғындалғанын жақсы біледі. Отарлаушы билік қазақ жұртының ең үздік, ең батыл патриоттарын, ең ақылды және беделді өкілдерін қуғындап, көзін жойды.

Қазір сыртқы ықпалдардың салдарымен Қазақстанның идеологиялық және ақпараттық қауіпсіздігіне елеулі қатер төнуде. Сондықтан «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде Отанымыздың тәуелсіздігі жолындағы ерлік пен патриотизмнің маңызын мемлекеттік-қоғамдық бағалау мен ұрпаққа білдіру мәселелері қоғамдық сананы жаңғыртудың бір бөлігіне айналуы тиіс. Ұлттың азаттығы жолында күш-қайрат көрсетіп, арпалысқан ерлердің ісі жастарға түпкілікті үлгіге айналуы керек.

XX ғасыр басында қазақ зиялыларының өз халқын ұйқыдан оятып, бостандық, теңдік және туысқандық жолына салу үшін жүргізген жан пидә күресі туған халқымен мәңгі жасамақ, ал бүгінгі күнде олардың азабы мол еңбегі азаматтықтың биік үлгісі ретінде қазақ елінің тарихи жадында қайта жаңғыру үстінде [11, 364 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мансұров Т. «Өкілетті өкіл» //Егемен Қазақстан. – 2017, 26 қазан №206 (29187).
- 2 Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері. – Алматы: Атамұра, 2003. – 336 б.
- 3 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы, «Санат», 1995. – 368 б.
- 4 Қозыбаев М.Қ. «Киелі тәуелсіздік». – Алматы: Баспалар үйі, 2009. – 448 б.
- 5 Тілешов Е.Е. Алаш зиялылары және ұлт тілі // Алаш мұраты және мемлекеттік тіл республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Өскемен-Семей, 2011. – 438 б.
- 6 Байбек М. «Ұрпаққа жалғасар ұлағат» // Егемен Қазақстан, 2017 жыл 10 қазан № 194 (29175).
- 7 Арын М.Е. «Алаш – тәуелсіздік бастауы» // «Алаш» - қазақ ұлттық идеясы және мемлекеттік тәуелсіздігінің ұраны» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясының

материалдар жинағы. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2007. – 289 б.

8 Алаш қозғалысы, «Алаш мұрасы» сериясының редакциялық алқасы: М.Құл-Мұхаммед, Е.Ертісбаев, Ә.Асқаров, С. Қасқабасов, М.Қойгелдиев. Құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 4 т. – 472 б.

9 Жұртбай Т. Ұраным Алаш. – Алматы: «Ел шежіре», 2008. – 472 б.

10 Қасымов С. «Алашордалықтардың ерен ерлігі» //Егемен Қазақстан, 2017, 12 желтоқсан №239 (29220).

11 Назарбаев Н. Ә. Ғасырлар тоғысында. Алматы, 2008. – 256 б.

ТЕМА РОДИНЫ, МАТЕРИНСТВА И ЛЮБВИ В ПОЭЗИИ МАШХУР-ЖУСУПА И ШАКАРИМА

КАНАПЬЯНОВ К. Н.

к.филол.н.

ШАРАПИДЕНОВ А. Б.

студент

Как показывают исследования, произведения Шакарима и Машхур-Жусупа не исчерпывается религиозно-философской проблематикой, поэты оставили богатейшее наследие и в сфере социальной, гражданской, пейзажной лирики.

Сколько не умолай – молодость не вернется,

Сколько ни пей – не согреться.

Остыло тело мое.

Не грусти, душа моя, обо мне.

(перевод В.Цыбина)

Словно в унисон к грустным строкам Шакаримовского стиха звучат лирические шедевры Машхур-Жусупа:

Кровь кипела, мощь лилась,

Оковы несвободы заимел я, друзья,

Лишь равнодушия и беспомощности года.

И «легкая» лирика М.Ж.Копеева остается серьезной и очень строгой, жизнеутверждающей, с глубинным постижением истины, одухотворением предметов, выражает подлинно народное восприятие, национальное мироощущение степняка – кочевника. Стихотворения

«Письмо матери», «Затерянное письмо», «К смерти Амена» были написаны в разные годы. Они не объединяются в цикл, но в них передается духовная жизнь поэта, его чувства и чаяния. Возвращение к матери - это возвращение домой, к родному порогу.

Анализируя стихотворения М. Ж. Копеева «Письмо к матери», мы отмечаем, что стихотворение проникнуто ностальгическими чувствами по оставленному отчому дому. В нем звучит тоска по семье, родным и матери:

Если окажитесь на земле Баян – аула,
Зайдите к старой матери Машхура.
Передайте от блудного сына поклон;
Жив, мол, и вернется скоро в отчий дом.
Куда бы нас судьба не прочила,
Вернемся мы к порогу дома отчего.
Молча поклонимся своим матерям
Сыновей обнявшим наперекор ветрам.

В «Письме к матери» предстает человек, уставший от скитаний и паломничества и мечтающий о возвращении в родные края, ибо для него все самое чистое и светлое связано только с родным домом и родной природой. Два мира, два пространства противостоят в сюжете этого стихотворения. В одном мире (мире матери и детства) он родился и жил, и оттуда он ушел в дальние края в поисках знаний и истины, - ждут родные и близкие и материнское ожидание сына.

В другом мире (мире сына) – чужбина и неустанные занятия. «В мире сына», он учится и овладевает знаниями, что, кстати, и является целью его долгих мытарств и скитаний. Но в то же время он с тоской ожидает конца познавательного цикла, постижения знаний, чтоб возвратиться к отчому дому.

В «Письме к матери» поэт глубоко раскрыл чувства человека, оказавшегося вдали от родных мест. Поэт пишет о своих чувствах простыми словами (бродя, весточку)

Стихотворение написано в форме письма, в нем большую роль играют интонационные акценты. Есть в стихотворении, конечно же, конкретные биографические подробности, однако в нем воплотились типические переживания, свойственные людям, переживающими разлуку с самыми дорогими и близкими:

Думы нахлынут сознание дая,
Не ошибка ли избранная стезя?

Сиротствуют семьи, тоскуют матеря,
А мы блуждаем в поисках веры и себя.

Очень острая боль звучит в другом стихотворении Копеева «К смерти Амена».

Мы страдали в разлуке, отец и дитя,
Давно Амен покинул родные края.
Остальные дети хоть и были со мной,
Средний жил в сердце особой строкой.

Крепеньким был он с младых ногтей,
Плоть и кровь души, остывающей моей.
Был честным, смелым, весь из огня,
И погиб, спасая жизнь чужую от ножа.

Стихотворение «К смерти Амена» было написано в 1921 году – в год трагической смерти среднего сына Махшур – Жусупа Амена.

Здесь личные мотивы перекликаются с гражданскими. Эти стихотворения («К смерти Амена» и «Письмо матери») стоят в одном ряду с лучшими образцами гражданской лирики казахской литературы.

К непреходящим ценностям жизни обращается также в своей лирике и Шакарим Кудайбердиев. Такой сквозной темой его лирики является тема материнства и любви. Бесхитростно, просто звучит песня девушки, посвященная ее возлюбленному. За кажущейся простотой – девичье горе. Проникновенно звучит также в творчестве Шакарима тема родной природы. Следует отметить, что понимание материнской любви к поэту приходит поздно, как известно он с младенчества воспитывался у бабушки – отсюда чувство большой вины перед матерью, которую он пронес через всю свою жизнь. При раскрытии одной и той же, вечной, казалось бы, темы любви, М.Ж.Копеев обращается к народным образам, к национальному мироощущению степняка. Для него возвращение к матери – это возвращение на родину, к горам, степям и озерам Баяна. У Шакарима подчеркивается жертвенность, любовь у него поглащающая, которая представлена как покаяние. Возлюбленная степняка способна перешагнуть через традиции и обычаи своего народа, лишь быть с любимым рядом.

На формирование Шакарима - лирика большое влияние оказала устная поэзия казахского народа, поэзия жырышы и жырау, любовь

к которому он ощутил еще в далеком детстве. Долгими зимними вечерами, забравшись косматый тулуп деда, Шакарим любил слушать у очага рассказы и легенды о Кобланды батыре, Алпамысе, Ер-Таргыне, повествования о подвигах Богенбая, Кабанбая, Малайсары, об исканиях Асан – кайгы и Коркыт – ата, дастаны о любви Толегена и Кыз – Жибек, Козы – Корпеш и Баян сулу.

Поэзия Шакарима, даже «пейзажная» и любовная, подчеркнута национальна, но в ней нет ничего от замкнутости. Это отмечают все исследователи его творчества. Обостренно - национальное восприятие поэта, понимание неотделимости судьбы маленького человека и всей огромной степи, возрождение и переосмысление народной устной казахской поэзии на новый уровень – получили отражение даже в его «легкой» лирике.

Шакарим раскрывает сложный, немного печальный и бесхитростный мир простой, но гордой любящей души степняка. Поэт словно подчеркивает эволюцию национального характера от исторических героев дастанов, жоктау и легенд до современных ему соотечественников степняков. Но такая эволюция образов еще больше печалит.

Поэт часто обращается к старым традиционным формам устного народного творчества - к восьмистишиям.

И у Шакарима и у Машхур-Жусупа наблюдается склонность к эпическим формам, что свидетельствует о их приверженности к поэтическим традициям казахских жырау, творцов терме, толгау, жыров. Шакарим создал несколько крупных поэм, которые вошли в историю казахской литературы: «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Наржайлақ пен Айсұлу», «Ләйлі-Мәнжүн».

Машхур-Жусуп Копеев обогатил казахскую поэзию произведениями орнаментального характера такими как: «Жарты нан хикаясы», «Аңқау адам туралы», «Шайтанның саудасы» и др.

К семи годам Шакарим напишет свое первое стихотворение, а его сверстника Жусупа в этом возрасте называли в степи Машхуром, что значит знаменитый. К пятнадцати годам и Машхур-Жусуп, и Шакарим приступают к серьезному изучению не только арабского и персидского языков, но и турецкого, и русского, увлечены классической восточной поэзией, известной по именам Фирдоуси, Низами, Хафиза, Руми и др. Проявляют интерес к русской литературе, знакомятся с творчеством Пушкина, Лермонтова, Толстого. В конце концов, тяга к поэзии, к учебе и знаниям, обостренный интерес к окружающему миру и определяют жизненное кредо, облик, миропонимание обоих поэтов.

И Шакарим, и Машхур-Жусуп следуют традициям Абая, временами усиливая критический и реалистический дух поэзии Абая, тем самым, внося осязаемую живую струю. Это было особенно необходимо после смерти великого поэта, когда почти угасал голос его поэзии в тогдашней неграмотной степи. Они писали в самых различных жанрах: поэзия, проза, эссе, дастаны, басни, переложения, летописная хроника и др. Причем писали обо всем, что волновало их, тревожило их души, и писали искренне, доходчиво, употребляя все существовавшие в то время формы и средства. Глубоко лирические стихи в их творчестве перемежаются дидактическими, философскими размышлениями. К примеру, мера, с какой подходит Шакарим к оценке художественности стиха, сопоставима с критериями Абая:

Пусть стих, как кинжал вонзился в сердце.
Пусть разбудит ленивую душу
Вдохнув в нее жизнь.
(перевод К.Мухамедханова)

А. М. Ж. Копеев по отношению места поэзии в жизни, вполне самостоятелен и уверен:

Мне не зачем печалиться друзья.
Я видел мир и познал красу бытия.
С юных лет вкусил я поэзии искру.
За что судьбу я благодарю.

Если о Машхур-Жусупе Копееве как о поэте, мастере художественного слова пока произносятся первые слова, то о Шакариме, творчество которого также, к сожалению, в течение долгого времени оставалось неизвестным широкому кругу читателей, заговорили на полтора десятка лет раньше и сегодня наследие Шакарима занимает особое место в истории казахской поэзии. Сопоставляя творчество двух великих поэтов, анализируя их подходы, мы убедились в том, что по основным параметрам мировоззрения, общественно-политической позиции, эстетике они особенно близки. Они оба относятся к поэтам, просветителям, которые претворяли свои духовные качества и склонности в общественной деятельности, а свои взгляды и мнения, как правило, выносили на суд всего народа.

И у Машхур-Жусупа и у Шакарима религиозно-философская эстетика полностью была подчинена программе социально-политического переустройства жизни народа, задачам укрепления

и развития национальной культуры, образования. Этнокультуру и менталитет народа они видели с обязательным религиозным элементом. Как мыслители, способные охватить аналитическим сознанием историческое прошлое и возможную перспективу нации, они хорошо понимали, что без развитой религии единого и устойчивого этноса быть не может. Разумеется, предпочтение они отдавали исламу. Ислам был органичен для их восприятия, ибо в детстве первый на Кызылтау в Баянаульских горах, второй в Жидебае близ Чингисских гор, получили традиционное теологическое образование и воспитание. Кроме того, они считали, что именно исламская религия успешнее других интегрировалась в систему древней культуры кочевников, непротиворечиво адаптировалась в их духовной среде, выработав формы синтеза в мифологии, фольклоре, в мировоззрении казахов. Обладая развитой политической, научной, эстетической культурой, будучи знатоками тюркских языков, знакомые с русским языком и Машхур-Жусуп, и Шакарим в своем теологическом и эстетическом мышлении, безусловно, возвышались над окружающей их моральной средой. И Копеев, и Кудайбердиев никогда не скрывали, что они выступают за интеграцию восточного и западного образования, за синтез научного, философского и религиозного сознания. В конечном счете, их взгляды выразились в поддержке **джадидизма***.

Сколько гуманизма и веры в жизнь звучат в следующих строках Машхур-Жусупа:

Люди земли моей, ждите,
Ждите, и с Верою к богу идите.
И возвратится на землю пророк
Означающий жизни новый виток.

Таким образом, наши изыскания в данной статье представляют собой детальный сопоставительный анализ эстетических и этических позиций Машхур-Жусупа и Шакарима. Выводы исследования однозначны: большинство творческих начал обоих поэтов очень близки мировоззренчески, если не сказать тождественны. А созвучие и сходство их позиций основываются на принципах бесконечности гуманистической идеи.

ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЭТНОСАРАЛЫҚ ЖӘНЕ КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ

КУЛУМБАЕВА М. Ж., КАЛИЕВА А. Б.
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
АУБАКИРОВ М. Н.

оқытушы, Павлодар химико-механикалық колледжі, Павлодар қ.

Қазақстан республикасы – тарихи тұрғыдан ерекше құрылымды полиэтникалық және поликонфессиялық мемлекет. Қазақстанда 140 ұлт және 17 конфессия өкілдері тұрады. Сонымен бірге 16 дәстүрлі емес діни ағымдар тіркелген. Бұл Қазақстан қоғамының негізін анықтайды. Тәуелсіздік алғаннан бері этнос және конфессияаралық келісім, төзімділік, бір шаңырақ астында бейбіт өмір сүру – ішкі саясат пен этносаясаттағы басты артықшылық болып келеді, себебі, қоғам ішілік тұрақтылық мемлекеттің өсіп-өнуіне, алға жылжып, дамуына, халықаралық қатынастар саласында өз орнын қалыптастыруға әсер етеді.

Елбасы, Ұлт көшбасшысы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Этникалық, мәдени және діни әралуандыққа қарамастан, елімізде бейбітшілік пен саяси тұрақтылықты сақтадық. Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім – біздің басты құндылығымыз. Көпұлтты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылған. Қазақстан халқы Ассамблеясы мәдениеттер үндесуінің бірегей еуразиялық үлгісі болды. Қазақстан жаһандық конфессияаралық үнқатысу орталығына айналды. Біз – бәріміз тең құқықты, тең мүмкіндіктерді иеленген қазақстандықтармыз. Жаңа қазақстандық патриотизм барлық қоғамды, барлық этностық әркелкіліктерді біріктіруге тиіс. Біз – көпұлтты қоғамбыз» – деп Қазақстанның этносаралық, конфессияаралық ішкі саясатының негізгі бағыт бағдарын баса айтқан болатын.

18 қазанда өткен «Нұр Отан» партиясының 15 съезінде Елбасы Н. Ә. Назарбаев «ең жақсы қоғам бірлесе қызмет ету арқылы құрылады. Біздің негізгі байлығымыз және мақтанышымыз халықтың бірлігі, келісімі, ынтымағы болып қала береді. Мұның бәрі ынтымақтастықта әрекет етуімізге ықпал етеді. Сондықтан, біз үшін бірлік пен келісім Қазақстанның ары қарай гүлденуінің негізгі шарты болып табылады. Барлық ұлттар өкілдерінің біртұтас мүдделерін бейнелеуші ретіндегі Ұлт прогреске ұмтылады және өз алдына қоғам мен жеке тұлғаны

жетілдіру міндетін қояды» деп, келісім саласындағы жұмысты қорытындылап, бағдар берді.

Қазіргі ғаламдану жағдайында ұлтаралық және дінаралық келісімнің болмауы, дүниежүзі елдерінің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, күрделі шиеленісті жағдайларға да әкелуі мүмкін. Жалпы әлеуметтік, экономикалық, саяси, халықаралық қатынастар салаларындағы кейбір кең таралған шиеленістер, кейде қактығыстар жағдайында ұлттар мен діндер арасындағы қатынастар, төзімділік, диалог мәселелері де жедел шешуді қажет ететін, маңыздылардың бірі болып отыр. Этнос және конфессияаралық келісім – қоғамның тұрақты дамуының кепілі. Барлық басқа салалардың өркендеуі үшін қоғам ішіндегі этнос және конфессияаралық келісім мен диалог, төзімділік құндылықтарын қалыптастыру – ең басты міндет. Мемлекет тарапынан бұл салаға басты назар аударылуда, үлкен істер жүзеге асырылуда, әрине келісім мен төзімділікті қалыптастыруда мемлекеттік саясат алдыңғы қатарлы орын алады. Сонымен бірге, мемлекеттің осы саладағы саясаты толығымен іске асуы үшін азаматтық қоғамды құрайтын институттардың орны мен қызметі де ерекше маңызды.

Этносаралық және конфессияаралық келісімді сақтап тұруда ерекше және теңдесі жоқ рөлді қоғамдық және саяси институттар ойнайды. Бұл институттардың құрылуы Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың маңызды стратегиялық жаңашыл және салауатты саясатының арқасында мүмкін болып отыр. Мемлекеттік, әлеуметтік, экономикалық және қоғам ішілік келісім саласындағы маңызды істер атқаруға атсалысып отырған ұйымдардың бірі – Қазақстан халқы Ассамблеясы. Бүгінде бұл институт бүкіл республика аумағында кең таралған құрылымы бар, ірі ұйым ретінде қызмет етуде. Қазақстанда этно-мәдени бірлестіктер әр облыста, қалаларда және аудан орталықтарында қызмет атқарады. Павлодар облысында 21 этно-мәдени бірлестіктер қызмет етуде. Барлық этнос өкілдерінің бірлестіктері келісім мен тату-тәтті өмір сүруді, этностардың бір біріне деген төзімділік сезімін тәрбиелеуге белсенді ықпал етуде.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Дін істері агенттігі – дін және конфессияаралық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған бірден бір мемлекеттік атқарушы орган болып табылады. Бұл агенттік конфессияаралық келісім, азаматтардың дін ұстану бостандығын қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара іс-әрекеттестік саласындағы мемлекеттік басқаруды қамтамасыз етеді.

Этнос және конфессияаралық келісімді қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдардың бірі – этно-мәдени бірлестіктер.

Осы бағыттағы жұмыстың тағы бір аса қажетті жағы – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дәстүрлер мен діни қағидалардың құндылықтарын дұрыс пайдалана білу, осы тұрғыдағы идеологияны қалыптастыру, оларды өскелең ұрпаққа жеткізу, тәрбиелеу болып табылады. Озық ұлттық дәстүрлерді, Ислам болсын, Православие немесе Католицизм болсын ірі әлемдік діндердің халық санасында дәстүрлі қалыптасқан маңызды құндылықтарын жас ұрпақты тәрбиелеуде қолдану, оларды жаңғырту – азаматтық қоғамның қазмет ету механизмдерінің дамуына жағымды әсер ететіндігі сөзсіз. Кез келген дәстүрлер мен діндердің ғасырлар бойы қалыптасып, тәжірибе арқылы дәлелденген мәдени құндылықтарының барлық ұлттар мен ұлыстарға, дін өкілдеріне, бір сөзбен айтқанда, әлеуметтік тұрғыдан әртүрлі көзқарастағы қоғам мүшелері үшін ортақ болатын әмбебап бөліктерін ұлттық патриотизм мен қазақстандық тәрбие беру ісінде тиімді, сауатты пайдалану қажеттілігі анық.

Этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынастар татулығы, олардағы төзімділік қазақстандық қоғам, мемлекеттік саясат үшін маңызды стратегиялық бағыт болып отыр, сондықтан әлемдегі тұрақсыздық және жаһандық қауіптер жағдайында бұл саладағы қажырлы еңбек үздіксіз жүргізілуі керек. Осы істе азаматтық қоғамдағы жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға ұмтылу халқымыздың бүкіләлемдік интеграция үрдісіне енуіне, қоғамдағы тұрақтылықты сақтап қалуға, келісім мен бейбіт өмір сүруге, қоғамдағы барлық салалардың қызмет атқаруына кепіл болатын, оған ықпал ететін негізгі күш болатыны әрдайым ескерілуі керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана: «Ақорда», 2012.

2 «Нұр Отан» партиясының саяси доктринасы. «Нұр Отан. Нұрлы болашақ жолында!». – Астана, 2013 <http://ru.nurotan.kz/novosti/obschie/doctrine>.

3 Алпысбаев Ж. Т. «Қазақстан Республикасында заманауи этносаяси процестердің қалыптасуы мен даму ерекшеліктері». Саяси ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған

диссертацияның авторефераты. – Алматы: «Қазақ университеті», 2010.

4 «Православиенің тарихи жолының діни аспектілері: мұрағаттар, қайнар көзі, зерттеу әдістемесі» аймақтық ғылыми конференциясының материалдары. С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2004

5 Қазақстан Республикасының Дін істері агенттігінің ресми сайты <http://din.gov.kz/rus/index.php>

6 Сколько конфессий в Казахстане? <http://www.regnum.ru/news/society/1586114.html#ixzz2A1Kki4Pt>

1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕ ӨЗЕКТІЛІГІ

ҚАЙКЕН Т. Н.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЕЛЬМУРАТОВА Б. Ж.

т.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ елінің үш ғасырлық отарлау құрсауынан босап, өз Тәуелсіздігін жариялағанына 27 жыл. Үш ғасырда бола алмайтын оқиғалар, процесстер, отыз жылдың ішінде ақ жүзеге асып кете алады, тарихтың ерекшелігі, қызығы мен қиындығы сонда.

Қазақ халқының жазба мәдениетінің жоғары дамымауы, өз төл тарихымызды шет халықтардың тарихын зерттеу арқылы, әлемнің түкпір-түкпірінен ақпарат іздеу арқылы зерттеуге мәжбүрміз. Ал олардың объективтілігі мен шынайылығын анықтау, тарихи фактілерге сәйкестігін іздеу, әр түрлі идеологиялық және әр уақыттағы саяси жағдайдағы пропагандалық сипаттардан тазарту жұмысы тағы бар.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі сондай көптеген мәселелердің бірі болып табылады, және де шынайы тарихи баға берілмеген оқиға болып табылады. Осы орайда, бірнеше мәселені қозғай отырайық.

Бірінші мәселе, 1916 жылғы көтерілістің Кеңестік дәуірдегі үстемдік еткен идеология кезіндегі зерттелуі мен бағасы.

Кеңес заманындағы коммунистік-большевиктік билік өкілдері ел ішіндегі саясатты, идеологияны маркстік-лениндік теорияға сәйкес жүргізді. Мәдениет, өнер, ғылым кеңестік тоталитарлық жүйенің құрсауында болды. Дегенмен, Кеңес мемлекетінің алғашқы

жылдарында біршама ашық және объективті зерттеу жұмыстары мен еңбектер жарияланды.

1916 жылғы көтеріліс туралы зерттеудің алғашқы қадамдары ХХ ғасырдың 20-30 жылдары жасалды. Авторлардың негізгі бөлігі, осы көтерілістің тікелей куәгерлері мен қатысушылары, сол уақытта қызмет жасаған адамдар болды. Олардың бастамаларымен, 1916 жылға көтерілістің мазмұнын ашып, қозғаушы күштеріне сипаттама беру, оқиғалардың дамуына қатысты мақалалар жазылып, жарияланды. Бірақ, алғашқы жылдар бір ортақ ой келтірілген жоқ.

1924 жылы «Былое» журналында А. Миклашевскийдің «1916 жылы Түркістандағы әлеуметтік қозғалыс» мақаласы шықты. Көтерілістің негізгі себебін, А. Миклашевский панисламизм ықпалы деп көрсетіп, әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың әсерін мүлде қарастырмады [1, 9 б.]. Бұл мақаланы, Т.Р. Рысқұлов, Г.И. Бройдо, Б. И. Исакеев және т.б қатты сынға алды.

1926 жылы БК(б)П ОК-нің Ортазбюросы жанындағы партия тарихын зерттеу бөлімі 1916 ж. көтерілістің 10 жылдығына орай ғылыми-теориялық дискуссия ұйымдастырды. Осында көтерілісті бағалаудың әртүрлі көзқарастары бір арнаға тоғысты: Т. Р. Рысқұлов, Г. И. Бройдо 1916 жылғы көтеріліс арандату себебінен болды деп есептеді; К. В. Харлампович, В. Некросов-Клиодт көтеріліс стиялы түрде болды және революциялық астары болмады деген пікір білдірді; А.В.Шестакович Қазақстан мен Орта Азияда орын алған көтерілісті дифференциалды тұрғыдан зерттеу керекті туралы ұсыныс айтты; Ю. Абрахманов пен Б. И. Исакеев көтерілістің негізгі себебі ретінде жерлердің тартып алынуы мен олардың қоныс аударушыларға таратып берілуіне көрсетті [2, 17-18 б.]. Осыдан, 1926 жылы көтерілістің 10 жылдығына арналған кездесуде түрлі ойлар айтылып, алғашқы бағасы берілгенін көреміз. Дегенмен алда, көптеген жұмыс күтіп тұрды.

1930 жылдардан бастап кеңестік тарихшылар, құжаттық және архивтік материалдарға аса назар аудара бастап, оларды дайындалуы мен шығарылуына үлесін қоса бастады.

1932 жылы Ф.Божко мен С. Волин «1916 жылғы Орта Азиядағы көтеріліс» атты құжаттар жинағын дайындады. Бұл жинақта Патша әкімшілігінің ресми мәліметтермен қоса, Мемлекеттік Думаның 1916 жылғы 13 және 15 желтоқсанындағы отырыстың стенографиялық есебі келтірілді. Ондағы А.Ф. Керенский, Мансырев, Капнист сияқты депутаттардың сөз сөйлеулері келдірілді [3, 175 б.].

Кейінірек, 1936 жылы, көтерілістің 20 жылдығына арналған «1916 жылғы Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілісі» атты, С. Д. Асфендияровтың еңбегі жарияланды. Еңбекте келтірілген көптеген ақпараттар, алғашқы рет жарияланды. Автор, «буржуазиялық-ұлтшылдық зиялы қауым өкілдерінің» позициясына баға беріп, 1916 жылдың көтерілісінің түп-тамыры мен бастауларын XIX-XX ғасырдың тарихы аясындағы толық контекстінде зерттеуге күш салды. С. Асфендияров, өзінің зерттеуінің нәтижесінде көтеріліс отаршылдыққа қарсы болды, деген пікірге келеді [4, 50-55 б.].

1937 жылы сталиндік репрессиялар, ғылыми ойды мүлде әлсіретіп, күйзеліске ұшыратты. Ұлт-азаттық көтеріліс тақырыбын зерттеу мүлде тоқырап, тоқтап қалды. Соған қарамастан, осы жылы көтеріліске қатысушылардың кейбір естеліктері жарияланып шықты.

Бұрынғы еңбектерге қараған, өзгеше, сапасы жағынан жоғары, әрі құнды құжаттар жинағы 1947 жылы жарияланды. Жинақ, көтеріліс барысы туралы, онық ошақтыра, қозғаушы күштері туралы ақпараттар толық ашылып, тарауларға бөліп көрсетілді. Құжаттарға талдау жасай келе, көтерілістің негізгі күші ретінде – жұмысшы қазақ шаруалары болғандығын айқын байқаймыз.

Торғайдағы көтеріліс жетекшісі Амангелді Имановқа арналған жеке «Амангельды Иманов. Статяи. Документы. Материалы» атты еңбегі 1974 жылы жарияланады; 1986 жылы «Батырдың биік тұлғасы. Светлый образ батыра», 1976 жылы академик С. Б. Бейсембаевтың жетекшілігімен, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің басшыларының бірі Амангелді Иманов туралы еңбек шықты. Бұл еңбекте мұрағаттан алынған 38 жаңа материал, 20-ға жуық адамдардың естеліктері келтірілді. Жинақта сонымен қатар, БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті ОК, Қазақстанның халық комиссарлары кеңесінің қаулылары, ҚазКСР Жоғарғы кеңесінің президиумының жарлықтары және А. Имановқа қатысты басқа да құжаттар жинақталып, көрсетілген. Бұл еңбек осыдан 40 жылдан астам бұрын жарияланса да, әлі күнге дейін ақпараттық база ретінде зерттеулерге негіз болып отыр.

Екінші мәселе, 1916 жылғы көтеріліс – оған қатысушылардың естеліктеріндегі көрінісі.

Патшаның маусым жарлығы, жергілікті отарлық әкімшілік көтерілістің басталуына, оның барлық Қазақстан аумағына таралуына себеп болды. Осы көтеріліске қатысқандардың естіліктері де бүгінгі күнде дейін сақталып, өзінің өзектілігін әлі күнге дейін жойған жоқ. Сондай естеліктердің кейбіреуін талдап, сол уақыттағы жағдайды, ахуалды көруге болады.

Мысалы: Абдолла Дүйсенов, өз естелігінде «1916 жылы солдат алу жөнінде июнь жарлығы болды. Халық баруға ырза болмай, өздерінше қаруланды. Басшысы Амангелді – 50 шамалы адам болды. Бектепберген деген ұста шиті мылтық, патрон, мыс істеді. Күзді күні тырманың тісін алып, найза, балта, қылыш мылтық, істеді. Сордан дәрі жасады. Бұхараға бес кісі жіберді, дәрі әкелуге – өзбектермен байланыс жасады. Олардың ішінде Достанов Байділдә, Пайзолла Ишанов бар. Бұл адамдарды жасырын жібердік. 1916 жылы Татыр «төбелесі» алғашқы оқиға. 30 шақты мылтық қаруымыз болды. Бұл оқиғадан кейін Әліби келді, біздің ісімізді ол мақұлдап бізге ақылын айтып қайтты» [5, 37 б.].

Жоғарыдағы үзіндіден көтерілісшілердің материалдық қамтамасыз етілу жолдарын көреміз. Бұхарамен келіссөз, және алғашқы шайқастардың бірі Татыр туралы мәліметтер кездеседі. А. Дүйсеновтың өзі өз естелігінде, көтерілісшілердің қолындағы қарудың мардымсыздығы аздығы, оқтардың жетіспеуі, қарапайым қарулардың қолданылуы туралы сөз етеді. Дегенмен, әрбір қатысушының ойында, туындап жатқан қиыншылықтардан түрлі жолдарын, шешімдерін тауып, отарлық әкімшіліктің озбырлығына қарсы жан аямай қарсылық көрсету мақсаты тұрды.

Сонымен қатар А. Дүйсеновтың естелігінде, 1916 жылғы көтеріліске қатысқан, Амангелдінің серігі атақты мерген Кейкі батыр туралы да қызықты ақпараттар келтіріледі.

Терісбұтақ деген жерде, қоныстанған Амангелдінің ауылын, сол аймақтағы Бірәлі деген бай, тақырға көшіртізіп, ол жерлерді өзіне тартып алғысы келеді. Уезд бастығы Горев байды қолдап шешім шығарады. Амангелді тұтқындалып, кейін кепілдікке шығарылады. Өз ауылына қайтқан кезде, өзінің інісі Амантайды Кейкіге жібертіп, шақыртып алады [5, 41 б.].

Обіш Рысбаевтың естелігінде: «1916 жылғы июль айының ішінде «соғыс қара жұмысына қазақтан 19-31 жастың арасындағылар алынады» деген хабар естілді. Бұрыннан шаруашылық, тұрмысы ауырлап, күйзеліп тұрған қазақ ауылы, әсіресе, еңбекші бұқаралар бұған қатты састы. Тұрмыс мұқтаждығының үстіне бас қайғысы қосылды. Бүкіл ел не қыларын білмей сенделіске түсті» [5, 47 б.].

Осындай қысқаша ғана үзіндіден қарапайым халықтың қаншалықты қиын, ауыр жағдайда қалғанын көруге болады. І дүниежүзілік соғыстың – салық, мал, т.с.с алымдар арқылы зардаптарын тартып отырған халыққа, енді «Патша соғысқа адам алады» деген хабары қатты үрей туғызып, шыдамдарын үзді. «Адам

бермейміз, Патша жарлығын орындамаймыз» деген ұрандар, Қазақ елінің әр аймақтарында, ауыл-ауылдарында стихиялы түрде тарай бастады. Оның үстіне, жергілікті жердегі Патша әкімшілігімен «ауыз-жаласқан» байлар, болыс басшылары және т.б. балаларын алып қалу үшін пара беріп, жасырып қалу жағдайлары – қара халықтың ашуын одан әрі күшейтті.

Осындай ауыр жағдай неге туындады? Басқаша жолы болмас па еді? Бұл әдейі жасалды ма әлде Патшаның қателігі ме? Мыңдаған адамның өлімі кімнің мойнында береді? Сұрақтар әрине өте көп ... Сол сұрақтарды зерттеу қажеттілігі, осы тақырыптың өзектілігін кемітпей тұр.

Үшінші мәселе, қазіргі таңдағы 1916 көтерілістің бағасы.

XX ғасырдың 80 жылдарының соңынан қазіргі кезге дейінгі зерттеулер, Қазақстанның Тәуелсіздік алуымен жарыққа шыға бастаған еңбектердің маңызы өте жоғары, өйткені өз тарихымызды, өзіміз жазуға мүмкіндік алдық.

Бұл мәселені зерттеуге М.Қ. Қозыбаев, К.К. Нұрпеисов, К.Л. Есмағамбетов, Ж.К. Қасымбаев, М.К. Қойгелдиев, К. Алдажұманов, Е.Н. Ермұқанов, Ж.И. Ибрагимов айтарлықтай үлес қосты. Қазіргі уақыттағы тарихнамалық жұмыс Қазақстанның және басқада бұрынғы одақтас республикаларда, демократиялы және тәуелсіз зерттеулер негізінде жүргізіліп келеді.

Тәуелсіз Қазақстанның тарихи ғылымы қазақ халқының 1916 жылғы көтерілістің жаңа концепциясын жасап шығарды. Ол өзінің көрінісін, «Қазақстан тарихының» 3 томында, Ресей империясының қазақ жерін отарлау уақытынан бері болған ұлт-азаттық қозғалыстардың заңды жалғасы және айнымас бөлігі ретінде тапты.

М.Қозыбаев еңбегінде «Тарихшылардың және қалын бұқараның назарын, Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысы аудартатындай басқа тарихи мәселелер жоқ деп айтуға болады. Бұл зерттеулер Кеңес уақытында басталғанымен, көптеген мәселелер әлі де ашылмаған» [6, 113 б.], деп көрсеткен.

Соңғы жылдары зерттеулердің деректік базасы кеңейіп келеді. Бұрын жарияланбаған жаңа мұрағаттық құжаттар материалдар жарыққа шығып жатыр. 1916 жылы жүргізілген күресті, қазақ қоғамының әр-түрлі өкілдерінің өзара байланысын көрсетуді мақсат еткен екі томдық «Қаһарлы 1916 жыл» еңбегі өте құнды болып табылады [7, 178 б.]. Көпшіліктің назарына XX ғасырдың басында жұмыс жасалған «Қазақ» газетінің материалдары ұсынылды.

Мерзімді басылым беттері сол уақыттағы қоғамдық-саяси және экономикалық жағдайы туралы ақпарат ала аламыз.

XX ғасырдың 30-50 жж. құғын-сүргінге ұшыраған Е. Бекмаханов, Т. Рысқұлов, Ә. Бөкейхан, М. Шоқай сияқты ұлт-зиялыларының еңбектері қайта басылып шықты. Диссертациялық ізденістер, монографиялар, ғылыми мақалалар зиялы қауым өкілдерінің 1916 ж. көтерілісіне қатысты көзқарастары қайта қаралды [8, 351–369 б.].

Қортындылай келе 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс қазақ халқының Ресей Империясының отарлау саясатына қарсы жүргізілген күрестің тұтас бір бөлігі болып табылады. Қазіргі зерттеушілерге қазақстандық қоғамда орын алған тарихи болмысты және елімізде болып жатқан жаһандық өзгерістерді түсіну үшін, 1916 жылғы оқиғалардың тарихы мен тарихнамасына объективті, шынайы баға беруі қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Алдамжаров З.А. Победа Великой Октябрьской социалистической революции в Казахстане (Историография проблемы). - Алма-Ата: Казахстан, 1983. - 176 с.

2 Рыскулов Т. Р. Киргизстан. – М.: Соцэкиздат, 1935 - 75 с.

3 Восстание 1916 года в Средней Азии сб. док/ подгот. к печ. Ф.Божко и С.Волин; под ред. П.Г. Галузо Ташкент 1932 – 175 с.

4 Асфендияров С.Д. Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі – Алматы: Қазақстан. 1936 – 109 б.

5 Қаһарлы 1916 жыл: (Құжаттар мен материалдар жинағы) – Грозный 1916-й год: (сб. Документов и материалов). – Алматы: Қазақстан, 1998. – 2. Т. – 247 бет.

6 Козыбаев И.М. Историография Казахстана: уроки истории. –Алма-Ата: Наука, 1990. – 136 с.

7 Козыбаев М.К. Проблемы методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана. - Алматы: Ғылым, 2006. - 272 с.

8 История Казахстана с древнейших времен до наших дней. Т. III. Алматы 2000. – 768 с.

«НАҒАШЫ» ТУЫСҚАНДЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ РӨЛІ

МАКИШЕВА Г., ЕРМАГАМБЕТОВА М.

1 курс студенттері, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

МУСАГАЖИНОВА А. А.

(ғылыми жетекші), Қазақстан тарихы ғылымының магистрі

Қоңыр қазақтың өзіне тән барша қасиетін ана сүтімен, жусан иісімен, күйдің күмбірімен, саумал иісті самалдың лебімен бойына дарытқан, көкірегі ояу, көзі ашық, халқының тарихын, өнері мен мәдениетін, тұмса тұнық әдебиетін, ғұрпын, салтын білетін, «Мен қазақпын!» дей алатын азамат өзінің шыққан тегін, кіндік кесіп, кір жуған ата жұртын қастерлеу қажет.

Тәуелсіз еліміздің тарихына көз жүгіртсек, қазақ жерінің тұтастығы мен бірлігі үшін күрескен тұлғалар тарихына куә боламыз. Өткенімізді қарап отырсақ, ел бастаған көсем де ділмар шешен де, ақиық ақын, ел қорғаны батыр да «Нағашы» туысқанынан дарыған дарынымен ел тарихында алтын әріптермен жазылды. Сондықтан, алысты жақын тұтқан, жақынды бауыр тұтқан. Береке-бірлікті бұзбаған, бес қаруын асынып, ат құйрығын түйісіп бір байрақтың түбінен табылған қазақ жұртының әлеуметтік құрылымында «нағашы» туысқандық тобының рөлі аса маңызды болып табылады.

Нағашы немесе нағашы жұрт – туыстық атау. Шешесінің төркіні балаларына нағашы болады. Әже төркіні немересіне түп нағашы делінеді [1].

Нағашы жұрт - туған ананың әке-шешелерінен бастап, барлық аталас ағайын-туыстары мен үрім-бұтақтары. Нағашы (ер, әйел) - ананың төркін жұрты. Нағашы үш жұрттың ішіндегі ең сыйлысы. Олар жиенін әрқашан еркелетіп, сұрағанын беріп отырады. Тек туған нағашысы ғана емес, сол рудың барлығы да жиенге нағашы деп аталады. Нағашының жолы үлкен. Нағашылық жасқа қарамайды. Кейде жиен нағашыдан үлкен болуы да мүмкін. Нағашы жұрттың еркек-әйелдері тиісінше нағашы ата, нағашы аға, нағашы іні, нағашы әже, нағашы апа, нағашы жеңге, нағашы қарындас деп аталады. Әке-шешенің нағашыларын «түп нағашы» дейді. Балалығын ұстаса нағашыңа бар, Жігіттің ұстаса, қайыңа бар. Өзі жаман туады, нағашысынан көреді. Нағашы - бөйтерек, жиен - қотыр тайлақ.

Жиен (ер, әйел) - қыздан туған бала. Жиен - нағашы ауылы үшін ерке әрі кең құқы бар адам. Ол нағашыларынан нені қаласа да, үш рет алуға қақы бар, қандай қымбат зат болса да, нағашылары оны сөзсіз беруге тиіс. Оны жиенқұрық деп атайды. Жиен сол елдің кемшілігін, қатесін ойын-шыны аралас айтып отырады. Оның сөзін кекетуге, оған ұрсуға болмайды. Нағашы-жиендер кездескен жерде бір-бірімен әзілдесіп, ойнап-күліп жатады. Жиен мұндайда өзін еркін сезінеді. Нағашы мен жиен бірін-бірі ешқашан күндемейді, олар қайта бірін-бірі мақтаныш тұтады. Халық: «Адамның жақсы қасиеттері нағашыдан жұғады» - дейді. Мұнда әлеуметтік шындықтың көзі бар. Халықтық салт-дәстүр бойынша жиенді ренжітуге, қол жұмсауға болмайды. «Жиенді ұрғанның қолы қалтырайды» деген мақал содан қалған. «Нағашымен күрескен жиен жығылады» деген сөз жиеннің қанша ерке, батыл болғанымен, нағашысы алдында ізетті, әдепті, кіші болуын ескертеді. Абай десек - қазақ деп, қазақ десек - әрқайсымыз-ақ бір көтеріліп, қанатымызды бір қомдап қалғымыз келді. Халқының ұлы болып туып, ту ұстары болып өткен данышпан дүниеден жүз жыл бұрын озса да, ұрпақтарына азық болып отыр. Азық болғанда көмейден өтіп, тәнге қуат бергенін емес, көкейде жаңғырып жанға берген рухани байлығын айтамыз. Осыдан жиырма жыл бұрын бір топта академик Зейнолла Қабдолов: «Апыр-ай, қазақтың бағына Абай тумаса, Абайды айдай әлемге жайған Мұхтар тумаса, не болар еді?» деп қалғанын отырған қауымның ішінде аңғарғаны да, аңғармағаны да, естісе де түсінбегені болғанына өзіміз куә...

Уақыт кейуана өз дегенін істеді. Кезінде кім қандай баға берсе де, әкесінің атымен Құнанбайдың ұлы десе де «мен адамның ұлымын» деп кеткен Ибраһим есімді қазақтың нағашысы кім екен? деген сауал әркімнің көкірегінде тұратын. Абайды білгенде оның нағашы жұрты Шаншар елі екенін білетін. Біле тұра, одан бері кімдер екені көп жұртқа беймәлім. Бірақ құны қалжың деңгейінде ғана қалып келе жатқан бір мақал бары рас. «Жігіттің ірік болмағы - нағашыдан, үйдің берік болмағы ағашынан».

Ш. Уәлихановтың өзі хан тұқымынан болса, нағашы жұрты атақты Шорман би.

Судың таза болуы сағасынан,

Нудың жақсы болуы ағашынан.

Адамның жақсы болуы нағашыдан,

дегендей нағашысы Шорман 7 жасында ауылына келген Шоң биге жұттан әрең шыққан ауылда беретіні болмай, Шорманның анасы қатты қысылады. Әкесі ерте өліп, анасы екеуі ғана қалған Шорман:

– Неге қысыласың? Мен-ақ апарып берейін депті де, сүт құйған ыдысты алып, би алдына келіп:

Бетке күйе жағылды,
Қаптың түбі қағылды.
Мынау міне ыстық сүт,
Суытпай таксыр, тез жұт,

– деп ұсыныпты. Жеті жастағы қаршадай баланың сөзіне әбден риза болып:

– Уа, бәйбіше! Құдай берген адам екенсіз. Тіфә-тіфә! Мына балаң болайын деп тұрған азамат екен, маған бер. Өзім тәрбиелеп адам қылып, өзіңе қайтарамын деп алып кеткен. Шоң би 13 жасында Шорманды би атандырып қайтарған екен. Ал Шоқанның анасы Зейнеп Шорман Күшіковтың қызы.

Шоң бидің шәкірті Шорман халық алдында ұшан-теңіз беделге ие болған. 1836 жылы 37 жасында кенеттен қайтыс болған. Шорман би мен Топай бәйбішеден 5 бала өмірге келген қызы – Зейнеп Шоқанның анасы, ұлдары: Мұса, Мұстапа, Иса, Әбу-Әли Ибн Сина [2].

Ұлы Моғол мемлекетінің негізін қалаушы, ақын және жаузушы Бабыр және қазақтың тұңғыш тарихшысы Мұхаммед Хайдар Дулатидың шешелері – бірге туған, апалы-сіңлілі адамдар болған. Демек, Бабыр мен Мұхаммед-Хайдар - бөле болып келеді [3]. Ы. Алтынсариннің нағашы атасы – Шеген би. Шеген бидің өмір сүруі, билік жүргізу мезгілі Тәуке хан заманындағы қазақ хандығының пісіп-жетілуі, нығайып аяғынан тұруы, тұтастығын сақтауы, көршілес елдермен тең өмір сүруімен тығыз байланысты. 1680-1688 жылдар аралығында Тәуке хан тағынан отырғанда Шеген Жеті рудың атақты билерінің бірі болғандығы белгілі [4].

Қазақ халқының салт-дәстүрі бойынша ер-азаматтың үш жұрты болады. Үш жұрт та жанашыр, сүйеніш, қорғаныш. «Өз жұртың күншіл келеді. Бар болса, көре алмайды. Жоқ болса, бере алмайды. Жақсы болсаң, күндейді, жаман болсаң, жүндейді. Қайын жұртың міншіл келеді. Қолыңның ұзындығына, жағанның қызылдығына қарайды. Берсең жағасың, бермесең дауға қаласың. Нағашы жұртың – сыншыл келеді. Жақсылығына сүйінеді, жамандығына күйінеді. Өрқашан тілеуінді тілеп, қамқоршы болады» деп дана халқымыз әр жұрттың бітім-болмысына қарап, сипаттама берген.

Нағашы немесе нағашы жұрт – туыстық атау болып саналады. Дәстүрлі қазақ қоғамында нағашының жиенге қарағанда жолы үлкен. Нағашы жұрт – туған ананың әке-шешелерінен бастап, барлық аталас

ағайын-туыстары мен үрім-бұтақтары. Шешесінің төркіні балаларына нағашы болады. Әже төркіні немересіне түп нағашы делінеді. Үш жұрттың ішіндегі ең ерекшесі болғандығынан шығар олар жиенін өрқашан еркелетіп, сұрағанын беріп отырған. Тек туған нағашысы ғана емес, сол рудың барлығы да жиенге нағашы деп аталады. Нағашы жиенінің азаматтығы мен ізгі істеріне сүйсініп, мақтанып, мақтап отырады. Нағашылық жасқа қарамайды. Кейде жиен нағашыдан үлкен болуы да мүмкін. Нағашы жұрттың еркек-әйелдерін жиендері «нағашы апа», «нағашы жеңге», «нағашы қарындас», «нағашы іні», «нағашы аға», «нағашы әже» деп атайды. Жиен – қыздан туған бала. Жиеншар – жиеннен туған бала. Ол да әкесі сияқты жиендік ғұрыпты жалғастырады. Нағашы (ер, әйел) – ананың төркін жұрты [5].

Жігіттің жақсы болмағы – нағашыдан...

Нағашы жұртың – сыншыл. Жақсына сүйінеді, жаманына күйінеді, әрдайым тілекші, тілеуқор боп жүреді. Жігіттің шешесінің туыстары нағашы аталып, өзі оларға жиен болатыны баршаға белгілі. Қазақ халқында қалыптасқан дәстүр бойынша нағашы мен жиен арасындағы қарым-қатынастың өзіндік ерекшеліктері бар. Олар бірін-бірі күндемейді, араларында бақталастық, қызғаныш болмайды, өзара әзілдесіп қалжыңдасады. Жиеннің еркелігін де, тентектігін де көтереді. «Балалығың ұстаса нағашыңа бар» деген мәтел соны меңзейді. Ал «Нағашымен күрескен жиен жығылады» деген мәтелдің мәні үлкенді сыйлауға, жөн-жосықты білуге үндейтіндігімен мәнді.

Нағашы жұрт жиенді ешуақытта сыртқа теппейді, керісінше, «қыздан туғанның қиығы жоқ» деп бауырына тартып отырады. Сөйте тұра «Жиен ел болмайды, желке ас болмайды» дейтіні тағы бар. Бұған жауап ретінде: «Жиен ел болады – малы болса, желке ас болады – майы болса» деп әзіл-қалжыңға май құяды. Егер жиеннің қисық-қыңыр мінезін, оғаш қылығын байқаса «Өзі жаман туады, нағашыдан көреді» деп тағы қалжыңдайды. Мұның бәрі нағашы мен жиен арасын алыстату үшін айтылған сөз емес, өзара достық әзілден туып, көпшілік арасында қалыптасып кеткен бейнелі ұғымдар. Жиеннің жау емес екенін біле тұра оны «ел болмайды» деуі бұл жігіт намысын қайрай түсу үшін әдейі айтылған әзіл-қалжың. Сондықтан да жігіт бұл сөзге жасымайды, қайта жігерлене түседі. Әзілі жарасқан жиен қашанда нағашы жағынан қырық серкеш «даулаумен» болады. Нағашылары оған «кет әрі» демейді, керісінше, оның талабын құп алып, тауанын қайтармайды. Бұл – бұл ма, жиенін өз қолынан үйлендіріп, басына отау тігіп, алдына мал салып берген нағашылар да баршылық. Бұл – әркімнің хал-ахуалына қарай орындалатын дәстүрлі

сыйлық. Егер нағашының қолы қысқа болып, жиеннің байлығы артып жатса, жаңағы сыйлықтың керісінше жүретін кезі де болады. Нағашы мен жиен арасындағы қарым-қатынас алым-берімге ғана қатысты емес. Мал-дүние қолдың кірі сияқты, оның бір жұтта жуылып-шайылып кетуі әбден мүмкін. Ал, нағашы мен жиен туыстық жағынан мәңгі ажырамайтын тұлғалар. Бұлар мейлі бай, мейлі кедей болсын бәрі бір, бірінен-бірі кете алмайды. Өз анасын шын сүйетін жігіт сол ананың туыстарын да жақыным, бір жұрттым деп қадір тұтып, олардың бауырына кіруге өзін тұрады. Нағашылар да жиенді баласындай еркелетіп, басынан сипайды. Қашан да нағашы жақта білімді, білікті, ақылды, өнерлі адамдар кездеседі. Солардың бірінің болмысы, бірінің өнегесі жиенге жұғуы заңдылық болса керек [6].

Қорыта келе, осы ғылыми жұмыс аясында ерте кезеңнен бастап, қазіргі кезге дейінгі ананың рөлі, ананың туыстарының қоғамдағы алатын рөлі мен маңызы сараланып, талқыланды. Халқымыздың нағашыға деген аса ірі құрметі, сыйластығы, ерекше махаббатын көрсете алдық. Адам өміріндегі нағашылардың маңызын халқымыздан шыққан аса ірі даналар да дәлелдей алады.

Халқымыздың нағашыға қатысты ұмытылған салт-дәстүрлері ғылыми жобамызда ескеріліп, осы дәстүрлерді жаңғырту да ойымызда бар.

Адам өмірінде үш жұрттың да маңызы зор екені сөзсіз. Бірақ ең жақыны, ең қамқоры – нағашылар. Нағашылардың арқасында көтерілген, нағашыларына тартқан ұлылар – қазіргі жастарға үлкен үлгі бола алады. «Домбыраның жақсысы – ағашынан, жігіттің жақсысы – нағашысынан» - деп, халық даналығында бекер айтылмаса керек. Алдында айтылып кеткен барлық мақал – мәтелдер, ырымдар мен халқымыздың ұлылығын дәлелдейтін салт – дәстүрлер нағашының қоғамдық өмірдегі алатын орнын оқшаулап көрсете алады. Екінші бөлімде көрсетілген Мағжан Жұмабаевтың нағашысына арнап жазып, сүйіспеншілігінен туған өлеңінен нағашы жұрттың жүрекке ыстық, жанына жақын екенін біле аламыз.

Халқымыздың мақтанышы, тарихымызда аты алтын әріппен жазылған даналарымыздың нағашыларына тартуы - өмірде өз орнын тауып, өзіне тән ірі тұлға болып қалыптасуына үлкен әсер етті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%B0%D1%82%D1%80%D0%B8%D0%B0%D1%80%D1%85%D0%B0%D1%82>

- 2 <http://bilim-all.kz/article/1703-Nagashy-zhurt>
 3 <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9D%D0%B0%D2%93%D0%B0%D1%88%D1%8B>
 4 Арғынбаев Х.А. Қазақ отбасы - Алматы: Қайнар, 1996. - 288 с
 5 <http://kazgazeta.kz/?p=45214>
 6 <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=14781>

РАЗВИТИЕ ИКТ И НАУКОЕМКИХ ТЕХНОЛОГИЙ

МАНАНБАЕВ Ж. И.
 к.и.н., профессор, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар
 АБЫЛХАСОВА К. С.
 магистрант, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

В Послании Президента страны народу Казахстана от 10 января 2018 года приведены приоритетные цели и стратегии их реализации в области национальной безопасности, обеспечения внутривнутриполитической стабильности и национального единства, достижения экономического роста, улучшения здоровья, образования и благополучия граждан Казахстана, эффективного использования энергоресурсов, развития инфраструктуры, создания профессионального государства [1].

Реализация этих целей предполагает комплексное решение социальных, экологических и экономических проблем, т. е. требует системного подхода к решению намеченных стратегических задач. Понятно, что для решения столь масштабных проблем, где надо учитывать сложные взаимосвязи в обществе и окружающей среде, различные ограничения на общее состояние и управления, случайные внешние воздействия; нельзя обойтись без использования информационных технологий, основанных на научном подходе с глубокими исследовательскими работами.

Только используя основные достижения науки и мирового опыта экономического планирования на базе информационных технологий можно создать качественно новые модели, позволяющие с минимальной погрешностью просчитать различные сценарии развития отдельной компании, отрасли, региона, Казахстана в будущем, попытаться выбрать оптимальные стратегии для осуществления намеченных планов. Поэтому пристальное внимание уделяется сейчас повсеместному внедрению цифровизации всех сфер человеческой деятельности

Информационные технологии – быстро развивающаяся отрасль экономики, как по всему миру, так и в Казахстане. Очевидна необходимость научных исследований в данной области, решение вопросов стандартизации, создания научно-практической базы для отечественной промышленности информационных технологий. В последствии намечены тенденции выявления информационных технологий в подраздел науки. Свидетельство этому - создание в различных научных институтах и вузах специализации по данной тематике.

Особую значимость в условиях развивающейся демократии Казахстана приобретает обеспечение доступа граждан к средствам телекоммуникации и информационным ресурсам. Это проблема касается и развития блогерства как вида современной журналистики.

При реализации описанных выше программ нужно учесть проблему цифрового разрыва в мире и в Казахстане. Из-за дохода, возраста, уровня образования, географических факторов, и других физических ограничений, доступ к методам инфо-коммуникаций и технологии не равен для каждого. Этот цифровой разделение появилось внутри страны, между странами и регионами, и неравенство на сегодняшний день лавинообразно увеличивается между технологическими имущими и неимущими.

Внутри страны имеются следующие тенденции к увеличению цифрового разрыва:

Прямая зависимость между уровнем доходов и использованием средств ИКТ.

Люди, живущие вне города в селах, имеют низкий уровень доступа к компьютеру и Интернету по сравнению с теми, кто живет в городах.

Знание русского и английского языков значительно влияет на возможности использования технологий и Интернета.

Различные требования в необходимости использования средств ИКТ по профессиональным специализациям.

Неравенство в доступе к Интернету между самыми высокими уровнями образования и самыми низкими увеличивается.

Более пожилым людям труднее освоить технологии, чем молодым.

Прямая зависимость использования технологий от социального положения, чем выше, тем больше возможностей.

Низкая плотность населения и урбанизация республики.

С другой стороны в перспективе имеются основания утверждать, что прогресс глобальной социально-экономической революции расширит информационное неравенство между странами в северных

и южных полушариях также как внутри страны в развивающихся странах. Казахстану очень важно решать проблему преодоления цифрового разрыва с развитыми странами.

Имеются большие различия в распространении средств ИКТ и его использования в зависимости от относительного богатства наций. Кроме того, состояние средств обслуживания телекоммуникационных сетей является различным между продвинутыми нациями и развивающимися странами. Среди развивающихся стран имеется почти сорок стран, в которых распространение телефона даже ниже, чем 1 на 100.

В развивающихся странах Азии уровень телефонного распространения все еще не превысил 3,1 %. Большинство городов и деревень во многих странах не имеет даже одного телефона, имеется большое неравенство в средствах обслуживания коммуникационных сетей между городскими областями и сельскими районами.

По данным Казахтелекома телефонная плотность в Казахстане на сегодняшний день составляет 26 номеров на сто жителей (подавляющее большинство которых - жители крупных городов). Насчитывается порядка тысячи сел и аулов, где вообще нет телефонной связи. Телефонизация села - «деньги, закопанные в землю». Для решения этой проблемы используются все доступные методы, включая переселение. Расширение сельской телефонии в Казахстане связывают с готовящейся программой развития сельских территорий. Казахтелеком пытается работать со специалистами Минсельхоза и руководителями исполнительных местных органов власти.

В то же время число абонентов мобильной связи в Казахстане приближается к отметке два миллиона и это на пятнадцать миллионов граждан республики.

С развитием социально-экономической революции, вызванной информационными технологиями, способность эффективного использования технологии инфо-коммуникаций и доступа к Интернету становится даже более важной для участия в социально-экономических действиях таких, как: занятость, образование, и региональные действия. Таким образом, не принятие мер в отношении цифрового разрыва увеличит новое социальное и экономическое неравенство и неизбежно будет иметь отрицательный эффект на социальную стабильность и экономическую деятельность. Теперь, широкополосный доступ, позволяющий полную реализацию мощи Интернета, становится столь же необходимым как доступ к электричеству, газу и воде, делая обязательным обеспечение услуг доступной каждому.

Популяция пользователей Интернета составляет уже 200 млн. по всему миру. На региональном уровне – 85 млн. пользователей в США, 45 млн. в Азии и 63 млн. в других районах; в то время как в Японии 18.3 млн. пользователей. Число пользователей в процентах в Швеции составляет 44,7 %, в Канаде 44,3 и в Соединенных Штатах 41,6 %.

В Казахстане более одной трети взрослого населения крупных городов, т. е. 1318,4 тыс. чел., обладают навыками работы на персональном компьютере из них 713,3 тыс. могут быть отнесены к начинающим пользователям (18,9 %), 410,9 тыс. чел. к обычным пользователям (10,8 %), использующим стандартное офисное программное обеспечение. 150,4 тыс. чел. заявляют себя опытными пользователями (4,0 %), а еще 41,9 тыс. чел. программистами (1,1 %).

В то время более одной трети аудитории выходят в Интернет только с работы (34,8 %). Другим распространенным местом выходом в сеть являются средние и высшие учебные заведения (19,7 %), особенно для учащейся молодежи, посещающей Интернет от случая к случаю. Третьим по популярности являются интернет-кафе, которые посещают 13,6 % аудитории (преимущественно нерегулярной). Доля лиц с высшим образованием в аудитории Интернета как минимум в 4 раза выше, чем в целом в населении Казахстана

Новые технологии быстрее внедряются в повседневную жизнь, чем более старые так, например, для преодоления десяти процентного покрытия населения на телефонизацию уходит в среднем 75 лет, на мобильную связь – 15 лет, на персональные компьютеры – 13 лет, на Интернет – 5 лет.

Можно сказать, что провести Интернет гораздо перспективнее и «быстрее» что продолжать телефонизацию. Сегодня для Казахстана с его обширными территориями низкой плотностью населения наиболее выгодно и перспективно развивать спутниковую связь, как один из вариантов решения проблемы доступа к Интернету, СМИ, Телефонии и т.д.

Для осуществления широкого доступа населения к информационным ресурсам и средствам коммуникаций необходимо инициировать государственную программу по «введению в каждый дом спутниковой цифровой сети» и на ее основе развитие DSL технологии. Оплату производить за услуги по принципу «фиксированная» и «по себестоимости», принцип как телефон, газ или другие коммунальные оплаты [2, с. 19].

Развитие и продвижение данной фундаментальной технологии, ее практического применения должно быть сделано одним процессом

с точным направлением в конкретные сроки. Данный процесс должен протекать с хорошо запланированным и обдуманым распределением стратегических ресурсов (распределения фондов и подготовки среды распределения).

Естественно, что основное финансирование данного проекта должна взять на себя государство посредством национального телекоммуникационного оператора. Таким образом, данный проект не только решает комплекс проблем как телефонизация, кабельное TV, но и поможет решить в Казахстане проблему оцифровывания и главное решает техническую проблему доступа к информационным ресурсам.

Вторая часть решения технической проблемы коммуникаций и доступа к информационным ресурсам – домашняя компьютеризация, нужно провести политику «компьютер в каждый дом». Домашняя компьютеризация – элемент государственной политики информатизации, обеспечивающий удовлетворение потребностей населения в информации и знаниях непосредственно на дому, преимущественно через Интернет. Или процесс оснащения дома электронными устройствами (компьютерами). Для решения проблемы потребность Казахстана в компьютерах – около 4 миллионов штук. По рыночным ценам, при условиях «оптом дешевле», необходимо затратить 2,5 миллиарда долларов. Таково выбывание денежных ресурсов страны. В стране нет производства компьютерной техники и эта цена неизбежность, которая в любом случае ожидает нас. Ситуация усугубляется тем что техника устаревает морально значительно раньше чем физически, не говоря о программных продуктах.

Секрет успеха компьютеризации и самого высокого процента доступа к Интернет населения Швеции заключается в проведении ряда реформ. Предприятия получили налоговую помощь для закупки компьютеров, которые они предлагали своему штату. Купленные компьютеры, освобожденные от налогов, устанавливались в домах. Условие состояло в том, что каждый с постоянным положением, независимо от должности, будет включен в программу, а не только служащие, нуждающиеся в компьютере дома. Эта реформа дала служащим шанс купить компьютеры за цену намного ниже розничной продажи. Служащие оплачивали компьютеры вычетами из жалованья, обычно в течение трех лет. Реформа имела большой успех. Между 1997 и 1998 годами количество служащих с доступом к компьютеру дома повысилась от 48 до 67 процентов. Реформа внесла вклад в развитие ИТ и домашнюю компьютеризацию [2, с. 20].

Для доступа к информации в Казахстане есть еще одна проблема вполне ей характерная – языковой барьер. В настоящее время основная часть содержания сети на английском языке, а большая часть терминалов – это персональные компьютеры. Язык может стать барьером для доступа к информации для граждан не говорящих на английском языке или/и русском. Причем у нас до сих пор нет унифицированного казахского шрифта, широкого распространения адаптированной клавиатуры и программного обеспечения. Один из походов это развитие автоматизированного перевода и других технологий позволяющие гражданам, не знающим английского языка или русского, использовать информационные ресурсы. Тем не менее в Послании Президента РК от 10 января 2018 года сказано следующее: «Будущее казахстанцев – за свободным владением казахским, русским и английским языками», что говорит о первоочередности решения данной проблемы [1].

В довершение ко всему выше сказанному, согласно принципу всеобщего доступа необходимо повсеместно развивать условия для доступа к информации для граждан с ограниченными физическими возможностями. Необходимо законодательная база, поддержка государства и активное участие гражданского общества. Для технического решения вопроса доступа людям с ограниченными физическими возможностями, например, применяются технологии знаково-языкового распознавания.

По мере осуществления данных проектов параллельно необходимо развивать строительство виртуальных миров и интеграцию с уже существующими.

Эти кибер-создания создали бы эффект реальной жизни в стране или городе, что было бы на практике выгодно и доступно. Будут развиваться виртуальные банки (без очередей, зданий и т.д.), система доставки и торговли, библиотеки и справочники, СМИ, биржа труда, образование, культуры и т.д. В настоящее время в области услуг высокого уровня для использования Интернета, решение осуществлять универсальное обслуживание не кажется жизненно важной проблемой. Однако с все возрастающими потребностями эта проблема становится более актуальной.

ЛИТЕРАТУРА

1 Назарбаев Н. А. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана от 10 января 2018 года: Официальный сайт Президента Республики Казахстан: <http://www.akorda.kz>

2 Рабочая группа по ИП в Казахстане в рамках проекта Кластерного Бюро ЮНЕСКО в Алматы по Казахстану, Кыргызстану, Таджикистану и Узбекистану Концепция национальной информационной политики Республики Казахстан – Республика Казахстан, 2004.

3 Козыбаев С.К. Масс-медиа как индикатор свободы общества. // Вестник КазГУ. Серия «Журналистика». – №1. – 1997.

ОБ УТОЧНЕНИИ МЕСТОНАХОЖДЕНИЯ НЕКОТОРЫХ ПАМЯТНИКОВ АРХЕОЛОГИИ ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ

МЕРЦ В. К.

к.и.н., доцент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

ДЕМИДКОВА Е. Д.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

В процессе изучения истории археологических исследований того или иного региона нередко возникают проблемы, связанные с установлением местонахождения некоторых археологических памятников, известных по письменным источникам. Данные обстоятельства возникают из-за неточностей в их описании, связанных с опечатками в тексте и не критическом отношении при работе с первоисточниками, в связи с чем допущенные искажения переходят в некоторые фундаментальные издания. Так при работе по истории изучения неолитических памятников Павлодарского Прииртышья, в «Археологической карте Казахстана» мы столкнулись с описанием неолитических находок сделанных неким Н. Ф. Романенко на восточном берегу озера Пресного в Семипалатинской области Павлодарского уезда [1, с. 98]. Точная дата обнаружения памятника не известна, но есть информация о регистрации коллекции в государственном Эрмитаже 1949-м годом. Данная находка включала каменные наконечники стрел, ножевидные пластинки с ретушью по краям, скребки, бронзовые наконечники стрел, шило и обломок ножа. В «Археологической карте Казахстана» указывалось, что все предметы были обнаружены в 125 км восточнее от с. Подпукского, что показалось нам невероятным для определения местонахождения археологического объекта, так как обычно даются более близкие привязки. Проведя несложные расчеты, было не трудно установить, что территория, находящаяся в 125 км к востоку от с. Подпукского, выходит за пределы республики и не может являться

местом расположением данной находки. Кроме того, там нет озер с таким названием, что навело на мысль о возможной ошибке в указанных данных.

Это удалось подтвердить в процессе работы одного из авторов настоящей статьи, изучавшем казахстанские материалы в фондах государственного Эрмитажа. В результате, стало ясно, что при описании была допущена неточность в указании расстояния: из-за не очень разборчивой записи в фондовой книге, где прописная буква «в» была написана в виде единицы и очень близко к цифре 25 [2, с. 2]. Но в последующих записях уже четко указывалось расстояние в 25 км, на что, видимо, в свое время исследователи не обратили внимания, и данная ошибка вошла в «Археологическую карту». Выяснив эти обстоятельства, нам стало очевидным, что единственное пресное озеро, расположенное в 25 км к востоку от с. Подпуска, это озеро Тлеуберды, где нами так же фиксировались археологические памятники [3, с. 481], но идентифицировать их с местонахождениями неолитических находок, сделанных Н.Ф. Романченко, пока не удалось. Возможно, это еще предстоит сделать.

Кроме того, ошибка иного характера была допущена исследователями при фиксации на карте местоположения курганов, которые были изучены в 1866 году В. В. Радловым во время обследования памятников между оз. Чаны (Новосибирская область) и г. Павлодаром [4, с. 33]. Речь идет о курганах № 520 в «Археологической карте Казахстана», которые, по описанию должны располагаться в 90 км от р. Иртыш, севернее г. Павлодара [1, с. 57]. Но на карте они отмечены вблизи Иртыша в Качирском районе, что не соответствует обозначенному месторасположению. Это также навело нас на мысль о возможной ошибке, допущенной во время работы с первоисточником, поэтому мы таким же образом решили проверить данную информацию, изучив первоисточник.

В «Докладе о действиях императорской археологической комиссии», где были отражены исследования В. В. Радлова в 1866 году, сказано, что свое путешествие он начинает в Новосибирской области и движется в направлении г. Павлодара. В 40 км от оз. Чаны (Новосибирская область) в сторону р. Иртыш Радлов проводит раскопки курганов, которые как раз расположены в 90 км от р. Иртыш. Во время раскопок В. В. Радлов обнаружил 3 кургана, в одном из которых не было признаков погребения, второй был разграблен, и лишь в третьем была выявлена могильная яма, параллельно устланная сосновыми досками в 6 рядов. Под ними обнаружен скелет, у правой

руки которого был маленький каменный брусок [5, с. 21]. Такое же описание могильников дается и в «Археологической карте». По нашему мнению, речь идет именно об этих курганах, так как другого похожего описания археологических памятников в сообщении не встречается.

Таким образом, изучив первоисточник, мы пришли к выводу, что курганы должны располагаться в пределах территории Новосибирской, а не Павлодарской области. Подобные неточности, видимо, могли быть допущены в результате не критического отношения исследователей при описании археологических памятников и других областей Казахстана, но выяснение данных вопросов выходит за рамки нашего исследования в связи с поставленной задачей по истории изучения памятников Северо-Восточного Казахстана.

Следует отметить, что подобные проблемы периодически возникают у многих исследователей, которые обращаются к письменным источникам, поэтому очень важно следовать всем правилам работы с архивным и литературным материалом и объективно оценивать информацию, которая в них содержится. При возникновении сомнений по поводу какого-либо факта, следует сверить его с другими более ранними источниками. Исходя из нашего опыта, выполняя подобную работу, нужно фиксировать и уточнять некорректную информацию и доводить ее до коллег. Что же касается памятников археологии, то здесь этот вопрос является наиболее важным, так как определение их точного местонахождения имеет значение для их сохранения и дальнейшего изучения. В противном случае, эти памятники могут остаться в истории науки в качестве некогда зафиксированного факта, а не реального объекта. Определение местонахождения таких объектов может способствовать дальнейшему их изучению и недопущению уничтожения в результате природного воздействия или деятельности человека. Без должного внимания к таким объектам они могут быть утрачены, а вместе с ними, будет безвозвратно потеряна ценная информация по истории того или иного региона. Именно поэтому очень важно обращать должное внимание на сомнительную информацию и стараться всячески ее уточнить и скорректировать.

Таким образом, данное небольшое исследование позволило нам внести некоторые уточнения в описание местонахождения отдельных археологических объектов, создав тем самым более точное представление об этих памятниках и их расположении.

Этот небольшой, но очень важный шаг, позволит нам впоследствии более точно определить зону поиска данных объектов и, возможно, обнаружить их и изучить.

Исходя из приведенных примеров, следует еще раз отметить, что проблема критического изучения исторических источников является наиболее важной и актуальной в процессе научного поиска. Каждый исследователь должен ответственно подходить к изучению источников и к своему исследованию в целом. Это поможет в дальнейшем избежать неточностей и в будущем облегчит труд историков при работе с данной информацией.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Археологическая карта Казахстана // отв. ред. К.А. Акишев. – Алма-Ата: Издательство АН КазССР. - 1960. С. 449.
- 2 Государственный Эрмитаж. Книга описи коллекции № 113 (Павлодарский район. Случайные находки). С. 16
- 3 Мерц В. К. Поселение Тлеуберды // Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Павлодарская область. Алматы. - 2010. С. 481
- 4 Агеева Е. И., Максимова А. Г. Отчет Павлодарской археологической экспедиции 1955 г. // Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР, т. 7, Археология. - 1959. С. 32-58.
- 5 Строганов С. Доклад о действиях Императорской Археологической Комиссии // Отчет Археологической комиссии за 1866 г. Санкт-Петербург. - 1867. С. 3-26.

ҚАЗАҚ ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӘДЕТ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

МУНДУИНОВА К. А.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ әдет - ғұрып құқық жүйесі қоғамды реттеуде ежелден қалыптасып, бірте - бірте құрылымы кеңейіп, дами түсті. Бастапқыда отбасынан таралған құқықтық - әділеттік, әлеуметтік - экономикалық, саяси - рухани жағынан кеңі түсіп, бүкіл қоғамдық мәселеге арналды. Ол өзара тең көп меншіктілікті қамтамасыз етіп, тұтастықты баянды ететін бірлікке шақыратын идеялардан барып туындады. Қоғамның

әрбір мүшесі өз қоғамын, оның құрылымын, ондағы қарым-қатынастарды, әлеуметтік бірлікті, өз өмірі мен еңбегінің мәні неде екенін жақсы білуі тиіс болды. Кез келген қоғамдық ортада адам өмір сүреді. Ол - қоғамның субъектісі, қоғамдық құрылымда, оның бірлігінде, институттарында әрекет ететін шешуші тұлға. Сондықтан адам мен оның мәртебесі және құқығына, адамгершілігі мен өмір сүру мәніне ежелден - ақ ата - бабаларымыз ерекше мән берген.

Қазақ әдет - ғұрып құқығы жүйесінде бидің мәні мен мәртебесін анықтайтын бірқатар қағидалар мен нормалар болды. Олар халық санасынан берік орын алып, көбінесе оның дәстүрлі ділінің мазмұнын құрады. Олар қысқа да, мәнді нақыл сөздерден көрінді: «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Туғанына бұрғаны - биді құдай ұрғаны», «Таста тамыр жоқ, биде бауыр жоқ». Шындық пен әділдікке жету қазақ құқығының оған негізделген билердің соттық шешімдерінің түпкі негізі, түпкі мақсаты саналған.

Сот жүргізудің тәртібі мен сот құрамын белгілеуде екі нәрсеге көңіл бөлінді: оған қатысатын тараптардың ықыласы мен істің күрделілігі. Дауды бір би жеке - дара өзі шешуі де мүмкін еді. Бұл сот ісін жүргізудің ең қарапайым, әрі кең тараған түрі. Ол көбінесе биге бір ауылдың адамдарының, жақын руластардың дауын шешіп беруді сұрағанда немесе тараптардың өздері талапкер мен жауапкер ерікті түрде өз дауларын шешуді сұрап жүгінгенде қолданылады. Егер жәбірленушінің немесе өкпелі адамның шағымы бимен туыстық байланысы бар адамдарға қатысты болса, соған қарамастан іс бидің ынтасымен басталып, қарастырылуы да мүмкін. Бұл жағдайда би жауапкершілігі арта түседі, керекті адамдарды жүгініске өзі шақырады, ал жауапкер бұдан бас тарта алмайды. Оның келмеуі туыстары үшін барып тұрған ұят болып саналады. Егер би әрі атақты, әрі дана, әрі әділетті болса, оның шешіміне құлдық ұрған және оның алдына алыс рулардан жүгініске келушілер легі бір мезет те толастамаған.

Адам және қоғам, адамның адамдық сапасы, бостандығы, мінез-құлқы, адамдық қасиеттері, өзара қатынасы қазақ әдет - ғұрып құқық жүйесі дүниетанымының басты компоненттері. Табиғат – көшпелілер үшін аса маңызды объект өмірлік серігі. Табиғаттың астарында жаратушы Тәңір жатыр. Кез келген көшпелі ұлан - ғайыр далада табиғатты көре, сезіне отырып, оған оны жасаушы Тәңіріне сенеді. Сөйтіп, табиғатты терең түсіну көшпелілерді өзге халықтан өн бойы алға оздырды. Бұл тағы бір ерекшелігі. Осыдан барып қоғам, адам, бостандық, тендік, адамгершілік түсініктері өрбіп дамыды. Қоғамды тек Тәңір билейді деп, оған асылық жасамауға, Тәңір тәртібін, табиғат

тәртібін бұзбауға тырысты. Қазақ әдет - ғұрып құқық жүйесінің тағы бір ерекшелігі деп мынаны айтпауға болмайды. Ол – адамның табиғи құқығы. Оны Тәңір берген, ол құқықтарға ешкім араласуға, жоюға құқығы жоқ. Сондықтан адам баласы азат, еркін, басы бос. Еркіндіктен айырылу – құлдық күн кешу деп ұғылып, құқықтық жүйе осы сарын аясында қалыптасты. Бостандық, теңдік идеялары ынтымақ, ел бірлігі, тату - тәттілікпен астарласып, оны ешқандай құқықтық заң жолымен жүзеге асыруға болмайтынын, ол тек адамдардың адамдық қасиеттерінен туындайтынын терең түсінген қазақ әдет - ғұрып құқық жүйесі алдымен қоғам ішінде адамдық қасиеттерге өз жолын беріп отырды. Ар - ұяттан кету адамдық қасиетін жоғалтады. Ондай адам құқық бұзушылықты жасайды. Қазақ әдет - ғұрып құқық жүйесі сөз өнерін өзіне еншілес етіп, сол арқылы көкжиекке шығарып біледі. Құқықты терең білу, соттау өнер болса, оны көркемдейтін, әсерлі ететін тіл, сөз өнері. Сол үшін «Өнер алды – қызыл тіл» деп текке айтылмаған. Сөз неғұрлым қысқа, бірақ нұсқа болса өте жақсы. Кез келген билік шешім мақал - мәтел, афоризмдерден тұратыны да сол себепті, әрі құлаққа жағымды, ұғынуға жеңіл.

Қазақ әдет - ғұрып құқық жүйесі жер - су, көші - қонды бөлуді, малдың ен - таңбасын анықтауды, дау - жанжалдарды тарау - тарау, сала - салаларға бөліп, күн мен айып төлеудің жайы мен мөлшерін, жаза түрлерін белгілеуді ретке келтірумен бір қатарда отбасы қатынастарын, адамды адамгершілікке тәрбиелеу, имандылық шараларын да қарастырады. Қазақ билерінің тұғырлық ұстындарын, билік шешімнің орындалуын, билер беделін көтеруге атсалысады. Сол себепті билер кеңесінің құзыры мен беделі күшейтілді. Өйткені, әдет - ғұрып құқық жүйесінің иесі, қорғаушысы, сақтаушысы билер еді. Сот осылардың қолында болды. Қазақ қоғамының барлық өмір салаларын реттеді, әрі үлкен беделді иеленді.

Қазақ әдет - ғұрып құқық жүйесі пәк, таза, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіргендіктен, халықтық сипатқа ие болды. Бұл да бір ерекшелігін құрайды. Сондықтан да ел билеушісі хан да құқық жүйесіне басын иіп, оған қарсы шықпаған. Қазақ әдет - ғұрып құқық жүйесінің өзге халықтар жасаған құқық жүйелерінен тағы бір ерекшелігі мұрагерлік құқығын өте әдемі үйлестіре білуінде. Әлем халқының сот істеріндегі ең бір күрделі де жиі ұшырасатын мұрагерлік даулар қазақ қоғамында тіпті болмауы, ұшыраспауы қазақ әдет - ғұрып құқық жүйесінің әмбенің көңілінен шығатын механизмдерін құра алғанында жатыр. Қазақтардың ұлына ержетіп, үйленгеннен соң енші беріп, өз алдына бөлек отау тігуі, қызын ұзатарда жасау беруі,

кейін төркіндеп келгенде қал - қадірі жеткенше сыйластық көрсетуі, қара шаңырақ институтының күштілігі дау - дамайлардан, мұраға таласушылықтан құтқарған. Тіпті асырап алған өгей балалары да мұрагерлік құқыққа ие болып, дер кезінде өзіне тиісті мал - мүлікке ие бола алған. Билер сотына мұра үшін талас - тартыс некен - саяқ болмаса кездеспеуі оның қорғаушы, реттеуші механизмдерінің мықтылығын көрсетеді. Бұл ел ішіндегі, қоғамдағы алауыздықты, жікшілдікті болдырмай, ағайынгершілікті, ынтымақты күшейтуге жәрдемдескен [1, 42 – 43 б.].

Жалпы, қазақ қоғамында болған меншік құқығы мен мұрагерлік институты туралы мынадай дерек келтіруге болады. Меншік құқығы материалдық игіліктерді табиғат өнімдері мен еңбектен пайда болатын игіліктерді иеленуді реттейді. Ол тарихи қоғамның ішкі айқындауы арқылы пайда болған. Қазақ әдет - ғұрып құқығы бойынша меншік иесі өзінің затына өз қалауы бойынша билік ете алады, мерзімі шексіз. Меншік түрлері: хандық меншік, қоғамдық меншік және жеке меншік деп бөлінген.

Қазақ әдет - ғұрып құқығы ең алдымен, қоғамның ішкі қатынастарын реттеуге, оның тыныштығын қорғауға, бейбіт өмір сүруді қамтамасыз етуге арналған. Сол үшін алдымен меншік қатынастарын реттеу, оларға қамқор бола білуді мақсат етті.

Заң шығарушының әрі оны жүзеге асырушының қандай болуының маңызы өте зор. Жаман би ел ішін дауға қалдырады. Бақытымызға орай, қазақ даласында өмір сүрген билер әділеттіктен, заңдылықтан аттамаған, құдайдан қорыққан. Бұл жайлы деректер жетерлік. Мысалы, А. Зуев қазақ билері парасатты да дана болған, олардың соты өмірдің өзі сияқты шындығымен әрі пәктігімен ерекшеленеді, - деп жазса [2, 123 – 124 б.], Б. Дельвич болса қазақ билері қазақ әдет - ғұрып құқығының жалғыз сақтаушысы болды, - деп бағалайды [3, 4 – 5 б.]. Шындығында да, қазақ даласы қаншама кең болса, әділ де білімді билері соншама көп болды.

Қазақ әдет - ғұрып құқығындағы басты орын алатын меншік құқығын сөз етер алдында бұл құқық жүйесінің қағидаларының туындау, қалыптасу, беку себептерін, ол жайлы ата - бабаларымыздың көзқарасын ашып алғанымыз да жөн.

Қазақ халқының құқықтық өмірінің, оның ішінде жеке меншік, дәулет - байлық ұғымдарының алатын орны, ол жайлы түсінігі басты рөл ойнайтынын ескере отырып, саналы түрде тұжырым жасағанымыз орынды. Көшпелілер үшін өмір құндылығы байлық, мал емес – адамгершілік, имандылық, әділдік, шындық, ар - ұят болып саналған.

Қайта молшылық адамды адамдықтан шығарады деп ұққан. Байлық – колдың кірі, ол тек адамның керегіне, рахатына қызмет етуі тиіс деген қоғамдық пікір қалыптастырған.

Қазақ әдет – ғұрып құқық жүйесінде меншік қатынастарын реттеуге, адамдардың мүліктік мүддесін қорғауға көп көңіл бөлінген.

Көшпелі тұрмыспен күнелткен әрбір отбасы алдымен негізгі меншікті құраған малын жерге жаяды. Жер мәселесі қай заманда да, қай мемлекетте де болмасын, өте күрделі, тез дау – дамай туғызатын объект. Сол себепті ата – бабаларымыз жерді қоныс ретінде, бүкіл адамзат баласына тиісті, онда бәрінің өмір сүруге құқығы бар деген ұғыммен қарап, тек көші – қон объектісі ретінде құқықтық қатынастардың айналымына түсірген. Өйткені, мүліктік құқықтардың реттелінуі, көбінесе руаралық дау – жанжалдарды бәсеңдетіп тежеген.

Мал – мүліктің мұраға қалуы әдет – ғұрып құқығы негізінде рәсімделді. Тарихи құбылыс ретіндегі мұрагерлік институты мүлікке билік ету құқығының айқын көріністерінің бірі болады. Ол келесі бөліктерді қарастырады: әкеден қалған мүлік, енші беру, «қара шаңырақ», жеке табыс, өзге табыстар (соғыс олжасы, құдадан, саудадан, жалданудан, сый – сияпаттан түсетін табыстар).

Мұра ретінде негізінен ата - қоныс, құдық, мал, шаруашылық құрылымдар, мүлік, құл мен құн қарастырылды. Бұл мұраны бөлу кезінде дау – дамай жиі болатын. Бірақ қандас рулар арасындағы дауларды көбінесе өз руының ақсақалдары, билері қарастырып, өзге жат руларға қаратпаған.

Қазақтарда ешқашан есіктерге құлып салынбаған, кеңес үйлері бүкіл байлығымен ашық тұрған, малына да күзет қоймаған. Оның басты себебі жеке меншік құқығының қатты қорғалғанынан, механизмдерінің тиімді жасалғанынан [4, 25 – 27 б.].

Қазақ әдет - ғұрып құқық жүйесінің тағы бір ерекшелігі құзырлық қуатының, реттегіштік икемінің күштілігі нәтижесінде орындаушылық кепілдігінің мықтылығы, шығарылған билік шешімінің тез орындалуы. Мұндай қуат сол жүйенің көптің қолдауында жатқандығын, оның көптің көкейкесті мәселелерімен үндесіп жатқандығынан деп білеміз [1, 42 – 43 б.].

Жоғарыдағы мәліметтерге көз жүгіртсек, мынадай қорытынды шығаруға болатыны сөзсіз. Қазақ құқығын әдет – ғұрып құқығы деп бұрыннан атап кетуіміз өте орынды. Себебі қазақ әдет – ғұрып құқығы тазалықтың, имандылықтың, әділеттіктің қайнар көзі екеніне көзіміз әбден жетті деп ойлаймын. Бұны біз «Жеті Жарғы» заң ережелерінен, Билер Кеңесі институтынан, сонымен қатар қазақ құқығының бүкіл

әлемде өзінің керекті орнын таба алғанынан көріп отырмыз. Жалпы қазақ әдет – ғұрып құқық жүйесі қазіргі таңда өте жоғары бағалануда. Бұл жайлы төмендегі деректер дәлел.

Қазақ құқығы құндылықтары – бостандық, әділдікке негізделген қасиеттері «Далалық Демократия» шеңберінде дамыды. Сот билігі беделінің өсуі, жоғары сатыға көтерілуі, билердің халық ілтипатына бөленуі қазақ құқығының өзіндік қырын аңғартады. «Шығыстық» тирандық заңдардың қазақ сахарасында орын алмауы, олардың ықпалының әлсіздігі – бұл да қазақ құқығының ерекшелігі. Қазақ құқығында өлім жазасы, түрмелер (зындандар), бас бостандығынан айыру, денеге зақым келтіру, қылмыстық қудалау болған жоқ. Барлық даулар азаматтық – құқықтық сипатқа ие болды және олар үшін мүліктік жауапкершілік қолданылды.

Қазақ құқығы нормаларын ұрпақтан - ұрпаққа жеткізуші, әрі реформаторы сот билігін ел бірлігіне арнаған, көне дәстүрді берік ұстаған билер деп аталатын ерекше тап еді. Олар әрі ақын, әрі шешен, философ, әрі ойшыл, әдет – ғұрып құқығының білгірі және оның реформаторы, әскери қолбасшы және басқарушы еді, ал көзқарасы негізінен - өз қызметінде жергілікті ру мүдделерінен бұрын Қазақия халқының мүддесін жоғары ұстаған, сонымен бірге олар қоғамдық пікірдің бақылауында болды. Қазақ биінің моральдық – құқықтық мәртебесі халықтың – «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деген талабынан көрініс тапты. Дәл осы пікірді 18 - ші ғасырдың басында өмір сүрген атақты Әйтеке би: «Өмірім өзгенікі, өлім ғана өзімдікі» - деп әдемі айшықтаған болатын.

Қазақ құқығының негізгі қайнар көзі – Ұлы Даланың нормативтік ережелер жүйесі қаншама ғасырлар бойы тікелей және жанама түрде әр түрлі мемлекеттер тарапынан қысым көріп, олардың идеологиясының әсерін сезінсе де, өзінің таңқаларлық өміршендігін сақтап келді. Әрине, қазақ қоғамы осындай күштердің әсерінен елеулі түрде өзгеріске ұшырап отырған, бірақ оның құқықтық мәдениеті мен тіл мәдениетін ешкім, ешбір күш өзгерте алмады. Олар мұндай қиын – қыстау жағдайларда, тек өзін - өзі сақтап қана қоймай ішкі күшке ие болып нығая түсті. Ұлан байтақ қазақ даласында болған өзгерістер мен төңкерістерге қарамастан, күні бүгінге дейін сақталып, өзінің бастапқы «мәйегін» жоғалтпаған қазақ құқығының өміршендігін, оның негізі, құрылымының өзегі табиғи еркіндік, әділдік, өнегелік идеяларымен үндестікте болуымен түсіндіруге болады.

Отарлаушылық – экономикалық мүддені көздеген шет мемлекеттердің сыртқы саясаты 18 – ші ғасырдан бастап Қазақстанға

деген қызығушылығы мен қысымын күшейте түсті. Сонымен бірге қазақ құқығын тануға, дендеп зерттеуге кеңінен жол ашылды. Бұл бағытта көрші Ресей патшалығы зор белсенділік көрсетті. «Артта қалған» Қазақияның ішкі дүниесі Еуропалық деңгейде білім алған зиялы қауымдардың, шығыс халықтарының тарихына әуесқойлардың назарына іліне бастады. Олардың ішінде тәжірибелі зерттеушілерге казактың құқықтық мәдениетінің, оның өзіндік бітім – болмысы мен құндылығы ерекше әсер етті. Олар құнды пікірлер білдірді. Орыстың шығыстанушы – зерттеушісі А. Левшин қазақтың құқықтық өмірінде «Алтын ғасыр» дәуір болғандығы туралы алғаш пікір білдірді (1832 ж.). Қазақияда бірнеше жыл болған Польша саяхатшысы А. Янушкевич шешендігімен және дүниетаным қабілетімен көпшілікті таңдандырған дала Демосфендері мен Цицерондарын өркениетті әлем кезінде, алдағы уақытта мойындауға мәжбүр болады деп көрсеткен.

Қазақ қоғамында Сөз құдыретін жоғары бағалаған. Дауласқан даугерлерді, жауласқан ішкі жауларды бір ауыз сөзбен тоқтатқан. Шешендік өнер адамдардың қарым – қатынастарының барлық деңгейлерінде – отбасылық, рулық, мемлекеттік – негізгі атрибуттардың бірі болып есептелді. Сөздік қордың байлығы, оны пайдалана білу ерекше бағаланды. Қазақи сот билігі – билер соты шешендік сөз күш – құдіретіне негізделген. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев 17 – 18 ғ.ғ. өмір сүрген қазақтың атақты үш биі – Төле, Қазыбек, Әйтеке билер туралы: «Үш данағөйдің өнегелі өмірі, ел қамын жеген адал еңбегі, топ бастаған көсемдігі, от ауызды, орақ тілді шешендігі, мүлтіксіз әділдігі жөніндегі айтар әңгіме аз емес» - деп жазды. Кезінде бұл пікіріді Ұлттық Ғылым Академиясының бірінші Президенті, белгілі академик – ғалым Қ. И. Сәтбаев та айтып еді. Халықаралық дәрежеде танымал жазушы Ә. Нұрпейісов: «С годами я, все чаще оглядывая мысленно скрытые пласты веков казахской истории, все более и более поражаюсь... Три мудреца, чьи имена сегодня не сходят с уст благодарных потомков, - Толе, Казыбек, Айтеке – не только были наделены Богом великим ораторским искусством. Они точно так же, как Цицерон в древнем Риме, исполняли широкий круг государственных обязанностей, в том числе судей – биев, утверждая тем самым своими деяниями принципы демократии Великой Степи», - деп жазды [5, 7 – 14 б.].

Қазақ ата заңдарының мәнін тек қана Қазақстанның этномәдени шекарасындағы өзіндік нормативтік рөлімен түсіндіруге, шектеуге болмайды. Онда біз аясы кең қазақ құқығын белгілі қысымдықтың бұғауында қалдырарымыз хақ. Ол бір мезгілде бірнеше қызмет

атқарды: реттеушілік, басқарушылық, біріктірушілік, қорғаушылық және адамгершілік. Ол кең мағынада алғанда заң да, билік те, қоғамдық болмыс пен өнегейліктің қайнар көзі де, рухани құндылық та болды. Осындай өзіне тән тұрақты сипаттарының арқасында «Қазақ құқығы» өзіндік қоғамдағы күшін ғасырлар бойы сақтап қалды. Мұсылман құқығының, монғол құқығының, тегеуіріні мықты орыс заңының ықпалында кетпей өзінің бет – бейнесін сақтап қалды. Көршілес елдердің құқық жүйелерінің Қазақ құқығына әсіресе болса да оны жоятын күшке ұласа алмады. Қазақ құқығының түбегейлі құрылымы кешегі жаңа заман дәуіріне дейін қоғамдағы ықпалын жоймады.

Ежелгі қазақ мемлекеттік құқық тарихына үңіліп қарасак, оның құрылған сәтінен бастап, бүкіл дамуы бойында адам өмірінің материалдық емес саласын қорғауға назар аударылғанына көз жеткізуге болады. Айыптыдан ақшалай өңдіріп алып, оны қылмыстан зәбір көріп жапа шеккендердің пайдасына берген.

Айтылған жайлардың бәрі халықтың дәстүрлі мәдениеті, байырғы заңдары, өлшемдері аясында тұжырымдалған кейбір қағидалардың тарихи және тәжірибелік маңызы туралы ойлардан шығып отыр. Халықтың байырғы заң жүйесі, дәстүрлі мәдениет өлшемдері тарихи құқықтық ескерткіш болумен қатар бүгінгі заңгерлерді, қоғамдық ой өкілдерін ойландыратын, тарихи да, ғылыми да, әлеуметтік те маңызы жоғары ақыл ой қазынасы болып табылады.

Сонымен, жоғарыдағы ойды қорыта келе ұлы даланың әдет - ғұрып жүйесі, мәдени дәстүрлері болып табылатын қазақтың ата заңдары қаншама ғасырлар бойы тікелей және жанама түрде әр түрлі мемлекеттер тарапынан қысым көріп, олардың идеологиясын сезінсе де өзінің таңқаларлық өміршеңдігін көрсетті. Әрине қазақ қоғамы осындай күштердің әсерінен елеулі түрде өзгеріске ұшырап отырған, бірақ оның құқықтық мәдениетінен тіл мәдениетін ешкім, ешбір күш тіпті өзгерте алмады. Олар бұндай қиын қыстау жағдайларда да тек өзін өзі сақтап қоймай, іштей күшке ие болып, нығайып отырған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Назира Асқарбекқызы, А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университеті Тараз институты азаматтық құқық кафедрасының оқытушысы. Қазақ әдет ғұрып құқықтық жүйесінің жалпы ерекшеліктері.

2 Зуев А. Киргизский народный суд // Журнал Министерства юстиции, 1867г., № 3.

3 Дельвич Б. Н. Киргизский народный суд в связи правовым положением инородцев степного края, // Журнал Министерства юстиции, 1920 г., № 5).

4 Әуелхан Сабиров, ҚазГЗУ Оңтүстік Қазақстан заңтану, қаржы және қаржы құқығы институтының оқытушысы. Меншік құқығы және мұрагерлік институты. // Тура би журналы, № 4 – 2007ж.,.

5 Абиль Еркін. История государства и права Казахстана.-2005г., Караганда.3-е изд.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ЭВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫНАН

МУТАН А.

МТ-41 тобының студенті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ.

САБДАНБЕКОВА З.

т.ғ.к., доцент, ғылыми жетекші, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «... Ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан – 2050» Стратегиясының түп қазығы, алып құрылыстың алтын арқауы. Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы» – деп жариялады. Елбасының «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауының тарихи маңызы ерекше. «Мәңгілік ел» идеясы қазақ халқының қаншама ғасырлар, аңсап келе жатқан, арманына апаратын, мақсатына жеткізетін, бірден-бір мәңгіліктің жолы. Елбасы өз Жолдауында «Мәңгілік ел» болып қалу үшін бүгінгі заманға сай не істеу керектігін нақтылап айқындады.

«Мәңгілік ел» – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман-әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді... Біз үшін болашағымызға бағдар беретін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік ел» идеясы деп Елбасымыз бұл идеяның аса қажеттіліктен туындағанын ерекше атап өтті.

«Мәңгілік ел» идеясының негізгі мақсаты – елімізді қарышты дамыған мемлекетке айналдыруда ұлттық мүддені, рухани дүниені жаңғыртуды және өзіміздің қазақ ұлтының мерейін асыруға,

қалыптасқан тарихи үрдістерін жаңғыртуға арналған құжат деп білуге болады. Президенттің жалпы ұлттық идеясы – еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жеткізетін «Мәңгілік ел» – елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізетін тұғырлы бастама.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы осынау мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі. Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік Ел» боламыз [1].

Өткенімізге көз жүгіртсек, ХХ ғасырдың басындағы «Алаш» идеясы ұлттық идея еді. Алаш қозғалысы - екі-үш жылдың жемісі емес, өзінің бастау көздерін 1917 жылдан әлдеқайда бұрын алатын ішкі эволюциялық жолы бар, дайындалған, пісіп-жетілген - ұлы қозғалыс еді деп, Алаш тарихын зерттеушілер пайымдайды. Алаш қозғалысының басталу кезеңі жөнінде әңгіме болғанда, Алаш идеясының тарихын көбінесе Алаш Орда үкіметінің тарқауымен байланыстырылып, 1918 жылмен аяқтайды.

Алайда бұл мәселеге тереңірек үнілсек, оның ауқымының одан әлдеқайда әріде, Мұстафа Шоқайдың күрес тарихымен жалғастырып, 1940 жылдарға дейін барғанын көреміз.

Алайда, Мұстафа Шоқайдың іс-қимылдарын Алаш Орда қозғалысынан бөлек қолға алу басым болып отыр. Атап айтқанда, Алаш қозғалысы, Алаш Орда үкіметі мен Мұстафа Шоқай, Түркістан автономиясы, Шоқайдың Еуропа елдеріндегі саяси іс-қимылдары көбінесе бір-бірінен тәуелсіз әрекеттер ретінде бағалануда. Мұның себебі түсінікті. Өйткені Алаш Орда үкіметі және оның жетекшілері туралы зерттеулер, Мұстафа Шоқай туралы зерттеулерге қарағанда көш ілгері болып отыр. Сонымен қатар, кеңестік кезеңде тыйым салынған Алаш жетекшілері туралы ақиқаттар, қайта құру-жариялылық кезеңінде ақтандық беттер ретінде Шоқайдан бұрын қолға алына бастады. Тіпті, олар 1988 жылы Компартияның қаулысымен ақталған да болатын. Осы кезде Шоқай туралы еш нәрсе айтылмады.

Шоқайтанушы белгілі ғалым Әбдіуақп Қара: «Шоқай тек Қазақстанның соңғы шындығы ретінде, Алаш қайраткерлерінің ақталуынан екі жыл өткеннен кейін, атап айтқанда 1990 жылдың аяқ шенінен кейін ғана ауызға алына бастады. Қазақстанда бұрынғы Кеңестік идеологияның салдарынан Шоқайға сенбей күмәнмен қараушылар қатары күн сайын азайып келе жатса да,

әлі де баршылық. Сонымен бірге Алаш Орда жетекшілері туралы зерттеулерде, олармен Шоқай арасындағы қарым-қатынастар, әсіресе Алаш және Түркістан автономиялары құлағаннан кейін оның жетекшілері Әлихан Бөкейханов пен Мұстафа Шоқай арасындағы байланыстарға жеткілікті назар аударылмауда», деген болатын [2].

Міне осы себептерден Шоқайдың Алаш қозғалысымен бірге аталмай жүрген болуы мүмкін екенін көрсеті. Мұстафа Шоқай Петербург университетінде студент кезінен бастап Алаш Орда жетекшісі Бөкейхановпен тығыз байланыста жүрді. Шоқайды саясатқа баулыған Бөкейхановтың өзі деген көзқарасты кездестіреміз.

Шоқай Алаш қозғалысының рухы болып есептелетін Бөкейхановтың саяси шәкірті. Ташкентте, Қоқанда Түркістан автономиясының ішінде жүргеннің өзінде Бөкейхановпен байланыста болып жүрді. Менің ойымша Мұстафа Шоқай шетелдерге шыққаннан кейін де, Алаш идеяларын ұстанған. Ол Алаш мақсаттарын орындап жүрді. Кейбір пікірлер Алаш қозғалысының жалғасы Мұстафа Шоқай дегенге сенімсіздікпен қарайтындар баршылық.

Белгілі тарихшы М.Қойгелдиев зерттеуінде: «Шоқайдың Еуропа елдерінде ұстанған басты екі мақсаты бар еді. Біріншісі – тәуелсіздік, екіншісі – бір тұтас Түркістан идеясы, яғни Түркістан одағы. Ал Алаш көсемдері болса автономия пікірін жақтады және әсіресе Бөкейханов өзге Түркістан халықтарымен, өзбектермен одақтасуға қарсы болды. Оның орнына Сібір үкіметімен одақтасуды жақтады. Мұндай арада үлкен пікір айырмашылығы болған екі әрекетті қалайша бір-бірінің жалғасы деп айтамыз». Бөкейхановтың кезінде, атап айтқанда, «Қазақ» газетіне 1917 жылы қазан айында жазған бір мақаласында былай деп атап өтеді: «Біз Түркістанмен діндес, туысқанбыз. Автономия болу – өз алды мемлекет болу. Мемлекет болып іс атқару оңай емес. Біздің қазақ іс атқаратын азаматқа жұтап отырған болса, біздің жалпы қазақ қараңғы болса, Түркістан халқының қараңғылығы һәм шебер адамының жоқтығы бізден он есе артық. Қазақ Түркістанмен бір автономия болса, автономия арбасына түйе мен есекті пар жеккен болады. Бұл арбаға мініп біз қайда барамыз [3].

Бөкейхановты ойландырған діни фанатизмнің басым болуы және халықтың дүмше молдалардың шылауында жүруі де ойландырған еді. Қойгелдиевтің ойынша, Түркістан өкіметі мен Алашорда Өкіметінің бірлесуі екі соқырдың қол ұстасып жолға шығуы деген сөз еді. Бөкейханов, сондай-ақ, Түркістан мен Алашорда өкіметтері

бірлесі қалған жағдайда, биліктің ескішіл күштердің қолына өтуінен сескенетін [3].

Өйткені, Ташкентке барып, жұмыстарына қатыса алмаса да, Түркістан Комитетінің бір мүшесі ретінде Ташкенттегі ескішілдердің Шоқай жетекшілігінде саяси ұйым, Ұлттық Орталықтың саяси іс-қимылдарына кедергі келтіруге дейін барған, әсіресе діни фанатизмдері туралы құлағдар еді. Ал, К.Нұрпейісов өз зерттеуінде қазан айында Семейде сөйлеген сөзінде Бөкейханов ескішілдердің діни фанатизмдерін тілге тиек етіп, олардың Ташкент қалалық басқарма мәжілісінде оба ауруының Алланың ісі екендігін айтып, оған қарсы шаралар қолдануды күнә санап, қарсы шыққандықтарын айтты [4]. Сондықтан, Ә. Бөкейханов, М.Дулатовтың Кеңес дәуірінде ОГПУ-ге берген жауабында да айтқанындай, Түркістанда ескішілдердің діни фанатизмі саяси жұмыстарды ойдағыдай жүргізуге кедергі болады деген пікірде еді [3].

Алайда Түркістан үкіметінің жұмыстары, Алашорда жетекшілерінің өзбек және қазақ халықтарының саяси ынтымақтасуының алдында тұрған ең маңызды кедергі ретінде бағалаған ескішілдердің саяси саланы бақылайтындықтары жайындағы алаңдаушылықтың орынсыз екенін көрсетіп берді. Өміршен мәселелерде халықтың саналы қимыл жасап, ескішілдерге қарсы жаңашыл қайраткерлерді қолдайтыны байқалды. Сонымен, Түркістан үкіметі толықтай жаңашылдардың қолында болды. Тіпті үкіметтің басында қазақ болуларына қарамастан, алдымен М. Тынышбаев және кейіннен М. Шоқай сынды білімді саясаткерлер тұрды. Мұның өзі Түркістанда көпшілікті құраған, әсіресе діншілдердің үкіметте әсерлі бола алмайтындарын көрсеткенін көре аламыз. Ә. Бөкейхановтың түркістандықтармен одақтасуға қарсы қатаң көзқарастарының жұмсарғаны Сырдария қазақтарының құрылтайында белгілі бола бастады. Сырдария қазақтарының Түркістаннан бөлініп, Қазақ өкіметіне қосылу туралы бір шешім қабылдауы үшін шақырылған сол құрылтай, жиналу мақсатына қарама-қайшы бір шешім қабылдап, Қазақ өкіметі мен Түркістан өкіметі арасында ынтымақтастықтың алғашқы қадамына түрткі болды. Құрылтайдың қарарларының бірінде «Алашорда өз алдына автономия жариялап болып, Түркістан автономиясымен одақ болса, Сырдария қазақ-қырғыздары Түркістан автономиясынан шығып, Алаш автономиясына кіруге шешім қабылдайды», – деп атап өтілді [3].

Қазақ автономиясының жариялануынан кейін Түркістан үкіметімен бірігудің тілге тиек етілуі бізге осы одақтың күн тәртібіне енгенін көрсетеді. Бірақ қаңтар айында пайда болған

оқиғалар, бұл мәселенің өкіметаралық кездесулерде талқыланып, одан әрі дамытылуына мүмкіндік бермеді. 18 қаңтар күні большевик күштерінің Орынборды басып алуымен бірге Бөкейханов басшылығындағы Алашорда өкіметі тарап кетті [4]. Айдың соңында қарай Түркістан өкіметіде большевиктер тарапынан біржола тарқатылды. Сонымен, большевиктер Алашорда мен Түркістан өкіметтері арасында басталғалы тұрған ынтымақтастықтың іске асуына мүмкіндік бермеді. Бұл жағдай Алаш көсемдері мен Түркістан Автономиясы жетекшілерінің бір-бірімен тізе қоса жұмыс істеулеріне кедергі келтіре алмады. Түркістан Үкіметі құлағаннан кейін қиын-қыстау күндерді басынан кешірген Мұстафа Шоқай Қоқаннан Ташкенге, ол арадан Орынборға өтіп Алаш Орда жетекшілерімен бас қосқан болатын. 1918 жылдың 30 тамызы мен 7 қыркүйегі арасында Орынбор және Самара қалаларында бірқатар жиналыстар өткізілді. Жиналыс барысында Шоқайдан басқа Алаш көсемдерінен Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулат және М.Тынышбаев қатысты. Алашорда, Түркістан және Башқұрт Өкіметтерінің өкілетті қайраткерлерінің басы осы жиналыстарда қосылды. Жиналыстардың қорытындысында, бұл үш өкіметтің «Оңтүстік-Шығыс автономиялық Мұсылман Өлкелері Одағы» деген атпен бір федерация болу және қазақ және башқұрт әскерлерін бір армияға топтастыру туралы шешім қабылданды [5].

Енді Алаш жетекшілері мен Шоқай арасында елеулі көзқарас айырмашылықтарынан болған автономия және тәуелсіздік мәселесіне тоқтала кетейік. Кезінде Алаш жетекшілерінің автономияны, Шоқайдың тәуелсіздікті жақтағаны дұрыс. Шоқай 1927 жылдан бастап тәуелсіздік идеясын ту етіп көтере бастады. Демек, Шоқайдың тәуелсіздік идеясы, Алаш Орда жетекшілерінің автономия пікірінен алшақтығы емес, қайта оның бастан өткен тәжірибелер негізінде дамытқаны болып отыр.

Қорытындылай келе, Мұстафа Шоқай Алаш идеясының жалғастырушы. Ол өзінің саяси ұстаздары, Алаш қозғалысының құрылтайшы жетекшілерінің атылып кеткеннен кейінде, Алаш туын шетелдерде көтеруші.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Халқына Жолдауынан. 17 қаңтар 2014 жыл // Егемен Қазақстан. 18 қаңтар. 2014 жыл. 1–3 бб.

2 Қара Ә. Мұстафа Шоқай: Өмірі. Күресі. Шығармашылығы / Түрік тілінен аударған Г.Шадиева. – Алматы: Арыс, 2004.-320 б.

3 Қойгелдиев М. «Алаш қозғалысы». Алматы: Санат, 1995, 339-340 бет.

4 Нұрпейісов К. «Алаш һәм Алашорда». Алматы: Ататек, 1995.

5 Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға (М. Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік болмысы). – Алматы: Дайк- Пресс, 2008. – 504 бет. + 28 бет жапсырма.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

НҰРХАЕВА А. Е.

Қазақстан тарихы пәнінің мұғалімі, «Дарынды ер балаларға арналған «БІЛІМ ИННОВАЦИЯ» лицей-интернаты», Павлодар қ.

Кеңестік жүйе тарих ғылымын идеологияның басты құралына айналдыруы себебінен, төл тарихымызды, тарихи оқиғалар мен тұлғаларымызды толықтай тани да, бағалай да алмадық. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігін алғаннан кейін, ата тарихымызды оқып, зерттеуді жүйелі түрде қолға алдық. Қазақстан тарихы пәні мемлекеттік жоғарғы оқу орындарындағы негізгі пәнне айналды.

«Өз тарихын сыйламаған халық өзін де сыйламайды» деп Елбасымыз Н.Назарбаев айтқандай, тарих ғылым, пән ретінде аса маңызды білім саласына жатады. Бүкіл адам баласының басынан өткізген жағдайын, тарихи тәрбиесін баяндайтын тарихи білім әрбір адамға ауадай қажет. Тарихи білім арқылы адам өзі өмір сүрген қоғамдағы орнын, атқаратын қызметін дұрыс анықтай алады. Соңғы жылдары Қазақстан тарихын оқып үйренем деушілерге, әсіресе, оқушылар мен мұғалімдерге нақты көмек болатын еңбектер көптеп шығарылуда. Отан тарихына қатысты кітап дүкендеріндегі, кітапханалардағы кітаптардың саны, безендірілуі, деректердің ауқымдылығы оқимын, үйренем, терең білемін деушілерге толық мүмкіндіктер тудырып отыр. Әсіресе, «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында жасалған, жасалып жатқан жұмыстардың өлшеуі шексіз.

Тарихшы ұстаздар өз шәкірттеріне өткен тарихымызды терең білу, сүйіп оқу, тарихқа құрмет, тағзым етуді мектеп қабырғасынан үйретіп келеді. Мектеп қабырғасында алынған білім үлкен өмір жолындағы алынатын ғылыми білімге алғашқы іргетас болып қаланары анық. Жасөспірім кезенде қабылданған мәліметтер санада мәңгілік

сақталатыны мәлім. Ұстаздар тарапынан мәліметтердің дұрыс берілуі оқушылардың Отан тарихына деген қызығушылығын, сүйіспеншілігін оятатыны хақ. Ал ұстаздардың оқулықтарға сүйенері анық.

Тарих, оқулық жанашырлары Қазақстан тарихы оқулықтарындағы кемшіліктер туралы мәселесін айта- айта жауыр болды. Өкінішке орай, оқулықтардағы мәліметтердің жұтаңдығы, тарихи оқиғалардың барысы туралы құнды деректердің сиректігі, оқиғалар арасындағы байланыстың, жүйенің болмауы, көрнекті тұлғалардың өмірі мен қайраткерлігі туралы қызықты мәліметтердің аздығы оқушыларды кітапты ашып оқуға деген қызығушылығын тудырмайтыны анық. Бір ғана мысал келтере кетсек, Ж. Қасымбаев ағамыздың өңделген (марқұм ғалым ағамыздың жаңадан өңделіп шығып жатқан оқулығы туралы айтып отырмын). 8 - сыныпқа арналған оқулығындағы К. Қасымұлы бастаған көтеріліс туралы 11 бет мәлімет берілген. Арасында карта, кескін-карта, сурет, т.б көрнекіліктер мүлдем жоқ. Оқушыны мүлдем өзіне тартпайды. Ол аз болғандай жалпы оқулықтардағы мәліметтер арасындағы алшақтықтар жиі кездеседі.

Бұл мәселемен оқытушылар, әсіресе, 11-сынып оқушыларын ҰБТ-ға дайындау кезінде жиі ұшырасамыз. Өткені ҰБТ сұрақтары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен және ұсынған авторлардың оқулықтарынан алынады. Қазақша оқулық пен орысша оқулықтардың авторлары біреу, бір жылы, бір тиражбен шыққан алайда деректер арасында сәйкессіздік жер мен көктей.

Егер авторлар оқулықтардағы кемшіліктерді теру кезінде жіберілген деп есептесе, онда баспаханадан оқулықтың бір данасын шығарып, авторларға тексеруге берсе, тексерілгеннен кейін ғана таралымын көбейтуге рұқсат етсе болар еді және әркім өз ісіне жауапкершілікпен қараса, бұл кемшіліктер жіберілмес еді.

Оқушыларды ҰБТ-ға дайындау кезінде жаттандылыққа үйретіп жатқанымыз аз болғандай (ұсақ-түйек сұрақтар (детализация), сандық, пайыздық көрсеткіштер, күндер мен айларды сұрау), оқулықтарда кездесетін сәйкессіздіктердің салдарынан халқымыздың, еліміздің жүріп өткен жолы-Қазақстан тарихы пәнінің қадірін түсіріп, пәнге деген оқушылардың сүйіспеншілігін жоғалтып жатырмыз. «Сөйлей алмайтын, ұлттық жүрегі мылқау», бір сөзбен ғана жауап беретін, рухани жұтаң ұрпақ тәрбиелеп жатқан сияқтымыз. Жоғарғы сынып оқушылары тарихи оқиғалар туралы ой-пікірлерін айта алмайды, өйткені тарихи деректер мен даталарды ғана жаттауды әдетке айналдырып алды. Оқытушы оқушыға тақырыпты терең меңгертпек тұрмақ, оқулықтардағы деректердің әр түрлі болу себебін түсіндіру

үшін ақталып, уақыттарын кетіріп, оқулықтарды парақтап тағы да тексеріп өлек.

Соңғы басылымдарда, әсіресе, жаңартылған мазмұндағы оқулықтардағы баланы талдауға, саралуға, өз ойын дәлелдей алуға бағытталған тапсырмалардың, суреттердің, картаның, сәйкестендіру және бірнеше жауабы бар тақырыптық тестердің, сайттардың сілтемелерінің берілуі оқушылардың танымын, пәнге деген қызығушылығын арттырады деген сенімдеміз.

Төменде оқулықтардағы әр түрлі мәліметтерді тек қысқаша ғана мысалдар түрінде беруге тырыстым (әр сыныптың оқулықтарындағы айырмашылықтарды ақыр аяғына дейін тізе беруді артық көрдім). Ұстаздардың көзқарасы ғалымдардың еңбегін жоққа шығару емес, алдағы уақыттарда осындай кемшіліктер кетпесе екен деген ойдан туындаған пікір.

С.Жолдасбаевтың 7-сыныптың Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы оқулығы 2007 жылы баспадан 2 рет басылып шыққан болу керек. Бір кітапта Сырдария бойындағы қалаларды монғолдар 1219-1220 жылдары, ал екінші кітапта 1219-1224 жылдары жаулап алды деген 2 түрлі дерек келтіріледі, енді сол оқулықтың 2012, 2016 жылдардағы басылымдарында Қазақстан мен Орта Азияны монғолдар 1219-1224 жылдары толық жаулап алды деген дерек берілген. Н.Бакинаның 2012 және жаңартылған мазмұндағы 2017 жылғы оқулығында монғолдар Қазақстан аумағын 1219 – 1224 жылдары толықтай басып алды деп берілген. Н.Бакина тарихи дерек көздерін бірдей қылып көрсеткен. Яғни, оқушы нақты мәлімет алады. Ал бір автордың түрлі жылдары шыққан оқулықтарында бір тарихи деректердің әр түрлі жылдармен берілуін қалай деп оқушыларға түсіндіруге болады.

Садықов, Ә.Төлеубаев, Ф.Халидуллин, Б.Сәрсекеевтің 2006 жылы шыққан 6 - сыныптың Ежелгі Қазақстан тарихы оқулығында мыстытас ғасырының тарихи шеңберін 3000-2800 жыл деп береді де, ал 2012 жылғы шыққан оқулықта мыстытас ғасырының шеңбері 3000-1800 жыл деп беріледі. Авторлар 1 жыл емес, 10 жыл емес, 100 жыл емес, 1 мың жыл уақытты қайда жіберді ?...

Ж. Қасымбаев (Ж. Қасымбаев ағамыздың тарих ғылымына сіңірген еңбегі шектеусіз, марқұм ағамыздың кітабын басқа ғалым ағаларымыз өңдеп басылымға шығып жатыр, сол кісілерге деген өз ойым) 8 сыныптың Қазақстан тарихы оқулығының 2004, 2012 жылдардағы басылымы бойынша Бұланты шайқасын – 1726 жылы деп оқытып келсек, Ж. Қасымбаев, Т. Омарбековтің 2016 жылғы оқулығында бұл шайқасты 1727 жылы деп өзгерткен. Қабылдиновтың 2016 жылғы

8-сыныпқа арналған оқулығында «Бұланты» шайқасы – 1728 жылы болған деп берілген, ал Т. Тұрлығұл т.б авторлардың 2011 жылы шыққан жаратылыстану-математикалық бағыттағы 11-сынып оқулығында «Бұланты» шайқасы – 1727 жылы болған деп беріледі.

Бұл деректер біздің заманымызға дейінгі деректер болса... мәліметтердің толық сақталмауы, көрші елдерден алынған деректердің әр түрлілігі деп түсіндірер едік. Ал осыдан 2-3 ғасыр бұрын ғана болған, қазақ тарихында маңызды орын алатын оқиғалардың 1726 жыл, 1727 жыл, 1728 жыл деп көрсетілуі, тарихқа деген жауапкершіліктің болмауы деп ұғар едім. Неге оқулық авторлары түйінді мәселе бойынша өзара келісіп, ортақ пікірге келіп барып оқулыққа енгізбеске деген ой туындайды.

8 сыныптағы Ж.Қасымбаев, Т.Омарбековтің 2016 жылғы оқулығында Аңырақай шайқасы Балқаш көлінің оңтүстігінде және сол тақырыптың аяқ жағындағы сілтемеде Балқаш көлінің оңтүстік-шығысында деген мәлімет кездеседі деп жазылған, З.Қабылдиновтың 2016 жылғы оқулығында Аңырақай шайқасы Балқаш көлінің оңтүстік-батысында деген. Сонымен, Аңырақай шайқасы Балқаш көлінің оңтүстігінде ме, оңтүстік-батысында ма, әлде оңтүстік-шығысында болған ба?...Тәуке ханның да қайтыс болған жылдары 1715 және 1718 жыл деп көрсетіледі.

Жәміш бекінісінің құрылған жылдары туралы Ж.Қасымбаев, Т.Омарбековтің 2016 жылғы оқулығында 1716 жыл, З.Қабылдиновтың 2016 жылғы оқулығында 1715 жыл деп берілген.

Орта Жүздің ханы Әбілмәмбет пен сұлтан Абылайдың 1740 жылғы Ресейдің билігін мойындаған жері Ж.Қасымбаев, Т.Омарбековтің 2016 жылғы оқулығында Орск қаласында, З.Қабылдиновтың 2016 жылғы оқулығында Орынбор қаласында деген.

Ж.Қасымбаев, Т.Омарбековтің 2016 жылғы оқулығындағы 30-бетте 1735 жылы Ор бекінісі салынды, 33 - бетте 1743 жылы Ор қалашығын жаңа жерге көшірді, ол Орынбор деп аталды дейді. Ал З.Қабылдиновтың 2016 жылғы оқулығында 1735 жылы Орынбор қамалының негізі қаланды деген. Кейін ол Ор деп аталды деп жазылған. Ал енді түсініп көріңіз. Оның алдындағы ант беруге қатысты мәлімет екеуін байланыстырып көріңізші!?

Ж. Қасымбаев, Т. Омарбековтің 2016 жылғы оқулығындағы 105 - бетте Бөкей хан 1817 жылы қайтыс болды, ал сол оқулықтың 125 бетінде Бөкей хан 1815 жылы қайтыс болды деп көрсетіледі. З.Қабылдиновтың 2016 жылғы оқулығында Бөкей хан 1815 жылы қайтыс болды деп көрсетілген.

Ж. Қасымбаев 2012 жылғы оқулығында Баянауыл округы 1826 жылы, Ж. Қасымбаев, Т. Омарбековтің 2016 жылғы оқулығында Баянауыл округы 1827 жылы, З.Қабылдиновтың 2016 жылғы оқулығында Баянауыл округы 1833 жылы құрылды деп жазылған.

Ж. Қасымбаев 2012 жылғы оқулығында Құсмұрын округы 40-50 жылдары, Ж.Қасымбаев, Т.Омарбековтің 2016 жылғы оқулығында Құсмұрын округы 1825 жылы құрылды деп жазады.

М.Қозыбаев (марқұм ағамыздың кітаптарын өңдеп басып шығарып жатқан авторларға деген ойым), К.Нұрпейіс, Қ.Жүкешовтың 2013 жылғы 9 сыныпқа арналған оқулығында 1992 жылғы дүниежүзі қазақтарының құрылтайына әлемнің 40 елінен делегациялар келді десе, осы автордың 2013 жылғы орыс тіліндегі оқулығында 13 елден, Б.Аяғанның 2013 жылғы оқулығында 33 елден, осы автордың орыс тіліндегі 2009 жылғы оқулығында 13 елден келді деп көрсетілген. Бұл мүлдем күлкі тудыратын жай. Күні кеше ғана болған оқиғаны нақты бере алмаймыз. Ал бұрынғы деректер туралы тіпті сөз қозғамаса да болады. Осы жолдардың иесі қазақша, орысша дәріс беретіндіктен екі тілдегі оқулықтардағы кейбір деректер ғана салыстырылды. Тарихи дерек біреу, авторлары сол кісілер, алайда екі тілдегі оқулықтардағы сәйкессіздікті тіпті айтудың өзі ұят.

Оқушыларға сабақ түсіндіру барысында, әсіресе ҰБТ-ға дайындық кезінде әр түрлі мәліметтерді таблицаға авторларын көрсетіп тізіп беретін болдық.

Оқушылар тарапынан авторларға айтылып жүрген келеңсіз сөздердің куәсі болып жүрміз. Жалпы оқушылар тарихты ҰБТ-ден қалай өтемін деген қорқынышпен ғана оқиды. Яғни, еліміздің тарихы ретінде емес, ҰБТ жауабының жинағы ретінде қарайды.

Оқулық авторларына, ғалым ағаларымызға аса құрметпен қараймыз. Ол кісілердің Отан тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеуде сіңіріп жүрген еңбектері өлшеусіз. Айтылған пікірлерді сын демей, тек өтініш ретінде қабылдауларыңызды сұраймыз. Ал ұстаздар қауымы оқулықтардағы алшақтықтарды баспа тарапынан теру кезінде жіберілген қателік деп есептейміз және де бұл барлық сыныптардың оқулықтарына айтылған пікір емес. Жаңа буын оқулықтарындағы деректер қызықты, мәлімет көп, термин сөздерге анықтама берілген, қосымша деректермен қамтылған, тұлғаларға сипаттама беріледі.

«Сапалы білім мен ғылым арқылы ғана дамыған елге айналуға болады» деп Елбасымыз Н.Назарбаев айтқандай, халқымыздың тарихын зерттеуден және оны ұрпаққа жеткізуден жалықпайық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ежелгі Қазақстан тарихы. 6 сынып. Т.Садықов, Ә.Төлеубаев, Ғ.Халидуллин, Б.Сәрсекеев., Алматы «Атамұра» 2006 ж, 2012 ж.
- 2 Орта ғасырлар тарихы. Жолдасбаев., С. Алматы «Атамұра» 2007 ж, 2012 ж.
- 3 Қазақстан тарихы 8 сынып. Ж.Қасымбаев., Алматы «Мектеп» 2004 ж.
- 4 Қазақстан тарихы 8 сынып. Ж.Қасымбаев., Алматы «Мектеп» 2012 ж.
- 5 Қазақстан тарихы 8 сынып. Ж.Қасымбаев, Т.Омарбеков., Алматы «Мектеп» 2016 ж.
- 6 Қазақстан тарихы 9 сынып. М.Қозыбаев, т.б., Алматы «Мектеп» 2013 ж.
- 7 Қазақстан тарихы 9 сынып. Б.Аяған, т.б., Алматы «Атамұра» 2013 ж.
- 8 История Казахстана 9 класс. М.Козыбаев и др., Алматы «Мектеп» 2013 г.
- 9 История Казахстана 9 класс. Б.Аяған и др., Алматы «Атамұра» 2009 г.
- 10 Қазақстан тарихы (жаратылыстану-математикалық бағыт) 11 сынып. Т.Тұрлығұл т.б., Алматы «Мектеп» 2007 ж.

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА

ОРАЗАЛИНА А. Б.

тарих пәнінің оқытушысы, Б. Ахметов атындағы
Павлодар педагогикалық колледжі, Павлодар қ.

*Нағыз патриот – өз елін мақтайтын емес,
нағыз патриот кемшіліктерді байқап,
оларды түзетуге ықпалдасатындар.*

Н. Ә. Назарбаев

Оқушыларға патриоттық тәрбие берудің маңызы зор екендігі бүгінгі күн қажеттілігінен туындап отыр. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев: «Біз демократия мен нарықтық экономиканы принципті түрде сақтаймыз. Алайда әр қоғамның өз ерекшелігі бар, діни, тарихи қасиеттерге ие. Ал енді бұны кімде-кім түсінбесе, кімде-кім жақындық және рухани тұрғыда өз халқының мәдени кейпінде болмаса, онда ол өз тамырын ғана жоғалтып

қоймайды, сонымен бірге одан кез келген басқа мәдениет теріс саналады. Бұл – тура мағынасындағы мәңгірттікке бастайтын тура жол», – деп, қоғам үшін де, ұлт үшін де аса маңызды мәселе жөнінде орнықты пікір айтты. «Қазақстан - 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауының негізгі жеті бағытының бірі «Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі» деп атады. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде», «Тарих толқынында» деген еңбектерінде идеялық мәселелерге топтасудың керек екенін айтып, бірігуге шақырып, бұл міндетті жүзеге асыруда білім берудің, отбасы, еңбек ұжымы сияқты дәстүрлі институттардың маңызды роль атқаратынын, олардың ықпалы ерекше тиімді болатынын баса айта отырып, «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндеттеріміз – Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеу. Олай болса, осы міндетті орындау жолында тәрбие мәселесін қолға алып, ұрпақтарды аздырмай-тоздырмай қазіргі саудасатықтың, алдау-арбаудың ықпалына жібермей, етегіне сүйретпей еліміздің болашақ өркениетті дамуын алға бастыртатын адамдарын тәрбиелеуіміз керек», – дейді.

Бұл – бүгінгі күнде өз тәуелсіздігіне қол жекізген Қазақстан үшін өз келбетінен айрылып қалмау мақсатындағы өзекті де өткір пікір. Еліміздің ертеңгі жас болашағы – жас ұрпақты елжандылыққа, өз Отанының адал азаматы болуға ұлттық, халықтық тұрғыда тәрбиелеу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Қазақ ұлт болып қалыптасқаннан бергі ұзақ тарихында сан алуан кезендерді бастан кешіріп, небір қиын-қыстауды көрсе де болашақ ұрапағының тәлім-тәрбиесіне өте көп көңіл бөле отырып, елін, жерін сыртқы-ішкі жаудан қорғайтын азаматтың бойына ұлы дала перзентіне тән еркіндік пен тәуелсіздік, қайсарлық пен қайырымдылық, ақ ниеттілік пен парасаттылық, ерлік пен өрлік тәрізді асыл қасиеттерді дарыта білген.

«Патриотизм – дегеніміз (гр. *patriotes* – отандас, *patrio* – отан, туған жер) Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш қуаты мен білімін Отан игілігі мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту.

Патриотизмнің мәні туралы сөз еткенде, оның идеяларының ежелгі дәуірден бері қарай қалыптасып келе жатқанын және патриоттық тәрбие ісінде маңызды орны бар екенін білеміз. Патриотизм идеясының идеялар мен құндылықтар жүйесі ретінде пайда болуы және дамуы Аристотель мен Платонның, Цицеронның,

XVIII ғасырдағы француз материалистерінің есімдерімен тығыз байланысты.

Цицерон өзінің еңбегінде, патриоттық сана Отанға деген көзқараспен өлшенбек деген пікір айтып, «Мемлекет туралы» тілдесуінде: «Ең ізгі ойлар – отанның игілігі үшін», – деп тұшымды ой айтады. Оның ойынша, Отан дегеніміз – ең алдымен, саяси орта, құқықтық қатынастармен маталған адамдардың бірлестігі және мемлекет». Патриотизм мен халықтар бауырластығының бұл идеясын Н. Г. Чернышевский одан әрі жалғастырып: «.. адамының тарихтағы орны оның Отанға сіңірген қызметімен, ал адамгершілік парасаты – патриотизмінің қуатымен өлшенеді», – деп тұжырымдады. Оның пайымдауынша, «Отан дегеніміз – ең алдымен халық». Белгілі бір жерде тарихи қалыптасқан халық, сол жерді өзінің терімен суарып, гүлдендіреді, бостандық пен тәуелсіздік үшін күресте қан төгіп, сол жерді қорғайды, өз жерін әлеуметтік мазмұнмен байытып, түрлендіретін, Отан мағынасына енгізетін де дәл сол халық.

Қазақстандық саясаттану ғылымында ұлттық бірегейленудің негізін құрайтын этникалық және саяси-азаматтық ұлт қалыптастырудың негіздеделері - ұлттық идея мен ұлттық патриотизм аспектілері жөнінде қазақстандық ғалымдар - А. Б. Абсаттаров, Б. Абдығалиев, Н. М. Садықов, Б. Г. Аяған, К. Н. Бурханов, Ж. Х. Жүнісова, Г. Ибраева, Р. А. Нұртазина, К. Қалиев, С. М. Бөрбасов, Р. К. Қадыржанов, Ә. Нысанбаев, А. Сейдімбек, Ә. Ғали, А. Шәріп, І. Ерғали т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Патриотизм мен интернационализм азаматтық тәрбиенің негізі. Жас ұрпаққа азаматтық тәрбие берудің мақсаты - еліміздің заңдары мен тәртіп ережелерін сыйлау, оны орындау, жастарды азамат ретінде теуелсіз Отанына сүйіспеншілікке, айналамыздағы адамдарға қиянат, зорлық-зомбылық, қылмыс жасамауға үйрету, бауырмалдылық, мейірімділік, ізгілік сезімдердің бойына өту, өзінің халықпен тұтастығын сезіне білу, теуелсіз еліміздің болашағына көміл сенуге, сондай-ақ барлық ұлттар мен ұлстарға, олардың тәуелсіздігіне құрмет көрсету, бейбіт достықта өмір сүруге тәрбиелеу.

Патриотизм сезімі – санаға біртіндеп сіңетін, тынымсыз еңбектің нәтижесінде қалыптасатын ұлы сезімнің бірі. Патриоттық тәрбиенің мектеп қабырғасында қалыптасатын негізі – мемлекеттік рәміздерге: ту, елтаңба, әнұранға құрмет. Өйткені, оларда халқымыздың өткен өмір тарихы, бүгінгі жеңістеріміз, болашақ мақсаттарымыз өрнектелген.

Отансүйгіштікке тәрбиелеу оқушылардың ғана емес, жалпы Республикамызда тұратын халықтың отаншылдық рухын, Отанға деген ыстық сезімін қалыптастыруды білдіреді.

Ұлтымыздың патриотизмге бай тарихын, жауынгерлер мен батырлардың ерліктерін, ата - бабаларымыздың өнегелі өмірін жас ұрпаққа жеткізу патриотизмге баулудың бірден – бір көзі. Мәскеу түбіндегі Волоколам тас жол бойында ерлікпен күрескен Бауыржан Момышұлы, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т. Бигелдинов, Жаудың оғына кеудесін төсеген С. Баймағамбетов, Рейхстагқа Ту тіккен Р. Қошқарбаев және басқа батырлардың ерліктері ерекше ел аузында аңызға айналды.

Отанды сүю, елін қорғау, батырлық жайында құнды тәрбие мұралар біздің Б. Ахметов атындағы педогогикалық колледжінің мұражайында жинақталған. Оқушыларды отаншылдыққа, халықтың достығына тәрбиелеуде педогогикалық колледжінің мұражайындағы материалдарды кеңінен пайдалануға болады. Өз елінің тыныштығы мен қауіпсіздігін сақтау үшін, ел басына күн туған шақта, Ұлы Отан соғысы жылдарында өз Отанын қорғау үшін майданға аттанған, жаумен жан аямай шайқасқан қазақстандықтар туралы тарихи мәліметтер бар. Олардың бәрі де Отанын шексіз сүйіп, көпшілігі Отан үшін өмірін құрбан етті. Бұл ержүрек адамдарға халық алғысын айтып, олардың Отан үшін жасаған жауынгерлік ерліктерін дәріптеп, мақтаныш етеді.

Соғыстың алғашқы жылында әскер қатарына бір миллион екі жүз мыңдай қазақстандық шақырылды. Павлодар облысынан 40 мыңнан астам адам майданға аттанды. Павлодарлықтар барлық майдандағы соғыстарға қатысты. Ленинградтан бастап Кавказға дейін көптеген павлодарлықтар Берлинге де жеткен. 23 павлодарлықтар Кеңес Одағының батыры атанды. Атап айтар болсақ олардың қатарында Андрей Елгин, Махмет Каирбаев, Канаш Камзин, Михаил Катаев, Иван Кривенко, Иван Ледовский, Серікбай Муткенов, Кузьма Семенченко, Григорий Ткачев, Иван Ворущин тағы басқа азаматтарымыз болды. Ал педагогикалық училищеден 60-қа жуық түлектері мен оқытушылары болды. С. Мүткенов, Қ. Сұрағанов, А. Кабышев, А. Щербинко, Б. Ахметов, Қ. Нуркин, Қ. Елубаева, В. Киян, Васютин Н., И. Рязанцев, Артеменко Н., Кабылбеков А., Мишин Л., Колаев М., Смагулов, Рахметов С., Субеков К, Базиллов Д., Бондарев В., Валявко В., Сергеев Д. т.б. Олардың ішінде Кеңес Одағының Батырлары: Мүткенов Серікбай, Сұрағанов Құдайберген Мағзұмұлы.

Оқушыларды отаншылдыққа, халықтар достығына тәрбиелеудің мынадай жолдарын ұсынуға болады:

– Халықтар арасында қалыптасқан достықты, ынтымақтастықты насихаттай отырып, озық дәстүрлермен таныстыру мақсатында іс-шаралар ұйымдастыру.

– Халық өкілдерінің өнегелі өмірін, қызметін, еңбегін дәріптеу.

– Туған өлке тарихын зерттеу мақсатында ғылыми жұмыстар ұйымдастыру (тарихи деректер, өлкетану мұражай материалдарын кеңінен пайдалану).

– «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша мәдени-тарихи өлкелерге саяхаттар ұйымдастыру.

– Еліміздің тарихын бейнелейтін фильмдер көрсету

Б. Ахметов атындағы колледжде студенттерге патриоттық тәрбие беру мақсатымен белгілі деңгейде әртүрлі іс шаралар жүргізілуде. Мысалы: Ұлы Отан соғысының қатысушыларына байланысты ерлік сабақтары, митингтер, кездесулер, шығармашылық кештер т.б. Жуық арада оқу орнымыздың түлегі Кеңес Одағының Батыры Серікбай Мүткеновтің 105 жылдығын атап өттік. Сәуір айының 25-і күні 1941 жылғы түлегіміз, Павлодар облысының құрметті азаматы болған, соғыстан кейін 40 жылдай партия саласында еңбегі сіңген Қабдеш Нұркіннің 95 жылдық еске алу кеші, әскери спорттық жарыстар өткізілу жоспарлануда. Студенттер өз шығармашылықтарынан бұл батырларымыздың ерліктерін дәріптеп, өлең жолдарын арнайды. Басқа да еліне еңбегі сіңген азаматтарымыздың қызмет жолдары мен ерліктерін дәріптей отырып, студенттердің бойында патриотизмді қалыптастыру – ұстаздар қауымының парызы.

Өз халқыңның тарихының өнегелі жақтарын білу, өз еліңнің кешегі және бүгінгі қаһармандарын мақтаньш ету, олардың ерлігіне тағзым ету, жаужүрек бабалар рухына сай ұрпақ қалыптастыру-патриотизмнің құрамдас бөлігі.

Батыр ағаларымыздың ерлік істері – нағыз патриотизмнің үлгісі!

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н. Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан, 28 қаңтар, 2012 жыл.

2 «Қазақстан-2030» даму стратегиясы

3 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбие тарихы дәрісінің бағдарламасы. А., 1994.

4 Бықай Ф. Қазақстан – менің елім, менің Отаным. // Егемен Қазақстан. 28 ақпан, 2008.

5 Жамбылов Д. Тәуелсіздік және саяси сана. А., 1999.

6 Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында», 1999 жыл.

ВОСПИТАНИЕ ПАТРИОТИЗМА И КУЛЬТУРНЫЙ РОСТ НАРОДА

ОРАЗАЛИНОВА З. Ж.

директор, СОШ № 43, г. Павлодар

Мухтар Ауэзов сказал: «Родина – это город, в котором родился, аул, где ты вырос, школа, где ты учился, одним словом – это среда, которая способствовала твоему формированию как человека. Если это так, ты должен знать их, они нужны тебе, как воздух и вода».

Слово «патриотизм» с греческого языка переводится, как соотечественник или отечество. Известный публицист, журналист П.Г. Чернышевский утверждал: «патриот это человек, служащий родине, а родина это, прежде всего народ»... Американский политик Теодор Рузвельт считал: «важно, чтобы ты был готов умереть за свою страну; но еще важнее, чтобы ты был готов прожить жизнь ради нее».

Что такое патриотизм? Все словари дают одинаковое определение понятия «патриотизм» - любовь к Родине, то есть патриотизм есть термин многосложный, состоящий из двух понятий: Любовь и Родина.

Понятие патриотизма у всех разное. Прежде всего, это любовь и уважение к своей стране, это особое эмоциональное состояние, когда переживаешь и гордишься своей Родиной. Это состояние души, чувство долга и ответственности перед родной землей. Относится с уважением к своей стране, языку, флагу, народу - это тоже патриотизм.

Наш президент идею патриотизма рассматривает как основной элемент стратегического развития Казахстана на отдаленную перспективу.

Н. А. Назарбаев сказал: «В то время, когда вокруг звучат взрывы и автоматные очереди, когда гибнут дети и женщины, когда весь мир поражен терактами, в Казахстане царит мир и спокойствие. Это наша с вами заслуга. И это признано самыми выдающимися людьми в исламе, христианстве, иудаизме, буддизме, индуизме. Это признано Организацией Объединенных Наций. Трудно найти в современном мире такой пример взаимного уважения в многонациональной стране.

Это величайшая ценность, и я искренне горжусь тем, что мы смогли стать таким примером».

Для меня быть патриотом – это гордиться достижениями науки и спорта, культурой своей родины, стремление защищать интересы родины и своего народа.

Патриотическое чувство никак нельзя оторвать от понятий «родная земля», «малая родина», «родной очаг». Будущего невозможно без прошлого и настоящего, а патриотизм невозможен без истории и людей – его несомненных источников и вершителей.

Патриот – это человек, который гордится историей своего народа, любит и знает свою культуру, свою землю, свой народ. Он посвящает свою жизнь, свой труд, научные открытия, произведения искусства народу, Родине.

В Казахстане проживают 130 этносов. И их объединение возможно не только под одним флагом, в пределах одной границы, но и под одной идеей. Имя этой идеи Казахский патриотизм.

Любовь и уважение к государственным символам Республики – это тоже источник создания патриотического образа государства.

XXI век – век прогресса, новых технологий, научных открытий и стремительного развития всего человечества. В наше время начали стираться грани приличия, исчезать человеческие качества, меняться стандарты и стереотипы, забываться традиции и обычаи. Наступил век холодной расчетливости цинизма.

Причем в кризисном состоянии находится не только чувство любви к Родине, но и многие другие фундаментальные ценности: почитание старших, скромность, порядочность и др. Современным миром правят эгоизм, прагматизм и культ материального превосходства, множатся самоунижение, равнодушие, одиночество. Материальный фактор, возможность уехать за рубеж в поисках лучшей жизни иногда пересиливает привязанность к своей стране. Но говорит ли это об антипатриотизме? Как найти тонкую грань между духовным и материальным? Любому человеку нужно понять одну вещь. Патриотизм – это понимание собственного участия, который подтверждается ежедневной работой на благо своего отечества. Нашей стране повезло, мы определили свой путь и теперь все вместе создаем идеологию. При этом нужно брать все лучшее из советского опыта и сделать акцент на нашей истории, культуре. Настоящий патриот никогда не станет недоброжелателем своей страны. Патриот тот, кто делает все для своей страны и исходит из интересов своей страны.

Не может быть сильным ни государство, ни общество, если народ не объединен чувством любви и преданности своему отечеству.

Патриотизм начинает формироваться в семье, где в сознание ребенка закладывается образ Родины и отношение к ней.

В подростковом возрасте, студенческие годы человек формируется как личность, и утверждаются его жизненные принципы.

Для патриотизма нужно знать историю своей страны, гордится предками, стремиться быть достойным их. Нам, современным казахстанцам, есть чем гордиться: открытый, добродушный, толерантный народ; красивейшая природа; богатая история.

Казахстанский патриотизм – это проявление общности интересов, общности судьбы, готовности трудиться, творить во имя становления и расцвета страны.

Это доказывает, что патриотизм не искусственное понятие, оно является продуктом этносоциальной реальности, формируется и воспитывается посредством целенаправленной идеологической деятельности государства.

И в этой работе заметная роль принадлежит учебным заведениям среднего образования.

Каждый преподаватель – предметник должен пересмотреть как, с помощью каких средств, методов и приемов привить современному учащемуся чувство патриотизма, которое гарантировало бы укрепление территориальной целостности Казахстана; любовь к нему; защиту Родины в мирное время.

Для того чтобы узнать, как понимают современные школьники понятия «патриот, патриотизм, гражданский долг», мы в школе провели опрос – анкетирование.

Приятным фактом стало то, что все ребята полностью осознают значение этих понятий, что для них слово «патриот» не пустой звук. Это позволяет сделать вывод, что патриотическое воспитание в нашем учебном учреждении ведется в нужном направлении.

Правильно организовать и стимулировать деятельность школьников, использовать различные методы: беседы, лекции, дискуссии, убеждение, наглядные примеры – вот в чем заключается наша работа по патриотическому воспитанию.

А если использовать соревнование и поощрение, создание ситуации успеха и взаимовыручки – то можно не сомневаться в положительном результате.

Все службы школы должны работать в связке, и тогда положительный результат неминуем.

Патриотическое воспитание молодежи - это часть государственной молодежной политики страны. Быть патриотом своей страны - всегда большая честь для любого человека, имеющего гордость и собственное достоинство. Но патриотами не рождаются, ими становятся. Причем патриотическое воспитание в уверенно развивающемся государстве не следует оценивать только как творческий процесс. Это еще и борьба за молодежь, будущее страны, борьба против таких негативных явлений, как вынужденная миграция, рост преступности, наркомании, алкоголизма и экстремистских настроений.

Быть толерантным сейчас модно во всем мире. В Америке призывают быть толерантными ко всем «другим», не похожим на среднестатистического американца, людям.

В Европе толерантны к беженцам. При этом зачастую, из - за принятых правительством мер, страдают коренные жители стран Европы.

Никак не могут они найти ту золотую середину, которая прекрасно работает в нашей стране благодаря тем программам, которые разработаны и внедрены в действительность благодаря нашему Елбасы.

Будущее Казахстана зависит от нас с вами, ведь это наш дом. Впереди нас ждет еще много свершений и успехов на пути к достойному будущему нашей страны «Мәңгілік Ел».

ЛИТЕРАТУРА

- 1 akorda.kz/ru/official_documents/the_constitution/the_constitution
- 2 Политика и общество // Круглый стол в Мажилисе: развитие и укрепление патриотизма молодежи Казахстана через призму образовательной системы ЖигерБайтелесов, Пресс-служба Аппарата Мажилиса Парламента РК, 21 апреля 2009.
- 3 Смирнов А. Источник: Сайт газеты «Казахстанская правда».
- 4 Государственная программа по патриотическому воспитанию граждан Республики Казахстан «Мәңгілік Ел»./google. kz/.
- 5 Назарбаев Н.А. Идейная консолидация общества - как условие прогресса Казахстана // Стратегия независимости. - Алматы, 2003. - С. 84-120.
- 6 Послания лидера нации - Нурсултана Абишевича Назарбаева к народу Казахстана, выраженная в стратегии «Казахстан-2050».
- 7 informburo.kz/stati/modernizaciya-soznaniya-nachalas-kak-ona-rabotaet.html

МОТИВАЦИЯ ПОВЕДЕНИЯ ЛИЧНОСТИ В ДЕСТРУКТИВНОЙ РЕЛИГИОЗНОЙ РАДИКАЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ

РАЗДЫКОВА Г. М.
к.и.н., доцент, г. Павлодар

Мотивация поведения всегда эмоционально насыщена. То, к чему мы стремимся, нас эмоционально волнует. При этом одни эмоции выполняют стратегическую функцию – являются индикатором потребностей, значимости определенного класса объектов, другие связаны с определением значимости отдельных условий, обеспечивающих достижение объекта потребности. Являясь непосредственным «определителем» значимости, полезности или вредности тех или иных явлений, эмоции обеспечивают соответствующую энергетическую мобилизацию организма на соответствующее взаимодействие индивида с этими объектами. Мотивационные состояния человека существенно отличаются от мотивационных состояний животных тем, что регулируются второй сигнальной, обобщенной системой ценностных ориентации личности. Все мотивационные состояния являются модификацией потребностных состояний. К мотивационным состояниям человека относятся интересы, желания, стремления, намерения, влечения, страсти, установки [1].

Отличительной чертой человека от всего остального живого мира является наличие не только физических и органических, но и духовных и социальных потребностей. Основными характеристиками человеческих потребностей являются: сила, периодичность возникновения, способ удовлетворения, а также предметное содержание. Побуждающим фактором к деятельности является цель, с ней связаны эмоциональные переживания и мыслительные процессы. Принято различать цели деятельности и жизненные цели. С жизненными целями связан уровень достижений личности, в идеале она обобщает остальные цели в едино направленный процесс [2].

Мотивационную сферу человека можно характеризовать такими понятиями как широта, гибкость и иерархизированность. Чем больше у человека потребностей, целей, а соответственно и мотивов, тем более широка и развита его мотивационная сфера. Гибкость мотивационной сферы можно описать как возможно большее количество вариантов мотивационных побудителей для удовлетворения мотивации

высокого уровня (более общего характера). Это качество отличает людей любознательных, занимающих активную жизненную позицию, настойчивых в достижении цели [3].

Поведение человека в определенный момент времени определяется не любыми или всеми возможными его мотивами, а лишь самым высоким мотивом в иерархии, то есть самым сильным, который в данных условиях ближе всех связан с целью или, наоборот, достижение которого поставлено под сомнение. Одновременно с ведущим мотивом актуализируются соподчиненные ему, а порой и конфликтующие с ним. Соответственно, можно уточнить понятие мотивации: мотивация есть процесс выбора между различными возможными действиями, процесс, регулирующий, направляющий действие на достижение специфических для данного мотива целевых состояний и поддерживающий эту направленность. Иначе говоря: мотивация объясняет целенаправленность действия. В этом случае возникает проблема мотивации как общей целенаправленности деятельности и в особых случаях с проблемой мотивационного конфликта между различными целями. Можно говорить о том, что мотивация не является единым процессом, пронизывающим поведенческие акты с начала и до конца. Скорее, можно описать ее, как совокупность процессов, содействующих саморегуляции до и после выполнения действия - вначале взвешивание возможных исходов, затем оценивание последствий. От мотивации зависит приложение различных функциональных способностей (восприятие, мышление, научение, моторная активность и так далее) и возможностей (умений, навыков, знаний), накопленных в ходе жизни. Мотивация влияет на выбор различных возможных действий, вариантов восприятия, содержания мышления, а также ею объясняется интенсивность и упорство в осуществлении действия и достижении его результатов [4].

Чтобы наглядно и достоверно определить, что такое самоактуализация, и как она выражается у различных людей, Маслоу провел исследование, изучив семерых современников и девять исторических личностей: Авраама Линкольна, Джефферсона, Эйнштейн, Элеонора Рузвельт, Джейн Адамс, Уильям Джеймс, Альберт Швейцер, Олдос Хаксли и Спиноза. В результате он выделил характеристики самоактуализированного человека, в том числе:

1 Ясное восприятие действительности, в том числе повышенная способность обнаруживать фальшь и истину.

2 Принятие себя и вещей такими, каковыми они являются.

3 Спонтанность – это насыщенная и неординарная жизнь, питаемая способностью видеть мир глазами ребенка, ценить его новизну и красоту.

4 Ориентир на решение проблемы, фокус на вопросы или проблемы вне себя, чувство миссии или цели - в результате отсутствия мелочности, самоанализа и игр эго.

5 Любовь к единению и использование его в своих собственных интересах. Одиночество приносит спокойствие и отрешенность в периоды несчастий или кризисов и позволяет проявить независимость мышления и решений.

6 Независимость от суждений о других людях, а также большая заинтересованность во внутреннем удовлетворении, нежели чем в статусах и наградах.

7 Наличие пиковых переживаний или мистического опыта, когда время, кажется, остановилось.

8 Подлинная любовь к человечеству и желание ему помочь.

9 Смирение и уважение, которые заключаются в вере, что мы можем многое узнать, от того, кого считаем самым плохим и никчемным.

10 Этичность – истинные и простые понятия о добре и зле.

11 Чувство юмора.

12 Творчество, не обязательно гениальное и вечное как произведения Моцарта, но то, которое является созидательным.

13 Способность видеть за пределы культуры и эпохи.

14 Несовершенство – они испытывают чувства обычных людей, включая вину, тревогу, ревность, но не доводят их до невротозов.

15 Ценности – они основаны на положительном взгляде на мир вокруг, вселенная не представляется им джунглями, где нужно выживать, завоевывать и постоянно отстаивать свое право на жизнь. Для них вселенная является прекрасным местом, которое дает все то, что нам необходимо для самореализации и внесение своего собственного вклада в этот мир.

16 Есть еще одна тонкая черта, которая отличает этих людей. Большинство из нас привыкло смотреть на жизнь как стремление получить то или иное, будь то материальные вещи или семью, или карьеру. Психологи называют это признаком недостатка мотивации. Самоактуализирующиеся люди напротив не стремятся к наживе. Они амбициозны ровно настолько, насколько это требуется, чтобы суметь выразить себя в полной мере, наслаждаясь тем, что они умеют делать.

Другой особенной чертой является их глубокая свобода ума и воли. Несмотря на обстоятельства и давление со стороны окружения, они всегда стремились к выражению свободной воли, они действительно знали, кто они и имели определенную цель в жизни [3].

Опираясь на иерархию Маслоу, при проведении бесед и интервью определились следующие результаты:

60 % осужденных имеют педагогическую запущенность, недостаточную информированность, потребность в социальной принадлежности к группе и безопасности;

30 % – это осужденные, испытывающие потребность в социальной принадлежности;

10 % – это осужденные, испытывающие потребность в физиологических потребностях.

Мотивацией на вступление в деструктивные радикальные религиозные организации более всего служит потребность в принадлежности к какой-либо социальной группе. Ощущение себя в большой, дружной, полной любви и справедливости семье – пожалуй, самое ценное для этих людей чувство. И если есть на момент вступления в группу своя семья, то начинается конфликт. И здесь возможно два варианта развития событий – либо адепт отказывается от семьи, либо семья вовлекается вместе с адептом.

Важным моментом мотивации является отягощение личности различного рода патологиями. При физических патологиях и нарушении межличностных, коммуникативных, личных связях религиозные организации помогают личности социализироваться и не ощущать себя изгоем. Деструктивная религиозная организация сначала привлекает людей оказанием такой помощи, затем просто начинает этими людьми пользоваться могут заниматься попрошайничеством, под их нужды различные фонды выделяют финансовые средства, занимаясь благотворительностью. Радикальные религиозные организации используют таких людей, как способ зарабатывания новых денежных средств.

При патологии психического толка, люди способны компенсировать симптомы душевных расстройств на некоторое время, находясь в подобных организациях. Как пациент большой шизофренией может купировать симптомы приемом, например алкоголя. При прекращении употребления симптомы могут возобновляться. Так и в случае погружения в религиозную аддикцию, имеющие психическую патологию, будут компенсированы, и на начальном этапе будут чувствовать себя прекрасно.

Затяжные хронические депрессии все чаще встречаются в нашем обществе. Если рассматривать отдельно взятые симптомы и синдромы психических расстройств, то, наиболее часто встречающимися, являются астенический синдром и синдром навязчивости. Первый проявляет себя в повышенной раздражительности, сентиментальности и впечатлительности. Подверженный его влиянию человек может расплакаться просто из-за того, что не успел вовремя на автобус, вина себя в неорганизованности и неумении быстро собираться по утрам. Астенический синдром (астения) - широко распространенное состояние. У людей с астеническими расстройствами наблюдаются слабость, неустойчивость настроения, для них характерны впечатлительность, сентиментальность, слезливость; их легко растрогать, они легко раздражаются, теряют самообладание из-за любой мелочи. Астеническим состояниям свойственны также частые головные боли, нарушения сна (он становится поверхностным, не приносит отдыха, днем отмечается повышенная сонливость).

Синдром навязчивости выражается в маниакальном желании повторять какое-либо действие бесконечное количество раз. Обладателю подобной напасти все время кажется, что он проделывает это недостаточно хорошо или же, если он по какой-то причине вдруг остановится, то непременно произойдет что-то плохое и это для него, своего рода, защитный блок от всех глобальных катастроф в его жизни. К этой же группе расстройств относятся навязчивые страхи - боязнь высоты, закрытых помещений, открытых пространств, поездок в транспорте и многие другие. Иногда, чтобы снять тревогу, внутреннее напряжение, немного успокоиться, люди, испытывающие навязчивые страхи и сомнения, совершают определенные навязчивые действия, или движения (ритуалы). К примеру, человек с навязчивым страхом загрязнения может часами находиться в ванной комнате, многократно мыть руки с мылом, а если его что-то отвлекло, вновь и вновь начинать всю процедуру заново.

Ну и конечно симптоматика депрессии с ее характерными проявлениями просто идеально компенсируется в радикальных религиозных организациях. Если рассмотреть симптоматику депрессии, то совершенно очевидно, что все симптомы являются точками приложения при манипуляции в данных организациях, это:

- чувство вины, идеи самообвинения, греховности;
- чувство отчаяния, безысходности, тупика, что очень часто сопровождается мыслями о смерти и попытками самоубийства;

– суточные колебания состояния, чаще с некоторым облегчением самочувствия к вечеру;

– нарушения сна ночной сон поверхностный, прерывистый, с ранними пробуждениями, тревожными сновидениями, сон не приносит отдыха).

Депрессии могут также сопровождаться потливостью, тахикардией, колебаниями артериального давления, ощущением жара, холода, зябкости, снижением аппетита, потерей массы тела, запорами [5].

Если не затрагивать патологию, то в жизни обычного человека находящегося в постоянном потоке напряжения, тоже возникает фактор риска и появление мотивации на вступление в религиозные радикальные организации. Исследования Короленко Ц. П., Дмитриева Н.В. указывают на высокий риск вовлечения в деструктивные организации лиц, находящихся в состоянии кризиса после перенесенных ими психологических травм, пребывающие во власти травматических переживаний.

Часто, пережив сильный стресс, связанный с потерей близких, либо же подвергшись насилию, человек с неустойчивой психикой, не зная как скрыться от страшных воспоминаний, которые постоянно его преследуют, может стать жертвой профессиональных вербовщиков. После вовлечения в деструктивную радикальную религиозную организацию, когда проходит первая эйфоричность и человек пожелает выйти – лидеры культа и их приспешники используют уже другие технологии для удержания адептов внутри системы. И это становится весьма затруднительно, а для некоторых и вовсе невозможно [6].

А может произвести замену в самоидентификации и убедить себя, что той жертвы, которая все это пережила в действительности больше не существует, а вместо нее в теле теперь находится совершенно другая личность, не имеющая никакого отношения к произошедшему. У этого «подселенца» обычно бывает новое имя и на свое старое, как правило, даже не откликается. Отсюда частая смена имени при уходе в подобные организации. Был человек – искалеченный, сломленный, раздавленный горем, а стал совсем другим – сильный, «просветленный», гармоничный. И имя другое, и судьба иная. Известны случаи, когда после ухода из жизни кого-либо из близких, пациент полностью ассоциировал себя с ним, представлялся его именем и даже менял внешность, стараясь быть похожим на покойного, пытаясь тем самым отстраниться от самого

факта смерти дорогого ему человека и доказать всем и в первую очередь себе самому, что тот еще жив [7].

В группу риска, как было описано выше, также входят по типу акцентуации – истероиды, психастеники, лица с паранойяльной настроенностью, зависимый тип личности. У каждого из них своя мотивация при вступлении в подобные организации и они буквально «ищут» возможность удовлетворить свои потребности в соответствии с требованиями своей акцентуации. Истероидам нужно внимание и эмоции, чем больше и ярче, тем лучше. Чем больше зрителей в их «театре», чем выше драматизация, тем комфортнее себя чувствует истероид.

Психастеник наполнен постоянным конфликтом раннего самолюбия с чувством неполноценности. Вообще психастеник по своей добросовестности, мягкости, обостренной нравственности, застенчивости, вегетативной неустойчивости весьма напоминает астеника. Однако застенчивость, стеснительность, робость, нерешительность психастеника проникнуты болезненным размышлением, самоанализом. Постоянные размышления психастеника о смысле жизни построены на густых сплетениях вездливых психастенических сомнений. И ему очень удобно и комфортно в религиозном сообществе, которое не дает ему погрузиться в его психастенические размышления о выборе, так как делает выбор за него, и в то же время позволяет раствориться в безграничном поиске смысла жизни и самоанализе.

Кроме того эти люди кажутся отчужденными, холодными, без чувства юмора. Они могут очень хорошо работать в одиночку, но обычно имеют проблемы в общении с авторитетами, и ревностно отстаивают свою независимость. Они хорошо чувствуют мотивы других и структуру группы. Паранойяльный характер отличается паттернами мышления и поведения, относительной сохранностью функции проверки реальности. Часто наблюдаются чувства ревности, сутяжничества, идеи преследования, изобретательства, отравления и т.д.

Такие люди полагают, что случайные события имеют к ним какое-либо отношение (концепция центральности). Человек может страдать генерализованными бредовыми или ограниченными представлениями – например о том, что кто-то хочет навредить ему или кто-то имеет связь с его женой. Такие идеи не поддаются коррекции посредством проверки реальности. В религиозных организациях они находят поддержку своей паранойальности, идей

мирового заговора, идей избранности. В силу ригидности, принимая постулаты культа и один раз взяв все происходящее в нем за истину, догму – не сомневаются в правильности избранного пути. И готовы на многое для безопасности организации или для сохранения неких «тайн». Идеи скорого конца света, декларируемые некоторыми культами привлекает в свои ряды именно паранойальных личностей.

Зависимое расстройство личности, характеризуется паттерном удерживания и послушания, страхом отделения и постоянной сильной потребностью в заботе окружающих. Внешне такой человек выглядит вполне нормально, а на поведенческом и эмоциональном уровне можно отметить недостаточную способность адаптироваться в социуме. Несообразительность, недостаточная рассудительность, социально неустойчивый, отмечается недостаток эмоциональной и физической выносливости.

Постоянные спутники людей с подобными проблемами это депрессивные и тревожные состояния. Т.к. человек, страдающий эмоциональной зависимостью часто озабочен тем, что его бросят. Подобная озабоченность вызывает тревогу. Так же их может тревожить то, что им придется столкнуться с новыми обязанностями, с которыми, по их мнению, конечно же, не справиться. Подобные тревожные состояния могут достигать панических атак.

В результате у человека формируется зависимый тип личности, с которым он идет по жизни. И если в течении жизни возникают ситуации, когда рядом нет «лидера» или происходит разрыв отношений с таким «опекуном», человек с зависимым типом личности испытывает достаточно болезненное состояние, которое может длиться довольно долго.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Перре, М., Бауман, И. Клиническая психология. – СПб., 2002. – 1312 с.
- 2 Большой толковый психологический словарь. Т. 2 (П – Я); пер. с англ. /Ребер Артур. – ООО «Издательство АСТ»; «Издательство «Вече», 2003. – 560 с.
- 3 Маслоу, А. Новые рубежи человеческой природы / А.Маслоу; пер. с англ. - М. 1999.
- 4 Никифоров Г.С. Психология здоровья. Учебное пособие. – СПб.: Речь, 2002. – 256 с.
- 5 Корсаков С.С. Курс психиатрии. М., 1901

6 Короленко Ц.П., Донских Т.А. Семь путей к катастрофе. Деструктивные формы поведения в современном мире. г.Новосибирск. Наука, 1990г.

7 Фау, Е.А. Психологические и психосоматические характеристики людей, переживших потрясения / Е.А.Фау // Вестник БПА. – Спб., 2005. - Вып .61. - С. 86-92.

«КИЕЛІ» СӨЗІНІҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ ТУРАЛЫ

РАХИМОВ М. И.

докторант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Отандық тарих ғылымында киелі географияға қызығушылық салыстырмалы түрде жақында ғана пайда болды. Тек «киелі» сөзіне қатысты ой-пікірлер әр түрлі тұжырымдармен ерекшеленеді. Мазмұнды түрде «киелі» сөзі жиі дін немесе метафизикамен байланыстырылады. Сондықтан Қазақстанның киелі жерлерін зерттеуде, ең алдымен «қасиетті», «киелі» сөздерінің этимологиялық астарына тоқталу керек. «Киелі» деп біз нені атаймыз? «Қасиетті», «киелі» санатына қандай орындар кіреді? Неліктен ол киелі? Себебі осы сауалдың нәтижесінде қоғамда әр түрлі көзқарастар туындаса, ғылымда әр қилы ұстанымдар қалыптасқан.

Еуропа ғалымдары Э. Дюргейм, Р. Отто, М. Элиаде тура немесе жанама түрде киелі мәселесін қарастырған. Ғалымдар киелі терминінің анықтамасына қатысты түрлі тұжырымдар қалыптастырып, тарих пен мәдениеттегі көрініс ерекшеліктеріне сипаттама жасаған. Қазіргі кезде ғылымда «киелі» сөзінің анықтамасына қатысты бірнеше түсініктемелер беріледі.

Философиялық сөздіктерде «киелі» дегеніміз (латын тілінен – sacer) – құрмет тұту, қасиетті деп жариялау, құдайға арналған [1, 366 б.], ал «қасиет» сөзінің мағынасын (латынша - mysterium tremendum) – адамды бір мезетте бақытты ете алатын немесе қорқыныш пен үрейге иландыратын белгісіз күш деп анықтаған [1, 224 б.]. Э. Бенвениста тұжырымы бойынша, «sacer» құпия мағынасын білдіреді, ал «sanctus» - жағдай, адамдар қалыптастырған тыйым салулардан туындайды [2, 349 б.].

Терминологиялық сөздіктерде «киелі» мен «культ» терминдерінің мағынасын үйлесетінің көреміз. Латын тілінен «cultus» - сиыну, құрметтеу, қамқорлық жасау [3, 659 б.]. Дегенмен иерархиялық тұрғыда

«киелі» сөзі жоғары тұрғанын атап кеткен жөн, себебі оның ауқымы мен мағынасы кең сипат алады. Ағылшын тілінде «культ» термині алғаш рет 1617 жылы адамға немесе затқа адал болу мағынасында қолданған. Негізі культпен көбіне діни рәсімдер байланыстырылады.

Қазақ сөзіндегі «киелі» ұғымының мағынасы М. Қашқаридің «Түрік сөздігінде» «КИЕ – қасиет қонған «кісілік»» [4, 233 б.], анықтамасында берілсе, Ж. Баласағұнидің «Құтты білігінде» киелі сөзі орнына «иесі» сөзін қолданған екен. Мысалы:

«Айтты Одғұрмыш өлімнің шын келгенін,
Түсіне еніп иесі аян бергенін» [5, 477 б.].

Бұл жерде «ие» деген жанның иесі, иелік етушісі Тәңірі екендігін айтады. Яғни «киелі» түсінігі трансцендентальдік, мистикалық дүниемен байланыс ретінде қарастырылған. Қазақтың түсіндірме сөздігінде «киелі» сөзіне екі түрлі анықтама берілген, біріншісі – ескі, қасиетті мағынасында, екіншісі – қадірлі, абыройлы, ардақты [6, 45 б.]. Бұл орайда С.И. Ожеговтың түсіндірме сөздігіне де назар аудару керек жөн. Онда «сакраментальный – қасиетті, маңызды» - деп анықталып [7, 602 б.], қазақша түсіндірмемен мағынасы үндесетінін байқаймыз.

Онтологиялық тұрғыда «киелі» күнделікті болмыстан ажыратылатын шынайлықтың жоғары деңгейі; гносеологиялық тұрғыдан ақыл жетпейтін ақиқат; феномен тұрғысынан таңқалдыратын, ғажап дүние; аксиологиялық тұрғыда абсолютті, императивті құбылыс.

Әлеметтанушы Э. Дюргейм бойынша сакральдылық – әлеуметтік құбылыс қоғамдық топтар өздерінің әлеуметтік және моральдық ниеттеріне қасиеттілік бейнесін, нышандарын береді. Сол арқылы ұжымдық талаптарға табынуды талап етеді. Э. Дюргейм сакральділіктің маңызды белгісі – оның қол сұқпаушылығы, жекешілігі және тыйым салушылық [8, 367 б.].

Неміс философы Р. Отто киелі категориясын «нуминоз» деген сөзбен алмастырады (латын тілінен *numen* – құдай құдыреттілігінің белгісі); Киелілікті сипаттайтын тағы бір қатынасқа түскен кезде әрбір адамның бойында пайда болатын масаттану, тартылыс, таңғалдырарлық сезімнің пайда болуы. Нумизмондық сезімдер кешені пайда болған кезде ол абсолютті құндылық дәрежесіне ие болады. Осы құндылықты Отто «*sanctum*» (латын тілінен – қасиетті, киелі), ирроцианалдық тұрғысында «*augustum*» (латын тілінен – құдыретті, қасиетті) деп атайды [8, 367 б.].

Дінтанушы М. Элиаде Р. Оттоның «нуминоз» теориясына қосылады. Тек «қасиетті» мағынасын толық ашу үшін рационалдылық пен ирроцианалдылықтың тоғысында қарастыру керек екенін айтады.

Киелі түсінігін М. Элиаде діни сана тұрғысынан морфологиялық үлгідегі «паттерндерге» қосқан және ғылымға жаңа термин «Иерофанияны» әкеледі [9]. М. Элиаде: «Иерофания – кез-келген қасиет санатына енетін кеңістікті атайды. Қасиетті белгісі берілгесін, сол кеңістіктен белгілі бір аумақ өзінің ерекше сапалық құрамына байланысты бөлініп шығады» - деп түсіндіреді [10, 9 б.].

Ш. Уәлиханов киелі жерлерге байланысты былай айтқан: Табиғат пен жаратылыстың барлық тосын құбылыстары көрініс берген жерлерді қасиетті деп санайды. Ол жерлерде әулие түнеп кетті немесе болды деп ұғады. Барлық қорғандарды оба дейді, Ол топырақ үйілген төбешіктер. Құлан түздегі сыңарланып өскен ағаш болсын немесе бұтақтары таңғажайып формадағы өсімдіктер болсын, олардың тұрған жері қасиетті деп саналады. Ондай қасиетті жерлерге түнгенде немесе жанынан өтіп бара жатқанда, адамдар шүберек, аттың қылын байлайды, ыдыс-аяқ қойып, әулиеге арнап құрбандыққа мал сояды [11, 209 б.].

Алаш қайраткері Т. Шонанұлының «Қазақ жердің қадірін біле ме?» мақаласында «Бұрын ислам діні бойына сіңбей тұрған кезде, қазақ жылқы атасы – Қамбар, түйе атасы – Ойсылқара, қой атасы – Шопан, Шығыр мен Шынар – егін атасы деп сиынған» - деп, келесі өлең шумақтарын келтіреді:

Шығырдың түп атасы – Әлі Шынар,
Шығырға сиынбасаң шығыр сынар.
Шығырға Әліменен көп сиынсаң
Қашанда егін бітіп, көңіл тынар [12, 8 б.].

Яғни, қазақ халқы егістікке арналған жердің өз киесі бар деп жерді аса қастерлеген екен. Тек қана жерді емес, сонымен қатар малды да ерекше құрмет тұтқан.

Белгілі ғалым Хангелді Әбжанов: «Қазақ халқы сакральді сөзін есігімей тұрып-ақ дінді ғана емес, бүкіл қоршаған ортаны қастерлеудің классикалық қағидаларын қалыптастырды. Мәселен, табалдырыққа тұруға, босағаны керуге, малға ұруға, молаға қарай жүгіруге болмайтынын қатаң бақылауы шаңырақты, мал-жанды, әруақтарды – екі дүниені де ерекше құрметтегеніміздің дәлелі ғой. Сакральді географияның түпкөздегені де – осы» [13, 6 б.], яғни, ғалым киелі сөзі мағынасының тереңде жатқанын айтады.

Сондықтан «киелі» терминнің дін тұрғысынан ғана емес, бұл санатқа ерекше құрметтелетін, қол тигізілмейтін, асыл, әділетті іс, әдет-ғұрып мағынасында қолданылатын қасиеттерді алып қарастыру керек. Яғни қазыналы, қымбатты, маңызды белгілерімен байланысты нысандар. Сондықтан «киелі» статусына, ата-баба аруағына, табиғат

кұдыреті, өшпес ерлікке қатысты тарихи-географиялық, мәдени маңызға ие нысандар жатқызылады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымының ерекше маңыздылығын тоқтала келіп: «Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де, бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі» [14]. деген болатын. Расында да халқымыздың бұрыннан келе жатқан баба ізімен жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу, туған жеріне құрметпен қарау, ата-аймақтарында орын алған тарихи оқиғаларды таныту және дәстүрлі мәдени болмысымызды бойларына сіңірту – бүгінгі күннің басты талабы.

Ендігі кезек киелі жерлер ұғымына енетін нысандардың типтік санатын анықтау. Тарих ғылымдарының докторы Муминов А. К. «Родословное древо Мухтара Ауэзова» атты еңбегінде киелі орындардың типологизациясын жасауда кеңес дәуірінің этнографы Г.П. Снесаревке сүйенеді. Ол киелі жерлердің төрт типін бөліп көрсетеді: 1) Бейнесі анықталмаған киелілер және олардың өз есімдері мен қарапайым тұрағы болмағандар; 2) Библиялық-құрандық кейіпкерлер, бұған ерте ислам тарихының тұлғалары жатады; 3) ортағасырлық сопылар – ерте кездегі, жалпы танымал және жергілікті; 4) Мазарлары инерциялы түрде табыну объектісіне айналған жергілікті билік өкілдері. Иемденген киелі орындарына байланысты тағы бір топтамасын ұсынады: 1) Ежелгі батырлар; 2) Пайғамбарлар, Құрандағы кейіпкерлер; 3) Шиит-қайсаниттер; 4) Мұхамед пайғамбардың ізбасарлары; 5) Шииттік имамдар; 6) Сопылар; 7) Ру тотемдері; 8) Киелілердің «жаңа ұрпақтары». Мазарлар танымалдығына және әйгілілігіне байланысты бірнеше топқа бөлінеді: 1) Барлық Орталық Азияға танымал; 2) Бір өлкеге немесе толық бір аймаққа танымал; 3) Шектеулі жерге ғана танымал. Бұл жерде Г.П. Снесаревтің киелі жерлерді типтік бөлінуі көбіне діни сипат тұрғысынан қарастырған. Дегенмен де тарихи зерттеу нысанында ескерілетін құбылыс [15, 122 б.].

Қазақстанның киелі жерлерін типтік бөлінісінде «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы Берік Әбдіғалиұлының алты топтық жіктемесі негізге алынды. Атап айтқанда: табиғи-ландшафтық қастерлі орындар, археологиялық және архитектуралық ескерткіштер, Қазақ хандығының астаналары

мен қалалары, зиярат етуге арналған діни-ғұрыптық нысандар, тарихи тұлғаларға қатысты қастерлі жерлер, саяси-тарихи оқиғаларға байланысты киелі орындар [16].

Жалпы дархан даламызда батыр тұлғасына қатысты, ірі шайқастарға арналған, діни – культтік, табиғат құбылысымен байланысты қалыптасқан киелі жерлер жетерлік. Ендігі кезек сол киелі нысандардың әрқайсысы бойынша кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы, тарихтағы өз орнын анықтау мәселесі тұр.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Циринова Л.А. Краткий философский словарь. 2-е изд. – М.: РГ – Пресс, 2014. – 496 с.
- 2 Бенвенист Э. Словарь индоевропейских социальных терминов: пер. с. фр. / общ. ред. и вступ. ст. Ю.С. Степанова. М.: Прогресс-Универс, 1995. – 456 с.
- 3 Ефремова Т. Ф. Новый словарь русского языка. Толково-словообразовательный. – М.: Русский язык, 2000. – 1222 с.
- 4 Егеубай А.Қ. Махмұт Қашқари Түрік сөздігі. Үш томдық. – Алматы: Хант, 1998. – 600 б.
- 5 Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 5-т.: Жүсіп Баласағұн. Құтты білік /Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Қ.Егеубаев. - Алматы: «Таймас» баспа үйі, -2007. 477 б.
- 6 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ бас редактор І. К. Кеңесбаев. 2 том. – Алматы: Рауан, 1971. -956 б.
- 7 Ожегов С. И. Толковый словарь русского языка. – М.: Русский язык, 1986. – 900 с.
- 8 Ермаганбетова К., Киелі жерлер аймақтық бренд ретінде // Ислами руханилық пен рациональдық және этно-мәдени дәстүрлер – діни экстремизмге қарсы іс-қимыл факторы ретінде. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 20 жылдық мерейтойы аясында халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилёв атындағы ЕҰУ баспасы, 2016. - Б. 366-369.
- 9 Элиаде М. Священное и мирское [пер. с фр., предисл. и коммент. Н.К. Гарбовского]. М.: Изд-во МГУ, 1994. – 144 с.
- 10 Лидов А.М. Иеротопия. Пространственные ионы и образцы –парадигмы в византийской культуре. М.: Дизайн. Информация. Картография, 2009. – 362 с.
- 11 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 1 – А.: Гл. ред. Каз. сов. энц., 1984. – 432 с.

12 Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. – Алматы: Санат, 1995. – 224 бет.

13 Әбжанов Х. Сакральді география: мәні, құрылымы, келешегі. // «Акселеу Сейдімбек және тарих ғылымындағы шежіретану мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдар жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилёв атындағы ЕҰУ баспасы, 2017. - 6-10 беттер.

14 Қазақстан Республикасы президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» («Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»). «Егемен Қазақстан», 12.04.2017.

15 Муминов А.К: Родословное древо Мухтара Ауэзова / А.К. Муминов, при участии А.Ш. Нурмановой и С. Саттарова. Сост. указ. У.А. Утепбергеновой; Под ред. С.Н. Абашина.- Алматы: Жибек жолы, 2011. – 304 с.

16 Б. Қайратұлы «Қасиетті Қазақстан» картасы жасалуда // Егемен Қазақстан. - №3. – 2017. - 4 б.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

САБЫҚ А. Ж.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЖАПЕКОВА Г. К.

т.ғ.к., қауымд. профессор (доцент), С. Торайғыров атындағы ПМУ,
Павлодар қ.

Біздің еліміз – Қазақстан Республикасы қоғам ретінде өзіне тән саяси - әлеуметтік, экономикалық және рухани жүйелерден тұрады. Еліміздегі діни ахуалдың күрделі сипат алып тұрғаны соңғы уақыттағы зерттеулерден белгілі болып отыр. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары адамдардың ойы мен санасында әлеуметтік-экономикалық мәселелер бірінші орынға шығып, рухани құндылықтардың кешеуілдегені байқалды, қоғамда пайда болған осы рухани бостықтың орнын басқа елдерден келген әр-түрлі діни идеялар толтыруға тырысып бақты.

Қазіргі қоғам алдындағы тұрған басты міндет – азаматтарға діннің тарихы мен қатар олардың негізгі ілімдері мен қағидалары, салт-жоралары мен мейрамдары, діндердің ұлттар мен ұлыстардың арасына енуі мен таралу ерекшеліктері, ұлттық пен диниліктің, дін мен мәдениеттің арақатынасы, дінге байланысты зайырлы мемлекетіміздің

ұстанған саясатының мәні мен мақсаты, Қазақстандағы діни бірлестіктердің мақсат-мүддесі және іс-әрекеттері жөнінде ауқымды мәселелерді қамтуға тырысады [1, 11 б.]. Біздің еліміздің Конституциясы бойынша діни бірлестіктер мемлекеттен бөлінген. Діни құрылымдар республикада қазір болып жатқан үрдістерге түсіністікпен қарайды және рухани бірлесу мен келісімге келу идеяларын күн өткен сайын нығайта түсуге үлесін қосады. Қазақстан көп ұлтты ғана емес, сондай-ақ көп конфессиялы ел. Елімізде 18 конфессия бар. Республикадағы барлық діни құрылымдар қазір болып жатқан қоғамдағы барлық өзгерістерге түсіністікпен қарай отырып, рухани бірлесу мен келісімге келу идеяларын нығайта түсуге, діндер арасындағы алауыздықты болдырмауға әрекет етуде. Адамдар әр түрлі діннің өкілдері екеніне қарамастан, ақыл-ойға жүгініп, бір-біріне түсінушілікпен қараса бүкіл әлемде тыныштық орнаған болар еді. Тақырыпта Қазақстандағы діни бірлестіктердің қызметі туралы жан-жақты баяндалып, бүгінгі өміріміздегі, қоғамдағы орын алып отырған басты проблемалар жан-жақты, ауқымды түрде баяндалады [2].

Мемлекетіміз конфессиялардың өкілдерімен бірлесе отырып, Конституциямыз бен заңнамаларымыз шеңберінде әрбір конфессияға арналған діни білім беру жүйесін қалыптастыру мүмкіндігіне ие. Мектептерге дінтану пәнінің енгізілуі бүгінгі күннің ең басты өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Осы пәнді оқыту барысында азаматтарымыз діни идеялар мұхитында өз жолын табу ісінде алған білімін ерекше «компас» ретінде пайдалану мүмкіндігіне ие болады. Сонда ғана дін қоғам өмірімен үйлесім тауып, ұрпақ тәрбиесіне оң әсерін тигізеді. Діндер халқымызды шынайы жақсылыққа үндеп, діндераралық толеранттылықтың заманы орнайды.

Қазақстан Республикасының алдына қойған мақсаты – ол өзара тең, әлеуметтік-экономикалық, саяси-рухани, құқықтық әділеттікті, аумақтық тұтастықты қамтамасыз ететін, бірлікке ұмтылған демократиялық қоғам құру. Дұрыс тәрбиенің нәтижесінде әрбір жеке адамның көкірек көзі ашылып, өмір мен дүние туралы түсінігі саналылықпен қалыптасады [1, 30 б.].

Тәуелсіздік жылдарында елімізде орын алған күрделі саяси-экономикалық жанарулар мен өзгерулер ағымында мемлекет билігінің қайнар көзі болып табылатын халқымыздың рухани өмірі мен діни көзқарастары да бір жағынан толығып, ал енді бір жағынан әр-алуан бағыттар бойынша дамып, бүгінгі көптеген этникалық топтар мен түрлі діндерді ұстанатын зайырлы Қазақстан қоғамы қалыптасты.

Жоғарыда айтқанымыздай, халықсыз – билік болмайды, ал – дінсіз халық болмайды. Халықтың тұтастығы мен діннің тұтастығы және мемлекеттің тұтастығы арасында тікелей тәуелді байланыс бар екенін ескеруіміз керек. Көптеген этникалық топтар мен діни сенімдерден құралған біздің қоғамымыздағы өтпелі кезеңде дін атаулының мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамсыздандырудағы рөлі, өндіруші күш болып табылатын халықты ұйымдастыру құдіреті, халықаралық қатынастардағы салмағы және еліміздің болашағы мен баяндылығына тікелей әсер етері өте анық көрініс береді [1, 45 б.].

Мемлекеттік-дін қатынастарының жағдайы мен маңыздылығын түсіну үшін алдымен еліміздегі діни ахауалға шолу жасап алуымыз керек. Елімізде негізінен үлкен әрі кең тараған екі дін бар десек қателеспеген едік. Олар – ислам және христиандық. 2004 жылдың басындағы деректерге қарағанда елімізде 1648 мұсылман діни бірлестігі, 1534 мешіт жұмыс істейді, ал 2015 жылғы деректерге қарағанда, елімізде 70 % мұсылманның 2815 діни бірлестігі жұмыс істейді екен. Ал жан саны белгісіз протестантизм бағытын ұстанатындардың 40-тан астам әртүрлі ағымдарының 1238 ұйымы бар. Бұл – бүкіл республикадағы діни бірлестіктердің 30 пайызы. Ал 70-тен астам діни бірлестіктер еш жерде тіркелмей қызмет етуде... Ал, бүгінгі жылдары олардың саны көбеюде. Осы арада ислам дінінің Қазақстанның негізгі діні екенін және халқымыздың тарихында үйлестіруші, ұйымдастырушы һәм біріктіруші күш ретінде ең маңызды орын алғанын атап айтуымыз керек... Қазақстандағы екінші орынды дін христиан діні болып табылады, алайда бұл діннің бүгінгі таңда христиандық (мәсіхшілдік) алуан түрлі конфессиялар мен секталардан құралған және бір діни орталыққа бағынбайтын бытыраңқы көрініс беретін діни ұйымдар бар. Христиандардың басым көпшілігі славяндық православие бағытында. Христиандықтың еліміздегі екінші тармағы католицизмді ұстанатын шағын топ. Олардың өзі екі топқа бөлінеді: Рим католик шіркеуі және Грек католик шіркеуі. Бұл екі шіркеу негізінен Астана, Алматы және Қарағанды қалаларында белсенді жұмыс істеуде. Республика көлемінде католик жамағаттардың саны 38, діни бірлестіктер саны 80 % мөлшерінде. Шетелдердегі католик шіркеулері, әсіресе Ватикан және АҚШ – та орналасқан католик ұйымдары Қазақстанда миссионерлік іс-әрекеттерді белсенді түрде жүзеге асырып келеді. Бүгінгі күні елімізде материалдық қамсыздандырылған 150 астам шетелдік католик миссионердің (ресми тіркелгендері ғана) тоқтаусыз үгіт-насихат жұмыстарымен шұғылданып жатқанын

